

84(5кәз)  
КА1

Албаз Қарашілтөс

# Жанайқай

Әңгімелер мен повестер

Апбаз Қаражігітов

# Жанайқай

Астана - 2006

ББК 84 (5Каз)  
Қ 41

**Қ 41** Қаражігітов А. **Жанайқай**. Әңгімелер мен повестер  
- Астана: Сарыарқа, 2005. - 304 бет.

ISBN 9965-536-39-2

*Жазушының бұл кітабына соңғы жылдары жазылған шыгармалары  
енген. «Жанайқай» кітаптын мазмұнды болғы бола отырып, халқымыздың  
басынан откен науобет-аштық, саяси-қызып сүргін сұраптылып коркем  
сөз құатымен көзге елеステді.*

*Шыгарма тілі коркем, жеңіл оқылады.*

К 4702250200  
00(05)-06

ББК 84 (5Каз)

ISBN 9965-536-39-2

© Қаражігітов А., 2006  
© “Сарыарқа” БҮ, 2006

# ӘҢГІМЕЛЕР



## ШОҚАННЫҢ ӨҢІ МЕН ТҮСІ

Лапылдаған жалын, от, булыған, бықсыған тұтін, үйитқыған шаң қаланы бауырына басып, тұншыктырып алған. Оның үстіне орекпіген қара жел өкпіе тесіп, бөрідей үлып тұр. Дүниенің жайлаған көңірсіген аңыз ііс өкпені қауып, тынысы тарылған Шоқан сұртігінің омырау түймесін бырт-бырт үзіп, алқына дем алды. Тершіген маңдайын алаканымен кинала сұрті. Әлем мұнартып, кең байтақ демігіп бүйірін соға ма, буалдыр кіреуке құшагына сіңіп барады. Бір кезде шикі балшыктан жұмбаздал соғылған дуалдың құлаған қалдығына кеп арқасын сүйеп, тізе бүкті. Басы айналды ма, көзі қарауытты ма, тәлтіректен кеп, есіргі ашық қалған үйге енгенин біледі. «Ей, кім бар мұнда?» - деп дауыстаган бұған жауап қатқан тірі жан табылмады. Іші астан-кестең шашылған иесіз үйдің төріне келіп құлап түсті. Әлі азайды ма, өкпесі қысылды ма, әйтеуір беймәлім бір сұлдерін тоздырган бірдене бойын котертер емес. Жанары жаудырап аласа үйдің төбесіне қарап қалған қалпы көзінің қалай ілініп кеткенін де білген жоқ. Бірден қалжырап, күйзеліп кеп құлаған ол тылсым тереніне маужыраган қалпы тіршілік базарынан оңаша әлем құшагына еніп кете барды.

Шоқан казір қайда жатыр, не көріп жатыр, онысы рахат па, азап па, әйтеуір бұрын-сонды сезінбеген, білмейтін жұмбак, таңғажайып дүние төрінен бір-ақ шықты.

Міне ғажап! Көз алдына бұқіл тіршілікті шуағына бөлеген нұр тасып жүре берді. Эне! Күниен төгілді ме бұл аппак нұр? Қайдан құйылып тұр? Сүт тұстес ақшыл сәуле жан-жакқа мөлдірей жайылып құйылады. Алған демі өзіне сағымдай бұлдырайды. Көктен бе, жерден бе - қайдан шықты. Қас қақпай, телміріп, тінте қарап қалды. Рахат болып аялап, бал-

быратып босатар емес өзі. Жүргегі ғана емес, сүйегіне, көкейі-не жетіп балқытып кетті...

- О, Раббым! Жалғыз Құдай! - апнап сакалы омырауын жа-пкан, етегі тізесіне түскен мол ак көйлегі күнге шағылысқан алып денелі кісі өзімен-өзі болып сөйлеп отыр. - Он сегіз мың галамды жаратушы Алла, бір өзің ғана дүние. тіршілік Иесі! Күнәшар пендеге ракым ете көр. - деген ол: «Астажғир Алла, Астафраалла! Өзінен-өзі шайқалақтап мына дүние не болып ба-рады. Адамдар өзара жауығып бара ма?» - деп орнынан тура беріп, қолына қалам алыш: «Лә илаһа илла Әлла! - деді де, ал-дындағы қалың дәптерге сүйкектеп жазып кетті.

Шоқан өзіне-өзі енді келді, енді пайымдады. Төбесі аспан-мен таласқан зәулім біік үйдің төрінде жападан жалғыз отыр. Ак киімді алыш кісі мұның көзінше нұр шуағын жамылыш, бірде жеті қабат жер астына сіңгендей болып, сәлден соң қайта шығып, мұнын қасына келеді. Қаламы қолынан түспей жазғ-ан әр сөзі әлемге жетердей өктем сарын, асқак жан баураган үн бол жетеді бұған да.

- Иә, Пәрвірдігер, құдіреті құшті Алла! Бір өзіңе тағзым! - деп, гауһардай жанған қос жанарын жан-жағына мөлдірете: - О, Жаратушы рabbым, Құрандағы өзіннің уағызына, өз дәргәйіне иілдім. Мұхаммед саллалаху ғалейкинуәссалам өзіңнің мәңгілік қасиетіңе жеткізуші ең асыл парасат иесі. - оның осы сәттегі дауысы бірте-бірте қашықтап ұзай түсіп, бұған назарын қайта бұрган ол: - Ей, - деп сәл кідіре түсіп, - көтеріл биікке, көр! Қара! - деді де, ауа бол тұнған ак нұрға сіңіп ғайып болды.

Шоқан есінен жаңылды ма, не болып барады өзі?! Сұбхан-ау, мұны көзге көрінбейтін біреу жетелеп келе ме, қайда бара жатыр? Ақиқаты - жүріп келеді. Міне, қарсы алдынан айқара есік ашылды. Ендігі анғарғаны - жұпар іісі жанын рахатқа бөле-ген баянды ғүл бағы, бұлбұлы сайрап, жаны бұрын-соңды се-зішбеген, көріп - білмеген әлем жазира болып қарсы алды. Шет-шегі көрінбейтін көк аспан, ай мен күн, жүлдіздар жарқырап сәуле

төгіп тұр. Аяқ асты оюолы кілем бе, гүл түсті нетүрлі сирмақ, теке-  
мет тоселген кең заң. Кілең ақ сәлде, ақ шалма, ақ жібек киімді  
құбылаға қарап мінәжат жайнамазына жығылып - тұрып жатқан  
қисапсыз көпіллік. Солардың алдында жаңа ғана өзі көрген, алып  
денелі ақ сақалы омырауын жатқан кісі оқшаша дара тұр.

- Аллаһу ақбар! Аллаһу ақбар! Аллаһу ақбар! Ашнаду әл лә  
иляһа илла Алла!

Ашық коныр үнге биіктігіне көз жетпес биік ғимарат ішін бірге  
қосылып, жаңғырығып, бүкіл ғаламды баурап алған. Бұл озі  
қазір кокке ұшқан құстай қалықтан қалған ба, мына топка қосы-  
лайын десе тұрган орнынан қозғала алар емес, сөйлейін, тіл  
қатайын десе тілі күрмеліп қалғаш ба, жағы қарысып аузызы  
ашылмайды. Екі ұрық әрі-сәрі шақта ту сыртынан шыққан ай-  
қайга жалт бұрылды.

- Аспанда Құдай. жерде бір ғана билеуші болуга тиіс! - астын-  
да болат тұяқ боз тұлпар, басында алтынмен апталған күнге ша-  
ғылысқан дұлыға қара сұр адам шаншыла қарап дауыстап тұр.

- Уа, ұлы падишах, дегеніңіз болады. Ол солай! Солай! -  
деген жауап дүниенің дүр сілкіндірді.

- Алла әмірі бұл! - найзасын ат үстінен жерге қадап, - Фәни  
дүниедегі екінші Меккे - Құл қожа Ахмет жатқан топырақта осы  
Яссыда орнасын. Убайдулла Садыр Маулан Шираби, қайдасын?

- Естіп тұрмын, әлемнің билеушісі - ұлы падишах! Яссайи  
күмбезі әлемнің көзін қарықтыратын болады!

- Һәмма жаһанның көзіне шалынатын ұлы заңғар тәбәрік мешіт  
ғимарат болуы шарт. Уа, құдіреті күшті Алла, әміріңе тағзым!

Боз тұлпар құркірей кісінеп, аспанға атылған ол шаба жөнелді.  
Жапырыла құлап, жолына бас ұрған халайық қалды жолында.

- Бұл ғаламды билеуші ұлы әмір - Ақсақ Темір ғой, - деп  
дауыстады бұған сыртынан біреу.

Ақсақ Темірдің әлгі зор дауысы Шоқанның да құлағына  
құдіретті үн болып жетті. Таң-тамаша қалып тұр. Көз алдында  
қиялға симайтын сан құбылған көрініс...

Дүние кенет айқай-шуға толып, мың-мың, қаша екенін санап болмас қалың қол кен даланы басына көтеріп бетпе-бет айқасқа шығып жүре бергені. Жарқ-жұрқ қылыши, егеулі наиза, ысылдаған садақ жебесі. сарт-сұрт соғылған сойыл, шокпар, ыңырысған, ойбайлаған жарапы адам, үркіп, тулас ер-тұрман-ды иесіз бетімен арқырай кісінеп жазыққа шапқан аттар. Бай-тақ даланы міне тағы да зор дауысымен сілкілеген үн жетті құлағына. Алыстан талып жетті. Өзі қайда? Өзі?.. Кімнің дауысы бұл? Ақтық айқас! Өлмей беріспе! Тұған топырағының күрбаны бол! Жан пида! Елдігің үшін ол!.. Дүние ың-жың... Аспанды қара бұлт жауып алған... Жо-жоқ! Бұлт емес, көктे жарқыраған күннің бетін қап-қара болып тұн тұнек тұтасып көтеріле басып келеді. Эне, күннің жартысын қара туырлық болып тұтылып жалтты. Бүкіл дүние қарауытып, бұл тұрган атырап мұздап сұып, бойын аяз қарып жүре берді. Аяз! Сұм-д-ы-қ! Әлгінде ғана әлемді жаудыраған жанарына сидырып, жасыл жапырақты ғұл бағын, не мөлдір сулы, бұлақ, көл, өзен, дария, мұхитты жылтытып ағызып, тасытып тұрган дүниенің от козі қылиланып қабагы қатып барады. «О, құдіреті қүшті Құдай, мына сұмдықты кім көрген?! Шоқаның тілі байланып, кол-аяғы мұздап, осы сәтте не көріп, не байқап тұрганын сезбей, аңырып қалды. Жарты аспанды жауып, қап-қара тұп-тұнек болып ұйып батқан қою қараңғылық астынан ыскырығы жер жарып айдаһар ма, тұр-түсі беймәлім сұрапыл жүзіп шықты. Жолындағының бәрін тау, тас, кала, тірі, олі демей жалмап жүтүп, жемсауына өткізіп қылғып келеді. Жалғыз көзі шатынап, аузы ма, өнеші ме - алып от казан боп қайнаган терен үнгі. Кезіккенді ұлпа отанымен жүтүп келе жатқан пәлекет тажал бұған қарай шұбатыла қозғалды. Ыскырығынан дауыл тұрып, астан-кестен шаң, құйын көтеріліп, бұл соның ішінде қаңбактай ұша жөнелді. Қара дауыл сұрапылда құлағына жан-тырыққан дауыс:

- Ә, балам, мен мына тажалды тұмсыққа ұрып кері қайта-

рып ем, ал сен мұны отыңың басына ертін... - дей ме; бауырларың Кенесары, Наурызбайлар арманын ұқпадың ба - дей ме, - койныңда жанар таудай тулаган, құніренген дауыс тұншығып барып, тұңғыңқа жұтылып кетті.

Бұл сөз кімге арналып, кімге бағышталды? Осы кезде өзінен-өзі келе алмай аң-таң болған Шоқанға қарсы тыр-тырлап атылған зеңбірек оғы аяғының астын осқыладап, қара жерді тіліп. бүкіл аймақты, ел-жұрт мекенін тұлақтағы жүндей тұтіп жүре берді. Оқ топаны, оқ дауылы кезіккеннің бәрін жайпап, қүйдіріп-жандырып барады. Эне, әлгінде ғана өзі ішінде болған көк аспан түстес күмбезі көз талдырган занғар алып ғимарат мешіт лапылдан жанып от құшағына енді. Әлем шулап, құніреніп, тірі жан иесі естіп құлағы шалмаған ұлы сүрең айқай, жылау, өксу ме, қоркыныш үнге толып барады. Зәулім ғимарат қабырғасы қақырап жарылды ма, лақылдан қан боп сөгіліп кетті. «Апыр-ау, осы мен не көріп тұрмын?» - деп ойлаган Шоқан, тынысы тарылдып, айғайлағысы келсе де, үні шықпай, булығып, қалтырап жүгіре түсіп тоқтады. Қан! Қал-қара май болып тогіліп, құйылып ағып жанады! Әр тасы нұр тулатқан қыш қабырга қан боп қып-қызыл шоқ түске енген...

- Уа, Раббым! Бұл қандай кереметің еді? - Шоқан құлағының тұсынан естілді бұл дауыс. Жалт қарады. Ақ сәлдесі нұрға малынған, жалаң аяғымен жанган отты балшықтай басқан аппак бейне айқайлап жетті.

- Құл қожа Ахмет, тұр! Шық бері! Мұхаммед саллааллаһу ғалайхуәссаламға салауат. Шық бері! Алла әмірімен салынған ғимаратың қансырап от құшты. Сондір отты! Жаз жаранды! Қорға Мұхаметтің үмбетін!

- О, Алла, өз дәрдегіңнен артық жаратқан әулие Арыстан баба, құлдық әміріңе! Құлдық! Ойсылқара әулие, қайдасың?! Шакыр аруаналарынды! Су керек! Сұт керек!

Мына дауыс жанына жібектей жылы ағыстай тиғен Шоқанның жап-жакын қасынан естілді. Қас-қағым сәт өтті ме,

өтпелі ме, ғимарат манайы үкідей жұні үлбіреген ақ түйе, желіні сыйдаған аруаналарға толып жүре берді. Колдарында бір-бір көнек пе, қауақ па, ақ киімді қауым аруаналар бауырына еніп пор-пор емшектерден сауылған сүт ақ сел болып ағып жөнелді.

- Жу! Шәй! Пәледен тазарт кие топырақты! Оның дәру емі осы сүт!

Мың-мың сәлделілер құмырсқадай ағылыш, кең байтақ даала құн астына дейін созылып әлемге симай кетті. Күн нұры да теңіздей толқып, бүкіл шығыс жарқырап-жайнап, иұр құшашына енді. Шоқан солардың арасында бәрін өз көзімен көріп, рахатқа батып тұр. Кенет:

- Уәлиханов мырза, Сіз кайда жоғалып кеттініз? - деген өктем дауыс оны жалт қарраты.

Генерал Черняев бұған ақыра кадалып тұр.

- Генерал мырза, не көріп тұрсыз? Эне, сіз атқан оқтың орнын халық бүгін сүтпен жуып жатыр! Сүтпен!

- Мен жабайыларды ақылға келтірдім. Патша ағзамның әмірін орындағым!

- Жоқ, сіз басқаны емес, ұлы қасиетті халықтың арын аткыладыңыз.

- Токтат сөзді, поручик! - Шоқан жағына шапалак сарт ете тұскендей шошып орнынан атып тұрды. Аң-тан. Не көрді жаңа? Апыр-ау, мына көргені түс қой, түсі ғой. Иесіз үйден сыртқа атып шықты. Өзіне-өзі енді келді. Будак-будак тұтін - жалын астында жаралы Түркістан сұлық жатыр. Азып-тозған, босқан халық.

Кала ортасындағы Черняев штабына ол тұтқылдан атылар жолбарыстай ашулы жетті.

- Поручик мырза, Сіз кайда жоғалып кеттініз?

Генерал ызгарлы дауысын көтерді.

- Мен бе? Мен Сіздің оғыңыздан қырылған халқымды жерлеп келдім!

- А, солай ма? Жауды салтанатпен жуып - арулап келдім деңіз.

Генералдың үнінде кекесін бар, қатулы.

- Даң солай. Олар мен үшін жау емес, қандасым, туган халқым!

- Сонда Сіз Россияға, патша ағзамға кім боласыз? - деп генерал айқай салды.

- Мен әділет иен адалдықтан туган халықтың перзентімін! Қияната, корлыкка, зорлыкка...

- Токтаг сөзді!- генерал ашы дауысымен айқай салды. Шоқанның ойын аяктатиай бөліп жіберді. Осы сэтте бар ашуы бойына жиналған Шоқан генералдың есігін гарс лактырып тастап, сыртқа ашулы атын шықты. Бәрін тәрк етіп тастап кетті. Сол бетімен басқага бұрылмастан кеп атына мінген. Алды-артына қараган жоқ. Құннін шығысын бетке алып, желе жортын шаба жөнелді. Ойы астан-кестен. Бәрі, бүкіл омірі көз алдына келді. Қорғен түсі өніндегідей кітап бетіне жазылған өмір шыныдығы, нешеме жылдан өзін тебірсендірген ақиқат сыры, киял құшағында толқып, бойы бір ысып, бір суып келеді. Енді ғана байқады - күп тобеге жетіп, биіктеп қапты. Мындардан ғандап мінген ак сауыр ат ауыздығымен алысып жер танабын тартып келеді. Қаратай сілемдерінс ілігіпті. Ат басын тежеп артына бұрыла қарады. Қожа Ахмет ғимараты әлі қасында. Бұл атқа отырғалы қашап! Ұзап кеткен сияқты еді ғой. Сонда да когілдір нақышпен бөзеніп, күйген қызыл кірпішпен өрілген кан мен термен суарылыш, ұлы құліретген дұға дарыган ғимарат әлемнің таңғажайып мұнарасы мен мұндалап дәл қасында тұр. «Иә, һәмма дүниеге қасиестімен жар салған ұлттымың ары мен мақтанды сен мәңгі ғасырлар жасай бересің! Сенің денене түскең дакты өзіне тәуеп еткен талай ұрпағың жуып, тазартып озіне тағзым етеді. Сен мұсылман қауымына бір Алла құдіретімен жаратылған күн сәулетті алып айдарсың. Сен мәңгілік екінші қаббасың» - деген ол алыста отырса да, солай қарап басын іп, тағзым етіп, дұға оқыды. «Қош, әзірет сұлтан!» - деп атына кайта мінді.

Бұл - Шоқанның көрген сонғы түсі мен өңі еді. Ұлылықты ұлылар ғана таныса керек.

## ҚАНЫШ

Сонғы тәуліктегі борандатып тұрған күн жолаушылардың ел карасынан ұзауын күткендей күттырына жонелді. Дала тұз қуырғандай: әбден күшейіп алған дауылды сұық жел дарияда сен айдаған күшпен сарнай соғады. Төңірек ың-жың шулап кеткен. Сонғы екі ай бойы толассыз төгіндеген мол қар өңірді үзіктей жапқан. Енді сол уыздай үйыған ақ көбік үлпек астаңкестен. Құйын коныс таппайтын жазықта мың жылан ыскырып, құйрығымен жер сабалағандай. Аспаннан төгілген қар жерден орын таппағандай қайта көтеріледі.

- Ая райының сыңайы жаман. Және өліара - текенің бүрқағы басталар күн де кеп қалды. Аз күн шыдасаңшы, - деген үлкендердің сөзіне Каныш өзіне тән салмакты мінезіне бағып: «Ая райы? Сонда қауітеріңiz не? - деп күліп, аялы қара көзімен жан-жағын шола қарап, - шамасы боран мен сұыктан катор күтесіздер-ау, ол ештеңе етпес. Қазіргі жағдайымыз одан да қысталаң бол тұрған жок па. Бұқіл бұрғылау жұмысын токтатып, - ол едәуір ойланғандай өзін қаумалаған көпке көз жүгіртіп, - Тіпті бір күн емес, бір сағат та кідіруге болмайды». - деп асығыс козгалып, биік жағалы қара тұлышты иығына жамыла шанаға жайғасқан.

- Айтқанға көнбедің-ау, жолың болсын әйтеуір!

- Оң сапар, шырағым!

Сөйтіп шығарып салған коптін тілеукор үні құлагында. Қазір өз ойымен өзі болып келеді. Ой-өрісі, қиялында - болашак.

Төңірек долдана ыскырып кетті. Қуатты жел жүкті шананы аударып жіберердей өршелене соғады кеп. Сарыатан анда-санда бір бық етіп малмандай басып шананы ышқына тартады. Бір сарынды баяу жүріс. Одан танатын да емес, қатты өндіріп

те кетпейді. Өзінің жалшак тізесінен келетін күпсек қарды омбылаш, адымдай аттайды. Қолік айдауши Сәрсенбек коз байлаган бораннан іношына ма, маңайына үрке көз жүгіртеді. Ештеңе көріп болар емес. Үстіндегі тонының жагасын котеріп, қымтана түсін, анда-саңда сарыатанга: «Айт, шу, жануар!» - деп айбар шегін, дыбыс береді. Онысы - «бар сенерім өзін» дегені тәрізді. Оған «Baah!» деп бір ғана дағдылы барқырауымен дыбыстаган жануар адымын кере түседі.

Қараптан-карап отырып Сәрсенбекті үрей биледі.. «Адасып кегсек ше? Сарыатан жолдан шықса фой... Мына түпсіз теңіздей күба жонда...» Үрейленсе - үрейленгендей, жол дейтін жол да жоқ еді расында. Сонау жылдары ағылшындардың кіре тартқан қазір қар астындағы ак сүрлеу ғана. Сарыатан көз бермес ак тұтекте мұлт баспай болар-болмас ак сораптан аумай келеді. Осы бір козі қарақты тілсіз жануарды Сәрсенбек жарылқауышысында жақсы көріп кетті. «Қазіргі сенерім сенсің! - дейді оған домалай түсіп. Жол тамакқа деп алып шыққан бөлке наннан бір омырып, - шалдықпашы, жануарым! - деп асатып жіберді. Бәйгеде шауып келе жаткан аттай қар, қырау басқан атаниның шудалы кірпігін алаканымен сипап таstadtы. Сарыатанның канталаған көзі шайдай ашылып, жүрісі ене түскен.

Осы жолда қыс күндерінде арасы атшаптырым дейтіндей бірнеше бекет бар. Сәрсенбектің тіршілікке тамызық қуат, конілге медеу тұтары сол. Бірақ, ол қол созым жер емес. Эйтеуір біріне аман жетсе болты да! Жалығып, ессіз бораннан жаны запы болған жас жігіт құлагын тосып тың тыңдайды. Долының қабакқа соктықсан жат үні, үрейлі әуені естіледі. Ол бірде шәуілдеген тұлкінің бе, шұрқыраған тай-құлышының ба, ұлыған қасқырдың ба, тіпті боздаған ботаның ба, әйтеуір миласып арасын кеткен ың-жын бірдене боп шуылдайды құлағына. Бірде Сәрсенбекке мына боран тіссіз кәрі айдаһар боп, өзінен басқаның бәрін қылғып, малжандап шайнап жұта алмай келе жатқан тәрізденіп те кетеді...

Осынау азан-қазан, есеп борандада сахарада ойға шомған Қаныш қас қаққан жоқ. Қөкірегі ояу, санаасы қалгитын емес. Бәрін ойша есептеп, шотқа салып, бүгінге дейінгі бұргыланған әрбір скважинаның бергенін қорытып, электронды есептеуіш машинасы сиякты дәлдікпен мойын бұргызыбас нактылыққа жүгінген. Оны қазір кәміл сенім билеп алған. Көзімен көріп, қолымен ұстаған шындығы да сол: «Айда отырып, жердегіге күмәндандады. Койдың арық-семізін қойшы білмей ме? Ал, олар...» Жас инженердің көзі шоктаңып, иығы қозгалады.

Үздіксіз соккан жел ықтырған үрдесін қар жынғыл, қараған өскен сайды молынан басып, асу бермес ақсенгір бел тұргызыпты. Жолды байқастаған Сәрсенбекті қатты жел ұшырып, ықтырып барады. Жан дәрмен қалбан қағып алға ұмтылды. Ақшағыл тәбе болған үрдесін шыныңдай ширап қатып қалған. Биігіне мысықша өрмелеп шықса да, үйіткыған бораннан ештеңе бағдарлай алмады. Шанадан Қаныш та түсken.

Сәрсенбек:

- Қан-аға, шанада ұзын арқан бар еді. Соның бір шетінен ұстайын. Сойтіп, алды-артымызды, жолды көріп... Эйтпесе, мына боранда... қаңбақтай ұшып кегіп...

- Адамды жел ұшырды дегенді естіген емеспін, - деп күлген Қаныштың әзілін жел естіртпей қағып кетті. - Сәрсеке, сен қаңбақ шал емессін гой, болашақ бұргыны, кенишің. Ал кеншіңін ғамыры, жетікабат жердің астында! - деп қайрат берген ол ілгері озып, көлденең көк болат бел тұтасқан тоспа кардан әрі асып, көзден таса боп кетті. Содан әлі жоқ, бері жоқ. Сәрсенбек манағы ма, әбден қысылды. Түйе мен шананың бір алдына, бір артына шықты. Сасқанынан бар даусымен айқайсалды.

- Қан-аға! Қа-ан-аға-а-а! - деп жан дауысы шықты. Оның тарғыл дауысын долы дауыл талап әкетіп жатыр. Тек қарайған гіршіліктен Сарыатанғана мынқ етпеген күйі күйіс қайрып тұр. «Енді қайттім, өлген деген осы ма? Ойпырмай, жана неге

бірге кетпіндім. Өлсем, бірге өлмес не едім. Масқара болдым-ау! Сорладым-ау! Халыктың ардақтысын жоғалтып...» - одан әрі өз деміне оздігінен шыққан, дәрменеіздік жеңген Сәрсенбектің козінен бұршак-бұршак жас ырышып шықты. «Әйда, кеттім соңынан» - деп озеврей жүгіре жөнеле бергенде, ақжал төлкін-ның арасын жарып, желкенді қайыктай сенгір, кар үрдісінге шығып келе жатқан Қанышты көрген ол аяғын құшып етпептін түсті. Аузы кемсендеп, бұрыш-бұрыш болып кетіпті.

- Сәрсеке. - деді оның кобалжыған сынаійын айтпай түсінген Қаныш. - Тұрыныз! - одан әрі жас жігітті ақылға шақырған үймен. - бұл өзі терен сай екен. Қалың жыңғыл мен қараган осекен теренді сірескен үрлесін басыпты. Жолдың табанын та-стап, оралып өтудің де ыңгайы келетін емес. Тым кең алқап екен, деп сагатына қарады.

Күн кешкіріп барады. Жаңы тырнағының ұшына келгендей, далаға тұнімессек не қылсын деп қысылған Сәрсенбек:

- Сагатыңыз қанша болды өзі? - деп сұрады.

- Қүннін батуына әлі біржарым сағат бар. Осы сайдан откен соң үш-торт шақырым шамасында бекет болу керек. Соған жет-сек, - деген ол. - Қане, тұрмайық, күрек бар ма еді? - деп сұрады.

Сәрсенбек Қанышка қараганда аласа бойлы, төртбак жауырынды, иықты жігіт еді. Бір адамдай каруы да бар. Үлкен көзді, бет сүйегі шығынцы, жаллақ танау. Құрдастары көзіне қарап, «қорқак» атандырып жіберген. Жасынан енбекке ынгайлы жігіт енді жан алып - жан беріп кимылдан кетті. Жол келіп енген кессе қарды жарып барады. Құрегі де майшының калағында дамылсыз жалт-жұлт ойнайды. Біраз кол сұытқан Қаныш та қатты қарды кеселеп ойып, ту биенің жаясында комақтап алып, лактырып жатыр. Қазір гана аршып кеткен жол үстін үйіткішін боран қайта басады. Онымен олардың ісі жок. Ілгері кетіп барады, екі жағы құзардай боп ортасынан қақ жарылған күртік қар Қаныштың ойын бөлді. «Біздін жердің қазіргі ахуалы осындаиды-ау, ә? Аз құнгі тосқауыл, кейбір қате тұжырым мына

кар үйіндісі тәрізді ертең-ақ, сал қоқтемде еріп кетпей ме?». Сәрсенбектің кимылына риза болған ол: «Күрекпен ғана мұншама қайрат көрсеткен Сәрсенбектерге бұргылы стапок тиғенде, нендей кереметтің өмірге келгеніне де күә болармыз». Ол өзінің ойына сол сәтте қатты қуаныш еді. «Созсіз, женіс біздікі» деп күбірледі.

Бірі түйенін басын жетелеп, екіншісі шананың соңынан итеріп, сай табанынан саумалап өте бергейіп сол еді, күтпеген жерде ойға қарай желе түсіп, қырға ұмтылған түйенің қуатты екпінімен он жақ табаны биік жарға асылған шана аударылып түсті. Барлық жүк актарылды. Жай актарылмады: ішіндегі ауыр салмаққа шыдамаған жәшіктер көбесінен согіліп, какырап кетті. Бүйірлерінде түрлі белгі, жазулар бар жұп-жұмыр тастар акша карға шытырадай сәуле шаша тогілген еді.

- Қар астында корінбей қалғаны жоқ шығар? - деп сұрады Қаныш шана аударылған жерден ұзап шыққан соң дауыстаған.

- Бір түйірі де қалған жоқ, - деген Сәрсенбек, «әлдекалай бірлі - жарымы қалса қалды да, тас емес пе, оның несіне қиналасыз?» дегісі келсе де, батылы бармады. Іле «қадірсіз дүние болса мұндай азаптанбас еді гой» деп күбірлеген. Тас сырын енді Қаныштың өзі айтып кетті.

Озінен ұлken - кішінің бәріне бірдей ілтипат көрсете сойлеу Қаныштың туды-бітті сүйегіне біткен мінезі. Сол әдетіне бағып, өзіне бағынышты, жасы кіші Сәрсенбекті «Сәкелеп» озіне қаратты. Пікір таласы, әсіресе ғылымдағы пікір таласы - өмір таласы.

- Сәке! Осынша бөбектей орап, жәпікке салып әкеле жатқанды Сіз жай тас деп ойламаңыз. Ол келешек талай керемет омірдің бастауы, қаншама ғұламалардың ойын он саққа жүгірткен, кейде күмән, кейде сенім отын жаққан күш те сонда! «Тәйірі, бір түйір таста не түр деменіз» - деп Қаныштың өз ойын тап басып айтқанына Сәрсенбек шынында таң қалды. Енді болмаса, тәуекелге бел буып: «Даланың көк тасын қалаға

тасып, осыныз не әуре?» - дегісі келіп те қалған. Ол райынан мына сөзден кейін тез қайтты. Бұлар осы бір қысқа әңгіме аяқтала бере бекетке де келіп жетіп еді.

Ымырт қарангылығы қоюланып, боран манағыдан да қүшейіп кетті. Сарыатанды жылы қорага байлаған Сәрсенбек үйге кіргенде, бармактай кара шал мен Қаныштың арасындағы әңгіме едәуір жерге барып қалған еді. Бұйра шашын саусагымен салалап кейін кайырған Қаныштың ақ құба өні жылы жерде қызалаң тартып, конілді отыр. Қуні бойғы жол азабынан із де қалмаган. Көзі шоқтанып, ынта-ықыласы әңгімелеге ауған.

- Қарсақбай заводының гудогы ғасырлар бойы үйқыдағы даланы дүр сілкінті гой, қария, Ұлы Октябрь таң бол атты. - оның биязы қоңыр дауысы салмақты шықты. - Барлап байқа-сак, бүтінге дейінгі тиіп-қашпа, әлі толық қарқын алмаған зер-ттеу-барлау нәтижелеріне жүгінер болсақ, Жезқазған деп хал-қымыз атын тауып қойған жер мыс дариясы еken. Сонда ол бір ғана мыс па? - аз кідіріп, - атырабындағы шүйгіні мен өрісін жайлап көштіп-қонып келген ата-бабамыз бүтінгі ұрпағының сол байлыкты алатын - соңғы сөзге дауысын көтеріп, - мезгілі де жетті. Ол үнсіз, ойлы пішінде бораны терезені ұрғылаган даланы қиялымен кезіп кеткендей.

Қаныштың мына сөзі жаңына жана бір ыстық нұр құйған-дай болған карт:

- Беті құйген терідей кіл тастақ шокы жайлаган атырабы-мызда біз біле бермейтін жасырын сыр көп десенеп онан да. - бармактай шал сақалын тұтамдап ұстап, Қаныштан коз алмай қарал қалды. Таңдайын қағып, таңданып отыр. «Жері байдың - елі бай» деген гой бұрынғылар. Мына түрінде жабагы жүні түспеген тай дала тұлпар бон бәйгеден келеді еken де - көзі сығырайып күліп алғып:

- Ойды ой тұртеді, қарагым, мына сөзіңнен кейін қай-қай-дағының есіме тұскенін қарашы. Тұрымтайдай шалдың таң-дайының тақылдауын-ай деп ойлай көрме. Қай дәуір екенін

кім білсін, талай ғасыр жаңы күйрығын күзеп, жазу-сызу жок қаранғы елде ауыздан-ауызға, құлақтан-құлаққа көшіп, бізге сүйегі жеткен әңгіме бұл. Ұзын ыргасы ғана еміс-еміс жадымда қалыпты. Әкем жарыктық жырдай созып, көнілі түскенде желіпіне айтып отыруши еді. - деп орнынан козғалып, екі тізесін астына басып биіктеп, жүгініп отырды. Әңгімеге арқаланып қызганы ма, екіленіп санлактанып барады. Қаныш қарттың әр кимылын жіті бағып, бір сезін шашау жібермей бар зейінімен үйып тыңдал калған. Сәрсенбек те аузын ашып қалыпты.

- Біздің халық жаугершілікті көп көріп, басынан талай қыншылық өткерген гой. Төрт құбыласынан жау шаппаған күні тым аз болғанға ұксайды. Ата-мекені үшін талай соғысты көрген ата-баба ұлтарактай жерін жауға бермей, - ол қолын құлаштай сермен, - осынша байтақ жерді сактап қалыпты. Қандай жаудың шапқанын кім білсін, женіліске ұшыраған ел нұлы орманды, биік таулы, саялы өлкесіп тастап үркे көшеді. Сондағы бет алған жері - көктеніз екен. Көктеніздің қайда екенін әлі күнге дейін білмеймін. Әйтеуір қашық жер болуы керек. Қүші басым, өкшелеп қуған жауга төтеп бере алмаған батырлар ес жиып, қүш толықтыруға қыыр шалғайға тартып, қанша ұрыс салады. Сонда дейді әңгіме, - деген қарт тағы бір ыргалып жайғасып отырды да - ата-мекенде аумағы ат шаптырым алтын көл бар екен. Жарқыраған нұрлы сәулесімен Құнді ұялтып. Айдың көзін қарықтырады. Әлдекалай, аң, құс, не мал түсе қалса сап-сары боп денесіне жұғып жалт-жұлт етіп жүретін болған. Бірақ, оны қасиет тұтқан халық аяқасты етпей қамкорлықпен сактапты. Міне, әлгіндей аласапыран жаугершілік заманда алтын көлді кім сабасына құйып таусыа алсын. Ал жау колына түсіп кетсе не болмақ? Сонда, есімі жадымда қалмапты, аруакты батырдың бірі атойлад жар салып:

- Көтер тауды, жап көлдің бетін. - деп ұрандайды. Тұтас бір халық жабылса нені шыдаткан, көзді ашып-жүмғанша алтын көлдің үстіне такиядай-такиядай қоныр төбелерді үйіп тастапты.

Каршадай шал сол сұрапылдың ішінде өзі болғандай үнілеп едәуір уақыт киналып отырды. Басын шайқай береді. Әлден уақытта:

- Сөйтіп, қимас асылын қымтап жер астына көмген ел ілгері жылжып шыққан соң, манағы батыр ат басын тартып, артына қарап тұрыпты. Ала бұлт басқан күн бір биіктің басына шуа-ын төгіп тұрса керек. Батыр қолын солай көтеріп:

- О, халайық, ұмытпандар, сонау биікті белгілеп алындар. Алтын көл сол арқасын күн сүйген таудың аргы астында. Жаудан жерімізді тазартып, өзімізге-өзіміз келіп, о жарықтығымның бетін ашатын күн де келеді. Ел атағынды шыгаратын қазынан ол. Әне, коріп алындар. қырмызы шапан жамылғандай сары арқалы тауды, - деп найзасын серт ұстап, жортып жүріп кетіпти. Бірақ күншуағы бір тобенің басында үнемі тұра бере ме, оны аңгал батыр да, басқалар да пайымдамаса керек. Соның салдарынан кейін сол алтын көл көмілген атырапты қанша ізде-генмен, ешкім таппаған деседі. Міне, Қанышжан, нелер зама-нымыздан бізге жеткен ұзынсарын әнгіме осындай. Бәлки, сен ол бабалар жасырып кеткен казына қойманың үстінен түсіп жүрген шыгарсың, - деп карт бұныма не дейсін дегендей оның бетіне сынай қарап еді.

- Сары арқалы биік дейді, - деп Қанын та әңгімешіл шалдың begine таңдана көз тастады. - Осы аңызда бір ұлы шындық бар ма деймін. «Сары арқалы» дегені «Сарыарқа», ә, «Сарыарқа» - деп қайталап іштей күбірлеп ойланып қалды. - Өте қызық әнгіме. Тіпті бұған дейін мен естімеген хикая ғой. Ел бастиған батыр: «Сенің атақ-данкың да сонда!» деп айтыпты дедініз. ә?

- Дәл, солай! - деді қарт шегелеп, біржола бекітіп тастады.

- Дәл солай болса, мен ол казыналы өлкенің болашағы үшін Мәскеуге бара жатырмын.

Сақалын қайта тарамдаған бармақтай кісі:

- Үлкен ниетпен келемін де! Жолың бөлсін, онда Мәскеуің өзі, - мойнын толғана созып, - бұл жерден алыста гой. Ал Же-

зіказған артыңда қалды. Сонда?.. - деп бетінде «осыныңа түсінбедім» дегендей екішты дудамал пікір таласа қалған қартқа күлімдей қараган Қаныш:

- Оныңыз рас. Қазыналы өлкे артымында қалды. Өзініз айтқан үлкен ниет, - деп бармактай қарттың өз сөзін өзіне қайтапады. Сол байлықты ел игілігіне тез жаратуды талап етеді. ~~Ол~~ үшін каржы бөлінуі керек, - деп сәл кідірген ол, - содан кейін шыныраудағы казына төңгрегін нұрға бөлеп дария бол тасуына күмән жок, - деді.

- Қарагым, сенің сөзіңің төркінінде бір ілгешек жатқандай болып отыр маган. Көңілді құпті қылмай айтсаншы. Кақаган қыста жолаушылауың да тегін демеймін, - деп Қанышты еріксіз соғығе тартты шал.

- Найымдауынзың жөні бар. Біз «Жезқазған байлығы үшін-теніз» десек, кейбір жекелеген жоғарғы қызметте отырған адамдар: «оның қазынасы құнарсыз, ол үшін мемлекет қаржысын бекере шығындауга болмайды» дейді. Біз оны теріске шығарамыз. Нақты бұлтартпас барлау нәтижелері арқылы дәлелдейміз. Былайша айтқанда, таласамыз. Тіпті әлгі өзініз айтқан гажайын әңгімені енді Мәскеуге де жеткізетін болдым. «Халық айтса қалт айтпайды» емес пе?!

Осылайша инженер мен сауатсыз шал арасындағы әңгіме түннің бір уағына созылған еді. Сәрсенбек ан-тан: ертегі айтып отыр ма дегендей екеуінің бетіне кезек-кезек жаутан-жаутын қараїй береді. Ойтеуір екі құлагы әңгімеде. Сол сәтте бар үқкани - Жезқазғанның жер асты тұнған байлық, көмілген қазына. «Шіркін, сол асылды қазып алатындардың бірі болсам, бірақ оны жер бетіне шыгаратындар мендей адамдар емес шығар...». Сәрсенбекті осындаидар арман баурады. Тағы да кенет басқа ойта ауысып: «Яп-пырмай, ал ол олай болсын, мына жашіктегі сапар шеккен көп тастың сырын айтшы...». Ол осы оймен отырып, қалғып кеткен еді.

Екі аятуға жуық жол машақатын көрген жолаушылар Жоса-

лыға да жеткен. «Жолы болар жігіттің жеңгесі шыгар алдынан» дегендей, Мәскеу поезы енді ғана келіп тұр еken. Сәрсенбек жол жүктөріне, Қаныш билетке жүгірді. Үлгерді-ау әйтеуір. Поезға отырган соң ғана білді, белгілі орынсыз көпшілік орынға тап болыпты. Оған да шүкіршілік, сәл болғанда бұл поездан қалып қоятын еді. Ол кемі екі күн жолдан қалу деген сөз.

Жолдың тауқыметін тартып, қалжыраған күйінде вагонға отырган Қанышты поезд бесікше тербетті. Әттең, қисаятын, жамбас басатын орын жоқ. Содан отырган күйі қалғып кеткен. Жұлдыздай ақкан ұшқыр поезд оқыс тежелді ме, құлай жаздал барып, кайта түзеліп отырды. Аздан соң қайта қалғыды. Тамақта да зауқы соқпады. Орны вагонның орта кезінде. Қабырғаға аркасып сүйеп, шалқайып ұйықтап кетіпті. Түн. Оның мәндейнан моншақтай тер төгіліп тұр...

- Мырзеке, керемет кой мынауыңыз, тамаша! - балаша қуанып, жаңа ғана бес жұз елу тогызыныш скважинадан алынған керніді аудара қарап тұр. - Мынапың үштен бірі десем тым коп, созсіз төрттен бірі мыс. Неткен бай еді! Қанша терендіктен шықты?

- Елу сегіз метрден.

- Елу сегіз метрден?

- Иә, көрші станоктың екі жұз метр терендіктен шыгарған пробісін (проба дегені) көрсөніз, сіз мұлде, - деген Мырзабек Қаныштың бетінен не дер едің дегендей қулана қарады.

Қаныш көрші бүрғылау станогына барып коңілді оралды. Аузынан шыққан ендігі сөз «Бәрекелді!» болды.

- Кені бай еken деп осындаиды айтады. Бір ғажабы - мұнда тек мыс қана емес, тұсті металдың әр атасының түрі барын білсеңіздер-ау! - деп, әлгі пробаны қайта-қайта аударып қаралған инженердің екі езуі екі құлағына жетті. Ауыр мінезді, басы артық сөз айтпайтын жан тұнғыш рет көп алдында шын қуанышын жасыра алмады.

Бүрғылау станоктарының жанғырығы үдей тұсті...

- Қанеке, біз бір скважиннен соң бір скважина бұргылап, кен корын ашып жатырмыз, - деген дауысты кимелеп:

- Иә десеңші расында бүгінге дейін аныкталған кенде шек жоқ. Бірақ, ол жер астында жатыр, - деген екінші дауысқа:

- Рудникге не бәрі екі-ақ шахта. Ол кімнің көсегесін көгертең, деп дауыстаған ту сыртынан тағы біреудің өктем үні естілді. - Анада Жыландыда кен жер бетінде, қолмен, шөмішпен көсіп алатын терендікте жатыр деген едініз, - деп жүрт жамырап кетті.

Мына көпке жауап берейін, казіргі жағдайды түсіндірейін десе, тілі күрмелін сөйлей алмай ма, немене? Бәрі мұнын аузына қарап қалған. Не боп калды? Кекештene ме, әлде бірденеге гүйіліп, тамағынан үні шықпай түр ма? Өзінен-өзі қысылғанын қарашы!

- Бұл - әлдекалай түсінбестікten туган қателік. Бұл өлкенің мол кен корына сенбеушілікті басқаша бағалай алмас едім. Мұндай өрескел қатені түзету - біздің міндетіміз, - деп әлден уақытта сайрап кетті. Айтып тұрғаны - көкейін жайлаган сыры.

- Өл үшін біз не істейміз? - дейді тағы бір жұмыскер.

- Сіздерден тілегім - барлау жұмыстарын тоқтата көменіздер.

- Тегін, ақысыз-пұлсыз еңбек ет демексіз бе?

- Аз уақытқа шыдаңыздар. Мәскеуде бәрін шешіп келуге уәде беремін... Үкімет, Жоғарғы үкімет мұндағы жағдайды бақылауға алып отырғанына сіздерді сендірем. Ең көбі - екі-үш ай. Сонын Жезқазғанда геологиялық барлау жұмысы бұрынғыдан әлдекайда еселенген қарқынмен өріс алатынына менің күмәнім жоқ. Ол үшін қаражат бөлінег...

- Ей, ағайындар, бұл не, бала бол кеттіндер ме түгел? Қанышты неге қинай бересіндер? Совет өкіметі ешкімді аштан өлтірмейді. Онан да туган өлкенің келешегін ойласандаршы. Жұмысты тоқтатпайық. Маган еретіндерің, қане, бері шығындар, мен станок басына кеттім, - деп бұргылау станогының белгілі мастері Мырзабектің гүр еткені. Әлгі көпінілік оның сонынан шұбыра жөнеліп барады.

- Рахмет, Мырзеке, бәрінізге рахмет! Ризамын, - дегені, қуанғаны анық. Орынан қозғалып, Мырзабектің қолын ұстамақшы, қыспақұлы. Шын көңілін білдірмек болғаны ол...

Ақтас бүтінде сыртындағы терең сайдың табанында отыр. Құн тас тобеге шыққан. Шыжыған ыстық. Таңдайы кеүіп барады. Шөл. Серіктепі тым алыста, сағым құшағында бұлдырай зорға көрінеді. Түбіне үйисқан қалың кияқ оскен биік тобылғының қоленкесіне отыра бергені сол еді. Білектей караш-ұбар жылан ысылдал ұмтыла берді. Жәһілді қолындағы балғамен аямай періп өтті. Сойткен қолы вагонның қабырғасына сарт етіп оянған ол орнынан атып тұрды.

Жап-жағына қарап, ояна бастанды. Қасында тізелес отырган москалдау кісі ояу екен.

- Жігітім, киналдын-ау деймін, дауысың катты шықты. Бірекі рет оятқым келіп оқталып едім, сойткенине өзің де ояңдын, - деді Қаныш көздерін укалад, екі аяғын жазып, сәл керіліп алды. Пайымдаса әлгі көргеннің бәрі түс боп шықты. Таң ғалып отыр: жанағана кенді даланы аралап жүр еді...

Денесі күйіп-жанып барады. Сүйек-сүйегі сырқырай ма, әйтеуір бойында беймәлім бір зіл бар. Маужырап, бей-жай күй кешті. Көз алдында Жезқазғаны, піскен бауырдай бүйраратты даласы көлбен қағады. Құлагына бұргылау становының ғүрілі келе ме? Оған ілесе бұргының тереңнен сорып алған тас соғына таң қалғандардың: «Тамаша! Гажап! Тез лабораторияга жөнелтейік!» - деген қарбалас үні жанғырығады. Ұлытау көгілдір тартып, Бұғылы-Тағылы таулары жоталанып, Өспен аясы көзіп алаудап өтті. Қазір үйқылы-ояу отырған оның дене ыстығы көтеріліп кеткен еді. Сандақтаі бастаганың өзі де білген жок.

- Қалайда дәлелдеуім керек! Қалайда! - деп ойын үзіл алып, - ақиқатқа айтар дау... Жо-оқ. Анығы сол - әлемде тенденсі жок... мол... мол... кенді игеру.

Ол біреумен тартыскандай, қолын сермен, орнынан атып

тұрды. Басы қанкөбелек ойнап, теңсөліп құлай жаздал, орнына сылқ етіп отыра кетті. Әлгі мосқал кісі сүйемелдең ұстап қалды. Осылай өзімен-өзі арпалысып жатып, бір мол үйқыға енген. Сүмектеп терлеп үйықтады. «Өзі сүзек емес пе?» - деп ойлаған мосқал кісінің сөзінен кейін поездары дәрігер кеп көрді. Жүргегін, өкпесін тындағы. Қызын өлшеді.

- Қызының қазір қауіпті емес. Рас, өкпенізде сырыл бар. Қабарғап. Тегі бұрыннан ақауы бар тәрізді. Емделіңіз, сізді жолдағы үлкен станцияның біріне, емханаға қалдыру дұрыс болар. Өйткені, сүзек болса... - деген дәрігер мұны сынай каралды. Қашын сасайын деді: «Емханаға жатсам, келе жатқан жұмыстым не болады? Геологиялық комитет пен түсті металдар баскармасында шалғайдағы Жезқазған үшін кім басын ауыртады. Қысқартатын қаржысын қысқартты. Бұргылау станоктары токтан, аз күн ақысыз жұмысқа көнген жүрт тарап кетпей ме? Сонда бәрінің біткені ме?». Қанышты қас-қағымда қинаған ой осы.

- Кешіріңіз, құрметті дәрігер, жолда аздап сұық тигенін өзім де білемін. Қазір айықтым. Аса қауырт мемлекеттік маңызы бар жұмыспен астанаға бара жатыр ем. Сонда емделсем, - деп отинді.

Қысылғаны соншалық, лезде сауығып, дәрігердің көзінше бетіне қан жүгіріп, басқа қырынан корінді...

Жарығы мол, енсесі биік кабинет Қанышты бірден сергітіп жіберді. Мандаудына күн қонғандай, мол мұрынды, өткір көзді. Толық денелі кісі отырған орнынан көтеріліп, баяу басып бұған қарсы келе берді. Жүзі жылы.

- Сәлеметсіз бе, Григорий Константинович, - деп қолдастып амандақсан Қанышқа ілтипатпен бас изеп, қарсы алдынан орын ұсынған ол күлім қағып:

- Өз халыңыз да жақсы ма, Сәтбаев жолдас, - деп жұмсак жібектей дауысын созып тіл қатты. Ғылым мен өндірістің өзара тығыз байланысын одан әрі нығайтуға күш салып жүр деседі

Сізді. Өте дұрыс! Ондай батыл әрекетті біз барынша қолдаймыз! - деді. Мына сөзден кейін Қаныш - «қалай қабылдар екен?» - деген күдік пен жүрексінуден бірден арылды. Кабинет иесі әлі өзі сейлеп отыр. Онысы - бойы үйренсін, айттарына дайындалсын дегені тәрізді. Алдындағы қагазына, мұның өз атына жолдаған баяндау хатына қарап қойып, сол ажарында құлкі ойнаган күйі:

- Бәрі дәлелденген екен. Шындық жеңіп тұр, - деп рахаттанғандай, демін тереңірек алған Серго кенет бұған шүйіле зейін аударып: Сіз түсті металдар басқармасымен жекпе-жекке шыкканнан саумысыз? Онда тәжірибелі мамандар отырган жоқ па? - деп, енді не дер екен дегендей откір жанарын аудармай тесіле қалды. Қаныш қысылмады. «Қандай орнықты жігіт. Өзі қысылатын емес. Табандылық пен өжеттікті қарашы көзіндегі. Осындай жастар көбей берсе...» - деген оның ойын:

- Григорий Константинович, түсті металдар басқармасындағы жолдастарға түсінбей-ак қойдым, - деп болғен Қаныштың үшін котеріңкі шықты. Барға сенбеу, мол дүниені жоққа шығарудың атасы - қиянат. Барлау жұмыстарына бөлінген қаржыны түгелге жақын кесіп таstadtы. Енді шегінер жер калған жоқ. Ал болашақ, алып өндірістің келешегі қауырт жұмыстар жүргізуі талаң етіп отыр, - деді аспай-саспай сенімді пікірінен қайтпайтындығын ангартып.

- Пікіріңіз маган ете түсінікті. Жеткілікті дәлел де бар, Қаныш Имантаевич, бірақ осы мемлекеттік манызды мәселеде басқалардың да көзін шындыққа жеткізген жөн, - деген халық комиссары орнынан тұрып, кабинет ішінде ерсілі-қарсылы жүрій кетті. Аздан кейін Қаныштың қасына келіп, оның иығына қолын салып, ойын ілгері жалғаған ол: «Өзіпің кәміл еңбегінің накты нәтижесіне жеткенше құресте мұқалмаған адам әрқашан бақытты. Біз Жезқазғанды қалайда игереміз. Қиыншылықтан қорқуға болмайды. Қаржы да табамыз. Тауы күнде Жезқазған кениң игеру жөнінде мәселе Саяси Бюроның талқылауы-

на қойылады. Іске сәт, Қаныш Имантаевич» - деген Серго оның колын қысты. Куангана ма, Қаныштың аузына айтар сез зорға тұсті.

- Григорий Константинович, байлығының молдығымен әлемді тандандырар кен ордасының тұсауын кесіп, кең өрісіне жол ашқаныңызға мың рахмет! - деді әр сезін боліп-бөліп.

Сол күні таң алдында жауган акша қар жапқан Мәскеудің кең көшесінде келе жатқан Қаныштың бойындағы шаттық шексіз болатын. Өмірі асыгу дегенді білмейтін ол қалай тез жүріп кележатқанын анғарған жоқ. «Өзінің кәміл еңбегінің нақты нәтижесінің жеткенни күресте мұқалмаған адам әрқашан бақытты» деген Сергоның сезін ойша қайталай берді. «Неткен магыналы сез! Ол - Жезқазған ғой, Жезқазған! Құрескер - Жезқазған! Өзінің сарқылмас қазынасына тәнті еткен өлке!». Осындай тасқын көнілде ол академик В.А. Обручевке жеткен. Ақ сақалы омырауын жапқан Владимир Афанасьевич құшатын жая қарсы алғып, бауырына басты. Қаныштың қуанышы бұған жетінші. Карт қалбалактап кетті. Бәрін біліп отыр.

- Қаныш Имантаевич, жігітсіз! Азаматсыз! Адамды адам еткен - еңбек! Мұқалмаған табандылық қана мұратқа жеткізеді. Мәртебен биік, жас инженер. Жезқазғаның әлем картасынан лайықты, мәңгілік орын алғатын болды. Сәт сапар мыс алыбына! - деп құттықтады мұны. «Шіркін, қазір Мырзабектерден сүйінші сұрап ма еді. Жүргегі жарылардай қуанар еді-ау!» Тұңғыш рет Қаныш өз жүргегінің дүрсілдей соққанын, жаңының бар болмысымен қуанғанын білді. «Бақыт шаттығы деген осы шығар, өз кеудене симай жүргегің бұлқынады екен-ау!» - деп ойлаған ол, академиктің ак шағыл жүзіне байсалды көз жүгіртіп:

- Темірді қызған кезде сок, - дейді халық, - деп тұсті металдар баскармасына баратынын анғартқан Қаныштың ойын аяқтатпай академик:

- Енді бәрі болады, саспаңыз, - деп тоқтатты да, - шөлге

көштегіп, одан орман осіру деген осы! Мыс алыбын өмірге келтірген елге зор бакыт тілеймін! - деді.

Қаныш ойланып қалды: «Қанша сенім күші жатыр мына сөзде!»

...Сәрсенбектің қала сыртындағы биіктің басына шықканы сол ыс шалған туырлыктай ымырт қарандылығын жарқ етіп аңдыздай жанған электр жарығы тілгілей жөнелді. Эпсәтте о шеті мен бұшегіне коз жеткісіз кен дала самсаған жер жүлдзына толды да кетті. Бір кезде сай табанындағы рудникте пілтелі май шамдай сыйырайған там-түм электр жарығы енді бүкіл дүниені жайлап алған.

Карт таңдана қарады: «Мүмкін - Жыланды, қазір Сәтбаев атанған поселке жаққа, тұнгі самалда жасаураған көзін сұрткіштеп, тігіле түскеи күйі - әнебір үркердей шоқталған қалың шам бұрын менің бұргылау станогым тұрған жер болмағай. Ал одан бері жиірек жарық жарқыраған тұс - Мырзабек, Антон, Ахметзяндардың бұргылары мындаған метр шыныраудан бай кен қабатын анықтаған жер. Иә, иә, сол!» - деп ойын бекіткен қарттың назары енді қалаға ауды. «Шіркін уақыт, жүйріксің-ау, тұлпарсың! Өтіп бара жатқан зымыран заман-ай десеңші!» Ардағер азamatтың мына жердің топырағын басқанына, жалықпай, шаршамай қаңбак ұшқан шолін кезіп, барладаудан барлау жүргізіп күн кешкеніне де елу жыл болыпты-ау биыл. Тіпті одан бері Жосалы мен екі ортада ак түтек боранда, нөсер жауын астында өткен күндер қалай ұмыт болады. Сарыатан... Бармақтай шал... Ажырықты бекет... Карт саусакгарын сыртылдатып санап ойға шома берді. «Сәрсеке, бастан кешкен бейнеттің сарқылмас бакыты болады, ренжи көрменіз. Ол сапарыңызды рахаттанып еске алатын боласыз!». Қаныштың сол дауысы құлағына естілді. Көз қаратпайтын боранға сунгіп, бірде батнаққа тізесінен батқан ол адымдай басып бұған қуле карайды. «Міне, көп елден бұрын туган жер қойнында не барына күә болдыныз. Бұргылау мастері - келіншектің бетін

ашатын жырау тәрізді ел құрметтісі» дей ме, Қаныштың қоңыр дауысы жүргегін елжіретіп жіберді. Құрсіне дем алған Сәрсенбек бойын жинап, қалаға тагы көз таstadtы. «Екеуі егіз еken ғой. Қалай білмей келгенбіз. Қазір дүние Жезқазған десе - Қаныш дегені емес пе? Ал Қаныш десе - Жезқазған дегені» деп ойнып түйген Сәрсенбек қария. - Эне, осынау жер бетінде жарқыраған жарық жұлдызы сенің жүргегін боп көрінеді маған, Қанышжан! Сенің сынарың - Жезқазғаның! Мыс заводы, байыту фабрикасы, алып шахталар өзін болып, арманың болып әлемге атойладап түр қымбаттым!» - оның дауысы әнтек шығып кетті.

«Жандар ғой бұл шанағат жарық құшып,

Бар тұлғасын табиғат мол пішетін.

Ол есіне түскенде халық түсіп,

Халық еске түскенде, ол түсетін» - деген ақын сөзі, данышпаным, саған арналып айттылған. Сен халықтың, Отаның мактансысын, ұлағаттым!..

Ай биіктеп барады. Жерде шам жарқырай түскен. Мыс заводының көкке ұмтылған трубасынан боз түтін шұбатыла ұшады. Кен тасыған поездың түнгі дауысы даланы дүр сілкініп келеді. Жер ұсті бейбіт енбектін шабытты қимылына бөлениген. «Өмір шіркін, басқадан өтсен де, ұлылықтан өте алмасынды білсемші» - деп күбірлеген Сәрсенбек қария орнынан тұрып, үйіне бет алды.

## БАЙБОСЫН

- Кейбіреулер мені мұжықсынады. Өздерін аспанда, мені жерде жатқан құнсыз нәрсе көреді. Кейде сөйлемейтін кисынсыз жерде сөзге тартады. Жағымды жанимын сонда. Сықырлаганда азуымнан от ұшады. Айтар сөз көп, бірақ сөздің бәрі ойыңдағыны жеткізе бере ме! Шегіне катқанды тырнауға қолын жетпейді. Өзінді өзің мүжіп, тұншығасың сосын кеп. Қемір боп, қаспақ боп күйіп, әлгі іште катқанды лықсытып шығарып, тіс, азу жуатын суатың болмайтыны қинайды сонда. Эй кеп, өз жаныңды жайдақ мініп, суда жатқан көк сағал шыбықты қамшы етіп, жосытып соғасың! Дүлейлік буғанда аямайсың өзінді, - деп Байбосын боренеден қалай болса солай қиып құрай салғандай олпы-солпы денесін бір ыргап, - ондайда дыбысынды шығарсаң, мәрттігінен із қала ма?! Тілінді тістеніп, шыдайсың. Өзіме-өзім: «Ей, Байеке, жаңбыр боп жауған октан да, табанынның астындағы жерді аударып топырақты, тасты жаққан шоқтан да қылшығыңа қылау түспеген! Жұм козінді! Ілгері атта, ілгері! Сондагы ажалға карсы шыққан «Алға-а!» деген жан дауысты ұмыттың қалдың ба?!» - деп өзіме-өзім команда берем. Сен сол оттан көйлек киген Байбосынсын. Танымай қалдың ба! Сол өзің, сол Байбосынмын деймін.

Расында, Байекең басқаға түсініксіз кісі. Тұйық жаратылыс. Мөлтек ағыссыз жатқан түпсіз шынырау. Өзімен-өзі, жеке онаша, саяқ жүреді. Әлдекалай біреумен тілдескісі келсе, тісінін арасынан желі шығып, бей-жай күліп алады. Жан-жагына тінте қаранып, бетін сипалап, шайқала қозгалады.

- Бір қызық уақыттың перзентіміз. Осы адамдарды айтам да, - оның ойшылдығы осылай басталады, - содан да бірімізben - біріміз ұшырасып шүйіркелеспесек, тілдеспесек бола ма?

Әйтпесе қалай ел боламыз. Ойбай-ау, көрік құрлы жоқпыз ба?! Көрік те ішіне обып жинап алған күш қуатты тасыта үрлең болатты да ерітеді. Оның лебіне душар болған неше түрлі тоң, шой сом металл дегендерінә от болып балқып, тозаң болып ұшады. Оның қасында адам, соның өзін өмірғе келтірген кеменгер емес пе?! - аяғының астын теүіш - мына қара жер құрлы жоқпыз ба? Қара жер де түлеп, маусым қуып жасарып, гүлдеп, бірде шашы, бірде басы ағарып карт бейнеде көрінеді. Сонда осы қара жердің күндіз аспандагы ай мен жұлдыздарға қарап мәз болып еркелейтінін білеміз бе? Ата-мекен жерді тілсіз мәніреу, жансыз, мылқау қозғалыссыз жатқан мұсін деп қарауға бола ма? Басқаны ұқпасаң да, осы қара жердің тәнінен шыққан өзіміз қолыңызға ұстап, түр-түсін жатқа білетін алтын, күміс, мыс, мырыш, темір, қалайы дейтін асылдарын тыңдашы. Сөйлеп кетеді, сөйлеп. Кәдімгі өзімізше, адамша сайраганын тыңдасаң ба, жаның ериді, жаның! Тасты тыңдал қөріп пе ең? - тосын саяул қойған ол менің бетіме қалың қабағын жазып, жалпақ бетін сипалап, сығырая қарады да:

{ Осы ел қызық, өздері түсінбей ме, әлде түсінсе де мені келеке ете ме, менімен бас қоса қалса қашанда қысық сұрақ тастайды. Сондағы қоятын ең мықты сұрағының бірі - Байеке, сіз өткен жаһангер соғыста батыста да, шығыста да болдыңыз. Қанша неміс, қанша жапон өлтірдіңіз - дейді. Мен тілімді тістеймін. Ақылды сұрақ емес. Мына қысқа омірде қанша кісі өлтірдің деп саяул тастау ессіз, надандық емес пе? «Қанша адам өлтірдің?». Осы сөздің парқына барып айта ма, әлде әйтеуір мені көрген сол құлаққа қиғаш бірдене айтуы керек пе? Ей, осынша жасқа келгенде қанша жақсылық көрдің, басқага қанша, қандай жақсылық жасадың деп сұраса қайтеді-ей! «Қанша адам өлтірдің?!» Ессіздің саяулы! Менің бүкіл өмірім, әкем Ақылбек, оның әкесі Жылбырай әмірі сияқты мына ыс қонып, тұтін' туңеген көрікханада өтіп келеді. Е, олар жарық дүниеден өткелі қашан! Солардан қалған мұра - көрікхана! Мына менің үжмак

мекенім, - Байекең еңсесін жазып, күреске түсетін кісішеле ырғала қанағатын комдап, ұйқыдан оянған аюдай керіле көз тастады да, - Эй, сен осы көріктің сырын білемісін? Көрік тау қопаралын, жерді шайқайтын, кара жерді қаңбакша сілкілейтін күштен жаралған. Ол мына дүниенің бар дауылын қеудесіне жинап, бәрін емес-ау, бір уыс, іә бір мысқалын ғана, - деп қатты күрсіне - қеудесіне толтырып алып үйлегенде, қандай құдіретке ие болатынын корсеп! Іштен шыққан шер жолындағыны қопарып, астан-кестен етіп, көз алдында қып-қызыл алаулаған шок күннің көзінен үзіліп түскен моншак боп құбыла жөнеледі. Эне, эне, соны алақанына салып алып, жүргегіне басқанда ма, енді жеткізіп айтуга тіл жетпейді, киялышың шартаралқа шалқиды. Әлгіп олай бір. былай бір ауиатып жүрек қабы төсінізді төсеп, шық-шық балғаның таңдайына салып бергенде ме, бұл өмірдің бар ләззаты құшагына алады сені. Ол да еріп, өзін де еріп тулаған ерке өмір деп соны айт. Эне, шынайы өмір! Махаббат шоғы!

- Бұғін міне, нарық дей ме, базар дей ме, акша қуған заманға тап болдық. Осында мұсылманмын дегеннің өзі, мейлі ол тақуа, имам, мұфти, машайық болсын, оразасын бисмилламен емес, теңге, доллар деғен сөзбен ашады. Кәлимасы сол олардың! Содан да, мына жасампаз тіршіліктің адамы ақшаның құлына айналды. Доллардың алдында ләббайлап, жаутаң-жаутаң. Бұл не? Түкке түсінсем бұйырмасын. Сонда әлгі ақпараттанды адал еңбекпен тапса, не сөз бар! Әлгі маңдайы жаркыраған адал еңбек теңге түгілі, жержузі төбесіне көтеріп жүрген долларды алдына сап айдап, сенің босағаңа қуып тығатынын неге білмейді бұл адам? Ақшаны сен іздеме, сені ақша іздесін. Бұл менің тұтіні бықсып ыққан көрікханадагы «ы-і, ы-і!» - деп тактүк қасқа маңдай төс пен жалғыз балғаның келіссөз жүргізіп жатқан тұғырдағы шапагат киялым, - өзі куліп мәз - Тыңдай бер! Әлгі қазы, қарта, асылып жатқан қазаннан қандай иіс шығады? Жұпардан жұпар иісі бұркырамай ма? Дәл сол сияқты менің көрікханамнан да алтын иісі шығады аңқып!

- Алтында да иіс бола ма? - дедім таңырқап.
- Болғанда қандай! Бірақ алтынның иісін сезетін қабілетін болсын.
- Апырай, э! Алтынның иісі болады дегенді бірінші естуім.
- Е, азamatым, адамның біліп болмағаны бұл дүниеде көп елі, - деді күліп. - Қолың тиғенде бір соға кетші көрікханаға, - мені ол осылай аузының сұын жұтып әңгімелеген «алтын тұғырына» шакырды.

Бір шешіліп сейлесе, ойын аяктай алмайтын әдеті бар ма, сөзін қайта сабактап:

- Жұргғың ұшқыр самолет, шетелдік жүрдек машина мініп мұхит асып, ел жагалап, бір құрлықтан бір құрлық кезіп тентіреп барып слім-телімі шығып, алақанын жайып, мірден сір айырамын деп әкелетін боқшасы менің «Ысханамда» алтын-күміс болып өзі ағып жатыр. Неге көзің адырайып, тауықтан шығып келе жатқан жұмыртқадай ағарып кетті? Сенбейсің бе? Кел! Келші! Мен саған Нұх пайғамбар әулиенің, одан бері өзіңнің бабаң Асапқайғының жер қойнына көміп кеткен қазынасын корсетейін. Қазіргі айтып отырғаным қара сөз. Келсен бар гой, нақты ісімді көресің.

Орыншан теңселе қозғалып, бір тума оркешсіз нардай шайкашы, басын томен салған күйі кетіп бара жатты. Әлгі сөздерді атусті айта салған кісі тәрізді. Аң-тан тұрып қалыптын.

- Байбосын фой ол. Неге оның соңынан бірдеңенді тартып әжткендей одырағ қарап қалдың, - деген Рабданның дауысынан ұйқыдан оянғандай селт еттім.

- Қызық адам екен...
- Адам ба сол!
- Адам болғанда ма, біртуар!
- Тапқан екенсің біртуарды!
- Қойыңыз біліп, танып сөйлеңіз. Орынсыз сөз өзек өртейді.
- деп Рабданға ренжи қарадым.
- Неге кекірейдің?

- Адам ба ол дегеніңе!
- Иә, одан қандай адамдың таптың? - деп шап ете түсті.
- Рәке, қияннаттың тонын жаппа оған. Кім екенін таны. Сен өзің оның көріханасында болып көрдің бе?
- Құрысын, өлгенім бар ма, көк түтін ысханасында оның.
- Бекер ойтесің, бекер. Сен ысхана деп тұрган жөрде өмір түлеп гүл шоғын шашып, жұпар иісі бұрқырап, көкірек сарайынды ашып жатса ше?
- Туу, - ол ернін шошайтып, уһілеп кетті. - Сен де жоқты айтып, жем іздеген тауықша қайдағы қоқысты аударып, шантозан корда қопарып кеттің-ау? - деп түніле тіл қатты.
- Уай, сен ат-тоныңды босқа алыш қашпа! Жүрші сонда. Не барып көрейік, - дедім.
- Сен бар, сен-ақ рахат тап! - деген Рабдан атына қамшы ұрды.

Екеуі екі жакка кетті. Екі мінез, екі түрлі көрініс. Бірі атты, бірі жаяу. Мен қалай жүрерімді білмей қалған тәріздімін. Біреуі коріхана, біреуі ысхана атаған жұмбак тұрак ойымды он сакка жүгіртіп кетті. Тұрып-тұрып басы ауған жакқа кете беретін ес-сіздей. Байбосынның көріханасына беттегенім...

Жападан-жалғыз қып-қызыл бол маздаған шоққа қадалып, екі көзі қарығып, маңдайынан моншақтаған тері домалап, бір қолымен ah-uh - деп өкпесі қабына желпіпіп демін алған көрікті басып мелшип отыр. Қай заманда іргесін кім қалағаны бұқунде тірі жанның жадынан өшкен май сіңіп қара былғарыдай қабырғасы жылтыраган, озінің сөзімен айтқанда, «мына дүниенің бар қасіретін кеудесіне жиған көріхана» ауыр күрсініп ыңырана дем алады. Сол жағында қара жерге беліне дейін батқан болат құйма төс талай иілместі иіп, мойымасты мойытып, жаншылмасты жаншып, тәқаппар «келсең кел» деп маңдайы жарқырап көрінді.

Байбосынның екі көзі жакұт бол жанған кос уыс толардай үркөр шоқта. Қабагы қатып, түйіліп қапты. Көріктін каз тұмсық

аузынан ысқыра шыққан өкпек желге қызыл шокқа айналған көзге көрінер-көрінбес ұшқынды жоғалтып үстіне төніп құлап отыр. Бұ дүниені ұмытқан. Біржола берілгені соншалық - кірпігін де қақпай, лып-лып тулаған алау отқа кіріп кетіпті.

- А-а-а! Солай шығар, солай шығар! - деп сабы добалдай отқабар ұшын бөгде көзге шалына бермейтін ағаш сапты шымшуырға тістетіп, кемпірқосақ бояулы жарқ-жұрқ ойнаган сәулені оттан алып шықты да үйелмен денесін ұршықша қозғап, алдына ала берді. Эп-сәтте онысын бүкіл тіршілік көзінен қызғанған бір күйіс қалыпқа түсті. Мандайынан ақкан тер иегіне тогіліп, козі жұмбышып, нені көріп, неге үңілгені беймәлім кейінке көшіп: «А, сен осында ма едің, осындаи...» - деп алакашында когіліцір сәуле ойнатып кетті. «Апырау, мынаның қолы ғемір ме, құймей ме?» Оқтаудай жұп-жуан саусақтары шыбынның қанатында лып-лып қозғалады.

- Эп, бәрекелді! Енді бұлтактама, ұяна тұс! Ұяңа! Міне, міне - деп лебімен абайлаш үрлеп, сіркедей ақ, кейісі көгілдір мәрмәр үгінділері ме, тұйірийктерлі шығырышық көздеріне қуалап кетті. - Қар-ра мұның тайғанақтауын! Оныңа жол жоқ, кіммен істес болғаныңды жұрт көрсін, - өзімен-өзі болып, - сені Байбосын гана біледі. Сен де жөн сұрағанда, жұнжімей жарқырап, құнғе беттің жуғыз! - деген ол алакандай ақ киізге әлгі қолына ұстап мәнислегенін сүйкеп сұртіп-сұртіп жіберді.

- Ал, енді кара өзің! Қандай көркем екенсін?! Көзі шылқыр галайдың сұғы қадалар саған.

- Ой, сен қайдан кеп қалдың? Бұл қазақ енді ысханада да тыныштық бермейді. Ойпырмай, осында жаның еріп, жүреғінде қуаныштан тасыған қаның сыймай тұрганында келеді-ау. Е, не ақын бар еді менде? - деп алаканың жұмды. Түсі өзгеріп, жалпақ бетін айғыздаған ащы терін жеңімен сұртіп, көзін жылтыратты. Едәуір шамданған түрі бар.

- Жай, әнишейін, кіріп едім. Шұқшиып отқа түсіп, алауга шомылышып, рахатқа батып, өзімен-өзің болып кеткениңе қызығып...

- Қызықкышын... Мазақ кылайын деп келдін бе сен де? Біледі деп, есі бар деп сенгенім сен болсан...

- О, Байеке, өзінді қадір тұтпасам, өнеріңе тәнті болмасам, мұнда келем бе. мазаласам кетейін, - деп корікханадан шыгуға бұрылды.

- Солай ма еді, солай ма? Мені мазактап, келекелейтіп мырза қеуденің бірі ме деп каным тасып, көзім тұнганы. Егер ақиқат қастер тұтып, мына ата-бабалар көрігі ғасырлар бойы жалғыз өкпесімен дем алған ысханага тәуеп етіп келсөн отыр! - деп бұйырды. Лезде өзгеріп, бетіме құле қарал:

- Сен жүргімді жылдытып баrasың. Жүрек-жүрек қой. Адамның жан қалтасы ол. Кез келген пендеде жан бар десек, оның тұрагы - жүрек. Әлгідегі алтын мен күмісті, темірді сөйлестесің дегенің жанымды аймалап кетті. Сол сөзің жүргімді шешіп шөп өбіп сүйіп жатыр. Сүйіп, - ол кенет ойына бірдене оралғандай тұксие қаралды да, алаканын жазып, - міне, көр, көре ғой. Бірақ сондай қымбат нәрсе көрдім деп, тірі жанға тіс жармайсын, - деді созін шегелеп.

- Құп, жақ ашпаймын, - дедім оны сендіріп.

- Онда тында, - деді де, көрікке таяу тұрган ағаш орындыққа жайғасып, - бұл мениң аса зейін қойып сокқан екінші сақинам. Рахаттана күліп алды. Құлғені де бөлек. Беті жайлайға конған үйдің төріне төсөлген оюлы текеметтей жайылып, көзі орнында екі сызық қалды. Үрк-ырқ мәз.

- Мен үйдегі бәйбішемді бір сақина тарту беріп алдым.

«Осы не айтайын деп тұр. Бір сақина тарту беріп... алдым» - дейді. Ақиқат дені сау кісінің сөзі ме деген ой жанымды шабактап отті.

- Ол оны, міне елу жыл, өдан да асып барады, қолынан бір тастаған емес. Он жақ қолының аты жоқ саусағы жарқырай. Жанады да тұрады. Жанғанда ма, айсыз тұнде сөніп жанған жүлдіз сиякты. Ал оны жеңген «махаббат көзі» дейді.

- Иә, - деп сәл толас тапқан ол, тілім-тілім бол жарылған

алаканын жазып, әлгіде өзінен басқадан жасырған құпиясын алдыма лақтырып тастады.

- Міне, кор, корни! Осы өмірімде бар өнерімді төгіп, екі-ақ сақнай соқтым. Қөздің майын тауысатын сірке терген өмір ол. Гүнгіштім - женгенде, екіншісі - осы. Мұны әлгі мені мұжық-сыннан жетесіздердің көзін ашу үшін, онда да шетелден дүние тасығышқа ерегісіп соқтым. «Дүниенің төрт бұрышын кезіп, міншінен әкелген бір жылтырауықты он мың долларга алдым, - деп босіпті. Бейшара, көзін шел басқан қанғыбас не асылдын, байлықтың өз отымыздың басында жатқанын, мынандай күс-күс қолдар жасап шыгаратынын қайдан білсін!»

Надандық кімді ондырған. Бізді құртатып басқага табыну үйі! Өр сөзі жанымды жадыратып барады. Жалт-жұлт қөздің жауын алған сақинаны аудара-төңкере тамсана қарап:

- Иә, жанып тұрады.

- Сол бірінші соққан сақинаны жеңешеме, - дей бергенімде, созімді боліп:

- Оны ретін тауып қалай тапсырғанымды айтсам ше, - қатты құліп алды да. - қай кезде де көңілдің аты жүйрік болады, - куғадай басындағы ілапарасын алып, - мына бастағы қиялды тындасан ба, осы үйден далага жалаңаш жүгіре шығасың. Қазір мен әлемдегі ең акылды, дүниесі коп, әмірі жүрген, қолынан келмейтіні жок, ең бақытты адам боп отырмын. Алаканыңдағыдай жұз, әлде мың сақина соқсам, маған кім келіп табынбайды. Әлгі малы, дүниесі көп Рабдандардың қеудесіне неге нан пісіп жүр? Шет елге қаңғитындардың арманы не? - бет-аузын күйген терідей бүрістіріп, мұрнын тыржитып, ойын басқа арнаға бұрган ол - Пендеріз. Пенде деген сол. Қыз байғұс та қиялдың конагы. Қосылатын жарым бай болса, білімді болса, акылды болса, бақытты болар едім деп арманадайды. Бәрінің іздейтіні - ең тәуір жігіт! Ысханадағы мендейді қайтсын! Ол елдің кемеліне келе бастаған жылдары еді. Не ішемін, не ки-емін демеген елдің қеудесіне нан пісетіні бар емес пе! Кейбіре-

улердің козі аспанга бітеді. Ондайда мен сиякты шикі балшықтан құя салған дөгал жанға қыз қарай ма? Бәрінің, осы елдегі қыз біткенді айтам-ау, көзі аспанда, атка мінер қызметкер, оқығанды іздейді. Тең-теңімен, тезек қабымен дегенді білетін бірі жок! О, құдірет! Ырқ-ырқ мәз боп, аңдып жүргем. Ол күпдерде ұйқы бола ма, көк балаусасы тізеге оралған өзеннің жағасында аңсағаным біреумен уәдесі бар ма, біліп жатқаным жоқ. Коян ұстаган қасқырлай бас салдым. Құшағымда бұлқышып тулады кеп. Шаттауық боп айқасқан құшағым қайдан босатын. Міне, алдында түрган көрі тістеуік-шаттауыкты көрсетіп, оның азында қыстырылған сом темірді нұскап, міне, осы белдіктей қыстым да қалдым...

- Ой, өлтіремісің! Тұншықтым. Босат! - деген үні жетті құлағыма. Айгайлауга шамасы келмей, талықсыған жанның он колы мойныма орала берді. Сәл құшағымды жазып, балғын деңеге бостандық бердім. Кірпігі қағылды. Жүрегінің дүрсілі келді құлағыма. Өзім де желбезегінен қармаққа ілігіп, судан да-лага шығып қалған лақа балықтай аузымды ашып-жауып қалыптын. Не хал кешіп отырганымды білсем бұйырмасын. Ессізбін.

Байекен өткен өміріне өкінді ме, разы болды ма, басын шайқап таңдайын қакты.

- Соның алдында ғана әкеме көрсетпей, бойымдағы бар онерімді салып бір сакина сокқам. Тұнғыш адад енбегіме ба-рымды салғам. Әлгі сэтте кеудесі қысылып, талықсып қалды ма, әлде жаны есенгіреп, озіне өзі келе алмай жатыр ма, ақ еркем қымылсыз-ау, қымылсыз. Сонау қырдың астында біреу келі түйіп жатқандай жүргегінің дүңкілі естіледі, әйтеуір. Бауырима қарай құшағыма тартып:

- Осыны сыйга тартам деп, сени қалай көрем деп қанша тұн үйкі, күндіз күлкі кормедім. Мә. мандай терімнің жемісі. арманым саған. - деп қолына ұстата салдым.

- Бұл не? - шошып, әлі де ентігі басылмаған ол алақанына

Түскен сакианага көз салды. Шоқ болып жанған лағыл сәулесі айга шағынысын, ойнап жүре берді. Аппак ай, аппак алакан, жарқ-жүрік мың құбылған лағыл тас алтынмен арбасып сәуле ининшін тұлай кетті. Қыз ойда жоқта көктен түскен, үш ұйық-тіса да ойнала келмейтін мына құдірет көрініске тілі байланып, тоғміріп қаран қалды. Не көріп отырмын, осы мен қайда келдім, не көреметке ұшырадым дей ме, тіл жок.

- Байсекен шегін тарта курсіне дем алып:

Шіркін, жанды аялап, жетені қытықтап, өзекке от боп түскен нұр шоғы-ай, сондагы. - деді де, үнсіз іштей егілген ойға беріліп, түнжырап отырып қалды. Қанша уақыт өтсе де қиял-дағы тасқа жазылғандай ұмыттылmas сәтіп көз алдына келтіріп, рахит құшагындағы оның аңысын аңдап қыбырсыз отырмын. Кон отырды. Уh! - деп терең дем алды.

- Шаршап қалдыңыз-ау, ә? - дедім сөзге тартып.

- Тек! Шаршаганы несі?! Жанында өзінді қызықтырган жан, когіңде құлімдең бар шаттығының қуәсі боп Ай, сүйгеніңдің аниақ ақ керім алаканыңда соніп-жанып, сөніп-жанып мың құбылған махаббат нұры туласа, балдай төгілген шұғыла еріп үзілердей бол тұрса, - ол жұтынып аузыңың суын жүтты да, сол сақина, сол сәулетімен сондагы корінісімен бүгінде жеңгендің қолында. Асыл тозбайды, ақыл азбайды. Біреу көзге корінбей келій ине тығып алғандай селк етіп маган өре түре қарады да:

- Ой, жүріп біздің үйге. Бір шәйнек су бар шығар. Аузымыздың даміп алыш әңгімелесіп отырып, әлгі менің де, оның да жаның ортеген жақдұстардың сақинаны көрші! Жаңа ғана мақтана көрсеткен қолындағы сақинаға көңілі толмағандай кіржие қарал:

- Мынау оның сүйіншісіне де тұрмайды. Сүйіншісіне де. - леді. Ол - махаббат көзі. Кәдімгі Ләйлә мен Мәжнұнді қор ететін махаббат ше?! Солардың көзі - нағыз өзі!

Ан-таң қалған маган - не сенбей отырсың ба? Оны көрдің

бар гой, махаббатың көзінің қандай екенін де білесін, жүр! - деді, дауысын көтере бұйырып.

- Женешемді тым жақсы көресіз-ау, - дедім.

- Эй, тауын сойле! Әркімнің оз жүргегі өзіне ыстық, - деді дауысына өктемдік беріп. Сөзден тосылып қалдым.

Өзіммен өзім болып «адам атты құпиясы мол құбылыс-ай, әркайсының жаңында сырғы басқага беймәлім терең әлем коңыс теуіп, шартарабында рахат отауын тігіп өмір кешіп жатыр-ау! Әттең, шіркін, кімнің жаңында, жүрек құрышында не жатқанын біле беруді құдіреті құшті құдай басқага бұйыртпаған гой, Бәйекем-ай» дегім келіп кетті.

- Ой, сен не? Басың салбырап кетті гой. Менің киғаш-киғаш созіме мезі болдың ба? Мен осы заманиң басқага сөзі отпейтін Асанкайғысымын. Басқада жұмысым жок. Өзіммен-өзім салғыласып, мына корікпен, төс балғамен айтысам, сырласам. Сонда қайтсын-ай, менің кім екенімді білетін жасымнан сырласым емес не, көрік демін тартып, төс жайылып, балғам тілалғыны елгезек баладай зыр қагып қолымда ойнай жөнеледі». Не дейсіз, Байке! Ешкімге капа болманыз. Женіс сіздікі. - дейді маған едір ейе бәрі. Сенбесең қошеге шығып айқай салып жүртты жиып сұрау салыши! Байбосыпды кісі деп созіне тәнті болғанды табар ма екепсін! Ақылы, есі дұрыс кісі дер ме екен. Созіме. ісіме бәрі де басын шүлғиды, ал іске асыруда ма. эй. соны койшы дейді. Неге?

Оның көз қып-қызыл бол карады. Өз киялымда беріліп кетіп оның орнынан қашан тұрғанын да байкамаппсын. Сойлен жүріп өзі ысқана атап кеткен шеберханасының түпкі есігін ашып, қолына жұзі жарқ-жүрк еткен бір балта, кетпен, күрек, қол тырма алып шықты.

- Енді мынаны көр, мыналарды! Алтын сакина, жұзік, білезік, капсырма, сырға, шолпы, үзілмелерді корсетіп көзінді карықтыра бермейін. Бұларды жасайтын баяғы үкімет зауыттары бұл күнде жок. Ондай зауытты мен анып жатырмын. Мен! - дау-

ысы котеріңкі шықты. Мен оның бетіне үйқыдан оянғандай таңырқай қарадым.

- Таңдаңба, - деді қабағы түйіліп. Осында астында ауызды-гымен алысқан семіз ат, таралғысын үзердегі салмағын төгіп шіреппін түйе қарыны алдына сыймай шалқайып Рабдан айқыншын кеп тұр, - Байбосын барсын ба? Шық бері, - дейді. Мына астамгершілік мені жер қып жіберді. Желке тамырым тартылғаны. Тілеіз, күлаксыз калдым.

- Ей, ысқа қакалған сорлы, өліп қалмасан шық бері! - деп қайта айқайлады. Шыдам жібі шарт үзілгені. Қолыма ақ қайыншың қепкен сағалынан шырлап саптаған, қылпыған жүзін бармагымен сипап, осы балтаның бірін ұстаған қалпымда, өзім де ыс жұтып қап-қара болсам керек, тұтігіп сыртқа атып шықтым. Мынаны есіртіп тұрган мендей бейбактардың үлесінен жырымдан қағып жекешеленіп алған торт-бес үйір-ау! Эй, бірінші ит аяғын бірі жалаған алаяқтар-ай! Соның бірі емессің бе сен! - деп, жаным күйзеліп кетті.

- Ей, ессіз топас! Мен тәуелсіз мемлекеттің азаматымын! Жаным да, арым да күн пұрындай таза! - деп, бар дауысыммен айғайлап жібердім. Шыбыным шырқырап кетті. Расы, әлгі астам сезін қайталаса, талай октан да, оттан да, ажалдан да тірі қалып едім. Ендігі қалған өмірді аямай-ақ қояйын. Бір кесапнаг, кияс, арамза, дүниеконың менменді халқымның мекені адал тонырақтан жоқ етіп «е, дұрыс бопты» - деген елімнің бір ауыз сезін естіп атылып кетсем, не арман бар деп касам ішіп шыққам.

Семіз жарава ат ыс іісін алды ма, әлде жер астынан шыққан-дай түп-түнек менен үрікті ме, осқырып, басымен алысып кетті. Атының екпінін зордан басып, жау қабағын түйіп:

- Байбосын! - деп акыра дауыстады. Маған бір өткір балта, бір кетпен, бес-алты айыр, - деп керегін шұбырта жөнелді.

- Саған ештене де жоқ! - дедім, жан дауысымды шақырған мен.

- Омай, жеуге нан таптай отырып, - білемдеп ұстаған то-былғы сапты қамшысын сермей көтеріп, - мына сорлы, саган

шілтеңе де жоқ дейді - ей! Ыста қамалып, аштан өле алмай отырып.

Оның шыңғыра шықкан ашулы дауысынан аты аспанға секіріп тулап кетті.

- Қап, сені ме, - деп, тұра ұмтылдым. Жарқ-жүрк жүзі жарықта ойнаган балтадан ба, менен үрікті ме, ат басымен ала жөнелді.

- Бес-он қараның думпуі-ау, сенікі! Баймын дейсін-ау! Ыскырса желдікті. айдаса ұрының, ашықса бөрінің қызы емес пе оның! Қап! Қап» Колыма түспедін-ау деп запыран жұтып қала бердім.

Байбосын терісіне сыймай бүкіл болмысымен калшылдан, орныпа бір отырды, бір тұрды. Менімен ісі болмай байтақ әлемде жалғыз қалған жандай күйіп-пісті. Аз-кем үнсіздікті өзі қайта бұзды.

- Дүниеде көзге шықкан сүйелдей болудан асқан қорлық жоқ! Байлыш - бақ емес! Рабдандықі ессіздік, ардан безгендік! Қасиетті ар-ожданыңа күзетші болғандаған адамгершілік тұғырын табады. Ал, мынау... баймын, бақыттымын дейтін шығар. Оттапты! Бакқа бок конғаның кім көріпті. Айтшы? - қандауырдай қадала тусты.

Мына қалпында карсы келгенді тапап жіберетін дүлей боп барады. Ол бақ емес, шоқып-шоқып тойған сон ұшып кететін ала қарға! Қысқа айтса да, нұсқа айтып отыр. Бұлықканы сонша, әлгідегі «үйге жүр, бір шәйнек шәй іш» дегенін ұмбытыпты. Күйбенде, бірде балғасын, бірде балтасын, бірде шымшуыры ма, оны-мұнысын ұстагыштап жүрді де, қаракөлеңкелеу түптегі есікті жүлкып ашты да:

- Мынаған қара! Мынаған! - деді мені өзіне қаратып. Ендігі үнінде ерекше жылылық бар. Жаңағы сәттегі қара дауыл ызғардан із де қалмаған. Едәуір кең бөлме. Шырлап, жонып текшелеп жиналған қарагай, сымбал ма, бір бүйірде қыт-қыт теміртерсек пе, қыз жүгіндегі көрінеді көзге. Екі-үш кісілік атка жеге

салып, лыптып жөнеле беретіндегі кәшауда жеңіл шана, кеңейлері теріліп, шені қағылған донғалактар бір үй сұқия сіресіп тұр. Осы кезде дабырлап шыққан дауысқа елеңдегі қалған Байекен:

- Біздің батырлар кеп қалды! Менің келешегім. Сөз бітті!  
Кеттік! Жүр! - деғен ол тез-тез басып есікке беттеді.

Бізге бес-алты бүлдіршін карсы келе берді. Эйда, МТШ-қа.  
- деді оларға. Мен МТШ-ына түсінбей аң-тан қала бердім. Есіне оралдым ба, әй дейтін жер үзай беріп, артына бұрылды да:

- Біз мәшине-трактор шеберханасына кеттік. Сондағы қалған-құтқанды алым кен, әлгі озиң корген жерде қайта тірілтеміз. Жаған береміз. Жаи! Асықнасан тос! Менің шәкірттерімнің қолынан не келестінін көресің! Тос! - деді, адымдай басып кетіп бара жатып. Өлгідегі МТШ-ы - машина-трактор шеберханасы деғені екен. Үркердей бір топ жас балғын ортасында шудасы гүзесін жапқан қара нардай Байбосын. Олардың күле сөйлеген коңілді үні құлағыма жеткен менің ойыма: «Осы жұрт мені мұжықсынады, кор санайды», - деп налыған оның созі оралып, сыртынан қызыға қарап қалдым. Эй, білмейміз-ая, қадірінді білмейміз. Он саусағынан енер тамған алтынның сыйнығысың-ая, Байекем! Келешегің қандай көрікті еді. - деп қайталап келем ішімнен. Сенін бағанды уақыт өзі береді, Байекем, жасыма! - деп дауыстағым да кеп кетті. Оның бір топ жастармен шүйіркелесін кетіп бара жатқан сонынан көз алғым келмей, бір сүйініш жанымды ерітіп жүре бергені. Менің келешегім, - дейді. Келешегің қандай тартымды еді. Байеке, - деп бар айқайыммен дауыстағым да келіп кетті.

## ТАҒДЫР

Тілдей қағаздағы бес ауыз соғ дүниенің астан - кестенін шыгарды. Табиғатында оны-мұныға мойып, бірден беріле қоймайтын Мағаз осы жолы өзінің не күй кешкенін пайымдай алмай қалды. Козіне жас толып, жеделхат әбжыландағы ыскырып жүре берген. Бауыры езіліп барады. Бар ойына келгені: «Жалғыз қалдым-ау!» болды. Ақыл, парасат деген сананың түп қазығы тамырынан сөгіліп, бұкіл әлем қаңырап, отырған орнынан беті ауған жакқа лағып кете барды.

Адамды осындайда ессіздік билей ме, немесе төбеден түскен госын жай оз дегеніне билеп-төстен, камауға алынған қылмыскердей айдал жүре бере ме, әйтеуір Мағаз мына сұмдық, жедел келген сұыт хабардан есенгіреп қалды. Құлағы шамалау естігін, сауаты да шамалы пошта таситын карттау кісі де, оны-мұныға коніл аудара қоймайтын анқау жан болатын. Бұл жолы да сол мінезімен: «Саган жедел тіліграм!» - деді де, онда не жазылғанымен ісі болмаган ол, тиесілі иесіне тапсырылған мерзіміне қол қойдырып, кетіп отырган. Мына қысылтаяң қасірет қамаған шакта сабырга шакыратын адамнан макұрым Мағаз ал кеп егіл. Ағтың басын біржола босатып жіберді. Санасында: «Экем қайтыс болды. Жерлеуі - сенбі. Байрак» - деген үстін-үстін тәнін оскылаган қаралы улы сөздер ғана.

«Апыр-ау, аяқ астында бұған не болды екен?». Бәрі күні кешегідей. Иә, күні кеше емес пе еді? Дәл осы биікте, мына өзі туган, кіндік қаны тамған, балалық шағы өткен жерде бұкіл әлемнің торт бүршінын коріп түрған жандай толғанып: «Аға, бақыт күсы басқа конды! Өмір енді басталды. Тіршілік қызығы күнде қауызын жарған лала гүл екен. Міне, казір мен соның

жұнар иісін жұтып тұрмын» - деп жанымен тебіреніп, мұны, туған жаңғыз ағасын, бауырына тартып қысып, маңдайынан искелеген, ағынаи жарылғаны. Бұйра шашы желгे желбіреп, күн сүйгеп мандаіын жауып, аялы қара көзі мөлдір судай тұна караш, қара торы жұзі балбырап, еміренген. Сонда, іә, бұрын-сонда оғзі сезінбеген, тіпті түйсінбеген бір хош ііс мұны да серіттіп, коңілін тасытып, төбесін көкке жеткізіп жібермен пе ен! Озінде ес қалмай, бұқіл әлем бұған: «Әй, Мағаз, бұ дүние-де сенен бақытты жан бар ма? Жалғыз бауырың ел ағасы, халық басшысы! Карапы жаш-жагыңа! Больш-толып тұрең!» - деп, бас үршіп, шүлгүп кеткені. Расы сол, жалғыз іісі Сабазы бұған онда әлемнің тұтқасы корінген. Оның аузынан шыққан әлгі создердің әрбір карні сүйіншілеп, айқайлан, шулап та кеткен еді. «Бақыт құсы баска қонды» деген Сабаздың биязы үні құлагына мәнгілік тұнып қалған...

Сол құсы, бақыт құсы, мұның басынан қапыда үшып кетіпті. Жай үшшапты, бұқіл тіршілігіндегі ең қымбат, ең сүйікті, егізінің сыңары, маңдайына біткен жанарын ағызып, суқараңғы етіп кетіпті. Бұдан сорлы, бұдан бақытсыз, бұдан қайғылы бұ пәнинде кім бар енді? Кім бар? Ол анырап, бар дауысымен ессіз халде айқайын салып егілді кеп. Өзегі ортеніп жылады...

- Сабазжан, елді сағынбайсың-ау, шамасы. Санап отырсам, ширек ғасырға жетіп қалыпты өзің елден кеткелі. Жат жердің қызығы туған жерден асып жатады-ау, сірә. - деп өкпе-назын білдірген ауыл кариясына:

- Қазак жерінің жат бұрыши бола ма? Біз үшін бәрі туған жер. Қайда болсақ та халыққа қызмет етсек деген ақ ниетпен жүреміз. - деп сары майдан қыл суырғандай жібек үнін созып, толық денесін еңсере картқа күле коз тіккен.

- Әй, қайдам, бәрің сөйдейсің, бәрі сойдейді. Бізге де келіп-кетіп жататын райкомдар. - осы тұста Сабазды анықтап көріп алайын деген кісіші шүйіле қараган кария, тосын сұрак тастап, - сен де райкомбысын? Біреу анау, біреу мынау ден тап

басып, сенің дөкей қызметтіңді маган түсіндіре алмай-ақ койды. Соны өз аузыңмен бір атапы.

- Қызмет көп қой. Аты да көп, - Сабаз картқа түсінікті өз қызметтің жеткізетін соz іздеді ме, ойланып, - мен астанадамын гой. Үлтұмыздың десем, сәл жаландау болар, жалпы зиялды қауым, ілім-білім қуған, одан әрі ел билеу, басқару ордасы болған ұлы шаңыраққа ұлттың жүзден озған жүйрігі, мынан асқан тұлпары шоғырланған. Аузымен құс тістегендер сонда, - деп карт біле бермейтін көп сырды жеткізген. Әлі де екшелеп, ойындағы білмегін зерделеген карт:

- Аузымен құс тістегендердің санатында барыңа мақтана-тындардың бірімін, шырағым, сонда дегенім ғой, қызметтің не өзі, атын атапы!

Төтесінен салған ұлken кісі әй-шәйді қойып білмегіне асықты.

- Үштің бірімін, ага. Ел басшысы дейтін ұлықтардың қата-рындардың. - Сабаз жан-жағына ұяла қарап, таудай қызметтің атын атауды мақтандыға жориды санап, майдалап жеткізді өз жайын.

- Жә, болды! Болды! Е, еңсемді шарықтатып көтеріп таста-дын гой! Бәсе, аруак. Құдай тегін жаратыған асыл сүйек, осы тұқынман да бір тайдың бәйгеден келетін уақыты жетсе керек еді. Тәубе, тәубе, - деп іштей күбірлеп, карт бетін сипаган. Бір ауылдың, оның үстіне ауданың, облыстың бар сорпага шы-гары, беделді деген ұлкен-кішісі құрап ұшып, көптен туған жұргын қөрмей, сағынтып келген Сабазға оңаша, жасыл жай-лауда тігілген ақ үй мақтан сезімге шүпілдеген еді сонда. Ма-газда ес қалмаған. Көп қошеметі сонда ду-ду артық көтерме мақтандың ұласар сәтте ойланған Сабаз:

- Ешкімнің желеп-жебеуі емес, қария, еңбек қой, еңбек бұл дәрежеге сүйреп жеткізген, - деп «аруак, Құдай, асыл сүйек» деген сөздерді жүргегі тікенектей қөрген ол сәл қаба-ғын шытынды. Ескі нанымның адамы емеспінін бет-бейне-сімен ұқтырған.

- Сабазжан, не десен о де, - қарт ашық аспанға көз тігіп, - сонау күнді ұстап тұрған ешкімнің қолын көріп тұрғам жоқ. Оны бір Құдай ұстап тұр. Соның нұры жер бетінде әлгі тіршілік, өмір дейтін кереметті жасап тұрған. Құдайда өзінің құдіретін мойындаған тірі жанға алалау болмайды. Өйткені, ол - Құдай! Саган сол Құдайдың ракымы түске-е-ен!

- Аға, сәл, - деп манайындағыларды не ойлап отыр екен дегендегі тінте қарап, іштей: «Әй, қаранғылық-ай!», - деп ойын сүзіп, кідіре берді де:

- Біздер, коммунистер, дүниені зат күйінде түсінеміз гой. Сізге бұл әлем біреудің күшімен жаратылады...

Осы тұста қарт қоюс мінез танытып:

- Болды, болды. Әліптің артын ашпа! Букіл бітімің, азаматтық тұлғаң сонау аты аныз болған атаңдай бопты. Түйсөн - кар жауған қабағын, сауыт-сайман кисең дүниені дүр еткізег сом денен, қарағай наизаны қымтып ұстасаң - сабынан су тамшылатарап қуатты қолың өткенімді елестетті. Эттен қозінің аласы үлкендеу, жалтақтығың бар ма? Тәнір сепкен тары тасқа да өседі. Осыны біл, бірақ. Түсіндім мен! Ұқтым! - деп орнынан тұрып кеткен. Ақ сақалы омырауын жауып, желкілдей котерілген картка Сабаз: «Отырыңыз, кетпеніз» - деп айтып үлгере де алмай қалды. Қартты не шамырқантты, оны кім зерделеді ол кезде...

Сабаздың құрметіне сол күндері айта жүрер ойын-сауық па, тіпті ұлт санаасынан өшіп, ұмыт бола бастаган бұл күнгі жас қауым біле бермейтін бағзы салт-дәстүр ме, әйтеуір талай та-маша көрсетілген. Әдейілеп, жиyrма бес жылдан соң бір апталық демалысын туған ауылдастарына қиған Сабаздың да сонғы рет келуі, ел-жұрттымен акырғы дидарласуы екен ол.

Міне, бұғін шүғыл жеделхат қаралы хабар жеткізді. Магаздың тағатын алған, жан-тәнін езген ракымсыз қайғы қол-аяғын жерге тигізбей астанаға ұшырды. Астана баяғы ма, кісі танымастай болып өзгеріп кетіпті. Бір кездегі бас арыктыған жаға-

шаган ұлы ақын даңғылы өзендей ирелең қағып тау бауырына созылған. Одан әрі биік-биік зәулім үйлер. Алатау: «Сен биік пе, мен биік пе» - деп тәқаппар бойын кокке созып, қунге шағынысады. Бұл отырган жеңіл машина оқтай тартылған көшепдердегі үйлерді козге қанкобелек ұнырып ағып келеді. Көшे капиталы қызыл ала гүл, терек, атын бұл біле бермейтін діңіне құшақ жетпес нелер алып агаشتар қыз желегіндегі жапыракка комілін маужырайды кеп.

Мағаз озінен-озі құлазып кетті. Оны астана сұлұлығы да, көші әсемдігі де селт еткізе алмады. Ойсыраған көнілі суы суалған қара қазандай коніреіп келеді. Осы сәт елсіз жапан түздегі жалғыздық қамалады оны. Сонау шет-шегін буалдыр сағым мұхиты көмкерген маңдалада қылт-қылт, беймәлім елес көзіне шалына түсіп, кайта жұтылып келеді. Тау толқып, сағым көкке атылып, кас-қағымда құрдымға сініп жоғалып жатыр. Қайта құралып, қайта толқып, кайта биіктеліп әп-сәтте жоқ болады. Жасырынбақ ойнап, көзді өтірік арбап, арбак-шарбақ, мәз жылымиши бірдене. Енді сол мұны шым батырып, теренге сұнгіте жонелген каркын боп, тыныс-демін буып, тұннықтырып ала жонелген.

- Агатайым, бауырым, - деп кемсең қағып кенет бауырына ене берген Байрақ осы түпсіз терендіктен суырып шығарды оны. Қос құшак жазылар емес. Бірінен-бірі ажыраса, жалмауыз кайғы оны жұтарлай тенсeltіп жіберді. Қолқасы суырылып барады. Егіледі кеп. Бар тиянак сүйенер тауы - табан тірер тұғыры - тозаң болып, біржола үгіліп кетті. Сай-сүйегі, бұлшық еті ез-ез, жүрегі аузына тығылды. Бұған дейін алшаң басып жүрген дүниесі тарының қауызындай мұнша тар болар ма! О, опасыз жалған!

- Көзімнің қарашығы! Жалғызымның тұяғы! - еңкілдеп өкіре жылап, ішіндегі жалынын сыртқа төкті кеп, төкті кеп...

Шіркін, өмір тәттілігің мен запыран кермектігіңнің дәмін катар таткан пенденмен сырласып, ашық тілдескен құнін бол-

ды ма екен?! Эй, қайдам... Магазды осы түйткіл оңашалагалы да қашпа күн. Өзін-өзі жеп, басы әнкі-тәңкі болған қияли жан өүл. Сабазымның алдында неге кетпедім бұл опасыз өмірден... Ақ жауып арулап, туған туыс, жақын, дос-жаран алдында ару-ағымды асырап еді-ay! Ал, бейбак мен... Осы ой оның ет-күргешін қарс айырған.

Бекер уайымдамапты. Сабазды соңғы сапарға шығаруға бүкіл астана жиналды. Марқұмның сүйегін билеткен де жоқ. Үкімет арнайы жерлеу комиссиясын құрыпты. Ана жолы мактапа өзі айтқан үштің бірі осы қаралы жерлеу, тәртібін басқарып бойек боп жүр. Мұның бауыры өлсе, олардың да кимас досы, әріптесі дүниеден кетіпти. Қабактарынан қар жауып, лептерінен мұз түседі.

Астанадағы үлкен театрдың нақ төріне қып-қызыл макпапта орап, айнала кара жібекпен көмкерген азалы лентамен айшыктап, «Қош бол, қымбатты дос, бауыр Сабаз Дарқанбайұлы» деп гүлмен жазып қойыпты. Лек-лек халық. Шұбырған жүрт үзілер емес. Отіп жатыр, отіп жатыр.

Кобінің қозіндегі жас, «есіл ер, дегеніне жетпей кетті-ay! Арманың еді» деген қимас сөздер жиі естіледі. Бұған дейінгі Магаздың арпалыс аласұрысы бекер екен. Бауырының асыл қадір-касиетін тірі күнінде білмей, әшейін сырт хабарына құпийп, қызығын көрмей, бос калыпты. Содан ба. іш-бауырын әлем-жәлем өкініш күйдіре жөнеледі ылғи. Өмірі көрмеген бейтандар бұған жаутан-жаутан қарап, мұсіркеп, азасына ортактасып, көңіл айтып бәйек. «Апыр-ay, - дейді Мағаз іштей, - касиетті пенде расында да халықтікі екен-ay. Мен бауырым деп иемденем, сосын қайғырам, ал мына көп не үшін, кімім деп мұнша егіледі, ә? Қайран. Сабазым-ай, бар қызығыңды сырт көріпті-ay! Әттең дүние, отті, кетті». Оны осы окінін же-гідей жеді. Бір сәт: «О, Тәңірім, мұныңда шүкір! Әлдекалай елеусіз, беймәлім пенден болса қайтер ем! Тәубе! Алты алаштың баласын ғана емес, бүкіл астананы аяғынан тік тұрғызы-

дың. Құдіретіне, асыл пепдене берген касиетіне тәнтімін» деп сабасына түсіп қояды.

Бірақ, бар шыргалаң артында жатыпты. Сабазды соңғы са-парға шыгарған халық тау бектеріне қарай ағыла жөнелген. Мәйіт салынған қаралы машина да қозгалды. Шұбырган елдің соңына коз жетер емес. Мұны ерекше камкор, ілтипатқа бөлеп, сүттей ақ «Волгага» отыргызған. Қасында елеулі, үкімет қызметіндегі жігіттер бар. Елпен қағады. Тау шатқалы - ұлken қорым еусты екен. Әлемдегі мәрмәрдің бәрін осында жиып койғандай, көзді қариғы.

Нелер маркасқа, айтулы, атагы жер жарған данқ иелері су-рет боп көрінді Мағазға. Тілсіз, мылқау бейнелер!..

«Иә, бұлар айтарын айтып, атқарапын атқарып, өмірде тын-дырыарын тындырып кеткендер». Қолқасын біреу суырып бара жатқандай кеуде тұсы удай ашып кеткені. «Жә, жо-оқ! Қамшы сабындаі тірлікте не тындыра алды? Сабазым не бітіріп кетті!. Козіне жас толып, дүние көмескі бұлышығыр, тұманытып кетті. Ол жан-жагына ашқараптана, ұрлана қарады. Көзінің қарашибы туғаннап таптай тайғанактай берді. Дүние аппак. Жаңа жауған кар. Бұл аяғында шанғы жүлдіздей ағып кеп жөнелді. Биқтен еңіске құлай ұшып барады. Эне, эне... Токтандар! Токтат! - өз дауысының, жан дауысының қалай шыққанын Мағаз білген жоқ. Түрі әлем-таңырық. Көзі шарасынан шығып, қабірдің аузына жүтіріп бір-ак барды. «Намазы қайда? Мына ағаш қорабы не? Не сүмдүк мынау?» деген аңы даусы тауға жаңғырықты. Енді болмаса кабірге түскелі қалған табыттың алдын кесе бажылдай тоқтады. Бар денесімсін көрдің аузын жауып тұр.

- Жерлейміз. Былай, сәл шегіне беріңіз, - деген үстіше жұмыс киімін киген жігіт, оның бетіне таңыркай қарады. Әлем-таңырық Мағаздың түрінен шоштыды ма, калт токтады.

- Бұлай жерлемейсің. Жерлетпеймін! - Мағаз сұп-сұр, без-гек тиген жаңдай діріл қағып кетті.

- Неге? Қайтқан кісіні енді, - деп күмілжіген жігітке:

- Маскара фой, мынау! Бұлай еткізбеймін, - деген оның аңы даусы бұжөлы көпке анық естіліп, тауға жаңғырықты. - Бұл мұсылман! Намазы кайда?

«Құдайым-ау, бауырима ең болмаса он метр кебінінді қимаганың ба?! Осыншама дәреже, бақ, қасиет берғенде, тәніне кабыр көйлегін бұйыртпағаның ба?» - деп ішінен қан жылаған Мағаз енді бар дауысымен:

- О, жұртым, кайырымды азаматтар, жан иесімін мен. Сүйек менікі. Бұған дейінгі құрмет-қызметтеріңе рахмет! Алладан қайтысын! Құдай разы, мен разымын. Қалған қызметтін ата-баба рәсімін орындауға өзіме беріндер. - деп егілген күйі беті ашық жаткан Сабазды құшақтай солқылдады.

- Дұрыс! Халық рәсімі! Шаригат! - деген сойдақ үн әр жерден естіліп барып өшті. Алатау мұлгіп сап тынған. Күн ак шуағын себездеп төгіп тұр. Үп еткен жел, елп еткен дыбыс біткен өшкен. Бар тіршілік қас қақпай Мағаздың еркіне бағынған тәрізді. Табыттан шыққан мәйіт ак кебін киіп, ұлттық рәсім өтіп, қабір аузы да ашылып еді, кенет:

- Жолдастар! - деген көтеріңкі айбарлы үн көпті елен еткізді, - біз кимас досымызды соңғы сапарға аттандырғалы тұрмыз. Марқұм Сабаз Дарқамбайұлы, ардағымыз, халықтың сүйіктісі болды. Саналы өмірін тұған еліне, партияға адал қызметке арнады. Лениншіл коммунист еді. Сондықтан, оның қасиетті тәні суық қара жер қойнына алтын жақтаулы табытпен енуі тиіс. Оның денесін жалаңаш, суық топырак жаппақ емес. Қане, қымбат киімдерін кигізіп мәйітті табытка қайта салындар! - деген оның үні бұйрықты, шешімді естілді. Әлеңкедей жалаңдаған бірнеше жігіт, Сабаздың денесін ләппай тапқызбай қайта көтере жөнелді. Мағазға табыт көз алдында тамүқ болып еле-степ кетті ме, шарылдаған дауысы шырқырап шықты:

- Салғызбаймын табытка! Атам қазақ кормеген сұмдығын өзімен кетсін! Бауыримның ендігі жер бесігі - қара жер, - деп тұра ұмтылған. Оны зор денелі кісі көкшіл көзінен от үшкіндалап:

- Қандай адамсыз өзі? Жетті! Енді сізге ерік берілмейді. Ти-ылыңыз. Сабаз Дарқамбайұлы сізben туысса да бүкіл өмірі, ділімен жана саланың адамы болды. Бұл - бүгінгі рәсім, уақыт, заман әмірі! Арасынаныз, - деген оның өктем үні шегелеп, түйіп тастады. Бұл жалғыз шишақтып дәрменсіз тұрып қалды. Іш-бауыры өртөніп, көзі карауытып, басы айналып бара жатты. Ол өзіне-өзі келгенде, комы астаудай коңыр нар бейнелі сұпы сомдалып да қалып еді. Окіре құлады үстіне барып:

- Қайран бауырым, ақырында тас табытқа кіріп жаттың ба! Бұл қандай зұлматтың басы тағы?! Сен елдің, ұлттың басшысы емес пе ең?! Басың табытқа кіргені не сұмдық? Қорейін дегенім, қөрсетейін дегенің осы ма, Құдай? - бакырып бар дауысын көтеріп, тауды жаңғырықтыра жылады.

Алатай шындары күніреніп, шындағы қар көшкіні ақ боран боп, бұрқырап ойға қарай төгіле берді. «Тәнірім-ау, - деп егілді Мағаз. - Халқым-ау, бұғалық түскен басың табытқа кіргені ме?! Басың темір торлы қөрге кірсе. аяғың қайда қалады, ойланышы!...»

Есінен адасқан жандай алды-артына қарамаган ол мәрмәр тасы күнге шағылышқан қорым басынан ойға қарай жүгіре басып бара жатты.

...Содан бері бірнеше жылдың өрмегі жүз аударыпты. Мағаз казір шау тартқан ақшулан карт. Ошаң етіп басқамен әлде-қалай болмаса, тілдесу дегенді ұмыткан. Өзімен-өзі. Нені мак-ұлдан, іштей кіммен сөйлеседі, әрқашан басың изеп, шұлғып, құбірлеп отырғанын коресің. Осы басқаға беймәлім жұмбак халден бұжылдар бір ауытқыған емес. Ауыл сыртындағы со жолы Сабаз екеуі көтерілген биіктің басына шығып, қашан қөрсөн де күн салып қарап тұрганы. «Не қарап тұрсыз?» деген кісіге:

- «Көкжиегіме үңілем. Одан эрі не барын, байтағымда не боларын көрсем деймін. Арман гой, арман. Алда қандай күн бар. әрине, келешекті болжака Тәнір үлесі. Сен де қарашы, ба-

балар ізі жосылыш жатқан жок па мұнда! Ізі! Бүгінгі, ертенгі үриақ осында омір кешпей ме. Қайран ата-бабаларым, қалдыңған мола да құздап, күн, жел, су, жауын жуып жер бетінен оншөлі барады. Әне, тағдыр! Көр, көр, кеш басыңнан! Ертең алудымнан шығатын ата-бабаларым, ұрпағымның халі, бүгінгі гагдыры қалай өтіп жатыр деп сұрамай ма? Не деймін сонда? Ендеше, бәрін көрейін, зерделейін. Жарықтық, киелі байтағым-ай, ата-бабам жүрген, кіндік қаны тамған, май топырағың тәнімді емін-еркін жапса, арманым болмас еді-ау! Тағдыр не жазды пешенеге. Адамның басы - Алланың добы. Ол өз еркінде қашан тиеді, оны да бір Құдай біледі». Ақсакал ауыр үүрсінеді де, еті қызыарған жанарын көкжиегіне аударып, тапжылмай қалады. Одан кейін жақ ашу жок. Содан да болар, ел Магазды жұмбак адам атап кеткелі де талай жыл бөлдү-ау... Уақыт керуені тоқтар ма, өтіп жатыр, әне көкжиекке сіңіп барады...

## ИТЖЕМІ

Бір қаланы дүр сілкінтек тосын окиға әлі күнге халық аузынан түспей келеді. Біреуі олай, біреу былай деп сан-сак өзінше жорамал жасайды. Бірак, тап басып, ақиқатын айтар күәгер болары да жоқ. Бәрінікі де ұлы нобай, күр тұспал ғана. Мейлі, кім не десе о десе де аза бойды тік тұргызған бұрын-соңды тірі пенденің басында болмаған, мына сұмдық күн өткен сайын өрттей қауламаса, тегі басылар емес. Ұшығына жеткізер сынайы да да байқалмайды. Қайта май құйған оттай өршіп барады.

- Адам шіркін, мұндайды да естиді екен, көрместі көреді екен-ау! - деп бағзы біреулер жағасын ұстаса:

- Айтпаңызы, о заманда - бұ заман адамды өзі асыраған иті жеді деген сұмдықты кім естіп, кім корді дейсіз, - деп түршігे қалса:

- Е, е, әр дәуірдің оз тажалы болады деген осы да! Ауырмай-сырқамай сайрап отырып өле салатын масқара да шықты емес пе?! Не нәубет келмей жатыр бұ халықка! Әйтеір, мына сұмдығыңың басты жауы өзінің асыраған иті дейді ғой. Өз обалы өзіне, әкесінің Құдайдан тілеп алған жалғызындай барын алдына салып, обек какқандарға ол сауап! - деп біржола түніле сөйлейтіндер де көбейіп кеткен.

Ел аузына елек қойып бола ма, әркім жеткен жерінен оралып, таусылып тоқтайтын. Не десе де осы бір жан түршіктірген үрейлі қанку төнірекінде і өрекітіген сез тоқтаутаба алмай келеді.

Қайта күн озған сайын орманнан қырға жортқан қызыл алтайы тұлкідей бұлаң қағып, бірде ана көшеден, бірде мына көшеден сумаң қағып, ақыры жүздеген мың халқы бар қаланы гастан, бүкіл аймакқа емін-еркін жайылып, талайлардың жағасын ұстатты. Жағасын ұстатьып қана қоймай, бағзы есі бар сұңғылалардың иманын үйірді. Окиғаның бас кейіпкері ізсіз-

түссіз жоғалса да, марқұмның есімі ел аузында жатталып, тірі күнінде етене араласқандар: «Шіркін, өзі де ерекше жаратылған, Тәнірім айрықша бітім, гажайып сұлу көрік берген ауызға үрін салардай бір туар жан еді» - деп әспеттеп анызға айналдырып жіберген.

Айтса айткандай, Светлана Андреевна қысқа ғұмырында жалғанды жалпағынан басып өтті. Бір қаладагы сөзіне дуа дарыған ақ сақал, қара сақал, басына бақ қонған касқа мен жайсан, ел ағасы мен тәуірмін деген лауазымды жандардың ол аппақ алаканында еліктің лағындан ойнап, аузымен құс тістеп, ақ дегені алғыс, қара дегені карғыс болып дегеніне жеткен жан еді. Не жасыратыны бар, расында ойына келгенін істеп еді, марқұм! Актық демі таусыларда, көкейінде қандай арман кетті еken, сабаздың! Опасыз жалған, дүние-ай, ең болмаса бір ауыз тілге келмей, қасында тілдесер тірі жан болмай, мына сүмдышкен коз жұмғаны қандай қасірет еді?! Бар өкініштісі - ақ жауып арулан коятын сүйегі де қалмаганы, кай досының қабыргасын кайыстырмады. Әттен, әттен!

Иә-ә, жұмыр басты пенденін басына Тәнірім не қасірет, не нәубет салмаган. Қыын сүмдышкты адам ғана көтереді. Мына дүниенің ұланғайыр шет-шегіне сұлулығы мен атағы кеткен, көзді арбап, жүректерді таудай тұлатып, ерік дейтін азамат бойындағы қорғасын төзімді жалт етіп қараған жанарымен-ақ жаулап шідерлеп алатын данқты перизат бұл пәниден, а деп аузын ашпаған күйі жоғалды. Содан да, «Әттен, әттен!» деп таңдайын сорған өкініш қимастық оты бұл ғасырда сөне қояр ма еken! Әй, сөнбес! Әйтсе де, өкініштің сауабы мен зауалы қатар жүреді. Әділдігі сол бір қалага «Света», «Сәуле» аталған сүйікті жанның асыл бейнесі әркімнің-ақ көз алдында қазірде жайнан қағады.

Жалған дүние-ай десенші, бір көшеге бір өзі сыймай аузын тамұлдырықтап, мойнына, сонау жұп-жұмыр сауырына дейін айшықтап, апайтос алқымын ораган бетіне күн, не неон шам-

дар сәүлесі түссе жарқ-жүрк ойнап, төңірегіне лағыл төгілгендей нұр тулататын алтынмен апталған күміс шынжырлы тайыншадай итті еркелете жетелеп жүрген оның бақытты шактары көзден қалай бір-ақ ұшты екен! Енді өмір шіркінді қалай ғана опасыз демессің? Қайтіп қана тәнтілік танытарсың!!!

Жаңа туған айдың қызығындаған кең маңдайына жара түскен киылған қас, жұп-жұқа оймақтай ерін, мөп-мөлдір шықтың сүйіндай мейірі түскенде ішіп-жеп еркінен айыратын өткір жанар, әдейі ғана шебер мұсінші аршын төсіне қолмен салғандай қеудесіне тәқаппар сес сыйлаған кос анар, құшақтағанның қос шенғеліне сиятын құмырска бел, ыргала қозгалғанда дөнгелең шайкалатын толық былқыл бөксе, тіп-тік тоқ балтыры бәрі-бәрі тәңірінің айрықша құдіретімен құйылғандай, тал бойы тірі жанды тағым етпеске қоймайтын еді. Оның осы бейнесін коргендер тамсанбай, көз тоқтатып, сүзіле қарамай өтіп пе екен, сірә! Қазір де мойындау керек, жалғанды жалпағынан басқан осы ерекше сұлу әйел өзі тұрған көшениң ғана емес, бір қаланың да мактанышы, көркі аталатын. Кейбір даракы жандардың мына көшемен жүріп, ең болмаса Света-Сәулені сыртынан бір көріп кетейікші дейтіндерін де жұрт аңыз ететін. Содан ба, ол өзі де паң, биік тұғырдан бір түскен емес-ті.

Расында, Светлана Андреевна өте талғампаз жан еді. Оның киім киісі де өзгеше болатын. Жаңа ғана ашылған гүлдей жайнап, түске дейін бір түрлі, түстей кейін басқа, бұрын ешкімнің көзіне шалынбаган үлде мен бүлдеге оранған сұлу бейне көктен түскен суреттей құлпыра калатын. Ол өткен көше бойында сонда әденеше сағат жұпар іісі бүркырап, ал ауаны жүткәндар бойында ерекше шабыт пайда болар еді. Сөйтіп, көптің аузынан су ағызытын.

Ал, енді әлдекалай қала періштесі атанған сол Светлана Андреевна тұрған үйді көрсөніз бе, сол маңайда ғана серуен-деп, сол төңіректе ғана демалғының келетіні, бойыңызда басқаша зауық пайда болары да сөзсіз.

Үй маңы комілген қызыл ала гүл. Жер бетінде десем, тым артықтау болар, ал, осы өнірде өсетін ғұл атаялы асыл тамыр, тек Светлана Андреевна үйінің ғана айналасын мекендеғенін-ші ешкім шұбә келтірмейді. Былай айтқанда, ботаникалық бақ десе ешбір артыктыры да жоқ. Биік еңсөлі шатырлы, есік-терезелері болат торлы, айбарлы жеке дара орын тепкен осынау корікті қоныста дүниені жалпағынан басып, осы өмірде мұқтажы жоқ, төрт жағы құбыла, көзі бар жан иесінің құрылышымен де, бай тірлігімен де арбаған ғажайып әйел өмір кешіп жатқан.

Расын айту керек, осы бір таңгажайып перизаттың жанында нендей құпия жатқанын ешкім білген емес. Бүршік жарып, ғұл шашқан бейне зәулім дарақ тәрізді сырты ғана көзге шалынатын.

Бейсеует, әлдекалай оның үйіне кіріп-шығып жүрген бөгде кісіні көрген жан да болмапты. Бары сол қоңыр кеште үсті-басы жалт-жұлт лағыл тастарға малынған, тайыншадай арлан Рекс есімді итін былғары тұмылдырығынан ұстап серуенден жүретін әйелге кім болса да бір сұқтана, тамсанып қарап өтер еді.

Рекс - ірі ит. Бас бітімі де бөлек. Екі ұрты салбырап, азу тісі аксиып, нені болса да қарш-қарш қауып түсуге дайын түргандай өте сұсты, тажал бейнелі көрінетін. Ол жан-жағына аласұра қарағанда, кімнің де аза бойы тік тұрып, төбе қуйқасы шымыр өтер еді.

Міне, сол ит, сол Рекс ұлығалы да бірнеше күн!

Бұл зауал үн, бір қаланы дур сілкінтекен сүмдығы жан шошытқан оқиғаның бас хабаршысы да осы болды. Талайлар зәулім окшау үйдін болат торлы терезесінен жағы тынбай арс-арс үріп, жанталаса дүниені құніренте ұлыған иттің мұншама жындануының себебіне көніл аудармай өтіп кетті жатты. Бірақ, иттің ашулы, зарлы үні токтай қоймады. Қайта жанығып үдей түскен.

Ақыры не керек, айтулы иті ұлып, тірі жан иесіне жар салған үйдін есігі де ашылған. Светлана Андреевна директор болып істейтін өзінен бір облыс орталығы жүртшылығы несібесін

алып отырған қазыналы қойманың қызметкерлері де дабыл қағыпты. «Светлана Андреевна қызметіне келмегелі жеті күн! Іс-сапармен басқа жаққа кетпеген. Аяғын қарыс басса, жүргентұрғаны қайда, нендей жұмыспен жүргенінен жедел хабар беретін, басқаны да сондай бейсеует жүрістен сақтандырып, үнемі мұқияттылыққа үйрететін адамның мына тосын жайы оларды таң қалдырады. Өмірі әлдекалай болса да, басы ауырып балттыры сыздап кормеген ту келіншектің мына жұмбак мінезі, әсіресе құндіз-тұні өзі екі елі қасынан қалдырмайтын Рекстің азалы зарлы дауысы шұғыл әрекетке бастайды. Ішкі істер бөліміне хабар-ошарсыз файып болған бастықтары тағдырын астыргын зерттеуді, іздестіруді тілек еткен хабар түсіруге мәжбүр болады. Мұндай әрекетке баруға Рекстің үйі басына көтерген зар үні себеп болған еді. Қала жүртшылығы тік тұрды. Әсіресе көршілері.

Қала әкімшілігі, прокуратура, ішкі істер бөлімі қызметкерлері қатынастырылған арнайы жедел топ, іздестіру тобы құрылып, Светлана Андреевнаның отбасына келген. Зордың күшімен кару жұмсап әрең деп ашады гой есікті, баяғы. Манадан арсылдал, бірессе есік алдына келіп, еденді, қабырғаны осқылай тырналап ұлыған ит осы есіктің қалай ашылуын тағатсыз күтіп тұрғандай, сау етіп кіріп келген топты қақ жарып сыйртқа бірден атылады. Тамұқтан қашкан пақырдай ессіз ит жолында не тұрса да қарамас дүлей екпінмен сол үрген, аласұрган күйде шабалана ұмтылады бостандық әлеміне. Жолында не құдірет тұрса да, бас-көзіңе қарар емес.

Осы сэт үйге кіргендер жан-жақтарына тінте карасып түнжырай қалысқан. Дағарадай төрт бөлме. Көздің жауын алып іші дүниеге толы, едені - тұкті кілем, тұрлі-тұсті төсөніш. Әсіресе Светлана Андреевна өзі жататын бөлмені аса ерекше құнттылықпен жиһаздапты. Оның төсегі тұсында алтын жақтаулы рамаға салынған суретте қолына гүл құшақтаған, өзінің аузынан түскендей әдемі сұлу қыз омырауы ашыла күле қарап

қалыпты. Осы бір иесіз қалған үйдегі көңілсіз тіршілікті тамашалай қалған тәрізді. Мына топтың назары бірден Светлана Андреевна жатқан төсекке, дүрия жібектен тігілген, сусып жерге төгіле түскен көрпеге ауды. Екі кіслік жұмсақ, былқылдақ құс мамықты төсек. Қатар жатқан кос жастық едәуір умаждалыш, бір уыс, оған басы тиғен жанның қандай хал кешкенін аңғартқандай. Одан бері актарылып жайылып түскен көк жібек гүлді төсек жапқыш, көбелектің канатында үлбіреген аппақ, ақ жібек әйелдің түнге киер төсек қойлегі. Одан былай сол магадан тігілген төс-анарап қалтасы, бір шетте іш киім...

Адамның карауға дәті шыдамайтын тағы бір көрініс. Додадасы шығып бұрқырай шашылған бұйра шаш - Светлана Андреевнаның шашы.

Қазір ол жатқан төсектің аяқ жағы, паркет еден үсті қоңыр қышкыл каталдана қатқан қан ізі. Бояудай боп еденге сініп, кебірленіп кана жатыр. Күні кешегі жайнаган жанның қып-қызыл боп сырланған тырнақтары, екі табаны гана қалған. Басқадай көзге түсер ештеңе жоқ. Әдейі арнайы құрылған жедел топтың бар көргені осы гана!

Артында қалған жалғыз қызы, жалғыз мұрагер де сүйт хабар алғып тез жетті. Үш-ақ кісі ТУ-154 ұшагын сонау Мәскеуден жалдап келіпті. Қатты қобалжулы, жылаулы, қаралы жан:

- Мамам ауырмаушы еді. Осыдан аз күн бұрын сөйлесіп едік. Сау еді. Ажалы басқадан болды-ау! - дейді.

Оте абыржыған, өң-түсі қасірет ызгарын шашқан Надежданың екінші сөзі: «Мамамның қымбат дүние сақтайтын жәшігі болушы еді. Онысы қайда болды?!». Үйдегі бар адамды тінгіп, ішіп-жеп, қасының арасы қосылып, сұлу бет-бейнесі әлемтапырактанып кетті.

Ас үйден бастап, төрт бөлме ішіндегі дүние-мұлік ине-жібіне дейін түтсіл катталды. Бірак, Надежда іздеген қымбат дүниелі жәшік үйдің қабыргасына ойылып тығылмаса, көзге түспеді. Содан да болар, шешесі өлген қыз да, оның қасына ерген екі

жігіттің де сабыр-тагаты таусыла берді. «Мүмкін емес. Ол жәшік осы үйде. Басқа жерде оған орын жок» - дей береді. Манадан қолды-аяққа тұрмай бірсесе ауыз үйге, бірсесе төргі бөлмеге қайта-қайта кіріп-шығып жүрген Надежда есіктің қайырылысынан үйдің астына түсетін құпия жол барын бірден ангарды. Тіпті де елеусіз, жігі білінер-білінбес боп киылышқан едендегі қақпакты котере ашатын жіп-шынжыр жатыр. Үй асты бірнеше бөлме, әлденеше есік болып шықты.

Киялда ғана болатын, бұған дейін адам баласы ойламаған көрініс. Қолға сирек түсетін не асыл дүние жиһаздың не түрі осында жиналған. Шетелдік қымбат бағалы гарнитурлар, телевизор ма, мұздатқыш па, магнитофонның каншама түрлері, түкті кілемдер, сервисдердің әрқиылды сорттары, шандорғыштар, алтын мен асыл тастармен апталған люстралар, ерлердің, әйелдердің жаздық, қыстық інкі-сыртқы неше түрлі белгісіз аң терілерінен тігілген, кісінің жүзі түсетін киімдер ме, әйтеуір жиырма торт беттік дәптер бетін толтырған дүние-мұлік хатқа түсті. Бір болме марқұмның өзіне ме, әлде мына жалғыз қызына арналды ма әйел киімі, әйелге арналған дүниелер, мол казына сакталыпты. Бір адам тіс жарып әлі үн қатқан жоқ. Бәрі тілі байланғандай, кас-қабағымен әрекет істеп жатты. Шыдамы таусылды ма, әлде асыл дүние өзегіне от тастады ма, бұрынғы облыстық сауда басқармасы қызметкері электр жарығына мың құбылып, бірде жасыл, бірде қызыл күрен, бірде каракер жылқының су тиген жонындай жылтыл қаққан әйел ішігін сілке көтерген тұста:

- Неткен ғажап зат еді! Қаншама жыл сауда орнында қызмет ете жүріп дәл мынандай қымбат дүниені көрмеппін. Бөлек-ше көзге түспеген асыл екен! - деп таңданысын жасыра алмады. Прокуратура қызметкері ғана елеусіз басын шайқады. Онысы мына сөзді жақтырмаганы, не коштағаны екені белгісіз салынын қабак шытты.

Міне, тағдыр осында әдейі қуәлікке жібергендей ресми

орындардан құрылған комиссия мүшелерін таң-тамаша қалдырып, еденіне шетелдік паркет төсөлген құпия болмeden үш кілтті сырты лағыл түстес сырмен боялған сандықша да табылған. Зілдей ауыр да екен. Іліп көтере қоямын дегенге көнер емес. Тұрган орнына магниттеп тастағандай тас тамыр, батпан салмақты бол шықты. Надежда балапанын көрген құстай шыр-пыры шығып сандықшаға құлаап түсті. Анасының сүйегін таппағанда мұншалық егілмеген перизат есінен адасардай бұлығып кетті. Оның мына ыңғайын байқаған атқосшы екі жігіт тез көмекке келіп сандықты көтерісе кетуге ұмтылысты. Бірақ, едәуір салмақты ол бірден ырыққа беріле қоймады. Сөйтіп қасқагым сәттегі карбаластық саябыр таба бергенде прокуратура қызметкері тағы да сәл қабак шытып:

- Жағаласпаңдар! Мүмкін еденге бекітулі болар, - деп қатқыл үн қатты.

- Жок, мен білем гой, өзінің салмағы, - деп Надежда да дауысын көтерді. Жаңа туған айдың қызығындай қасы астындағы көгілдір жаңар от шашым оқыс тігілген. Енді басқалар да жанжақтан қаумалап сандықты жабыла көтерісп кетті. Надежданың жан дауысы шықты.

- Қайда апарасыздар! Тоқтандар! Бұл менің дүнием! Нанбасаңыздар ашып көрініздер, оның ішінде маган арналған мұрахат бар, - деді қатты жанығып. Басқалар аңтарыла тоқтады. Кілті қайда? Бұл тұйықтан да Надежда шығарды.

- Кілті ме, кілті осы сандықтың астындағы жасырын қалтада, - деді өзінің сандық сырын жақсы білетіндігіне басқалардың көзін жеткізіп.

Қасиетті сандықтың жер табанында бас бармақ сиятын арнаулы күйсека үш кілт салыныпты. Үшеуі үш түрлі. Сандықта үш кілтпен ашылатын болып шықты. Құпия сандық қоныраулай ашылды. Ішінде не құдірет жатқанын кім білген. үй іші сағым түсеке боялып, самала сәүле ойнап жүре берген. Жарқ етіп ашылған бетте жел қақты ма, бір бет қағаз қоса үшшіп түскен.

Жазу: «Жалғызым Надеждам, осы байлығың балаңның баласына жетеді. Жалғыз мұрагерім өзінсін! Бүкіл жалын атқан жастық шағымды, адамдық жігер, қүш-қуат, ақыл-парасат, өнербілімімді тәрк етіп тапқаным бұл! Тәнір, иғлігіне жұмсатсын. Өзінді жаңындағы жақсы көрген анаң - Светлана Андреевна Иванова» - деп жазылышты.

Хатты прокуратура қызметкери дауыстай оқыды. Мына сөзді естіген Надежда қасындағы жігіттерге әмір етіп:

- Қане, не тұрыс, ал кеттік! Котеріндер! - деп бұйырды. Жүзінде манағы қайғы-қасіреттен із де калмаған. Бетіне нұр ойнап, лезде кемеліне келіп толықсып таси қалыпты. Заң қызметкерінің бірі оның созін бөліп:

- Сабыр етіңіздер! Бұл опат болу себебі әлі толық анықталмаған адамның үйінен табылған дүние. - деді жарқырап өзара біріне-бірі шағылышып, құбылып жатқан асыл тастанарға көз жүгіртіп, - мұнда не бар, не нәрсе өзі, анықтап көріп, хаттауымыз керек.

- Жоқ, өйте алмайсыздар! - Колына анасы қалдырған хатты кетеріп, - мынадай арнайы мұрахат жазылыш, онда не айтылғанын өздеріңіз біліп тұрсыздар. Зан да, адамдық та, менің созімді қолдайды. Араласпаңыздар, - деген Надежда қатты дауыстап шапылдан кетті.

- Тоқтатыңыз, - прокуратура қызметкерінің Надеждаға тігілген жашиары от шашып дауысы кетерінкі шықты. Қасындағыларға әмір етіп: «мұның ішінде не жатыр, бір түйіріне дейін қалдырмай хаттаймыз. Ал, жалпы бұл сандық тағдыры қалай шешіледі, оны ілгері зерттеу барысы көрсетеді», - деді ойын түйіп.

Қызыл сандық та қақпағы шалкалай айқара ашылған. Коздер тоқтар емес. Ұшқын емес, әр жаңардан жалын атқылап тұр. Дәл мұндай байлықты, мол дүниені мұның ішінде бұған дейін ешқайсысы да көрмепті. Қызғаныш па, әлде басқадай бөтен каяїп өйлай ма, Надежда солқылдай жылап тұр.

Сандық іші кез келгеннің қолына түсे бермейтін асылға толы болып шықты.

- Мынасы, әлгі айтыла беретін тайтұяқ жамбы емес пе? Асылды асылға ұрса от шығады деген-ау, лағылмен шарпысуын қаранызшы.

- Ал, мынау байлардың қыз-келіндері ғана тұтынатын алтыннан құйылған сәукеле, шолпы.

- Апрай, қандай ғана шебер қол жасады екен?! Оюөрнектің мұндай айшықты түрін, осыншалық нәзік талғаммен қашап, мінсіз етіп қолдан жасау өнердің өнері ғой.

- Бәрі де, байқайсыз ба, таза қазақ өмірін, тұрмысын паш еткен көріністер. Мына бір айшықта қолына домбыра ұстап эн айтқан жігіт, үкілі қыз, мынада құйрық-жалы құлтеленген құлтын шауып барады. Бәрі таза алтын.

- Міне, міне, - саудыратып сапыра төкті де, кане санап тастандар, - деді прокуратура қызметкери. - Гауһарды қараныз. Гауһар ғой мынасы, - деп бұрынғы облыстық сауда басқармасы қызметкери де тіл қатты. Фажап екен. Үй іші нұрға толып кетті-ау!

- Несіне таңданасыздар! Бұнда бір адамның, менің анамның бүкіл өмірі жатыр. Табан ақы, маңдай тері оның, - деді, кезі жылаудан қызарған Надежда өксігін баса алмай.

- Інжуді көріңіз. Міне, міне, - деп тағы біреуі таңданыс білдірді. Манадан тізе бүкпей тік тұрған прокуратура қызметкери:

- Оның несіне таңдана бересіз. Ұстаганның қолында, тістегеннің аузында итжемі болған қазағының байлығы емес пе ол. Түгел анық етіп, хаттаныз онан да. Ең бөлмаса ойда-жоқта қолға тұскен бір сандықта не жатқанын білейік, - деді ашынған дауыспен.

- Бетіне лағыл жаққан алтын білзік, сырғаны қараныздар! - ішкі істер болімі қызметкери сәукеле мен шолпы, білзік, сырғаны ұстай көтеріп, - шіркін дүние-ай, осындей асылды қандай

керемет қасиетті жан тақты екен! Асылдар сыңғыр-сыңғыр біріне-бірі согылып тұр. Ол тагы сөзін жалгай:

- Киеle аруакты бабаларымның қолынан шыққан, біздің ұрпақ кормеген қайран байлық кімдердін олжасы болдың, - деді күнірене тіл катып.

Қызыл сандық осылайша өзінің басқага белгісіз сиррын әнке-ре етіп жатқан. Кенет прокуратура қызметкерінің ышқына шыққан өктем дауысы басқаларды елең еткізген.

- Бері келіңіздер, бәріңіз де! - деген ол бұйрықты үнмен, мынаны көріңіздер, деп енді бір бөлменің есігін шалқайта ашып тұр. Басқалар өз көздеріне өздері сенбегендей біріне-бірі қарай береді. Бет тақтайсыз алдарында екі темір табыт жатыр. Екеуінде де күйген, күл болған мәйіт сұлбасы қарайады. Қап-қара боп жанып акқан дене сағыз боп табытқа сініп кеткен. Бірак, сүйектері әлі де толық ортениң, күйіп бітпеген. Біреуінің өкшесі жанбай қалыпты.

- Міне, міне, - дей берді прокуратура қызметкери аузына жөппөлдемеде соz түспей. Адам естін білмеген сүмдық! Байлық та, қасірет те осы үйде екен! Көзі қанталап жан-жагына аласұра қараган ол - мына өртелгендер кімдер? Өртеген кім? Кім жакты мыналарды! Кім деп тұрмын мен сендерге? Ол есінен адасқан жандай қатты дауыстап кетті. Басқалар күл болған мәйіттен көз алмай сай-сүйегі сыркыраған күйі тілсіз калған. Не дейді? Не деу керек?

Бұл кезде осы бір қайғылы - қарбалас, ес кетіп, ақыл адасқан шақты ұтымды пайдаланып, қызыл сандықты қөтерген Надежда бастаған топ та таксиге отырып, өздері жалдап келген самолетке жеткен еді.

Мен-зең халден өзіне-өзі келген прокуратура қызметкери есіндең кіргендей:

- Әлгілер қайда? Иванова! - деп айқай салды. Бәрі бөлмен тұра жүгірді. Кеш қалды. Жым-жылас. Надежда бастаған топ тайып тұрган. Аспанда гүлі қөкті қақырата дүрілде-

ген ТУ-154 М бағытына бет алып бар қуатымен самғап бара жатты.

- Эй-и, кетті-ау, қолды болған, итжемі дүние-ай! - деп прокуратура қызметкері қос қолдап басын ұстап отырып қалды...

Іле тергеу, зерттеу, іздестіру жұмыстары шұғыл басталып кеткен. Темір табыттағы өртелген кімдер? Неге өртелді олар? Тергеу, іздестіру жұмысы содан бері бір сағат та токтаған емес, алі сөзыла түсүде. Эйтсе де тергеудің қашан аяқталары, немен бітері де жұмбақ күйде қалуда. Мүмкін...

\*\*\*

Светлана Андреевна тұрған айтулы зәулім үй де бұл қүнде құлыштауы түр. Ешкім ие де емес. Тек анда-санда кошени кезіп, қанғып жүрген Рекс қана келіп, болат есікті тырналап қыңсылап-қыңсылап кетеді. Бағзы бір сәттерде үйдің қабырғасын өткір тырнағымен осып-осып тырнап өкінішін білдіргендей, даусын созып ұлып та алатыны бар. Айуан болса да өткен өмірін өксер мес, ызага булыққандай долданып, темір есіктің тұткасын қарш-қарш қауып, шакұр-шұқыр шайнайды кеп. Оган есік ашылсын ба? Оны көргендер бұл үйге байланысты қайғылы жағдайдан хабары бар көрші-қоландар ғана. «Әй, иттік-ай, эйтпесе, сен ит болар ма едің! Өзің сүйегіне дейін жеп қойған қожаңды бүгін бүйтіп ізdemес те едің-ау! - дейді. Кейбіреулер бұл сөзге жауап таптай иығын қағады. Не десін...

## ШЫБЫНЫ ШЫРҚЫРАҒАН ЖАН

Аяқ астында Бекбай қандай бақытсыздыққа ұшырағанын пайымдал та үлгермей қалды. Қазір төбедегі алакандай тесікке жәутен-жәутен қарап, өңі ме, түсі ме айран-асыр хал кешуде. Есі кеткені сонша, жарық дүниеден жай сокқандай үш ұйықтаса түсіне кірмейтін тозақ қапаска қалай тап болғанын да ойланп түсіне алмай отыр. Асыр-тасыр, аузынан атқып шығып кетердей тулаған жүргегі ғана мен мұндалап, қеудесін соққылап жанұшыра қапты. Сонау төбeden тамылжыған сәуле мөлт-мөлт үздіге төгіледі кеп. Кіндігіне дейін мұп-мұздай суга малшынып сілейіп тұр. Есірік пе, әлде ақыл, сана, сезім түйсігі бұны біржола тастап, кара үзген бе, әйтеуір мына тұрысы беймәлім жұмбак. Қапияда, әлі де өзіне-өзі келе алмай, жанталасқа түскен ол есі енді кіргендей тас төбесіне үрейлене қарады. «Апыр-ау, не болды?» - деп ойлауы мұн екен, шыбыны шырқырап, жаны мұрнының ұшына келді. Құлақтары ызындал-азынап, шулап қоя берді. Байлаудан босанған тағыдай қол-аяғын жан-жағына қармана ұмтылды кеп. Айнала - тас шеген, жып-жылтыр, қолға ілігер, табан тірер ештene жок! Жанталас кимылына шалп-шалп сүйек кескен сұық судын ғана зәрі білінді. «Ah!» деген аңы дауысы өзегін өртеп, өзіне құмыға естілді. Шарасыздық женіп отыра кетті. Құмп беріп, суға тұншығып барып, жандәрмен атып тұрды. Бар азап ол үшін енді басталды...

Күз бітіл, қыстың сұрапыл кара сұығы азынап соққалы да бірнеше күн болды. Екшіні қатты, демі үскірік. Басылар түрі жок. Дағдылы мезгілінде жауатын қар да биыл белгі бермей қойған. Аспанды торлаған сұр бұлт жөңкіле көңіл, жерге қылау түспегелі малдан да күй қаша бастаған. Қактығып су іздеген малдың түрі болса анау. Су көзі тартылып, өзен, көл көкәяз мұз болып

қатқалы да айға жуық болып қалды. Бар мал құдыққа телміріп, астай кеміріп, қаракатқаяқ таңдай кептірген шөл мал атаулыны қаусатып-ақ тастаған.

Көп жыл бойы бір аудандығы іргелі шаруашылықта ферма бастығы болған Бекбай шалғай қоныс, ежелден жері құнарлы, «мал құлағы тұтам шыққан» дейтін, бір заманда Асанқайғы баба: «Әттең, желмаямның сауырына сыймайсың-ау, әйтпесе алыш-ақ кетер едім» - дейтін Қарақойында биыл, міне, аттай қырық жыл өмір кешіп келеді. Жазы қоңыр салқын, қысы жұмсақ, жері шабынды, күрек басын сұқсаң, тізеге жетпей мөлдіреген тұщы суы бүрк етіп атқылап шыға келетін бұл жерүйікқа қанша атабаба қоныс тенпеген! Талай мыңды айдаған, Қыдырмен дәм-тұзы жарасқан, шалқыған дәүлетті, ырысы тасыған, не киелі байларға қоныс болған осы құт мекенге Бекбай да оңай келген жок. Кезінде атакты шаруашылықтың желдің өтінде, елдің шетінде дейтін алыстағы қиян қонысындағы фермасын басқаруга аудан басшылығы құшімен киіз казық болып келген.

- Тауасарұлы, - деген болатын тесіле қараган аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы, - аудандық комитеттің бүгінгі бюросы Сізге Қарақойын фермасын жай ұсынып отырған жок. Біз Сізді өткенжолы жасаған қылмысыңыздан. - дауысын осы жерде қасакана созып, - кажетті корытынды шығарады деп жіберіп отырмыз. Жан-жағына ыргала толқып қараган ол: «Солай ғой, жолдастар, ә?» - деп сұрау тастаған. Бәрі қүні бұрын келісіп қойғандай, лып етіп қол көтерген. Бұл да адам-ау, бір ауыз келісімін сұрайық деген пенде болсайшы.

- Бекідініз. Ферма басқарасыз бұдан былай. Бірақ, - хатшы тағы дауысын сағыздай созып, - өткен жылғыдай мал жұтқа ұшырап, анау болды, мынау болды деген ку сөз емес, іс керек. Іс! Берекелі жұмыс керек! - қайта нығарлап, - Жұмыс! - деп шегелеп, - Сіз жоғары білімді мал маманысыз, - деп бір-ақ түйген.

Мұның бюро мәжілісінен құлактары ызың қағып, кан қысымы көтеріліп, жаны киналып шықканын ешкім де керек еткен

жок. Ол заманың қагидасы сол: «Айтты - бітті!». Басшылар әу десті, құлақ қаға алмайсын.

Енді қазір ойлан қараса, өзінен де бар екен. Сол жылы, Карақойында он екі ай жаз болатындей, қыс келеді-ау, қоғамдық мал жем-шөпсіз жұтап калар-ау деген ой болсайшы мұнда.

Он бес-жырыма үйі бар айтулы ферма орталығында күнде ойын, күнде той. Бірде әйелдер ұл тауып, бірде келін түсіп, қызы ұзатылып, не керек, Құдайдың алты ай жазы ән мен қүйге берілмесі бар ма! Бір кеңшардың елу-алпыс мың маңырамасы, мыңдаған жылқысы, оның сыртында қашама ірі қарасы қыста жан сақтап келе жатқан аймактың қыскы дайындығына жауапты бас мал маманы екені де «гөлайттап» жүріп мұның есінен тарс шығып кетілті. Ақыры не болды? Құз нөсерлете келді де, қары аралас мұздақ жауып, мал біткен жерден ауызға ілігер ештене таппай, қолға қарап, өткен жылдардан қалған азғана шөп айға жетпей таусылып, көктемде екі жарым мың бас қойдың терісін сыбырып шықты.

Соның аяғы, міне, апрыым-тәңірім деп, бұган дейін ат үстінде мәселе шешіп келген бас мал маманы мойнына ферма басқаратын, тікелей жауапкершілік қамыты кигізіліп-ак жіберілген. Енді ойласа, о да бір заман екен. Ал енді бүгінгідей күн келеді, заман өзгереді, әркімді өзінің мандай тери, екі қолы асырайды деп кім ойлаган! Енді ортақ дуние жок. Тапқаның - өзіндікі. Басқадан дәметпе. Қалай етсен - олай ет, ретін тап та байы. Бірінді екі ет, мемлекеттен, үкіметтен ештене сұрама! Табысынды сат. Байлығынды қобейт. Қазак сахарасы қандай кең болса, соңша байлық сиятын байтақты байлықта толтыр. Мыңғыртып мал өсірген ата-бабаңың данқы сол байлығымен шыққан. Сол үрдіске жет!

Міне, бүгінгі ұран осы. Байлыққа Американы ұлғі ет. Өне, ірін-шіріп, дәулеттін сиғыза алмай кекірігі азып жатқан ел. Қой үстінде бозторғай жұмырткалад, дәулетті тасыған халық сол. Сен де сөйт! Үйрен, тәлім ал! Уағызыңа болайын-ау! Расында

солай ма?! Барып келгендер аузын ашып, көзін жұмады. Доллар көшеде жатпаса да, бір қалтадан екінші қалтага жеткенше осіп, көбейіп жатқан қазына көзі.

«Әй, осы бір кезде Кеңес Одағын басқарған Хрушев дана кісі екен-ау! Сол емес пе, осы «Американы күшпеген жетіп, басып өзайық» - деп ұран тастаған. «Осы ғасырдың сексенінші жылдары бүгінгі ұрпақ коммунизмде өмір сүреді» - деген де сол. Бұл ұран айтылғалы да қырық жылдың бедері, тіпті жарты гасыр өтіп те кетіпті. Бірақ, не керек, Американы түре күшпеген жатып, кемеміз тасқа соғылып, күлпаршасы шықты. Кімнің қайда қалғаны, қай елдің қай қияда адасып, шырқыраған құлын дауысының қалай шыққанын естіп жатқан кім бар?

Әркім өз жанын құйттеп, жандалбаса, басына таяқ тиген ғанадай қайда барапын бағыттай алмай мәңгіріп қалған жок па?! Сондағы алдарқатып өзегіне өрт тастап шыққан өр дауыс, соңғы абын да, тәтті де ұран: «Өзінмен өзің бол! Басқаға үлгі, онеге көрсет. Америкадағы фермер шаруашылығы дегенді сен де дамыт. Ертең-ақ, отбасынды емес, төнірегінді ағыл-тегіл байлыққа, молшылыққа кенелтесің. Эне, ұлы данғыл! Адамзаттын бүгінгі үздік өркениетті елі салған қасқа жол! Сен де өз соқпағынды сал демеді ме! Ал, кеп қойдық да, кеттік. Міне, тартып келем. Қарақойының қоныр күмы, бұйрат тобелері, қалың қамыс-қияғы үйискан сай-сала жазығында бір кезде күйіс қайырған мал елестейді көзіме. Неге көрішбейді, неге елес болады ол?! О, Жарықтық, Қыдыр түнеп, бак қоныс еткен даркан жер!

Бекбайдың ойы осы жерде үзіліп кетті.

- Өй, не болды бұған? - ол жүлдyzдай ағып келе жатып сөнген «ГАЗ-69»-дың капотын жалма-жан ашып, ақаулы деген жерінің берін қарап, тексеріп шықты. Бәрі орнында. Бірақ «жүргегі сокпайды», от алмайды. Не болды? Сары сәскеден кіші бесінге дейін азынаған қара сұықта азап шегіп, сөнген моторға от беремін деген әрекетінен ештеңе шықпады. Өзі әбден қалжырап тоңды. Дағдарып отырып, «қой, жарықта үйге жетейін»

- деді де, машинасынан тастамайтын қос ауыз мылтығын иягына асып, жаяу тартты.

Ауа райы манағыдан да ызырықтанып, катаған сұық жел сүрапыл соғып кеткен. Енді ғана байқады: ауылдан он бесжырма шақырым ұзап кетіпті. Үйден шыққандагы - қалайда тауып, өзенге құлатып, ойық ойып, шөлдеген жылқыларын амалдап, суға бір тойдырсам-ау деген ойы іске аспай қалды. «Байтал тұғіл, бас қайғы», енді өзі аман-есен үйіне жетсе...

Сонау көкжиекті еміп, бұлдыраған Қарақойынның майда бұйраты мына қара сұыктан бұйығып, бүрсенде, біріне-бірі тығылып, әлі кетіп бара жаткан тәрізді. Жаздай өзі жайлған «Шегенді құдық» аталған белгілі тұщы сулы құдыққа таяп келе бергені сол - бір ұя каскыр алдынан шыға келгені. Эй-шәй жок бұған телміріп ұмтылып келеді. Тұрі - бас салып, талап жеп жіберетін шабуыл. Бұл бойын жиганиша, есік пен төрдей жерге шапқылап кеп те қалды. Алдында құланның жалындай жонына жалпылдаған түғі төгілген Көкжал аузын анадайдан ашып барын салып ұмтылып, кайтар емес. Такала бере, мұны ортага алатындей топ жазылып, жат үні шашырай шықты. Кеп қалған тосын бәлеге айқайлайын деп еді, үрей буды ма, үні шықпай, кол-аяғы үйиғандай әл-дәрмені кетіп, аяқ астында са-сқалақ қакты. Бөрілер де сакпанның тасындаған домалап, бірінен-бірі оза шауып, ұмтылып келеді. Бұған солай көрінді ме, қып-қызыл шоқ бол жаңған жыртқыш көздер мылтықтың аузынан жанып шыққан октай шанишила қадалып, камалап кеп калды. Тістегенің жұлып, не ойып әкетердей сақылдаған ақ азулар ұстаралай қылпып сүмдүк түр тапқан. «Біткен жерім осы ма еді» - деп дәрменін қаузаган осы қарбалас сәтте мылтығына жармасып, мана мойнына асарда екі оқты ішіне салғанын есіне алды.

Үйін бастаган көкжал қалың орманнан атыла шыққан қабандай бол басқаларынан бұрын жетті бұған. Тайинар да, аянар да түрі жоқ. Бетқаратпас сойқан жыртқыш: «қалайда ала-мын, жеймін, дегенді істеймін» - деп ұмтылған. «Осы сен ғой,

бәлесінің бастап келе жатқан» - деп, уақыт ұтқызбай, көкжалды қарауылға алып, басып жіберді. Гүрс етіп атылған мылтық дауысы онсыз да мұп-мұздай сұрланған даланы дүр сілкіндіріп, үрей мен корқыныш үстіндегі Бекбай да бойын жиып алды. Озі де сескенін, бір сәт көзін жұмып қалды ма, енді көзін қайта ашқанда көкжалдың омақаса құлап бара жатқанын көрді. От шашып атылған мына дауыстан Бекбайға тажал бол ұмтылған ұлымалар сәл кідіре берді де, құлаған көкжалға: «бар сенген басшы сен болғанда» - деп кектенгендей екеу-ұшеуі кан атқылаган өкпеге ауыздарын салды да кетті. Төптың қалған бір бөлігі жанкешті қайсарлықпен Бекбайды коршап, айнала топырақ боратып құйындар дөңгелеп, арс-арс ұмтыла берді. Тағы біреуін екінші өкпен сұлатып тастап, мылтығын жанталаса қайта оқтап, басында астауы, ауызында қақпағы орнатулы су тартағын моторы бар айтуды «Шегенді құдыққа» да таянып қалып еді. Аш қасқырлар тобы да барын салып өлтірмей, жемей тынбайтын кекті шабуылын үдете түсті. Бұрқырата шан тулатып ерікке коймай мұны құдық аузына айдал келді. Манағы маңағы ма, киыршақ күм, аппак шан, жаздайғы малдың таптаурын шірінді қордасы аралас жер қыртысын будақ-будақ атқылаган темір тырнақтылар азулары қылыштай жарқылдағ қаусырмалап келіп-ақ қалды. Үстіндегі қара тонын артқы бойын енсеріп жулып өтті бірі. Өмір мен өлім белдескен катер үстінде мылтығын оқтап бір-екі рет атқаны анық. Бекбайдың соры ма, әлде есі шығып не істеп, не койғанын өзі де білмей қалды ма, мылтығы от алмай қақалып қалғаны. Енді не істемек. Қарсы келе берген каншық қасқырды мылтықтың дүмімен бір соғып мұрттай үшірдь. Бірақ мұнымен өштескен, улап-шулап көзіне қан толған бәле таусылар емес. Беті қайтар түрі жоқ. Ойпырмай, енді қайтті. Тәнірдің тапа - тал түсінде тірідей талап жегені ме?! Бекбай өзін сол сәтте айнала жанған қашып құтылуға жол бермей шатыр-шұтыр лапылдағ бүкіл дүниені отты өңешіне сиғызып тұтасып қүйдіріп бара жатқан өрт ішінде

қалғандай сезінді. Есі кетіп, жанталаса жүріп, құдықтың биік орнатылған қақпағын аяғымен теуіп ашып, қақпак қалқанына арқасын беріп, бұған тұра ұмтылған кезекті жыртқышпен айқасып кетті. Бұл жалғыз, олар көп. Күш алып барады. Әлгіде атылмаған оқты алып тастап, соңғы оқпен тағы біреуін құлатты. Осы сәтте көзіне қан толды ма, дүние қып-қызыл от болып кеткен. Кештің қызыл жалқынында аспанға атыла шашып бұны тұс-тұстан бұтарлап бөліп әкетуге ауыздарын аша ұмтылысқан бөрілердің көзінен болат пісіріп жатқандай жарқ-жүрк шашыраған алапат ұшқындар мұның үстіне төғіліп жүре берді. Әл-қуаты, беріспей белдескен кайраты мұкалды ма, әлде бір дағдарыс тежелу пайда болды ма, арқасын құдыққа бере сүйене қалып, төнірегін бағамдап сүзе қарады. Сүмдыш! Тағы бір топ, тажал топ ат қойып келеді. Міне, жетіп те қалды. Енді не іstemек, мылтықтың оғы да біткен. «О, Тәнірім, осынша ұзақ өмір беріп, акыры итжемі қор етіп, айдалада ісіз-түссіз, кебінсіз жоғалтқаның ба?!» - деген жайдың оғындан жүргегін жарған сүйк ой жанын өртеп өтті. «Жоқ! Тажалдың аузына тұспеймін!» дегені ғана есінде. Жан-жактан қамап келіп қалған рақымсыз жыртқыштардан жанұшыра қармана жүріп, жарық дүниеден қаранғы әлемге қалай шым батып кеткенін өзі де ангара алмай қалды. Эйтеір, сорғалап, құрдымға жұтылып құлап бара жатқанын ғана сезген. Дік етіп, тіке түркімен аяғынан шанышыла түсті. Ендігі халі мынау. Белден су. Жан-жағы тас шеген. Сонау жылдары жаз жайлауға шөбі шүйгін, қоңыр самалды жазық, мына тұсы өзен, бір жағы ақ құмак мырза бұйратты дала деп өз қолымен алты қанат үй орнындаі кең етіп қаздырып тас шеген салдырган құдығы. Тенселип, есі кетіп түр. Басына келген алғашқы ой: «Апыр-ау, ажал деген өсылай көрініп, қор етіп келуші ме еді? Соғыста да...»

Едәуір теренде жатса да су мұздап қалыпты. Керзі етіктің конышынан құйылып, лезде бүкіл өне бойын қалтыратып жіберді. Құдайдың ми қайнатқан шілдесінде мотормен

сөндірмей тартып, үйір-үйірімен келген жылқы, қора-қора қойға сарқылып тұбін бір көрсетіп көрмеген «қайран шеген құдық» атанған шыңыраудың сүйік сүйі қазір өзінің кіндігіне жетіп тұр. Алас-құласта, олай-былай талпынып, тәнірегіне көз жүгіртіп, ендігі жағдайын бағамдап еді, айнала жымдастып алған тас белдеу, тас қамау. Арасына темір салып, құйылған тас шеген гасыр тұрса да міз бағар емес. Не істемек енді? «Өлді деген осы ма? Жәй өлмеді-ау! Атаусыз, көмусіз, еш белгісіз, кебінсіз...

Осы сүмдық ойлар оны жегідей жей бастауы мұн екен, маңдайынан бұршак-бұршак тер төгіліп, аяғы астындағы суга күміс тенгедей сылдырап түсіп жатты.

Ананы қара! О, қаныпезер тажалдар! Мұның аспанында калған алақандай тесіктен үңіліп: «Әй, сен қайда кеттін?» - дегендей, қос кокжал мойындарын көкке созып ұлып тұр. «Қапы калдық. Өйтпегенде ме, қызыл қуырдаққа бір тоятын едік» - дейтін сияқты. Жер астында отырса да, азалы дауыстан Бекбайдың төбе құйкасына дейін шымырлап кетті.

Кандай ақыл, қанша кайрат, күш қалды мұның бойында?! Денесінің жартысы суда. Қысылғаннан шыққан жан тери бұршакша төгіліп, шыбыны шырқырап тығырыққа тығылды. Әлгіде гана, мұны ортаға алыш, тас, шан боратып, азу тістері сақылдан, көздерінен шок інашкан бөрілермен жалғыз айқасқан өлермен сәтін ансал та кетті. «Керемет өмір екен-ау, оным! Не деген бакытты едім, ә? Өзінен әлденеше есе басым ракымсыз қаһарлы күшке қарсы жападан - жалғыз айқасқа шығу адами ерлікten тараган ұлы құдірет екен-ау! Әттегене! Сол айқас үстінде жастығын ала кетуде де армансыздық құдіреті жатыр ма едің! Қап!

Ал енді қазір мына тас қамауда бүкіл тіршілікten болініп, «әу!» деген үнің тірі жанға естілмейтін зынданда... Бекбайдың жаны қысылғаны сонша - ызадан тұншыға булығып, өксіп-өксіп жылап жіберді. Өкпе-бауыры сөгіліп, зорланғаны сонша - лоқсып, құсып алды. Көзі қарауытып, сылқ етіп отыра кетті, мұздай суға тұншығып, атып тұрды.

Бұл Бекбайдың өмірінде бірінші рет козінен жас шықканы шығар. Бала кезінде катарымен әдекалай шәлкемдесіп қалган сэтте де, небір үлкендер тарапынан опық жессе де, қараторы жүзі қүренітіп, козінен ұшқын атқан ашуы жарқ-жұрқ еткені болмаса, жылап корген емес еді. Сонау Ұлы Отан соғысы ата-нған қыргын майданда өртенген танкінің ішінде қасындағылар улап-шулап, «Боже мой»-лап жатқанда да, бұл ақалмен бетпе-бет айқасып, сыр бермей, тірі шыққан. Өмірі мойып көрмеген қайсарың мына жерде кеңірдегіне у толтыра өксіп жылап алды. Пенде болып, мұсәпір болып жылады. Амалы таусылып өксіді. Іштей күніреніп, шок болып жанын қайыра бір кайрап: «Жыласам да. басқаның көзіне көрінбей жыладым», - деп, бойын тіктеді бір мезгіл. Онысы да қайсарлығы болар. Кейде, мәрттікке де басып кетеді. «Апыр-ау, ажал деген осылай көрініп, қор етіп, кол-аяғынды байлап, амалсыздық дейтін тас шенгелімен заманынды ұстап қозғалтпай, әл-қуатынды тауысып алатын ба еді» - деп күйінген, өкініш боп өртенген оның зар үнін кара жер қойыны тұншыктыра жұтып жатты.

Аяғы талды. Екі жауырынына екі кісі мінердей дейтін сұнғақ бітімді жан. Қең маңдайлы, қонқақ мұрынды, дөңгелек жүзді, бұғакты толық адам. Жасынан енбек еткен, мейіздей катып-піскен, болаттай берік қайратты да еді. Жасы егде тартқанына карамай әлі ат үстінен түскен емес.

Отбасы қазір бес-алты-ак жан. Жалғыз ұлы Айтқазысын үлде мен бұлдеге орап, не ішем, не жеймін дегізбей өсіріп келеді. Бірақ, баласы оқымады, әке жолын қумады.

- Эке. - деген еді бірде Айтқазы, - мына боз атанның табанында табанмен Азияны қойып Еуропаның Берлиніне дейін оқ пен оттың арасында өлімге де бас имей барып қайтыңыз. Осы оміріңізде әзірге ештенеден бетініз қайтып, қөңіліңіз қалып корген жоқ. Сіздің басыңыздан ата-баба рухының ыстық желі соғып тұрғандай корінеді маган. Расы сол, қазір Қарақойында Сізден басқа бастық та, патша да жоқ. Ойлаңызыңы, кім айта

алар, тіпті бүкіл әлемге әмірі жүрген қай патшаның басына мүйіз шығыпты? Бәрінікі де бір жалт етіп өткен омір ұшқыны. Мейлі, ол патша болсын, мұсәпір болсын, ешкім де мәңгі жа-самаган. Мәңгі жасау тек Құдіреттің өзіне тиесілі.

Осы жерде баласы ойын екшегендей үндемей кідірсе, әкесі:

- Сөйтіп, сен өзің ұлken ойшыл ма едің?

- Адамды ойшыл етегін әке, өмір, тіршілік қызығы. Бірақ, сол қызық тек туған жерінде гана мәнгілік сияқты. Мен үшін кіндік каным тамған жерден киелі, берекелі, ырысты ештеңе жок. Тіпті мен сіздердің қашшама қан төгіп, азап шегіл, сүйектеріңді шашып, сонау Еуропаға мылтық көтеріп баруларыңызды түсінбеймін. Қабанбай бабалардың ақ найзасын көтеріп, сойылын сүйреткен байлығы жеті қабат жерінің асты мен үстіне сыймай жатқан бай-тағын қорғап қалсаныздар да жетпес пе еді.

- Болды! - деді Бекбай баласының шешенсіз суырыла сойле-геніне шамданып, - Жетті! Эр дәуірдің өз ұраны бар. Бәрін бүгінгі заманмен өлшеме! Ол аузынды ашсан, азуың сынып, тілінді корсетсөң көмекейінді жұлатын карыс қадамың өлшеулі заман еді. Қара мұны, - әйелі Сараның бетіне құле қарап, - басынан бодандық бұғауы түскен елдің шуағында сүтке тойғ-ан ботадай тапырақтауын! Тайракта! Бірақ, азаматтық үлесінді кос, сол бабалар ізі сайраған арманышыл даладағы үрдіске.

- Мениң де арманым сол, әке, тілегім. Сіздің он бес жыл оқып, галым-зоотехник атанғанда шыққан биігіңіз Қарақойын. Әлі де болса ата қоныстың осы бір пүшпағына әлем назарын ауда-ратын дәулет, байлық жинаймын деп көктақым болып келесіз. «Дарақ бір жерде көгереді» демекші, өз Отанымның даңқының артқанына мен де жан берем. Бәрін адад еңбектен күтем. Әке, мен оқымаймын. Тек шофер гана болам. Бір барапка қолыма тисе, сонымен-ақ байтағымның атын шыгаратын ұлы еңбектің корігіне от беретін жел, куат беретін дауыл болам.

Баласының бетіне адырая қараган Бекбай отырып-отырып:

- Оқу түбі - білім. Тіршілікте мына дүниеде не барын біліп,

санага тоқып, ұрпакқа үлгі болар омір сүріп өткенге не жетсін! Білім адамзаттың күниен соңғы сүйенер күш-қуаты. Оқытам гой деп ем, әгтең сиді ықылас болмаған жерде іске зорлық жүрмейді, - деп баласына келісімін беріп еді.

Қазір мына қысылған шакта көз алдына сол жалғызы келді. Кеше қалага кеткен. Келсе ертен, онда да кештетіп келеді. Өз қиялына озі сүрінш: «Әй, осы заманның баласы-ай, сендерге не десе болар», - деп зіл тартты ойна. Арманыңмен аспандагы айды тістейсің, ал кейде кара жердің бетінде малтыш калатындарың бар. Білем фой, білем. Қаладан артынып-тартынып шығатының ақиқат. Жолда аялдамай жүргенбісіндер. түге! Кемелінде келіп, ықылық атып кеп құларсың. Экенін жеті қабат жер астында тас қабырда қалғанын білер ме едің?». Осы жерде қарттың көнілі тағы босап, дәрменсіздік женғені сонша, бет-аузы жыбырлап, бүкіл денесі селкілден кетті. Сол күйде тас шегенге сүйеніп қатты да қалды.

Басына мың түрлі ой келеді. Бәрі дәрменсіз. Қолұшын берер бірінде тақырылық жок. Үміт жібі үзіле береді. Сағат санап әлсіреп, қуаты азайып, құлап түсіп, су жұтып, қайта тұрып, ес жиган болады. Күннің мезгілінен де жаңылды. Тік тұрудан киямет азапты кім көрген. Екі тізе бүгілмей, бүкіл жұлын тұта денесі сіресіп қатып қалған тәрізді. Осы шамада не үйықтағаны, не қалғығаны белгісіз бір мұнар тіршілікке енді кеп. Әйтепер санасында бұлдыр сағым боп ойнаған өшпейтін бір түсік мұны ырган ойнаған өткенді қайталай беретін тәрізді. Енді қайттым? Кешегі ұлы қырғын, төрт жылға созылған екінші жаһандық соғыста жаңбыр боп жауған оқ пен болат күйген өртте өлмей келіп, бейбіт заманда түп тұғияннан бері ата-баба зәузатым армандаған екі тізгін бір шылбыр қолыма тиген ак керіш күнім нұр төккен дәүірде із-түссіз жоғалып, ғайып болып өлуден аскан өкініш болар ма?! Ақ жуып арулап, ел қолынан қара жер койнына ену де ұлы бақыт екен-ая! - бұдан кейін осы ауыр ой үстінде мен-зен аумалы-төкпелі күйге көшкен. Қазір күн бе,

тұн бе, оны зерделеуге мұның қуаты жетпейтін шақ таянған. Зәрдей сүйк су бар денесін құрсал, сүйегін кеміріп, денедегі құш-қуатты сорып бара жатты. «Ah!» Қалғып кетіп, селк етіп, шошып оянды да: «О-о! Ата-баба! Ұлы аруактар! - деп актық қүшін бойына жинап бар дауысымен айқай салды. - Қайдасың, батыр жаратылған ұлы бабалар! Ұрпағыңа, кор болған перзентіне қолұшынды неге бермейсін?! Атойлаған зор үнімен жолбарыс жүргегіңмен атылып, шашақтың наиза, болат жебені ақкан жүлдышыздай ыскыртып, тұлпарыңың тұяғынан шаң ұшып беймаза дүниені дүр сілкіндіріп, қияметтің қыл копірінен дауылдағ өткен құдіретін қайда? О, көк тәнірі атанған аруакты ұлы бабалар, қайдасың? Ұрпағыңнан әл кетті! Сонау жердің бір шетіндегі Ніл дариясына шомылып, Еуропаңың даласында алшаң басып, бүкіл шығыстың атырабын ақ ордан-дай емін-еркін билеген құдіретті бабалар. сол құш-қуаттан не қалдырын мұрага?!!»

Мұны ол жан-тәнімен егіліп айтты. Өзегі өртеніп, сырт әлемі мұз бол қатып тұрып қалтырап құніреніп кетті.

Бұл ойлар, әлгі кекті түйсіктер оны бір сәт қуаттандырып та жібергендей болған. Қайта құбірлеп: «Тұп-тамырым, көк түріктің көк алмасы, қайраулы ақ болат Күлтегін баба аруағы, қайдасың?! Төрт жыл оқ пен оттан өз қолыңмен тірі алып кеп, колдап, демеп кеп...» - дауысы үзіліп, не ыңырысғаны, не сөйле-гені белгісіз күйге көшкенін өзі білген жок.

Бекбайдың әл-қуаты еріп қата бастаған қорғасындай мұздап, шамасы азая берді. Санасы тұманытып, ойы іріп, бар құші сарқылып бара жатты. Тік тұруынан құлауы жиілеп қалт-құлт, сонда да табиғатында берік сом жаратылыс шындалған, сұынган болаттай дene берілмей-ак тұр. Басына мың түрлі ой келе ме, әлде елес, әлде сандырак па, кіресілі-шығысылы сана тамтығы ма, көзі бірде карауытып, бірде сонау тебедегі бармақтай құдықтың аузынан себездеген сәуледен ес жигандай болады. О да дәтке қуат. Қазір кеудеден шықпаган жаны, құр

сүлдері қалған. Тағы да ол көгілдір әлем, шет-шегі көрінбейтін белгісіз шалқыған мұнар ішіне еніп кетті. Бәрі баяғы қалпында. Көк шалғыны тізеден келетін, буырқана толқып, балығы бетінде шолп-шолп шығып, секіріп ойнаған өзен жағасында келеді. Қасында Сара. Қыпша белі үзілердей майысып, молдірекиң қап-қара қозінен сүйкімділік сәулесі тогіліп, еліктің лагындағы боп, бұған үрке, еркелей қарайды.

- Жаным!

Өзінің үзіліп шықкан дауысы өзіне зорға естіледі. Жүргегі кеудесіне сыймай атқақтап, кең дүние бұл үшін қазір тыныс буып, алауласп кетті.

- Сен гой бұл өмірдегі менің жалғыз сүйіктім. Менің өзіңде деген сезіміме, шын сүйеттініме, аспандағы алау күн, мына туған жер күэ.

Бекбай қыздың нәзік саусағын ұстағысы кеп ұмтыла береді.

- Сабыр етініз. Жер де, аспан да Сіздің сөзінізге қуәлік еткен жоқ. Мен тек Сізді ғана естіп тұрмын.

- Міне, міне жүргегімді тыңдаши: «Адалмын! Жанымсын, Сара!» деп, озін деп үн қатып тұр.

- Маған ондай сөздер естілген жоқ.

Қызы жүре сойлеп барады. Бекбайда тағат қалмаған. Осы сәтте ие болса да өзінің жан сырын актарып, шынайы сүйіспеншілік сезімін білдірмесе, бұл өмірден арманда өтеріп ақырат сезді.

- Сара! Сараш! Жаным! Мен үшін махаббат шырағы тек озің! Сәулем, жарығым! Бір минот шыбын жанымның сен деп шыркыраған үнін тыңдашы. Тек саған ғана арналған өмір бар менде. Өртептеген жанымның сая бағы тек озің! Менің бақыттым сенің қолында! Бақыттым сенсің!

- Бақыттым сенсің!

Қыздың оз сөзін қайталаганын аңғармаған Бекбай енді қызға ырық бермей құшағына алып:

- Иә, бақыттым сенсің! Сен! Сен! - деп аймалап сүйе берді.

- Бекбай! - деп қатты дауыстап қалды қыз. Бекбай дәл сондағыдай селк етіп, көзін ашты. Өңі, түсі екені белгісіз. Мұнар дүние құлағында балғын шақ. Сараның нәзік үні. Иегі кемсендеп кетті. «Жаным! Ләzzат шуағым менің! Өмірдегі ен асылым! Сенімен отасқан жарты гасыр жарты сағатқа тұрмай қалды-ау! Сағым ба? Жаным, сөнген шырпының шиі ме? Менің қайда қалғанымды да білмейсің сен қазір. Енді сен мені кормейсің, мен сені...»

Са-ар-а-а! Улken трубадан айқайлағандай оның әлсіз дауысы сиртқа күнірене шықты.

Бекбай едәуірден кейін өзіне өзі қелді. «Мен расымен осылай өмірден өтемін бе? Мен...»

Ойы кермек, удай аңы запыран бол жан дүниесін тілкемдеп кетті. Жо-ок! Ақтық тұяқ серпері ме, өзін-өзі тік тұргызып: «Уа, бұдан әлденеше гасырлар бұрын жарты әлемді аузына қараткан Александр Македонский Кирмен айқасып, солардың төс табанын қара жерге тигізген батыр бабалар рухы қайдасың? Мына шерменде үрпағынды қара жердің қойынында тұншықтырасын ба?»

Көз алды ақ мұнар, бір сөніп, бір жанып, өшіп-үзіліп, түпсіз герендейкке жұтылып бара жатты. «Шұршіт пен ойратты, жонгарды талқандаған ата-бабалар Қабанбай, Бөгенбай, Барлыбай, Сандыбай, Жаулыбай, Малайсары, Баян, Оразымбет... аруагы, бармысың? Зар қаққан, ақтық демі шыңырау түбінде үзілгелі жатқан үрпағына колұшып бер, бабалар! О құдіретті, арыстан жүректі, жолбарыс айбатты бабалар колдай көр!». Ол сылқ етіп құлап түсті. Су жұтып қайта әлденді ме, зордың күшімен тіктеліп бойын жазды. Қарақұсы тұсы шымырлап, басы зыныл қакты. «Апыр-ау, Шәкәрім қажыны қызылдар қастандыкпен атып өлтіріп, құдыққа тығып тастап еді. Эулиені, халықтың сүйікті перзентінің зұлымдық қурбаны болғанын елжүртынан жасырған сүмдик еді ол. Ал, мына мен... О, сүмдигы мен сырды беймәлім уақыт, касқырдың қамауына салардай мен не жаздым? Елімнің, жерімнің байлығына көз аларткан әлде

бір сұрқия елес пе қасқыр боп камаган мені? Не ойлап кеттім, ә? Ақылымнан шатасқан жоқпышын ба? Расында, адамға қасқыр шапқанды кім көрген. Бәлки, елес, елес шығар!..»

Бекбай осы шамада өмірден қатты түніліп кетті. Бойындағы ең соңғы ақтық қүшін жинап, бар дауысымен әлемге жар сала айқайлағысы келді. Элдекім естіп, жаны шырқыраған бейкүнә жанға қолұшын берер ме еken деді ме:

- О, құдіретті баһадүр бабалар! Тамұққа түскен үрпағынды құтқар мына тозақтан. Ақ жуып арулайтын ақ өлімінді бер! Ең болмаса, аха...аха-аһалап жекпе-жекте армансыз шайқасатын сайысынды бер! - деген ол іштей күбірге көшіп, ақ өлім, адал ажал деген қандай касиетті едің, а! Иә, не жазығым бар менің? Ажал боп талай жегісі келген тажал ашқараптыққа не жаздым? Жер бетінде бар болғандығым үшін бе? Тұған топырағымда, ата-баба кіндік қаны тамған ұлы даламда бейбіт өмір сүріп, асқак мұраттар үшін тіршілік кешкенім үшін бе? Өз мекенімде, уыз топырағымда. еркіммен алшаң басып жүргуге қалай құқым жок. Неге барымды базарлап, жер анамның асты-үстіндегі байлығының рахатын өзім көрмеймін. Жазығым не? Енді кеп дала тағысының құрган ажал қакпаны қауып жатыр.

Бұл Бекбайдың әбден жеріне жетіп қалжырап әл-дәрмені біржола түгесіліп, таусылар сәті еді. Осы шакта өзін-өзі билей алмай құлап тұсу алдында тұр. Қолындағы таяныш етіп, сүйеніп тұрған кос ауыз мылтығынан басқа жанына тірек, иек сүйер ештеңе жок. Екі тізесі кілт-кілт, буынынан үзілгелі қалған. Сүйек сырқырап, бүкіл дене мұздап барады. Сонау тас төбедегі алақандай түйекөз тесіктен төгілген бозамық сәуле көнектеп сабага құйылған сүттей актарылып барып сарқыла қалаады. Сол сәтте дүние қап-каранғы түнекке ауысады. Онысы қарауытып, жұлдызынан әл кеткені екенін қайдан білсін. Осы бір тұңғиық түнек боп өзін ыс басқан туырлықтай жаба жөнелген қапырық тұста озегі удай ашып селк етіп, ақтық демін сорып, бойын сілкіп қайрат жиган болады. Табиғатында қара-

тайдың безіндей бол қатқан көрі сүйегі әлі де беріспей, омір үшін күресте соңғы демі діріл қағып әлдекайдан қуат іздел кеудесін ұрғылаған от жүргегі мұны ыргап аялап тұрған тәрізді. Ақырган ажал дәл құлағының түбінен: «Енді сенің қолынан келер ештеңе жоқ! Иманыңды айта бер. Мен тірі пендениң көзіне түспей, адамзат жаралғалы кеудесінен жан деген шыбынын ызынсыз ұшырып келе жатқан ажал есімді құдіретпін. Маған қарсы тұрар күш өмірдің қолына әлі тиғен жоқ! СДайындал!...» - дегендей.

Бекбайдың көзі қарауытып құлап бара жатты.

- Уай, мұндар!

Ақ сақалы бүкіл омырауын жапқан, ақ нұрдан жаралғандай, ауыздығымен алысқан ақ боз атты алып адам шашакты найзасы қүнге жарқырап, мұны шаншып тастайтында ұмтылып айқай салды.

- Жан дауысын сай-сүйегімді сырқыратып, зарлы үнің ұлан даламды қүңірентіп еніреген неткен пенде едін? Тұр! Сілкін! Фасырлар мына тұяғымен от қашаган тұлпар үстінен түспей. жар құлағы жастық көрмей рахаттан безіп мұрага қалдырган кең дала не жазды саған?! Қойнына зар шақыратын! Осы қасиетті жер үшін жолбарыспен, аюмен, арыстанмен, неше түрлі сұрапыл екі аяқты құбыжықпен айқаста өтті қанша омір! Сол кан - жыны араласқан арпалыста жеңілмеген жыртқыш та. жау да қалмаган! Ал сен кеп бүгін даладағы тышкан аулаған иттен үркіп, иә, иттен үркіп, зынданға түсіп, баба намысын қорлап жатырысың!

Оның бетінде түгі тікірейіп, сақал-мұрты дауыл көтерген ормандай жапырыла шайқалып: «Уай, наркескен болаттың сынығы емес пе ең сен! Қара! Көр! Бабаларыңың айқайынан жер шайқалып, тау қозғалған! Дария тасып, колдер тулаған! Эне, қара!» - дегендей естілді.

- О! О! А! А!

Осы әт бүрын-сонды Бекбай естімеген тіпті Ұлы Отан соғы-

сы көзіндегі артиллерия гүрсілі дейтін дүниені дірілдеткен жаңғырыктардан әлденеше есе зор үн төніректі керней жөнелді де, таулар билеп, өзен-қолдер аспанға атылып қаңбактай қозғалып кетті. Таулар басынан мұз көшіп, сел таскыны боп аға жөнелді.

- Эне, эр үн - жаңғырық құлдірет! Сенің канында да осындаі күш, сарқылмас қайрат бар! Қайра жігерді, от көсө өзегінмен! Сенің шығар бйін, алар аскарын ай мен күн құшағында! Жет соган! Жұмса қайратты! Ә, с-сені! Мына наизамның ұшымен-ак жеті қабат жер асты түгілі, жұз қабат мұздың астынан да былай, - деп ол жауырын тұсынан наизасын шашып көтепе берді де, - алып шығар едім. Жок, өзің талас биікке! Өзің шық тамұқтан! Дәуір көшін өзін баста! Тарт алға! Қане-е!

Тау күнірентіп, жер қозғалткан дауыс әлгіден де күшіе түсіп:

- Атыл қекке! Қыран болып үш! Барыс болып шап! Намыс отын жак! Уай, түр былай!

Жер жарған дауыс талықсыған Бекбайды тік тұрғызыды. Денесің дір-дір. Әлгінің бәрі түсі. Өзі белшесінен суға батқан қалпы. Құлағында дүниеге жаңғырықкан өктем дауыс. «Бұл не? Аян бергені ме бабалардың? Қалай атылам қекке? Тау қозғаган, сел тасыткан жаңғырық құлдіреті, қайдасың? Қалт-құлт қозғалып, жан-жагын кармана қолын ілгері созды.

- А! А! Тәңірім-ау! Аруағым-ау!

Қолына іліккеннің не екепін білмесе де есі шығып жармаса кетті. «Иә, иә, мына шыңыраудан күніне әлденеше мың текше метр су жалап шығаратын ремень-арқан ғой мынау». Жалғыз тінге жармасып аласұрғалы не заман... «Уң» деген шерлі дауыс шыққан бір кездे...

Бекбай рахат құшағында көзін ашты. Шегенді құдықтың ашық қалған қақпағына екі қолын топшысынан кере жайып, кос табанын құдықтың шеткі кабыргасына тіреп, мол денесін сыртқа тастап, мандайын жарқыраған күнге беріп талықсып құлапты. Неше күн тамұқта қалған жан не күй кешкенін өзі де білген жоқ. Ол мамырдың шуағында құлынның уыз қымызы-

на мас болғандай бір хал кешті. Қанша сағат жатты, қандай күй кешті, оны да білмеді. Бұрын-сонды өз өмірінде болмаған, өзі сезінбеген тіршіліктің жанын терберген ерекше тылсым құдіреті бауырына басып, ана мейіріммен құшып балбыратып жіберді. Қозін ашса - үлбіреген көкпенебек көк аспан, сұзгі жібектей мөлдіреген тап-таза сезім, пәк түйсік боп аймалап, күннің бал шуағы тамылжып, үп еткен желдің де қытығын басып әлем тыныштығы коргалап тына қалған. Қозғалғысы жоқ, мына шуакты, уыздай тәттілікті қимай құрысқан, су жеген бірнеше құн қазық болып тік тұрған дененің тартылған тамыры. түйілген сінірі шешіліп, қан көктемдегі жылғамен ақкан судай боп бойын қуалап ұжмак күй кешуде. «Қыран болып үш! Қырандарға көкте самғайды!». Түсінідегі әр үн құлағына қайта шалынды. Бекбай орнынан әзер тұрды. Аяғын әлтек-тәлтек басып, зордың құшімен тіктелді. Жан-жагына шайқала көз тігіп:

- Кие! кен байтағым, жарық дүние, ақ бесігім! Ата дауысы неткен қаһарлы еді, - деп күбірледі. - Енді мен ажалдан да қорык-паймын. Өзің қолда, баба намысы. Бабалар! Мың өліп, мың тірілген үрпағың аманатыңа берік, мұратыңа адад! Ант біреу - елдік ту асқаттай береді!

Бойына қан жүгірді ме, әлде жүргегіне куаныш оты куат берді ме, Бекбайдың жүрісі өніп барады. Бүгінгі желтоксанның шуақты шағырмағы да сергітіп жіберген ол қарсы алдындағы тақиядай төбенің үстіне көтеріліп, тізе бұкті. Ойна қайдағы жайдағы түсіп, ішек-сілесі ката құлді кеп:

- Бекбай, - деді аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы кан-солін ішіне тартып, өмірі қабағын ашпайтын әдетімен түсін сұтып, - мен осы жолы кезекті демалысыма кетіп бара жатып, әдайілеп көре кету үшін, сен басқарған шаруашылықты аралап келем. Басқаға соқсам кім жолымды бөгейді. Неге келгенімді, сен түсіндің бе өзі?

- Түсіндім! Түсіндім! Өзіңіз айтқан ескертпелерден қоры-

тынды шығарамын. Ол кемшіліктер аз күнде түзетіледі. Бәрін орнына келтіремін, - деп бұл құрақ ұшқан. Кенет алдыңғы орындықта отырган хатшы артына төңкеріле бўрыла қарал:

- Түсіндің бе өзі мениң осы фермаға арнайы неге соққанымды, - дауысы қандауырдай қадала шықты.

- Түсіндім. Ескертпелеріңіз екі болмайды. - деген Бекбай жапақтай хатшыға. - Күн де ысын кетті. Жолда бір жерге аялдан, шэй-пай, - деп еді, кабағынан қар жауған хатны шоферына:

- Тоқта! - деп бұйырды да, бұған:

- Түс! - деп әмір етті де, - қал, осы жерде. Экеннің бәтегін түсіндің сен! - деді де шоферына басын изеді. Бұл аң-тан, түсіл тұрып қанты. Құлындау зымыраған «Волга» қыр асып, сагымға сініп кеткелі қашап... Дәл осы төбенің басында, тамыздың ми қайнатқан ыстығында құба жон далада, шөлде жападан жалғыз қалған. Шолден өлердей бол, тілі аузына сыймай үйіле зорға жетіп еді.

Сол тағдыр мұның басына тағы кайталап отыр. «Шіркін, заман-ай, коммунистер билеген сол күндерде, апыр-ау, хатшының көкейінде не жатқанын, демалысқа бара жатып неге арнайы соққанын түсінбекең басым, осы бүгінгі заманының түлкі бұлақына түсіндім бе?! Осы мен кіммін өзі? Ажал шенгелінен алып шықкан ата-баба рухы не деп аян берді? Иә, «қырандар гана самғайды!» дей ме? Тау қопарып, дария тасытқан құдіретті қаһарлы дауыс не?! Рухы өлмеген елдің азаматына да өлім жок екен! деген ол екі иығы, жесі ғана қалған, арт бойын борі жұлып кеткен қара тонын сілкіп киіп: «Иә, Аяз би атамның хан сарайының мандайына қыстырған ескі-құскысында сен де кешегі қиямет күнінің белгісі боларсың», - деді катты тыныстап.

Ол талай жылдар, ғасырлар керуен жүрген қара жолмен алишан басып, ілгері беттеп бара жатты. Ойында қатер де, қауіп те жок, сенімді екпінмен, құлшына, белден бел асып, токтар емес. Алды күнес, жарқын шуак боп елестеді оған.

## АҚҚУ МЕН ҚЫЗ

Ұзаққа созылған қыс ызғары бір түнде тез қайтты. Қайтпас жыл толассыз құйған нөсермен басталды. Сай-салага су жүгіріп, өзендері сен бұзылды. Айлар бойы мұз жастанып, қар жамылған дала белін жазып сағым құшагына енді. Кешігіп кеткен кардан соң іле күн шуагына манаураган төңірек алып денесімен керіле түсті. Дала лық толған ән. Тынымсыз шырқалған бір ғажап үн. Асқақтық та, нәзіктік те тек далада демеске еш қақың жөқ! Көктем иісі өкпенді қауып, саумал ауа жұта бер деп түр.

- Эр уакыттың өз қызығы өзімен, - деп өзіне-өзі үн қаткан Балғын төңірегіне сұқтана көз таstadtы. Қызыга қарады. Кешеден бері отарын Кекілдікөлге беттетіп жүр. Есіл-дерті - көл жақ. Бар аусары солай ауған.

Терістік іналгайы зәулім шырша мен ақбалтыр қайың, кейде там-тұмдаپ терек, қызбел үкілі бас қамыс өсетін осы көл Балғынның жанына жақын мекен. Тегінде әдемілік танитын көзқарасты адамның әлдекалай жолы түскені еріксіз бір таңдай қағыш, аузын ашып, көзін жұматын жері де осы көл. Содан ба кім білсін, бұл көлдің атына заты да сай. Шарайна мөп-мөлдір түбіне дейін көрініп тұнып жатады. Аспан әлемінен әлдебір сұлулық ізделеп, кекілі желбіреген күйі кірпігін қақпай көкке қарап қалған арудың кара көзі сиякты.

Мүмкін осы сұлулық шығар, әлде табиғатында жылтыраганға қызыққыш келетін қызға тән қасиет пе, әйтеуір Балғын Кекілдікөл десе ішкен асын жерге қояды. Әркез оған тенеу іздейді, алтын, күміс, гауhar, жакұт деп асыл тас түріп атап, аузының сүйін жұтып, жұрт тамсанғанмен. Балғын дәл осылай үлбіреген сұлулықты әлгі қымбат атаулардан көре алмай-

ды. Мейлі, жұрт не десе де оның бәрі тас қой, тас! Ал Кекілді көлі ше? Кекілдім кіргігін жиі қағып, сайрап тұрған бұлбұлдың көзі емес пе? Бұлбұл...

Олар енді гана қоктемнің сал шуағына дүр өсіп келе жатқан миядай жұмсақ қол жағасының көгін басуға да қимайтындей. Жерге салмагын салмай баяу жүріп келеді. Әлгінде ғана өздері аралап өткен Кекілдінің енді бүршік жарған қокке таласқан сүйекті қалыңына беттеген. Құн көзі де алтын сакинадай жалтырап нұр төксе, сол шұғылаға шағылысқан қол кен үйдің торіне төсөлген қызыл жібек көрпедей толқып тұр.

- Сарқыт, енді көріп Кекілдіп. Адам жанына біткен пәзіктік тегі табиғатта екен-ау! - деді қыз кенет.

- Иә, Балым, осы сұлулық қой қокейінді қыттықтаған. Жүре-гіңе қан, бойыңа жан тулаткан тәттіліктің де бастауы. Мен неге әкелдім сені? Корсінші деп едім. Тіліне оралып, сөз болып шықпайтын, сурет болып қағаз бетіне түсे бермейтін сұлулықты өзің қорші! Міне, сол ғой, сол. Қараашы, - деп тұңғыш рет қызды өз бауырына тартты Сарқыт. Екеуі де біржола тілсіз қалғандай. Көз алдарында әсем дүние: мұлгіген табиғат, тұннық ауа, баяу сайраган құс, су бетінде дірілдеген құн нұры... Екеуі құшактасып, үнсіз тұр. Сәл қозгалса мына сұлулық аспаны төгіліп кетердей, тек жүрек талғамына табыс етіскен. Тыныс таусылып, рахат сезім үзілгелі тұр.

Осы сәт қыл қобызда баяу гана шалынғандай үн естілді де, екі құс батар құниң шапағында қызыл бояудай төгіліп, қол бетіне қона берді. Аппақ қанаттарын тез жиып, төңірегіне таңдана қарасып, созылған дыбыс шығады. Қос дыбыс. Бірі бастап, бірі қосылып кетеді. Үн кешкі ауада сәл жанғырыға ілініп тұрып барып, әрен үзілді.

- Аққулар, - деді Сарқыт сыйырлап.

- Иә. - деді Балғын оның бауырына тығыла түскенін өзі де байқамай.

- Ыңғ-ақ, ыңға-ақ! - деп құс көмейінен сүзіле шыққан үн

күмістей сылдырап су бетіне төгілді. Сонау биқтен сорғалап тогіле ауаны ақ төсімен тілші, керіле түскен қос денені құшагына алған көл: «Аруларым, келдіңдер ме? дегендей, дірілдене тоқып кемерін соғып, шөп-шөп сүйіп жатты. Мамықтай аппак денелер қауырсынды қанаттарын жиып, табиғат анасы желни тастаған көк жібек корпедей көл қойнына сұнги жөнелді. Әсем көлдің қайыр жағасы қоңыр түсті далап жаққан арудың ерніндей жып-жып етеді. Әлгі бір толқын қайта сершілгенде тәттіге тұшынып, аузынын дәмін енді алғандай, немесе таңдайын қаққандай, бодеге дыбыс та шығып қалды.

Міне, қос акқу сұңғіп-сұңғіп алыш, жалтыры кең таза көл бетін сыза жүзіп кетті. Ерсілі-қарсылы толқыннан шимай иректер ойнатып, су бетін кестелеп жіберді. Бірінен-бірі бір елі не кейін, не ілгері озбай катар жарыса жүзеді. Бір жағадан екінші жағаға жеткенше қолтықтай иілген мойындары өзара айқасып жабыса қалды. Мұндай сәттерде олар жузбей көл бетінде үлпілдеген ақ жастықтай қалқып қалады. Артынша-ақ, су бетінде қаздақтай жұғіргісі клгендей қанаттарын тұтас жазып, топшыларына сүйеніп, сыныра жортады. Әсем ойынның көкей тәттілігін көздырар жері де осынысында екен. Бұл сәттердегі жұбайлардың сыйызғы тартқан үні сәбидің дауысында тәтті.

Осыдай тұстарда Сарқыт пен Балғын да дала аруларына қалай еліктеп кеткендерін білмей өзара жақындай тұседі. Лұп-лұп соққан жүрек дыбыстары өзара қосылып, ауыздан шыққан леп араласқалы қашан! Екеуінің де жүрек басында «Аққуды конақжайынан үркітпейді» деген халық нақылы. Бұлар сәл козғалса, қос ару шошымаска лаж жок. Ендеше козғалма, көрінбе. Бұлар әуелде егіз қайыңын түбін тасалап отырган. Сол манағы тізерлеп отырысқан күйінен селт етіспеді. Расында, бұларды мына сұлулық әлемі біржола арбап қозғалтпай матап тастаған-ды.

Міне, аққулар бұларға қарсы жүзіп келеді. Тұп-тұнық су бетіне өз суретін өзі салған мұндай перизатты кім көрген. Өзара

ерекшелігі жоқ неткен сұлулық. Екеуі де аппақ. Бірінен-бірі тұ-  
гандай. Су бетінде де, астында да екіден акқу, жылт-жылт от  
боп жанған қара маржан көздер. Міне, міне кеп қалды. Тіпті  
қол созым. Көл жагасында есken кайын түбіндегі қос құрбы-  
ны әдейі көргелі келе жатыр ма. Сарқыттың шошытып алма-  
сақ етті деп қысылғаны соншалық, мәндайынан жіпсіп тер  
шықты. Балғын демін ішіне тартып, тынысын үзді. «Рахмет,  
құрметтеріңе, жаны бейбіт, жүрегі пәк құрбылар» дейтіндей,  
көгілдір сәуле шашқан көздер. Осы кез екеуі де бөтен иіс сез-  
гендей мойындарын ілгері созды.

Аққулар қайта жүзіп барады. Төбеден төне түскен ай да  
кірпігін әлі қакқан жоқ. Осы тамашаны көрмей қаламын ба  
дегендей көл үстінде тұр. Аймен жағаласа жымың қакқан жұлдыз-  
дар да көл түбіне меруерттей шашылып, жалт-жұлт етеді.  
Жылжып жүзген аққулар сол меруерт сәулелерді қуып жүрген-  
дей кейде шоршып-шоршып түседі. Ай су астындағы қөп  
ұшқынның оргасында қалған жалғыз шоқ тәрізді. Кейде көмес-  
кіленіп, кейде жалтырай түседі. Жұлдыз теріп жүр ме, әлде айды  
тістемек пе, қос ару ұзын мойындарын су астына жүгіртпі,  
шолп-шолп ойнады. Сузіле сұңғіп, ілгері жүзеді. Айлы ақ  
тұннің бар қызығы сол екеуінде болса, ал, сұлулық дүниесін  
тамашалау Сарқыт пен Балғынға ғана бүйірыпты. Тіпті үп  
еткен жел, сыйбыр еткен дыбыс жоқ. Бар тылсым-тіршілігі  
ақиқат өмірдің әсемдігіне құлай беріліп, бір сәт қалғыш кеткен  
сияқты.

Иә, осы сұхбаттың қуәсі - екі жасты айтши, олар сол аққу  
еркелеген айлы тұннің құшағында отырып, өз махаббаттары-  
ның ерте көктемде гүл жарғанын білді ме екен? Мүмкін білген  
шыгар. Бірақ, ләм деп тіл қатыспағандары несі? Әлде сол өздері  
көрген бейнелі дүниені өнеге тұтпақ па. Болмаса махабbat тілі  
дабырасыз бола ма?

Шіркін уақыт жүйріксін-ау. Әсіресе, адамның бақытты өмір  
кешкен сәтінде сенің ұшқыр болып кететінің бар. Бүгін де

сөйттің. Ақкулар да әлі үйықтаған жок. Сарқыт пен Балғын ше? Эрине, олар да. Сен де үйықтамадың. Таң да атты, кең далаға алтын нұр шашқан құннің табагы көтерілді. Әне, сөйтті. Оны асықтырған сен өзіңсің, уақыт! Осы түндегі бүр жарып жапырактанған агаш, алаканын жайған гүл, көк шалғыны шайқала өскен далаңды тағы бір қараңы өзің. Тындашы, дала ән мен күй емес пе? Бақыт, бейбітшілік, тәттіліктен өзге не бар мұнда. Тындашы! Соның бәрі - махабbat. Тек жастық үні, өмір үні.

Иә, сол күні Балғын үйіне ерекше ыстық сезім ала келді. Гүнде үйіне қонбаған қызын әбіржіп карсы алған Зура ана:

- Балам-ау, бетіңе не жаққансың? - деп таңданған-ды.

Шешеден титтейінен сыр жасырып көрмеген Балғын:

- Апа, қызық, ғажап! Мен бүгін аққулармен бірге түнен келдім, - деген.

- Аққулармен? Қайдагы?

- Иә, аққулармен, Кекілдікөлдегі.

- Не дедің, жаным? - деп қызына таянған Зура аналық жылы мейіріммен бетіне қаны теуіп, нарттай болып тұрған қызын маңдайынан иіскең:

- Бақытты бөлады екенсің, жаным. Акку-құс патшасы ғой. Бақыт құсы ғой. Шошытып алған жоксың ба?

- Жоқ, апа. Олар үрікпесін деп бір түн қыбыр етпей отырдық.

- Отырдық? Тағы кім бар қасында? - ана құдікпен қарады қызына.

- Басқа емес, апа, Сарқыт, - деді үялған Балғын.

- Ақбұлактагы Бәкір шопанның баласы ма?

- Иә.

Басқа сөз айтпаған Зура:

- Құнім, бақыт конған маңдайынан, әркімге кез бөла бермейтін сұлулық көрген көзіңнен айналдым, - деп емірене сүйіп еді...

Келесі жұмада Сарқыт азаматтық борышын өтеуге армия катарына жүріп кеткен. Содан бергі, бұл келген, міне, үшінші қоктем. Сағындырып келді.

- Балым, - деп мөлдірей сүйген жігіт аттанарда, біздің тойымыз қос аққу сонау айлы түнде оз тамашасын өткізген Кекілдікөлдің жағасында өтеді, - деген-ді. Сарқыттың сол дауысы Балғынның құлағынан әлі кетпейді.

Отар шетін аралап келе жаткан Кекілді жаққа қарай беретіні де содан шыгар және Сарқыттың армиядан келер мезгілі де бүгін-ертен ғой. Элде аққуларды тоса ма, кім білсін. Өйткені, оның алғашқы махаббаты оянуына себепші солар емес пе?..

Жел қағып тотыққан мәндайын күнге беріп, көл жаққа ашық аспанға көз тастаған қызы бейнесінде сағыныш оты бар-тын. Бүйрек беті, қалың қылған қасы, әнтек түрліп тұратын еріні, ләzzат іздеген оттың көзі сол бір түнді көз алдына келтіріп тұрды. Балғынның жүргегі елжіреп кетті. «Бақыт деген не? Оның да кол-аяғы, аузы-мұрны, жүргегі бола ма екен? Қандай болады екен өзі? Бұл өмірде бақытты көзімен көргендер бар ма екен?» - деп ойлаган қызы: «Анада апам бақыт қонған мәндайынан айналайын» - деп сүймелеп пе еді. Иә, сонда не көрді екен? Ана жүрегінде әлдекалай жансактық болуы мүмкін бе? - деген ол гершіген мәндайын алақанымен сипап өтті.

Осы кездे сынғырлаған акқу үні естілді. Ол тұрган орнында шыркөбелек айнала дөңгелене қарады. Аспаннан іздең жүр.

- Аққұлы қоқтемім менің, бақыттым! - деп дауыстап жібергенін өзіде сезген жоқ. Қанатын жайған қос аққу төгіле сорғалап, Кекілдікөлге кона берді. Оны айқын көрген қызы тағы да: «Махаббаттым, қызығым» - деп сыйырлады үні езіле. Аққу мен қызы махаббаты арасында ешбір айырмашылық болмаса керек. Шіркін мөлдір, тазалық-ай!

## ҚАРАБЕТ

Біріне-бірі керегар екі құш бір ауылдың сырт көзді сүйіндірген, талай дуалы ауыз, пәтуәлі жандардың «Шіркін, ел болсаң осындаі бол! Бірлігі мен туысқандығы, ымырасы бақ қондырып, дәүлетін тасытқан» деп таңдайын қақтырган киелі орданың шаңырағын ортасына түсіруге айналды. Ойда-жоқта іргесін шайқап-ақ жіберді. «Береке кетерде бірлік қашады» деген сөздің жаны болғаны ма, әлде «бір асканға бір тосқан» деген осы ма?! Бірінің сезінен, дітіне түсінбей екі дүлей қаранғы зынданың түбінде кездескендей жұлысып-ақ кетті. Өліспей берісетін түрлері жоқ.

«Қамысты бос ұстасан қолынды қияды», оларды ық еткіз-бес үшін жанды жер, басты құретамырды қи! Сонда ғана жанталаспай қолға тұрады. Ағайынды екеу бір-біріне тесіле кара-ды. Үлкені қішісіне басын изеді, ләм деп жақ ашкан жоқ. Мына пәтуаға келіскеңі... Ақыры олар айтқан құретамырды бір сәтте қып тастап өз дегеніне жетті.

О шеті мен бұ шеті атшалтырым ауылдың бір шетінде жасы тоқсанды тоғанактаган Сүйір карт шай кесенің түбіне пісте май құйып, сықсима шырақ шам жағып, басы қалт-құлт етіп, ішіне жылан толып кеткендей: «О, құдіреті қүшті бір Алла. бұл қай әмірің? Бұл қай қолынды кес деген пәрменің? Өлер шағымда көретінім осы ма? Ертең о дүниеге барғанда, мамыражай өмірдің, ымыра бірлігін, адамгершілік татулығын мұраға қалдырып, ықылым замандар берекесі тасып келе жатқан адальық, пәктік, ізгілікті қасиеттеген ата-бабаларыма не бетімді айтамын? Жалғанның қызығына сатылған дүниеконыз өз пайдасынан басқаны білмейтін, ел-жүрт ымырасын түсінбейтін,

ар-ұяттан безгендер тендік бермей, ойна келгенін істеп, өз билігін жүргізді деймін бе? Жок, әлде бұл тығырыктан шығатын жол бар ма? Ей, ұлы рух бабалар әруағы, қалғып кеттің бе, шақшадай бастың шарадай болған шағында демеп, желеп-же-бесенші! Әлде имен қағып, ақ таяғымды беліме қыстырып, мынау озінен өрген, өзінен тараган алты жұз тұтінді тік тұрғызып, бетімен кеткен арсыз «қос тажал» атанған тентектердің жолын кесейін бе? Ел керек пе, есер керек пе?..

Екі тауды көзге көрінбейтін алып күш иғына салып ап бар пәрменімен бетпе-бет кеп соғып жіберуге алып келе жатыр. Бір жағында - арамза, албасты пейіл, екіншісі - ебелек ақ шуақ, аңғал сағым сенім. Не болар екен? Былай қарағанда бір де-ненің бойындағы екі көз біріне-бірі шабуыл жасағалы тұрған сияқты. Сондағы себеп пе?

Қараптан-қарап тұрып, ойда-жоқта бұлтсыз аспаннан жай түсті. Бір-ақ сәтте алты жұз үйде шам сөнді, алты жұз шаңырақ шөлге қамалды, сусыз қалды, алты жұз тұтіннің оты өшті. Бір кас-қагымда аты аңызға айналған Қыдыр қонған дала қас-іреттің шаласын құшақтап, бала-шағасы шулап, оты бықсыды да қалды.

- Бұл не масқара?

- Бір атанаң баласы едік, бір кіндіктен тарап қанша дәуірлер, не қындық кездессе де мойымай, бірлік, туысқандық діңгегінің бауырында есіп, мұратымыз асыл, тілегіміз кабыл еді. Өр нәрсенің шегі бар емес пе? - деген уытты сөздер ел ішін кезіп кетті. Түсініксіз дағдарыс болып, әр босағадан аттап, төрге озды. Мұның ақыры не болар екен?

Бозала таңда Сүйір карттың тарғыл дауысы қатты шықты. Кенес дәуірінде бірнеше жыл кеңшар басшылары отырған бұл күнде Абыр мен Дабырдың ақ босағасы атанған еңсілі ғимараттың алдына елең-аланда жиналған жүртты дүр сілкінті.

- Бір-екеуің барып Абыр мен Дабырды шақырындар. Тез келсін! - деп Сүйір қатты ширығып, бұл сөзді бүйірып айтты.

- Е, бәсе, - деп қалды көп ішінен біреу, карттың әмірін арқаланып.

- Жыламаган балаға емшек жок.

- Апыр-ай, мына ақ қар, көк мұзда тас қарангыға, сұық үйгес, сусыз шөлге қамап қоюға дәті барғандары тас бауырлық емес пе? Бетімен қайырусыз кеткендік те осы шығар?

- Тек! Иттей шуламандар, бассыз үйдің иті үргіш демей ме, - Сүйір карт копті жекін тоқтатты. Мына масқараның тамырын қазбай іс онбайды. Келсін өздері! Құр даурықпай, ақылмен, сабырмен тілге келейік, - деп кідірді. Ләм деген ешкім болмады. Бір атаның бүгінгі көзі тірі абызынан бәрі ықтап, тілін тістеді. Сыйлағаны.

Күн түске айналған. Абыр мен Дабыр келе қоймады. Қарт үш бүктетіліп, ақ таяғына асылып, жерге қараган күйі, басын көтермей әлі отыр. Ыбыр-жыбыр сездіре қалса, еденді ақ таяғымен бір нұқып, жүрттың үнін өшіріп қояды. Тірі жан қыбыр еткен жок. Бәрі қарттың етегіне түскен ақ сақалының ығына жығылған.

- О, ата, күн тәбеле шықты, - деді шыдамы таусылған біреу.

- Сабыр, сабыр, шырактарым, ішіме сыйғанда, сыртыма сыймайтын қайсы бұл шыдамсызданған? - деп ақырын тамағын кенеді.

Осы соңғы дауысты естігендей «Джиптерінін» есігін бірінен соң бірі дүрс-дүрс жауып, алқа топты қақ жарып Абыр мен Дабыр да ене берді. Бабаға сәлем бермей, демдерін ішіне тартып, үйінде қорғасында жүздері түтіндеп, түнере төрдегі орындарына озды.

- Иә, бұл не жиын? Көтеріліс пе? - Абыр ала көзін алақтатты.

- Ей, Құдайдан безген, аспаннан түстің бе, жерден шықтың ба? Әзірейлімісің, Мәдімісің? Мына халық сенің екеуінің кайқатынынан туып еді? Қарандар, коздерінді ашып, - қарт қаһарланып кетті.

- Ал, сөйлеңдер!

- - Иә, көтеріліс! Бұларды қырып тастайтын полеметің, ұнтақ тастайтын бомбаларың бар ма? Қане, ат, таста!..

- Тараңдар! Кетіңдер! - деген Дабыр айқайлад әмір етті.

- Ей, бейәдеп, бетсіз! Айқайлама! Қайда, кіммен кездесіп отырғаныңды біл! Мына шимандай елді бір тарының қауызына қамадындар. Енді айтқанын істе, айдауына жүріндер!

- Не керек өзі? - Абыр орынан атып тұрды.

- Эр үйге жылу, электр жарығы, ішетін су керек.

- Ә-ә, солай екен-ау, - бет-ауызы жыбырлап, кекете құліп, - бір тұтін, бір үй қалмай судың, жылудың, жарықтың ақысын толемей, оның бірде-бірі іске қосылмайды.

- Ей, шырагым, тауықтың коразындақ қоқиланба, сабырга кел! Ақыл патшасына бағын, - көзі жасарап, қас-қабағы діріл қаққан қарттың зор дауысы үзіліп-үзіліп әрен шықты, киналғаны үніпен сезілді. Қартты қолдаганы ма, Абыр мен Дабырдың мен-мендігіне ызаланған көпшілік шулап кетті. Жан-жақтан сөз тас-бұршақтай жауды.

- Басынбаңдар халыкты!

- Сабаларыңа тұс!

- Ол сендердің жеке меншіктерің емес, - Сүйір қолы дір-дір етіп ақ таяғын көтерді осы кезде. Сүлеймен пайғамбардың аса-сын көргендей, қарттың қымылдана көпшілік қайта тына қалды.

- У-ай, найсаптар, не деп тұрсындар осы екеуін? Ол кеңес үкіметі құлағандағы мына еңбекіні халықтың үлесіне таратылмақ мал-мұлікпен қоса ұжымның меншігіне берілген осы халықтың игілігіне қызмет ететін құндылықтар! Айтындаршы, мына сендерді өмірге келтірген халық естісін, қандай жасырын әдіс-айламен екеуін сол дәүлетке ие бола қалдындар?

- Бізге берді, біз алдық. Осы топыракта не болса, бәрі біздікі!

- Кім берді, қалай алдындар? Соны ғана айтындаршы? - қарттың ақ таяғы тағы да ауада бұлғалактады. - Мыналарды тыңдандар, не дер екен дегендей, көшті тыныштыққа шақырган сияқты.

Жарыса сөйлеген Абыр мен Дабыр:

- Бізге аудан, облыс, - дауыстары үзіліп-үзіліп шығып, - одан ері слід кім билесе солардың бәрі-бәрі берді. Біз жеке шаруа қожалығымыз. Ұжым деген баяғыда шейіт болған, ол жоқ қазір! - деді.

- Токтандар, сонда сендер мына момын елдің бар нессібесін, ақысын, өздеріне айтпай сыртынан иеленін кеткенсіндер ме? Кім ондай үкімді жасаған?

- Үкімет! Қолымызда мәңгілікке, тіпті ұрпагымызға мұрагерлікке берілген құжат бар.

- Тек! Үкіметтің бармайды, халықтың ырзығына қол салмайды, - қарттың мына сөзіне шамданған Абыр ашуына бұлығып, қорбаңда:

- Сейфте жатыр біздің құжатымыз, басқа түгіл Құдай жарастқан өздеріңін қонысын, кең байтақ дала да, ұзын акқан өзенде біздікі, - деді.

- Сол сұмдығынды ашып айтпайсың ба? Мына халыққа беретіндерің бар ма?

- Бар. Тек ақшаларыңа сатып аласындар. Осы бүгін жылуға, суға, электр жарығына тиісті қарыздарынды төлендер, қазір бәрін іске қосамыз.

- Мен әлі түсініп болған жокпын, балалар, өз бабаларың Орман шалдан өрген үрім-бұтақтан өрген бар ырзық-дәулетін иемденіп, өзінің меншігіне алып, қожалық ететін билікті сендерге кім берді? Жетті сендердің зорлығың, итіңен бастап, мысығыңа, тышқаныңа дейін бір-бір шетелдік машина міндің, аспанмен таласқан бір-бір зәулім сарай, қалаларда бас-басыңа үй салдың, қапшығында еуро ма, доллар ма, теңге ме қыт-қыт ақша. Ел байлығы май болып босағаңда акты. Міне. бүгін соның бәрін ұмытып, халықтың көз-жасына қарамай, аспандағы айға секіріп отырсындар, токтатындар ессіздікті!

- Алдық! - Абырдың даусы саңқ етті. Сөз тәмам! Қане тарапдар! - Ағайынды екеуі Абыр мен Дабыр жұртты кимелеп, есікке қарай беттеді.

- У-ай, кәzzап жаратылыстар! - Сүйірдің аңы дауысы кинала шықты, - кане аттап көріндерші табалдырықтан. Енді мына ақ таяқ сойлейді, бұл адамдық, адалдық бейнесі, биліктің әміршісі, ізгілік найзасы!

Тұтігіп ашу буган екеу есікке барын салып ұмтылды. Сендей сірекен көп ығыса коймады. Бұлар көшеде келе жатқанда кеудесін қагып жол беріп, тағзым ететіндер қыбыр етер емес, бәрі тұксие қарайды. Түйлген қабак. Тістенген кейіп тұнере тұскен.

- Қос қарабет! Қияннаттың өзі атанбаксындар ма, елден садақа кетіндер! Елінің сенімін тәркі етіп, баса-көктеп, барын тартып алып, маскара болған түрлерінді коріндер. Қырық мың гектар егінжай, 15 мың гектар шабындық, қыруар мал мен қанышама техника, көптеген гимараттар екеуінің өнешіңнен өтіп кетті-ау. Кіммен ауыз жаласып, кіммен жен ұшы жалғасқанын мына халық білмей отырган жок. Халықты басынған оңбайды, оларды Құдай қарғап, аруак атады. - Сүйір карт тебіреніп, айқайлан сөйлеп кетті. Жұртта әлі үн жок. Осы кезде: «Ойбай, өрт! Өрт!» - деген аңы айқай жетті. «Джиптер өртеніп жатыр, ойбай джиптер лапылдан жанып барады!».

Есікке ұмтылған көпшілік жанталасты, бірін-бірі итермелеп, сыртқа шыға алмай, кептеліп қалды. Екі дәу - Абыр мен Дабыр - торға тұскен аюдай қанша жанталасса да шығар есікке жете алмады. Екеуінің де түрі казанның түп күйесіндей болып қарайып кеткен. Ләм деген бір дыбыс естілмейді.

Көпшілік сыртқа шыққанда, екі «Джиптің» лапылдаған соңғы шоғы сөнді. Тұрған орындарында бықсып қана жанып жатты.

- Ей, зұлымдық, сенін бүйтіп арамнан жинаған дүниен кімге опа берер еді. Қара бет болды ғой бұлар, бүйтіп тапқан арам дүниен құрысын. - деген дауыстар ғана күніреніп шығып жатты.

Көпшілік тарай қоятын емес, шымырлаған сары аязда, бұлтсыз аспанда шың-шың етіп, «Қара бет! Қара беттер!» деген сөз ғана естіледі. Аяз сорған аїппак дала сықырлак. Даала мұлғіп жатыр.

ПОВЕСТЕР



## ШЕР ЖҮТҚАН

Кабинетінің есігі ашылғанда, миызырк ете қалған Нұргүлдің жаңын алғалы келген әзіреліні көргендей зәре-құты кашты. Тас мүсін тәрізді отырган орнында қатты да қалды. Тіршілігінен хабар беріп кірпігі де қағылмайды. Өзіне сан-саққа жүгірген ойығана ояу. Екі құлағы сыйбызың тартқандай ыскырып, бұлдыр тұман ба. коз алды кіреуке, сүзгі шымылдық тұтылғандай жыбыскыланып қоя бергені. Қиялында козге көрінбейтін алтыста түпсіз шыңырау теренде ме, шыңғырып өксіп еңіреген, солықтап әлсіреген үн құлағына еміс-еміс талып жетіп, меңрейіп отырган құр сұлде бейнедегі шалық сокты мұны ортаға ала берді. Ақыл ордасы - астан-кестен, түйсігі - у-шу. «Жұлын құртқой мынау! Не деген тойымсыз, араны ашылған аш-жалаң сұмдық еді? Бір емес, екі емес... «Дәніккеннен құнықкан жаман» деген осы ма еді, әлде?!»

Бас кесердің бе, қасаптың ба қолында жұзі қылпып, сілтегенін қыып түсер алмас пышактай жарқ-жүрк қадалған комекшіпін жанары қас-қагымда матаудағы киялы он сакқа жүгіріп, ку жаны куырдақ болған Нұргүлдің ойын: - Дәгірмісің! Неге бағжыып қалдың? деп айқай салып бөліп жіберді. - Өйтіп, дәгірленбе! Кү басынды бұлдан отырсың ба? - Устін-устін сөз шоқпарын сілтеп. ес жиғызбай сокқылап кетті, - тағдырың мына қолда - деген ол әлгіден де катууланып тістене түсіп, - мына қолдағы допсың! Қалай лактырам, қалай тебем, солай домалайсың, ашсам алаканымда, жұмсам жұдырығымда басын. Сені бастық бұл жұмысқа он ойланып, жұз толғанып тағайыйндаған. Айтқаны болады. Қазір мыналардың таңдағанын, ұнатқанын бер! Уақыт алма! - зіркілдеп зәрін шашты.

Үнінде «айттым - бітті!» деген бұйрық бар. Жаңа ғана үлкен бастықтан естіген әмірінің тірі көрінісі, жанды бұйрығы...

Оқ бол атылған осы улы сөздер Нұргұлдің жүргегінен қан ағызып жіберді. «Ку басыңды бұлдама! Дәгірленбе! Тағдырың мына қолда. Ол - доп, қалай тебем - солай домалайды» дегенді мұның пенде болып естіген сөзі ме? Адам болып жер басқалы мұншалық корланып, мұншалық жаны жүдеп, дәрменсіздіктің табанында езіліп пе еді? Іштей озегі күйіп, өз-өзінен күйзелді кеп. Тілі таңдайына тұсалып, аузын ашса, өкпе-бауыры ақтарылып түсердей. «О, ұлы жаратушы, не естірттін, не естідім? Жазықсыз пендеңе бұл қай азабың берген? Өзің жаратқан қара жеріндің койнын аш! Мына зұлымдық жайлапан қорлық пен кияннattan, зорлықтан шенгеліне қан толған өмірден қашайын, жоғалайын мәнгілікке! Жоғалтшы! «Дәгірмісің?» Мисызсың дегені ме? Басың менің қолымдағы доп!...» Қорлық пен зорлық жұтатын ауаға да у болып жайылғаны ма?..

\*\*\*

Нұргұлдің қиялында «Мен не жаздым?» деген сұрау ғана... Есілдің жағасында өскен құндыздай көк құрақ қалың орман. Қунде өзі рахат құшагында жүретін, қызықты, шуақты мекені. Төнірегі - бала үні. Балапанын ерткен акқудай, айдын қол... бейбіт өмірдегі өзі. Ләzzатқа толы неткен сұлұлық жанын үзген әдемі сурет. «Тәубе, осынша бақытқа! Қанша пәк жаратылыс ақ ұлпа періштелерге бас тәрбиеші атандым. Бұлардан қүні ертен әлдебіреу: «Анаң кім?» - деп сұрай қалғанда, менің есімімді атамай, кімнің есімін атар... Ей, ұлы өмір-ай... Осылардың ержетіш, азамат болып, Отанына, еліне қызмет еткенін көрсем-ау, тіршілігімде арманым болмас еді. Шіркіндерді көзтүрткі тағдырдың тәлкегіне, зұлымдықтың отына түсірмей... Расында, қанатты құс та, жан-жануар да жанымен аялап, ұрпағын мәпелеп өсірмей ме? Сонда... Иә, мен... иә, сонда бұлар, -

одан әрі киял пырағына құрық салған Нұргүл: «Ей, абзал касиетті жаратылысты өмір, бұлар да өзінің келешегің, өсер үрпағын... Осылардың арасында болашақ ғұлама, ойшыл, дана, батыр...» - осындай ой оны үшпакқа, жарқын әлемге ұшырып кетуші еді. Сол ана жаны бүгін...

Қаншама жылдар шірінді үрмек коқыспен көміліп шық шылауынан ғана сыз жұтып, талмау тамырдан өзек жалғаған арса-арса жыртық күпі орманды арналарды биыл Есіл өзені арқырай тасып, дүркірек жуып өтті. Дүр сілкінген бүк, жел қакпай, су шаймай, қолансалы қолтықтай ііс ластан тазарған арналар аз күнде көк барқытқа оранып шыға келді. Мөп-мөлдір аспан мен жер ана аймаласып, тұма сұындай ауа жылы ағыс болып толқып жатыр казір.

Бұл Нұргүлдің жаны шуак жұтқан конілді құндердің бірі еді. Балапаның өргізген ана қаздай сабилерді ертіп осы бір саябактай көкжібекке оранған жерге келсе болды, ойына сап етін Алтынжапқан биігі орала кететінді шығарды. Ақиқаты Нұргүл үшін Алтынжапқан - бұл әлемдегі ең биік, ең сұлу, көркі көздің жауын алған жалғыз тау. Тау болғанда да ұлан-байтақ жазираның бетіне біткен мендей-ау, мендей! Окшау, бөлекше, ыстық көрінеді көзіне. Табиғат-ана бар ықылас мейірін төгіп, ерінбей - жалықпай Сарыарқаның теніздей толқыған атырабына осы дара биікті мырзалықпен сыйлай салыпты. Өзін тағы Алтынжапқан атаған. Оның басқаға беймәлім сыры бар. Алтынжапқан десе Алтынжапқан! Бұқіл тіршілікті, жайсан әлемді нұрына болеген күн дүниеге касын керіп, қабағын ашқанда жарқыраған жақұт сәулесін ең алдымен осы биікке шашады. Содан, соны аймалап әбден құмары қанған соң ғана әлгі сап-сары алтынжаһуттан қалғанын бөгде дүниеге төге салады. Әнен, бұл тауға біткен осы ұлы касиет Нұргүлдің жадында бала күнінен өшпей қалған сурет. Ол сурет ойына оралған сайын бір жасап, көнілі өсіп сала береді. Туған жер касиеті-ай демескे бола ма ондайда.

Осы тау биігінен көмейіне мәңгілік күлкі тұнған қасқабұлақ-

Тар жарыса құлап, сонау етекте айналасына көздің кірпігіндей болып қалың құрак ескен Қоскөлге таласа келіп төгіледі тағы. Сол бұлактар еркелеп шапқылап кеп құлаған етекте меруерттей үгілген, ұстасан қолында сусып, бассаң табаныңа жүқпайтын ақ керіш қайран, биыл сонау қиялдағы мекенінен ғайыптың құдіретімен мына Есілдің орманды жағасына келін тұна қалыпты. Өзі отыра кетсең - мамық, жата кетсең - жастық. Һасқан ізің ойылып, енді қараганында қайта тола қалады. Мынау ойын балалары үшін рахат құшағы, табигат ана жая салған тәсениш дерсің. Өзі електен өткендегі әлде сүзіп, жуып тазартқандай сусып төгіліп жатады. Шалғайда қалған Алтынжапқан бауырындағы аккүмак, шық жүқпас аққайранды, сол бір бала кезін есіне түсірген, қазірде сондағы өзі болып ойнаган балалар үні, мың-мың құс дауысы құлагына тұнып, ләззат болып оралды тағы бір сәт. Бойын содан енді кеп көкейін жарған өшпес ыстық сәуле болып тамылжыған сағыныш биледі Нұргұлдің... Қайран, Қоскөл!

Абыр-дабыр жанды қуыршақ балғын топ балалардан бөліне көзіне түскен кекілін қайырып, танауы желпендерген бала:

- Ал, кеттік! Анау дәкей ағаштың көленкесіне, - деп дауыстады да, - сонда барып «Тәуелсіздікті» ойнайық деді. Баланың көтерінкі шықкан дауысы өзімен-өзі болып отырған Нұргұлдің ойын бөліп жіберді. Әлгі баланың соңынан жүгіре ерген балалар топтала берді осы кез. Бәрі енді жапырағы жайылған алып еменнің көленкесіне Нұргұлдің қасына келіп жайғаса қалды. «Тәуелсіздік» - соңғы жылдары шықкан балалар ойыны. Өзінің көп дауыспен айтылатын асқақ әні бар. «Елім менің кең байтак, жерім менің желбіреді көк туың» - деп шырқалған жігерлі ән сөзінде жанды баураған рухани қуатты сезім асқақтайды. Шүпірлеген топ өздерін бастап келген баланың бетіне қарап, сол ойынды бастауын күтіп қалған тәрізді. Бәрі соның жүзіне жаутаңдал қарап қалған. Ол екі қасының арасы түйліп, бірдене айткысы келғендегі қипақтап, Нұргұлдің қасына келді.

- Тәте, - деді ол сәл абыржыған жасқаншақ сәби дауыспен, мынау агаш, аумагы алты қанат үйдеге еменге жаудырай қарап, - неге мұндай дөкей? - деді үнінде балалық таңдану бар. Аялы жанарына ой түйген күйде.

- Бұл емен гой. Коп жылдар, ғасырлар жасаған агаш. Және құнарлы топыраққа тамырлаған, - деді бала түсінігіне жеңілдеу ұғымды сөз таңдаған ойланған Нұргұл.

- Емен... көп жылдар... жасаған... - бала бас тәрбиешінің сөзін бөліп-бөліп ірікten теріп қайталап тұрды да, - құнарлы топыраққа тамырлаған дейсіз, ә? - Сонда мына қасында өскен басқа ағаштар неге мұндай емес? - деді.

- Олардың тұқымы басқа, көбі, - дей берген Нұргұлдің сөзін аптыға бөлгөн бала:

- Тұқымы деген не? - деп таңырқай қайталап сұрады.

- Тұқымы дегеніміз, мәселен, мынау тұрган ғасырлар, көп жылдар өмір сүретін сүйегі ыстыққа, суыққа төзімді емен. Мынау орман болып даланы жауып тұрған қайың, терек, шырша, тал, жиде, самырсындарға қарағанда тамыры теренге, жердің сулы, құнарлы қабатына кететін өсімдік. Содан да ол ұзак өмірлі, әрі мықты, шөлге шыдамды.

- Тамыры... тамыры, - бала екі танауын кезек-кезек шұқылап ойланған қалпын бұзбай - тамыры да осындай дөкей ме? - деп сұрап таңданысын қайта білдірді.

- Иә, мұның тамыры да теренде. Сол арқылы бойына қуат жинайды. Бойы, бұтагы, жапырагы молайып өседі. Дінін толтырады. Осындай болып өсіп дөкей болады, - деді. Ішінен «апыр-ай, мына баланың төтен ойын-ай», - деп таңырқап, жапжас баланың қойған тосын сауалдарына разы болған тәрбиеші «басқа балалар неге осылай ой сабақтамайды, ә» - деп ойланған калды.

- Тәте, - көзінде маңағыдан да бөлекше таңданыс пайда болған бала, - адам неге ондай емес. - деп сұрағын күрделендіріп кетті. Баланың, зейін, ықыласына тәнті болған Нұргұл жанын

осы сәт рахат шуағы барады. Карғадай баланың қара ормандай сауалы таусылар емес. Қара көздері шоқтанып, жан-жағына қазымырлана қарап, тәрбиешісіне ересек кісідей көрініп те кеткен. Нұргұл биязы үнін созып:

- Адам табигаты өсімдік әлемінен басқа. Халықтың тұтас өмірі ғана осы еменге ұқсайды. Біздің халқымызда, мына казак елі осы емен сияқты алыш, - дей берген тәрбиешіге таяна түсіп:

- Біздің халық - казак осы емен сияқты, ә, тәте? Осы емен сияқты дәкей, ә, тәте? - деп таңдана аптығып, білмегін қайталауды бала.

- Иә, осы емен тәрізді, - дей берген Нұргұлдің ойын аяқтапай сабырысyzданған:

- Алакай! Мен... Мен де, осы мына бәріміз оскенде осы емендей дәу боламыз, ә, тәте. - деп қуана күлді.

- Боласың! Бәрің де осы емендей боласындар. Бәрің-бәрің...

- Бәріміз! - деп шулаған балалар жүгірісе жөнелді.

- Иә, осы емендей боласындар, - деген Нұргұл де өз куанышы құшағына сыймай орнынан ширақ қозғалды.

Көпке дейін әлгі бармақтай баланың «Тәте, менің тамырым жоқ қой, мен қалай мына емендей дө-өкей боламын» деген сөзі құлағынан кетпей қойды. Адамның тамыры білімінде, ақылында, санасында болады. «Болайын деп тұрган бала», - деп түйді ойын сонда бас тәрбиеші.

\*\*\*

Желтоқсанның соңғы күндері. Қар қалындағы түскен. Оның үстіне бүгін таң алдында еселеп жауған ақша қар түсіпті. Таң-сәрідегі аязда жаңа жауған күміс қарды асфальт көшеде сықырсықыр басқан Нұргұл бүгін жұмыс орнына әдеттегіден ерте келе жатты. Қаладағы балалар үйінің директоры болып тағайындалғалы жаңа қызмет, жаңа міндеп, сенім беделі ме, оз жұмысына деген жауапкершілік пе, әйтеуір қызмет орнына басқалардан бұрынырақ баруды дағдысына айналдырган.

Таңғы аяз шымыр екен. Қыс пальтосының жағасын көтеріп, мойнын ішіне алып, жылдамырақ жүріп, қызмет үйіне де жеткен. Бір көшениң жартысын алған екі қабатты сәулетті сарай - балалар үйі анадайдан жарқырап көз тартады. Алды самала-дай жарқырап жанған электр шамдары.

Сыртқы есікке келе бере әлгінде ғана мұнда кіріп шықкан соны іздің сайрап жатқанын байқады. «Мына беймезгіл шакта мұнша ертелетіп келген кім болды екен? Өзі бірақ қайта шықкан екен, ә. Бір-ак кісі, бір-ак із», - деп сәл кідіріп, алды - артына көз жүгіртті. Бірақ бейсеубет көзге түсер жан байқалмады. Сыртқы есіктен енді кіре берген Нұргұл шоқ басқандай қалт тоқтады: енді болмаса басып кетердей құндақтаулы бала жатыр. Нәрестенің демі бітіп, тынысы тарылып, дауысы қарлығып, тұншығып бара жатқандай. Қыр-қыр, әйтеүір шықпаган шыбын жаны ғана тіршілік хабарын беретін сияқты. Нұргұл құндақты көтеріп, жанұшыра жүгіре басып кабинетіне жетті. Құндақты жалма-жан шешуін шешсе де, одан әрі не істерін білмей аңтарылып қалды. Шарананың тамағы қырылдап, енді болмаса тынысы үзілердей болып кетті оған. Мұндан сәтті әйел болып басынан кепіп көрмеген, сәби ұстамаған Нұргұлдің зәресі қалмай дағдарып қалды. Бода-бодасы шығып, терлең, қысылды кеп. Не істеуі керек? Қарап тұрып адам өлтіргені ме? Өзі - ак сазандай ұл! Қалай болса солай, ебедейсіз жұп-жұқа кір шүберекі орай салған нәрестенің құні караң. Кіндігін де шала байлапты. «О, құдіреті құшті Құдай, мына шақалақтың жазығы бар ма еді? Кімге жазықты?» Нұргұлдің жаны езіліп, нәрестенің мүшкіл, өлім халіне жүйкесі босап кетті. Біреулердің құні-тұні жылап сұрағанда қолына түспейтін асыл ғой мынау. Қаныпезер қасиетсіздің, жаны лас, пейілі зұлым, қаны кара арамзага осындаи алтынды қор еттің-ау, Тәнірім!» - деген ол күйзеліс үстінде көз жасын төгіп-төгіп алды.

Сол сәтінде көрсетілген жедел жәрдем, тиянақты камкорлық, арнаулы күтімге берілген бала тез-ақ қатарға қосылып

кеткен. Әлгі көп сауал беріп тұрған ойлы бала сол. Атын Нұргұл өзі Дархан деп қойған.

- Иә, сонда... қайран өмір-ай, - деп күрсінді, жүрегін удай аңы запыран шайған Нұргұл. Осы жетім балалар сарайы салынған жер ол кезде бос жатқан кең алан еді-ау... Кемелмен танысқан, қосылған жылдар... Осы жерде қанша үміт. қанша сыр, арман айтылды... Шіркін жастық шақ, сағымдай бұлдырап өте шығыпсың-ау! Дүние - жалған деген осы ма еді! Махаббат ортіне жанып, бірімізді-біріміз бір сәт көрмей қалсак, өліп-тірілетін күндер-ай. Көзден бал-бал үшкан мөлдір жастықшақ, сенің алаулаған жалының да сөнді-ау. Сенің тек өкінішің ғана қалғаны ма сонда?! Шыбын жанды аймалаған ыстығынның жай әншейін өткінші желкем болғаны ма? Ең болмаса... Нұргұл өкініш отына шарпылып кетті. Япыр-ау, ең болмаса мына жалған дүниеде артымызда із... Из де... әлгі адамдардың артында түтін түтегерім болса дейтін арманы осы ма еді? Міне, енді келіп жер ортасы Қөктөбеде жалғыз... кара басым... со-о-пайып... Ол шым-шытырық ойға бата берді.

Нұргұлдің ойын Кемелмен болған сөз қағыс, тәжіке бөлді. Мұны аймалап, сәбидей құшақтап отыратын әдетімен, құлімсіреп қараған Кемел:

- Бір сауал қойсам, - деді.

- Қой.

- Ашуланбайсың ба?

- Мен саған қашан ашуланып едім?

- Сонда да, - деп кідірген Кемел, Нұргұлді құшақтап құшырланған сүйіп, - осы екеумізден ұрпақ болмай ма деп қорқамын, - деді.

- Неге? - деген Нұргұл оның құшағынан босап тұрып кетті де, түрі ақшыл тартып, - неге олай дейсін? - деді. Қанша ұстамды болғысы келсе де дауысы іріп, қатқыл шықты.

- Екеуміздің біріміз, - деген Кемел ойын аяқтай алмай көкей-індегі аңы сырын жасырып, бүгіп қалды.

- Екеуміздің біріміз шала жанбыз ба? - Нұргулдің дауысы қатыл шықты.

- Шала жан деген не? - деп қайта сұрады Кемел мына сөзге таңырқап.

- Енді қалай деу керек? Ерлі-зайыпты бола тұрып. өмірғе үрпак келтіре алмасақ, - деген Нұргұл осы кездे әйелдік осалдық көрсетіп солқылдан жылап жіберді. Оның көкірегін үш ұйықтаса ойна келмеген қасірет жыртқыштай арсалақтап кеп улы тырнағымен осып отті. Сазарып отырып қалған Кемел жанындаі көретін сүйікті жарын кеудесіне қысып басып аймалап:

- Бедеу деген болады дейді, - деді естілер-естілмес үнмен. - Мүмкін, - деді әлі де иығы діріл қағып, солығын баса алмай отырған Нұргұл. Сөйтті де шок басқандай Кемелдің бетіне шашшыла қарап:

- Әлде сен? - деді.

- Әлде сен? - деді Кемел...

Бұл ерлі-зайыпты жандардың жарық дүниеде тұнғыш рет және соңғы рет салқын қарасып, соңғы тіл катысулары болды. Арада ай өтті ме - өтпеді ме, Кемел ертесіне мәнғі ұйқыдан оянбай қалды. Опасы аз, қызығы мол, тым келте өмір-ау, талайдың тілін тістеттің-ау. Саган кімнің еркелігі жүрер еді... Әттең, әттең, - деп бармағын кім тістемес...

Мына көз алдында ықылық атып жатқан бүкіл өмір бойы сүйіп қосылған қос жүрек аңсаган әлем... сәби... Біреулердің таңды таңға, күнді күнге ұрып, бүкіл әулие-әмбиелерді жагалап, мойнына бүршағын салып тілегенде Құдай бермеген бір жапырақ шаранасы мыңау. Кемел мен өзі ше? Нұргулдің көзі қарауытып, екі құлағы шуылдан, басы айналды. Денесі от, жаны өрт болып түтігін кетті «Қандай тас жүрек, адамшылдықтан безген рақымсыз, қанішер көзі қиып, қалай ғана лактырып тастан кетті еken... Сол шарана ғой әлгі... бүгін өзіне неше түрлі сауалдар қойып, ойландырып таставан. Қайран өмір-ай, осын-дайлардан, іә осындейлардан даналарды тудырасын-ау...

Дарханның көп сауалы себеп болды ма, қызмет орнына келген соң да өзін қамалаған не қылыштар, балалық шагы, бірнеше жыл бойы өзі басқарып келе жатқан сәбилер үйіндегі өмір Нұргұлді ортаға ала берді.. Ойлап отырса өзінің балалық шагы басқаға ұқсамай, көп назарынан алыс тасада, шалғай құла түз, құба жонда откендей болып та кетті. Дәл мыналардай... осы жерде оның жүрегі шым етіп оқыстап шашып-шашып кеткені. Ол қабағын шытынып мандайын алақанына тосып отырып қалды...

- Біздің әке-шешеміз бүкіл өмірін мал соңында өткізді. Таныңың атысы, күннің батысы, «шэйт-шэйт» деп қой өргізіп, қой қайтарып, оның әр саулығына қозы ертіп, басшыларынан алғыс алушан басқа, олардың ойында ештеңе болмаған, жетім балладай жаутаңдаған жаны таза жандар еді. Жылт етіп жылымығы келген көктеммен бірге жайлauғa кошіп, жаздың аптабы мен күздің қара суығын дала құшағында өткізіп өмір кешті. Әкем аккоңіл, дархан, пейілі кен, бейнет десе белбеуін шешпей жанын тосесе, шешем де әкеммен бірге қогамдық мал соңында шылғауын шұбатып омірі таусылмайтын еңбектің, омірі толмайтын ала қабын арқалап, тіршіліктің не тауқыметіне қабақ шытпай өмірден өтті. Әкем: «Өмір ыстық-суығымен қызық, Күннің жарығын қадірлендер! Адам өмірі адаммен!» - деп отыратын еді. Аузынан тек жақсы сөз шығатын. «Осы екі құлынымды аман өсірсем, осы екеуін қатарынан кем етпесем» - деп өмешесі үзіліп, жаны қалмаушы еді. Мен әкемнің сол анқылдақ мінезіне қазір да таң қаламын...

Біздің үйдің әр жылғы тұракты жайлauы - Сарыарқа дейтін байтактың төріне әдейілеп, сары аяққа құйған алтындај жарқыраған Қосқөл. Осы көлдің жағасына қонсақ та қалы кілемдей түрілген кок балауса гүл. Шіркінді аяғынмен басуға да кимайсың-ау. Бәрі көк шұғадай үлбіреп керіліп жататын. Соншалық сұлұлығына ба, әлде шалғай шетте жатқандығынан ба,

әйтеуір көл беті қашанда құс атаулыға сыймайтын. Онда құс атасының атын өзім біле бермейтін, түсін түстей алмайтын неше түрі мекендереп. Өнін, есіп, көл бетін толтырып жатады. Эсіресе, жанды еріткен сұлудың сұлуы, құс патшасы аққулар тек осы көлді ғана мекендереп, осында ғана көбейетіндегі көрінетін маган.

Құданың құдіреті Қосқөлдің қай бетіне консақ та жыл сайын біздін үйдің жүгі артылған машинаны дауысы шырылдағанда төбе құйқаны шымырлататын ала қанат құс кес-кестеп қарсы алады. Өзіне қараганда аскар таудай машинаны тұмсығымен қағып өтердей болып, түйіліп-түйіліп келіп шыр-пыры шығатынын қайтерсін. «Шырылдама, қызғышқұс, шырылдама! Сен корыған колге біз де ортакпыз. Саған, сенің жұмыртқаңа менің балаларым тимейді. Шырылдама, жайына кете гой, - деп табиғатында артық сөзді білмейтін анамыз әлгі құс өзінің сөзіне түсінетіндегі оған сөйлеп қалатын. Жанұшырган, сұлу көлді бізден қызғанған ала қанат жалпылдақ құстың қызғыш екенін Нұргұл екеуміз сонда бірінші көрген едік. Дауысы неткен ашы еді! Бір жапырақ түріне қарамай, әлемге бар дауысмен жар салған сол құс әлі де көз алдымыздан кетер емес. Кіп-кішкентай түріне қарамай, жүрегінің түгі бар өзінің. Дүниені басына қотеріп, дала жолының шаңын қақкан машинаны соғып өтердей жанығып, қайта-қайта алды-артын кес-кестеп: «Қайт-қайт! Кет-кет!» - дегендеге ентелейді кеп. Төбемізге төне түсіп, тұмсығын қадай жаздал, жалт бұрылады. Дауысы құлак тесердей...

\*\*\*

Нұргұлдің алдындағы телефон шыр-шыр етіп безілдеп коя берді. Өзімен-өзі болып, қаннен-қаперсіз ойына ұйып отырган Нұргұл селк етіп телефон құлағын тіксіне қотерді.

- Тындалап тұрмын.

- Алло! Даусың неге естілмей отыр, - зілдене сөйлеген кісі

катқыл үнмен мұның жауабын күтпестен, - қазір сендерге, - деп бұйрыкты ойын таратып, - сыйлы қонақтар барады. Жаксылап, - ыңыранған дауыс әр сөзін нығарлап, шегелеп, - мәдениетті карсы ал. Бұл бара жатқандар анау-мынау емес, әлемнің таңдайын қақтырган беделді елдің құрметті азаматтары. Беталды лағып бірдене деп... оғаш сөз, кимыл жасама. Қемекшім ертіш бара жатыр, - деді де, - таңдағанын бер. Өздері көріп қалағанын алады, - деп сөзін ұзді.

Нұргұлдің үйкіда жатқанда біреу төбесінен мұздай су құйып жібергендей, қол-аяғы мұздап қатты да қалды. Маңайында тілдесер тірі жан жок. Дағарадай кабинетте жападан жалғыз. Мелшиіп, тіл-ауыздан айырылған жандай сілейіп отыр. Қасқағым сэтте төбесінен жай түскендей болды.

«Таңдағанын бер! Қалағанын алады!»

Осы сөздер Нұргұлдің жанын жеп, жүргегіне қанжардай қадалды. Не істеуі керек? Мына бұйрыкты орындауда мұнда мұрша бар ма? Мұны адам екен, тәрбиелеп отырганы малдың төлі емес, адамның баласы деп ең болмаса ақыл косып, сөйтсек қайтеді деген емеурін де танытқан жоқ. «Беталды лағыш, бірдене деп, оғаш, артық сөз, тіпті кимыл жасама» деп, қалай жүріп-тұруы, не сөйлеуіне дейін шектеп бұйрық берді емес пе?! Бұдан асқан қасіретті бұған дейін ізгі жан иесі көріп басынан кешті ме екен. Нұргұлдің екі шекесі солқылдап, құлағы шыңылдап кетті. Қос қолдап басын ұстап әлі отыр. Ойпыр-ай, мына сұмдық әрекет дәстүрлі үрдіске айналып бара ма? Бір емес, екі емес. Анадағысы анау... Тағы сол жолы өзі келіп, көзінің карашығы қылыштай қадалып тұрып: «Біздер, билік, лауазым иелері, бір шаруаны бастағанда әбден егжей-тегжейіне дейін ойламай, оның түпкі мән-мазмұнын сарапалмай, тіпті саяси астарын зерттеп алмай, әлдеқалай негайбыл қадамға бара бермейміз. Сіз мұны жадыңызға сақтаңыз. Бұдан былай менін телефон шалғаным - жазбаша бұйрық. Оны лауазым үйінен, биіктен түскен, талқылауга жатпайтын шешім деп біліңіз. Ал, телефонда мұндай

сыпайы сөз емес, «орында!» деген әмір ғана болады. Түсінікті ме? - Осы үнімен-ақ «айттым - бітті» дегенді үлкен басшы мықтап ұқтырган.

Мына естілген сол дауыс. Сол өзі... Қазіргі бұйрық бір мемлекетті аузына қаратқан зиялыштар отырған үйден жаңғырығып сым бойын қуалап жетті. Ізгары да, ыстығы да қатар келді ме, Нұргұлдің жүйкесін езіп барады. Енді қайттім? Кімге шагынамын? Мұның жолын кесетін күшті кайдан табамын? Ондай қуатты құдірет иесі... Нұргұлдің қан қысымы көтерілді ме, көз алды бұлдырап, екі шекесі шагып жүре берді. Мәңгіріп, ұнжырғасы түсіп, шарқ ұрып сана биігіне, өткен өмірге жете-леп кетті. «Қайран әке-шеше, туган ата-ана! Сенің жүрегінде, көзіндегі қарашығында екен-ау күн нұры, жұмақ шуағы! Ізгілік, сүйіспеншілік, адамдық, махаббат дегеннің жаны, жаратушсы ездерін бе едіңдер?! Сол құндылықты, өмір атты әлемді, мәрттікті үзу ме мынау... тамырынан бырт-бырт... Нұргұлдің маңдайы жіпсіп, жонынан мын құмырска жорытқандай қара табанына дейін шымырлап кетті.

- Рұқсат па? - деген өктем дауыс құлаққа жетіп үлгермей-ақ, кабинет есігін айқара ашып үш бірдей кісі кіріп келді. Қашанда маңдайына кекілін түсіріп, оны май жаққандай сипап қоятын әдеттімен сипалаған үлкен бастықтың көмекпісі бұған кірпігін тікірейте карап, - уақыт алмаңыз, тездетіп мына кіслердің, - деп шағыл түстес қасындағы екеуді қабағымен нұсқап, - жұмысын бітіріңіз. Балаларды түгел, бірін қалдырмай қатарға түрғызыңыз. Таңдау бұлардікі, - деді. Нұргұл не естіп тұрғанын пайымдамаған кісідегі бұл кісінің бетіне бақырая қарады. «Аман-дық-саулық жоқ, бұлардың ісі тек бұйырудан басталады-ау» - деген ой жүреғін шымшып өтті. Қипақтап стол үстіндегі қағаздарын жиыстырган боп, бөгелінкірей берген Нұргұлға көмекші:

- Неге сипақтап кеттің? Бастықтың бұйрығын әлгіде есті-ген жоқ па едің? - деп сіз біз деген сыпайығершілікті макұрымға лақтырып: - Тұр! Сен осы балалар үйінің директоры деп

айтып тұрмын. Сапқа тұрғыз балаларды. Тәрбиесілерге бұйыр. Тұрғызының қазір! - деп айқайладап тістеніп кетті. Қас-қағымда Нұргүлдің заманы бір уыс болды. Айтуға аузына сөз түспей:

- Ка-қа-қазір, - деп күбірледі, үйып қалған аяғын баса алмай денесі ауырлад.

- Не, тілің байланып қалды ма? Кай шешенің қағанағын жарып шығып еді? Сагатына алак-жұлак қараган көмекші, - бұлардың уақыты аз, қазір ұшаққа жету керек, - деп дігерлеп кетті де, - сол тастандыларды өзің тугандай болып тұрсың гой безеріп! Болды! Тез! Өзің дәгірмісің? Өйтіп дәгірленбе! Ку басынды құндан! - деп қайта дауыстады. Шағыл түстестерде тіл жок. Жаутан-жаутан көмекші мен Нұргүлге кезек қарап, өзара сыбырласып тұр.

Балалар үйінің алдындағы кең алаңға сапқа тұрған кілең қаракөз балалар «Тынышталындар!» деген зілді дауыстан кейін сілтідей тынған. Қыбыр еткен бірі жок. Бәрі демін ішінен алып, кең дүниеге түнере қарап қалған. Олардың ішінде не күйіп, не жанып, не бықсып жатқаны бір Құдайдан басқага беймәлім.

Шағыл түстестер, етімен ет болып жабысқан денелерін тырысылдатып қысқан джинси киген екеу, бала жоғалтқандай, сапта тұрған жас бүлдіршіндерді басынан аяғына дейін тінте қарап жүр. Көкшіл көздері тігіліп, тесірейіп қандауырдай қадалады. Саптың орта тұсына келіп, өзара өздерінен басқаға түсініксіз тілде күбір-күбір сөйлесіп, Дарханның қарсы алдына тоқтады. Ыржалак-ыржалак күліп, сондарынан қалмай әр қимылын бағып жүрген көмекшіге ері басын шұлғып, құлағына бірдене деп сыбырлады. Көмекші жәмпендей, оған құлдық ұрып кетті.

- Браво! Браво! - деген сары шашы бетін жапқан шағыл түстес әйел Дарханның кол-аяғын ұстап көрді де, олай-былай көз тастап, қолынан тартып, арқасынан қағып, қолтығынан алып, бауырына тарта қысты. Ұнатқанын білдіргені болса керек. Осы кезде Нұргүлге жалт қараган көмекші:

- Мына баланы ұнатып тұр бұлар. Уақыт аз қалды, тез кетуі

керек! Бастық тосып отыр, - деп дауысы қаттырақ шыкты да шағыл түстілерге иек қакты. Олар әй-шәйгө караган жоқ. Дарханды екеуі екі қолтығынан алып балалар үйінің ауласына келіп тұрган «Джип» автокөлігіне қарай сүйрелей берді. «Мыналар не істемекші?» дегендегі қара көзінің ағы молайып, түсі ағара қалған бала олардың ырқына жүрмей шегіншектеп жан-жағына алаңдап қарады. Сапта тұрган көп баланың назары Дарханда. Бұдан бұрын да осындай қорага түскен қасқырдай орталарынан не сұнғакты, әдемі балаларды бейтансыстардың жетелеп кеткендерін көріп, жүрегін қорқыныш жайлаған олар үн шығара алмай, бастары салбырап, көздерінің астымен жаутаң-жаутаң қарап қалған.

Дархан олардың ырқына көнбей шегіншектей берді. Сағыздай жабысқан екеу еркіне қояр емес. Дырылдатып сүйремек болып әуре, етпеттеп жата кеткен Дархан тістеніп алыпты. Екі көзі шөқтанып ызага булықкан. Жасқа толы көздері мөлт-мөлт. Сәл қозғалса кемерінен асып төгілер көл тәрізді. Ыза ма, на-мыс па - бала үн шығармай булығып жанталасып кетті. Жат жүрттықтарға мына қалпында бой берер түрі жоқ. Алысып жүр. Соны байқаған бастықтың көмекшісі жедел басып келіп, етпеттеп өзіне жабысқан екеуді тепкілеп, жұлқынып бой бермей жатқан баланың жағынан бір тартып, бар күшімен иығынан жұлқып тік тұрғызды. Қатты нұқып-нұқып желкелеп, тізесімен бөксе тұсынан салмағын сала бір теуіп итермелеген күйі, үшеуlep жабылып, есігін ашып тосып тұрган машинаға тоғытып жіберді.

- Тәте! Тә-ә-ә-те! - деген Дарханның жан дауысы ғана естілді. Машина зу етіп қақпадан сыртқа шығып кетіп отырды. Осы машинаның кетуін тосып тұргандай ауланы басына көтерген көп баланың шу еткен дауысы бүкіл көшені басына көтерді. Аицы айқай, жылау ма, сынсу ма, біліп болмас ың-жың.

Бәрі өң мен түстей, көзді ашып-жұмғандай бір сәтте етіп кетті. Аз өмірінде, мына жалғанда көрген азабы мен рахатын

енді салмақтағандай Нұргұл өз жанын өзі жеп, қола ескерткіштей аппақ болып ағарып қала берді.

Мұндай азан-қазан болып дүниені басына көтерген жанды жеген азалы үнді Нұргұл мына өмірінде бұрын естіп пе?! Иә, естіпті... Бірақ ол азалы сыңсыған, шыңғырган, сұңқылдаған, өксіген, еніреген... естіғен адам баласын тебірендірген дауыс бұдан ... иә, басқаша еді-ау... Иә, бұдан басқаша еді! Түйті бұған ұксамайды. Мұнда әлі он-солын танымаған... мына Жер Ана бетінде, өркениет атанған, ғылым-білімі жетілген, кемелденген адамзат тылсым сырын менгерген заманда... шыңғырган мына шуыл, одан тіпті, басқаша ғой...

Иә, Нұргұлдің көз алдынан сол бір таң сәрідегі жан шошытқан оқиға, жан түршіктірген, жүректі қорқытқан оқыс дауыс дәл сондағыдай қайталап өтіп жатты.

Шырт ұйқыдағы өзі ессіз жүтіріп келеді. Көзі жұмұлы ма, ашық па, біліп келе жатқан жоқ. Эйтеуір біреудің қолынан өлсе айырылмастай болып ұстап келе жатқаны анық. Өзін коршаган әлем дір-дір, аяқ асты шайқалып келе ме, бүкіл дала шулап, киқулап, сыңсыған, жылаған беймәлім үнгे толып кеткен. Жер қозғалып, улаған-шулаған үрейлі дүниенін ортасында қалған мұның құлағына тіршілікті дүр сілкіндіріп:

- О, пәдәріңе нәлет! Қасиетсіз пенде! Қайдасың! - деген әкесінің дауысы шанқылдал жетті. Құн Алтынжапқан тауын бауырына алып, әй-жәй енді айқындала бастаған шақ. Қоскөлдің беті ию-кию жаңғырық. Әке қолында үнемі қарында ілесіп, сүйретіліп жүретін қайын құрық... О, тоба дерсін. Жаныңа зақым түскенде. Осы сәт айна көлден жан-жаққа жанталаса ұшып, кейбірі үркіп кеп қонып, ырду-дырду, ың-жың дауыска толтырган құстардың шуылы ортасына қарай бір канатын сүйреткен ақку сұңқылдал кеп құлай берді. Құлаған жоқ, бір канатын сүйретіп жалғыз қанатымен көл бетін сабалап келе жагты. Дауысы неткен аянышты, неткен қан құсқандай зарлы, қаралы еді. Сыбызығыда үзіле шықкан сыңсу ма, қобыздан

карлыға шықкан аза ма, әйтеуір, сүйек кемірген жан азабын шақырған зар! Мына сұңқыл жүрегі мен қолқасын суырып, өкпесін қабындырған таң сәрінің тылсым тыныштығын сапырған сұрапылға әкесінің аңы айқайы келіп қосылды. «О, Құдайдан безген, қасиетсіз жан! Дүниені мұнша шулатып киеліге оқ аттың ба? Қайдасың? Шық бері! Киеleден садака кет! Акқу атқан сені Құдайдан бұрын мен-ак! - деп акырып, астындағы алапарақ курең атпен шымдық жагалауды дүрсілдетіп шауып барады.

Алтынжапқан биігінен ақтарылған күннің алтын шапағы алау болып, қан болып төгілді сонда. Ат үстіндегі қас батырдай сойылын көтерген әке, қанаты қайырылған жаралы акку отшұғылаға еніп өртеніп бара жатқандай болып та кетті. Сонда менің колтығыма жабыскан, әбден шошынып есі шықкан Нұргұлдің: «Әкем! Акку! Акку!» - деген жан дауысы жас сәбидін қалтырап жылаудан талықсыған өксігіндей өзекті өртеген аккудын сұңқылына уласты. «Дәл сондагы жылау, сондагы өксү ғой, сондагы Қосқөл үстіндегі құстардың шуылы, жаралы аккудын шырылы ғой мынау...» - деп ішін тартып әлсіз соққан жүрегін сыртынан басқан Нұргұл: «Аптырым-ай, Тәңірім-ай» - дей берді.

Сондагы төсегінен таңсәріде шошып оянып, дүниені апат басқандай зәресі қалмай көл жағасына безектеп жеткен балаларын көрген әкениң:

- Кос козым, қорықпаңдар! Әлгі пәдеріне нәлlettі жер жұтты. Жоқ! Жоғалды! Қасиеттіге оқ атқан сүмпайы қолға түскенде ме, - деп кіжініп тұрып, балаларын енді анық көргендей, - А-а, Нұргұл, сен жуылған шүберектей ағарып кетіпсің ғой, қатты шошыдың-ау, шошыдың! Жаным-ай, жүрегіңе дақ түспесе етті. Жүрек кой адамның жанын сақтаушы. Тәңірім-ай, тәңірім-ай. зілінен сакташи. Құлышымның жүрегіне зіл түспегей еді, - деп күйзелген үні Нұргұлдің есіне түсті. Сол жаралы аққу сұңқылы... Міне, енді кеп бүгін балалар үйіндегі зар жылаган бала-

лар үніне ұласып, өзімен бірге бәрін жалмап жұтар катыгез зұлымдық, тажал бейне болып таяна берді. «Сұмдық-ай, ұлы жайсаң өмір-ай, сенің құшағында гүл де, сор да, азап та жатыр ма еді? Элді әлсізді осылай корлай бермек пе еді?» Дүние не болып барады? Оның санасты жылаулар үніне толып сыңып жүре берді. Бір отырды, бір тұрды, не істерін білмей күйзеліп, адамдық қуаты азайып, шөгіп қалды, отырып-отырып: «Ең болмаса қарамды қөрсетіп, мәндайынан бір иіскең қалайыншы» - деп телефон құлағына жармасты.

- Жарқын, тез жетші! - деген Нұргұлдің шаршаңы дауысы жанымды дүр сілкінті. «Соншама неге қиналдың? Жай ма? Не болды?» - деп айтып үлгере алмадым, телефон үзіліп кетті. Не болды еken деген уайым құшағындағы мен жанымға қанат байлап жеттім. Мына жарық дүниеде «екі козым, кос құлым» деп жаны үзіліп, бар өмірін сарп еткен әке-шешемнен қалған тұяқ, сонынан ерген жалғыз бауырым Нұргұлімнің жанымды еріткен жалынышты, аянышты дауысы не болды екен, ә, дегізіп әкелді. Бірі - ай, бірі - күн ата-анамнан қалған тұяқ осы жалғыз Нұргұл. Сонынан көрінген көк орманым да осы. Басқаға деген бауырмал, таза жаны, ак пейілі мен оны құрбы, дос-жарандары, таныс-білістері аса құрметпен қадірлейді, құрметтейді. Сол ардақтым міне...

Қара торы жүзінде күн шуағы тұнып, қара козінен нұр шашып, жаңа туган айдың киығындан қара қасы мәндайын ашып, жаңа ғана жуылған, әбден піскен тәтті жемістей уылжып, қашанда тек құлу үшін, тек сую үшін жаралғандай жұқа еріні сәл ашылып, маржандай ак тістерін көрсетіп жүретін жайдары сұлу көркі ғайып болып кетіпті. Осы заманның ырқы жеңді ме, туган анасы аялап сәби шағынан желге, күнге қактырмай күніне болмаса да, аптасына үш рет ак сабынды көпіртіп жуып, мәпелеп есірген, тобығына түсетін қолан шашын бұрымынан кестіріп бөріктей етіп бүйралатып алыпты. Сол күтімге алған шашына, байқасам, күмістей жылт-жылт етіп, ак кіре бастап-

ты. Өзі деңдеп бара жатқандай. Әлгідегі «Тез жетіш» деген шаршаңқы сөзі себеп болды ма, жалғыз қарындасымды бүгін көргендей бас-аяғын, бой-басын тінте қарап қалыптын. Ак күміс шашыла бастиган бүйраланған шашына жеңіл қара жібек орамалды тогілдіре жауып, үстіне мен бұрын-соңды көрмеген, тіпті сүйікті жары Кемел дүниеден қайткан қаралы күнде де кимеген. етегі тобығына түскен үлбіренкі қап-қара көйлек киіпті. Аяғында өкшесіз қара туфли. Ерніне де қара далап жағып, сырт көзге қара сурет бұрын басқалар көрмеген қара сұлдеге айналылты. Азалы бейне. Мына көрініске аза бойым тік тұрды. Тілім таңдайыма жабысып, ауызым құрғаксыып, сөйлей алмай ан-тан хал кештім. Ол да үнсіз, мен де тілсізбін. Ол қол сагатына қарап, маган назар аудармаған қалпы:

- Бір сағат қана уақыт қалды, - деді де, тез-тез басып каби нетінен сыртқа бетtedі. - Жаяу барамыз, - деді.

Қайда барамыз? Неге барамыз? Әліптің артын ашпады. Алға түсіп асфальт көшеге шыққан соң ғана: «Саған өзімді жеген зұлмат ойды сарқып айту үшін жаяу жүреміз. Машинадағы ыңжың көптің ішінде айта алам ба?» - деген ол ілгері оза берді. Салмақты қоңыр дауысын баяу созып, әр сөзін жадыңа қондыра сөйлейтін дағдысымен:

- Сен бала кезінді, тай құлышнадай қатар есken құрдасынды ұмытқан жоқ ишігарсын, - деп, өткір жанарын маган аударды да жауап күтпестен, - оны ұмытуға тиісті емессін. Екеуін түйдей жасты едіндер. Менен екі-ак жас үлкенсіндер. Мен ұмытпағанды, сен қалай ұмытар едің. Тегінде, ондай соны қан жұтқызған қасіреттің естен шығуы мүмкін емес, - деген Нұргул астығыс жүріп келе жатқан бойда сөзін соза берді.

- Сол жылы біздің үй күба жонда құдық жайлады. Есінде ме? Ол Қосқолге коныс теппеген жылдар. Жас болсам да сол оқиға есімнен де жадымнан да өшкен емес. «Құданың құдіреті күн бұзылды ма, адам бұзылды ма, әлде бұл азап пен қыншылық шақырған сүрең бе, таңын атысы, күннің батысы сар-

наған аңызақ қызыл жел соғады да тұрады. Жер беті қурап, да-ланы күйін кезіп, қаңбак ұшып, дүниенің көктемдегі көк шапаны быт-шыты шығып тозып, жыртылып бітті, - деп мал соңынан ерні кезеріп, жағы суалып келетін экем, - биыл жұт болмаса иғі. «Аяу райы, пейілі азғаны» деғені не еken деп ойлаймын. Тұсінбеймін. Экемнен оның мәнін сұрауга батылым жетпейді.

Аңзакта шөліркеген торғай да, біздің құдықтың басындағы астауды андиды. Ыстықтан қанаты қурап, таңдайы кепкен бай-ғұстар астаудан таңдайын жібітіп, әл шакыратын сиякты. Құрдасың мен сен колдарында ши құрық торғайларды ұста-мақ боп әуреленетін едіндер. Бір күні киіз үйдің іргесін түріп тастап, ыстықтан қорғанып желпініп отырғанбыз. Сол құрда-сың (марқұмның атын білсем де әдейі атамай келемін, құлағы шуламасын) қолындағы ши құрықтың басына қыл тұзак бай-лап, біздің үйге келе қалғаны. Екі езуі құлағында:

- Қазір, казір сендерге қызық көрсетем, - деді біздің қасы-мызға ентіге жеткен ол. Сөйткенше болмай оның келуін то-сып тұрғандай-ақ кара мойын, ақ құйрық, үлкендігі тауықтың жас балапанында, торғайдың біздің үйдің көленкесіне қона кеткені. Ауызын ашып, қып-қызыл тілін көрсетіп құлдыр-құлдыр қанатын қағып сілкініп дем алады езі. Шамасы құрттай денесі қүйіп, шөлдең бара жатқан тәрізді. Сол, сол-ақ еken сенің құрдасынның ши құрығы әлгінің тобесіне төне берді. Көзді ашып-жұмғандай болған жоқ мойнына қыл тұзак оралған қара мойын торғай тыптырлады да қалды. Бұғалықшы бала шап беріп, ол құты-лып кетердей уысын толтыра тыптырлатып уыстал:

- Міне, міне тамаша! Ә, ә, қолға түстің бе?! Тұтқыным бола-сың енді. Құтылу жоқ саған. Әй, жаутаңдама. Өзінің көзін қара-шы. Қап-қара! Қарашы. қарандар деймін. Тұп-тура Нұргұлдің көзі секілді, - деп таңырқаған ол, - әй, мынаның титімдей бо-лып, жүрегінің тасыр-тұсыр тулап соғуын. Бір үйір жылқы шауып келе жатқан сиякты. Дүңк-дүңк дүбірі бар аймақты да-былдатып барады, - құс ұстаган құрдасынның мақтанып, дау-

ыстап, самбырлап сойлеп кеткені есінде ме? А纳мыз көрші үйге кеткен. Әкем өрісте мал сонында. Біз болсак жерден жеті қоян тапқандай ду-ду болып, қолға түскен кара мойын торғайды ортага алып мәз болып жатырымыз. Сейткенше болмай әлгі әзірде іс машинамен маган койлек тігіп отырган а纳мның жерде жатқан қайшысын алған құрдасың торғайдын жон аркасын сипап отырып, екі қанатын ұшынан қырқып тастамасы бар ма!

- Мен бұдан бұркіт өсірем. Көресіңдер әлі. Қыран бұркіт болып шығады. - деп мактанды.

- Өй, обал болды-ау мұның - деп шыр-пырым шығып жылап жібергенмін мен.

- Әйтпесе ұшып кетеді. Ұстаптай қояды. Енді ешкайда кете алмайды, - деген ол. - ал, енді ұшым кете қойшы, - деп босатып жіберді. Жаңа ғана коз алдымызға сакпанның тасындей болып зымғап ұшып кеп қонған торгай ұша алмай тыптырлады да қалды. Екі қанаты, арқа жүні қобырап, үрпе-түрпесі шыкты. Шидей әлсіз аяқтары тырбан-тырбан қозғалып, аузын ашып, шыр-шыр, ұшып кете қоятын қанаты жоқ, тыптырлад көлеңкеге жете беріп, далп-далп жығылды. Шөкімдей бір жапырақ жан иесінің сондагы өмір, еркін өмір үшін арпалысын ұмыткан жоксың. Неге ұмытасын! Эне, қолдан жасалған азап! Ыстық тапага шылжырылған майдай шар-шар домалап жаны азапка түсті. Ұшып кетер қанаты қырқылып, бір уыс тірі деңе тыптырлад жатыр... Әлсіз, қанатсыз құс шырылдаң, аузын ашиқан болады. Оның көзіне көзім түсіп кеткені. Қыыс түскен күннің сәулесіне шағылышты ма, көзі қып-қызыл от. Қап-қара ноқаттай карашықтың лезде ұшындар жанғаны. Ноқаттай көзден сонда маған қып-қызыл қан аккандай боп кетті. Аза бойым қаза болып, жаным шошынған мен жылап:

- Апа! Апа! - деп а纳мды шакырып дауыстап та жібердім. Сен болсаң сазарып, үнсіз тілінді тістеп отырып қалдың. Шамасы корқып кеттің, бұғалықшы бала ештеңе болмагандай:

- Қой, Нұргұл, жылама! Не болды саған? Бұл әлі-ақ самғап үшып кетеді, - деді мені жұбатқан болып. Мына көріністен, қанаты қыылған, бір жапырак болып бүрісken торғайға жаным ашып, ішім алай-түлей болып кетті. Енді бір қарағанымда әлгіде от болып жанған ноқаттай қарақат көзден майда-майда көзге ілігер-ілікпес сіркедей меруерт тозаң төгілгені. Құн сәулесіне шағылғанда жылт-жылт ақ керіш, ақ тозаң боп үгітіліп ұшты.

- Эне қара! Торғай жылап жатыр, - дей бергенімде үйге анам кіріп келді.

- Кім жылап жатыр? - деген анамның дауысы әнтек естілді.

- Торғай...

- Қане?

- Эне, - біз өре түрекелдік.

- Оған не болды? Кім оны? - деген анамның таңырқаған үні шықты. Ұмытпасан керек осы жайды, - деген Нұргұл жүрісін тездетіп, дәл сондағыдай менің бетіме көзінің шарасы жасқа тола қарады.

- Құдайдан қорықпаған ракымсыздар-ай. Анамның сондагы түрі әлі көз алдында, енді қайттім, енді қайттім, енді не дейін, не бетімді айтайын. Адамның ісі емес, жыртқыштық сұмдық бұл! Панасыз, жазықсыз тірі жанды, - деп күйзеліп, - егер әке-лерің білсе ме, мына масқараны, көрсө ме, шыдай алмай өліп кетер. «Әкем корсе өліп кетер» деген сөзден жаным қорыққан менің қалай бақыра жылап. бүкіл өкпе-бауырым күйіп, қолкам суырылып бара жаткандай өксітімді баса алмағаным өмірі есімнен кетпес. Анамның күйінген дауысы, бүкіл денемді қалтыратып жіберді сонда. Сен өзінді мына жан шошытқан қылмыстан арашалап көзіңе жас толып:

- Анау ғой, анау бұғалық салып ұстаған. Сосын қанатын қырқып, - деп кемсек какқансын, жылағансын.

- Не дейді! Қанатын... қанатын қырқып! - әлгіден де қатты үрей үшып, зәре-құты қалмай шошынған анам бар дауысымен айқай салып, ұша алмай тыптырлап жатқан бейшара торғайға

қолын соза берді. Кең байтақ аспанға емін еркін шарықтап үшіп, шалыктап қанатын қағып жүрген ерікті бармақтай құс бұл сәтте шыбын жанын кояр жер таппай. жанталасып жатқан. Даlbак-даlbак етеді. Ұшып кетер дәрмен жоқ. Біздей ұшқір тұмсығын көкке көтеріп, сонау түпсіз тылсым теренген бір дәремет күткендей, аузын ашып, қып-қызыл жалаңаш тілін шыгарды да алыстан сылдыратып теңге соғыстыргандай естілер-естілместей әлсіз үнімен шырылдағы-ай келіп. Мына жанды шошыткан. төбе құйқаны шымырлаткан үнін естіген анамның:

- Эн, әне, құлак салындар! Тындандар, қарғап жатыр! Құдайға жылап жатыр. Сендерге өспе, көгерме, - деп қарғыс айтып жатыр. Масқара-ай, масқара! Қазак салтында мұндай зиянсыз бейкүнә құс түгілі бойына уын жиып, қара тілін жаландатып, үйіне кіріп келген жыланды да өлтірмей, алдына ақ құйып, жолын ашып шығарып салатын ғұрып бар. Ал сендер, жазыксыз бейшараны мұниша кор еттіңдер. Егерде ракымсыз біреу өздерінді осындай етін кол-аяғынды кесіп, кор етіп қойса кайтер едіңдер! Қайсыңа, нендей зиян жасап еді, мына бейшара жан иесі? Енді сендердің ақырларың не болар екен, - деп дауысын көтеріп, катты айқайладап жіберді де:

- Қөресіңдер әлі, мұның қарғысы ондырмайды, онбайсындар. Сендер ме, сендер, - деп жаны өртке түсті сонда. Күйіп-жанды...

Мениң көз алдымға сол жанды шошыткан оқиға, анамның зарлы дауысы, мына әңгіме үстінде қайта тіріле қалғаны. Нұргул адымдай басып, манағыдан айтып келе жатқан әңгімесін сәл үзіп, осы айтқанымға өзін күесін, өзін ішінде болғансын, көзін көрген дегенін қабағымен тағы бір қайдалап:

- Міне, аэропортқа да келіп қалдық, - деп мені жалт каратты. Манадан осы бір шерге, касіретке толы әңгімесін тындал келе жатқан мен қаланың бір шетіндегі аэропортқа қалай келгенімді білмей қалыппын. Аң-таң болған маған:

- Сонынан еруді біл. Маған сөз қоспа! - деген карында-

сымның үкімді үні жетті құлағыма. Өзі бастаған, діттеген жеріне жете бергенде ғана сәл жүрісін баяулатып, сагатына қарап, - шамалы уакыт қалыпты деген ол ойын әрі қарай өрбітіп, - осы сүмдықты бармақтай торғайдың көзінен қан ағып жылағанын, шырылдаш жанының өксігенін, қор болған азабын естігендеге әкемнің:

- Мынау... мына тірлігімде естіп білменең қасіретім екен. Құс жылады дейді, ә? Құс жылау... - деп өз басына сол зұлмат салмағы түскендей болып, - бейшарага обал болған екен-ау. Зауал өзінен зор күштен келіпті-ау. Жазықсызға қияннаттан жасалған зәбір кімге болса да зауал болып қайтады. Зиянсызға зиян ажал болып оралады. Көз жасының төлеуі жок. Жазықсыз корлықтан төгілген көздін жасы - қарғыс оғы! Ойпыр-ай, балаларым-ай. Зауал келмесе игі еді бастарыңа. Бұғалықшы, - деп аз тұнеріп, - корлықты кім көрсетсе, сол азабын қашан да тартады. Қайдан білейін оның бұл өмірден не көрерін. Эй, тегін кетпейді. Қорлықтың әкесін көрер-ак, - деп тебіреніп еді. Экем айтқан сол зауал, қатесіз, арада жылдар өткенде, есіл ерді жұтып кеткенін ұмыттың ба?

Қарындасым өз ойымен өзі болып кетті. Ал сол сүмдықтың қуәсі біздер...

Менің де ойыма сол сүмдық бүгінгідей болып кайта оралды. Расы - осы сүмдық оқиғаның бас кейіпкері сол құрдастың өте пысық, әр іске жанын алып кірісіп кететін, не болса да апышып-жапырып, копарып тастайтын ілкімді азамат болып есіп еді. Екі иығына аю сиып отыратында жалпақ денелі, шегір көзінде «мен атайын, сен тұр» дейтін, «келсен-кел» айбаты да бар еді. Еңбек жолын трактористтікten бастады. Содан ба оның жазғы-қысқы киімдері май сінді илеген терідей болатын. Қолы боста аулайтыны аң, әсірессе құс қайту кезінде, негізгі жұмыстың саябыр шағында қолына мылтығын алып, Қоскөлдің оңашалау жағасынан қамыс қалқа соғып, жасырынып жатып, құс атушы еді. Өзі ептеп құс етінен басытқылап, ішкілік ішуді де

жек көрмейтін. Сондай бір сэтте олжала болған ол көл жағасында ештеп ішіп, от жағып жатып үйықтап кетеді де, қамыс күркесі жанып, одан өзінің үстіне от тиіп өртенеді. Жападан жалғыз шырт үйқыдағы жан шошып атып тұрып, жан дауысы түн қараңғылығын какыратып жүгіре жөнелмей ме! Есі кетіп, бүкіл денесін қамаған, лапылдан жанған оттан қашады-ай келіп. Әш-пүш дегенші май сінді киімі алаудай жанып, одан бүкіл денесі оттың құшағына кірген бейбак жанұшырып, ойбайын салып, беті ауган жаққа безеді. Қоркыныш, үрей буган, есінен адаскан, отка оранған жан қайда баарын білмей беталды жүгіре береді... жүгіре береді...

Осы оқыс шыққан дауысты естіген котан шетінде күзетте жатқан әкем, аспаннан құлап келе жатқан құйрықты жүлдзыздай Қосқөлдің жағасында бір құшақ от үшіп келе жатқанын көреді. Өзі тірі от! Дауыстап, шыңғырып, ойбайлап келеді. Адам! Отқа оранған тірі адам! Эй дейтін жерде тұрған атына міне салып, колына құрығын алып, әкем де оған қарсы ұмтылады. Есінен адаскан әлгі от денеде лапылдан жанып, жанталасып, таянып келе береді. Бейшараның ажалына ма, бірақ тұнгі бір құшақ от болып жанған сүмдышқтан үріккен ат әкемді оған таянтпай қояды. Жанған, жылаған жан дауысы өңешін тілген, тірі отқа жақында мүмкін болмайды.

- Суга! Суга құла! - деген әкемнің дауысын от боп жанған ессіз дene қайдан естісін. Жана береді...

- Кайран, азамат-ай! Есіл ер. Көз алдында май сіңген пілтедей болып жанып, құл болып кетті, - деп көкірегі қарс айырылған әкем, сонда кенет шок басқандай болып:

- Ақиқат, ақиқат, сол жігітке сонау-у бір жылғы жазықсыз құсқа бала құнгі жасаған қиянаты зауал болып оралды. Құдай жаратқан пендесіне... Сондағы құстың карғысы ұрды оны. Сол! Сол! - деп орнынан тез тұрып, сол ракымсыз зауал кеп өзін басып қалардай етегін қағып, - сол жігіттің ойбайы, өлд-і-ім, күткарындар! - деген дауысы әлі құлағымнан кетпейді дегені

тағы көз алдыма елестеді. Әкемнің сақал-мұрты бетінің түгіне дейін дауыл сокқан даланың бұтасындай қалтырап кетіп еді сонда. Сол қасірет өз басына түскендей әкем бір түрлі анылап-үйілеп қайғы шеккені де көз алдымда. Қайран әке, жаның мейірімнен ғана жаралды ма екен. Сенің адамдыкты, ізгілікті ту еткен асыл қасиетің-ай. Шіркін бабалардың адап ақ пейілді жүргегінің тазалығы-ай. Екі сурет жанды шошытып, бүкіл рухымды шала жанған отқа салған көрініс қамалап, жанымды қудалап кетті. Қиялым емес, көзім көрген, құлағым естіген бастаң өткен өмір. Бірі - жылаған, қанаты қылған торғай, екіншісі - өртөнген, зауал соққан сүйегі күл бол құйіп кеткен құрда-сым...

Менің өзіммен-өзім болып, арпалысып келе жатқан ойымды Нұргұлдің:

- Келдік. Дәл уақытында келіппіз. Дәп келіппіз. - деген каткыл дауысы бөлді.

- Қайда? Неге дәп келдік? - деген сауалыма, ол жауап катқан жоқ. Екі көзі алда. Қөпті киіп-жарып ілгері үмтыта береді. Аэропорт басы ығы-жығы көп адам. Қалтаған нешетүрлі маркалы машиналар. Жалғаның жартысын алып, ак қанатын кенге жайған алып құстай әуе кемесіне отыру басталып жа-тыр. Қатаң тексеруден қаздай тізіліп өтіп, ұшаққа отыруга бет алған жолаушылар. Байқаймын, Нұргұлдің екі көзі сол жақта. Қара көзі тұнып, аққұба жүзі онған шүберектей сонау таң сәрідегі Қоскелдегі аққу атылғандағыдан ағарып, қылған қасының арасы майдай терісін жинап түйіліп, екі танауы қусырылып ентігіп, демін зорға алып тыптырышып тұр. Қатты аландал. іштей жанығып, тұртіп қалса жарылып кетер күштей болып тұрғаны байкалады. Тіс жарып тіл қататын түрі жоқ. Тірі жаңға мына сыңайда жақ ашар емес. Екі жанары ұшаққа отыргандарды тінтіп кеткен. Біреуді іздей ме, бір-екі рет солай қарап өтегін кісідей үмттылып көріп еді. ұшаққа отырушыларды өткізіп, тексеріп тұрғандар жекіп, бетін қайтарып тастанады. Енді келіп

іздегенің көптің ішінен назарына шалынған ол, «аһ!» деп лап еткен жалқы дауыс котерді. Не қылса да жаны құйзелген, буырқанып, қыстығып тұрган бейнесін жасыра алмаған тосын бөгде көзге беймәлім сыр бар еді бойында. Аңсары ұшаққа отырып жатқан топта. Екі көзі солай тігіліп, ентігіп тұр. Тыпрышып, «ен болмаса мандайынан бір ііскеп» деген дауысы құлағыма анық жетті. Осы сәт трапқа бозғыл киімді екі кісіпін ортасында жүқта ақ жібек көйлек, ақ шалбар, басына ақ қауырсын күнқагар киген шағын дene аяғын салар-салмас тартынып шегіншектей берді де шалт қимылдан, екеуінің қолын сілкіп тастап, жұлқына кашты. Баж етіп төбесінен жай түскендей жеке дауыс оның соңынан ілесе шықты.

- Ұста! Ұстандар!

Ак құс бол ұшқан: «Бармаймын! Бармаймын!» - деп айқай салған бала дауысы халықты дүр сілкіп жүре берді. Құмырсқадай көптің арасымен, жыммен кашкан қояндай зытты-ай келіп. Әлгі бозғыл киімді, шағыл түстес екеу, оған қоса тағы бірнеше кісі қашқынның соңына түсіп қуа жөнелді. Шығарып салушылар тобы арасынан: «Тез ұстандар ананы!» - деген әмірлі бүйректан кейін құғыншыларға қызыл жағалылар көмекке қоса үмтүлдып кетті.

Екі көзім осы көріністе тұрып, байқамай қалыптын. Енді аңгардым. Сол құғыншы топқа жаны қалмай Нұргұл де қосылып барады. Қатты тебілген доптай болып ұшып барады-ау, ұшып барады кашқан дene. Жолаушылар, шығарып салушылар шынғырып, жанұшырган көріністің мәнін түсіне алмай, аңтан. Бәрі сендей соғылысып, үрпісіп кетті. Өкшелеп қуған құғыншылар баланың адымын аштырар емес, аэропорт маңындағы орман шетіне жете, олай-бұлай жалтарғанына қоймай, қоян ұстаған көкжалдай қамалап шап берді.

Әлгі бір алас-құлас сәтте денесіне жабысқан бәледей ақ киімдерді шешіп үлгеріп, бұтын жапқан болмашы лыпасымен гана тыржаланаш қалыпты бала. Мұндайда таңғажайып та-

маша көргендей болып, мәселенің сырын білгенише жынығып кететін қара тобыр көптің әдеті емес пе? Енді міне қолға түскен баланы ортаға алғандарды қаумалаған көпшілік кимелесіп кетті. Өлердей өкіріп шыр-пыры шыққан корғансыз жалаңаш баланың көзінен жас орнына кан ағып, долдана түсіп, өзін ұстагандармен алысып, жұлысты-ай келіп. Өлмей беріспек емес. Бармактай баланың шалт кимылды тіпті бөлек. Жан дауысы дүниені өрттей шарпиды.

Қашанда әлсізге әлдінің көрсететіні - зорлық. Сол күш мұнда да дегеніне жетіп жатты. Қарулы колдар баланы бүркіттей бүріп, тулақтай сілкіп, бұқтеп алды. «Әй» дейтін әже, «қой» дейтін қожа жок. Жұдырықтай бала: «Бармаймын! Қаламын, босатындар!» - деп өзіне жағаласқандарды мысықша тырнаш шырылдағанын ешкім естір емес. Осы екі талай өмір мен өлім жекпе-жегі үстінде, оның көзіне Нұргұлдің шалына кеткені.

- Тәте, тәте, құтқаршы! Мыналар... Мыналар мені... Бармаймын! - бар дауысымен бақырып, солқылдаш жылап, араша тілеп, - алып қалыңыз... Алып еменге барамын. Апарыңызышы, - деп аныраған балага жаны еріп ұмтыла берген Нұргұлді бір қуатты тегеурін оған жеткізбей қағып жіберді де, еңіреген баланы көтеріп жөнелді.

Ойламаған жерде жаны киналған бала өзін сүйреп, тулақтай көтерген кісінің бетіне уысындағы топырақты шашып кеп жіберді. «Кап, мынаны-ай!» - деген манадан баланың соңына түсіп, қуып, ұстап, құштеп сүйреп келе жатқан үлкен бастықтың көмекшісі, енді бұқтүсіп, алақанымен көзін басып отырып қалды.

- Әй, - деп осы кезде дауыстап жеткен үлкен бастық, - апар, отырғыз, - деп әмір етті де, - мына қудың екінші қолында не бар, қарандар, - деп бұйырды. Шағыл түстес шетелдіктер. қызыл жағалылар ерікке коймай корғансыз баланы сүйретіп, осы кезде трапқа да жеткен. «Қолын қарандар» деген айқай тағы қайталанды.

О, сұбыхан! Баланың жұдырығы қатып, саусактары жазылмай қалынты. Тас болып қатқан. «Бәрі жабылып жатыр, жазылмады оның уысы», - деді біреу. Жіп-жіңішке, сымдай саусактары арасынаи орман шетінен жылап-еніреп алған қопкоңыр топырак сүсүн төгілді. «Бармаймын, бармаймын, елімде, жерімде қаламын» - деп көзі бұлаудай болып, бала әлі шыңғырып барады. Уысындағы топырак түгел төгілсе, жаны бірге шыгардай болған бала әлгіндегі жанталасты халден көзбе-көз ажырап, ойбайлаған, өксіген дауысын да кілт тоқтатып, сазарып, жан-жагына кенет шашыла қарады. Манағы жылаулы көзінде казір лап-лап от жанған.

- Отыру аяқталды! - деген зілді дауысты күткендей жана-рына кең байтақты сыйғызып көкжиегіне, одан туған даласына, өзіне анталап қараган көшілікке жүргегі аузынан шыгардай мөлдірей, езіле қарап, уысы топыраққа толы сол жұдырығын жоғары котеріп, басын қеудесіне иіп:

- О, туған жер, к-о-ош! - деген әлсіз сәби дауысын шыңғыра шыгарды. Мына үнге халық теңсөліп кетті. Сүйрекен әлеуетті колдар бұдан кейін баланы траптан әрі өткізіп, сырт көзден тасалай берген. Көз алдында дүние мұнартып, әлем шыр айналып, дөңгеленіп жүре берді. Өзімнің колымды котеріп, саусактарымды сермен тұрғанымды ғана білдім. Сарыарқа дала-сы құлағыма дауыс салып кеткендей. Тонірегім азан-қазан, шулаған құлағым ба, езілген іші-бауырым ба, у-шу, ызың-ыскырық қамап алды. Аяқ астым қозғалып, жер шайқалып тұр ма, мен-зен, тұқ түсініп болмас хал...

Құшагымда жалғыз карындасты Нұргұлім демін зорға алып, көзін аша алмай. солқылдан қыстығады келіп. Казір үзіліп кететін жан тәрізді түсі құқыл тартып, еріндерінде діріл байқала-ды. Колын ұстап едім, мұздай сұп-сұық екен. Корықканым ба, селк етіп шошып, өз бойымды тез жидым.

- Жаным, сабыр етші, - десем:

- Кімнен айрылдық, ә? Кімнен? - деген ол, - шіркін, бір туа-

рым-ай, енді қайтесің? Бар болғаны туған жерден бір уыс то-  
пырак әкетті, ә! Бір у-ы-ыс, бір у-ы-ыс! Сөйтті! Сойтті де колы-  
нан келгені... зорлық пен қиянаттың көзіне топырак шашыши  
кетті. Көзіне құм толсын зұлымдық! - дегені. Пәк жүректің қар-  
ғысы ол! Эне, киелілік, даналық белгісі. Жүргегімді кесіп әкетті-  
ау! Жүргегімнің бір бөлшегі кетті. Обалды, ұятты білмester! -  
деп демі таусылардай болып көзін жұмды. Менің жанарым-  
ның алды тағы тұманданып, біресе лапылдаш жанған өртке,  
біресе шынғырып шулаған үнге толып кетті. Сұңқылдан, шы-  
рылдаш кеп, көл бетін жалғыз канатымен сабалап құлаған оқ  
тиген акқу. бірде «О, пәдеріңе нәлет! Киеліге оқ атқан қаси-  
етсіз пендे?!» деп күніренген әкем, бірде қара тұнді тіліп, жа-  
нып ағып құлап келе жатқан құйрыкты жұлдыздай жанған  
құрдасымның ойбайлаған жан дауысы. бірде қанаты қызылып,  
үрпе-түрпесі шығып, көзінен меруерттей қанды жасы төгілген  
бармақтай торгайдың шырылы, әлгіндеңі жұдырықтай бала-  
ның солқылы болып, оған Нұргұлдің есенгіреген үні қосылып,  
белгісіз зіл алапат тынысымды буып, тұншығып бара жаттым.

- Қасиетті ештеңенің қалмағаны ма? Сәбиден қымбат не бар  
еді? Араны ашылған арсыздар адамның жанын да сатты-ау!  
Енді қайтейін!.. Ол... кім болар еді? - деп «аһ» ұрган Нұргұл  
орнынан тұра алар емес.

Енді байқадым, аэропорт басында адамдар манагыдай емес  
сирексіп қалыпты.

- Ей, жігітім, мына кісіні өлтіремісің! Түріне карасаншы.  
Карайып кетілті. Тез жедел жәрдем шакыр. Шер жұтқан жан  
гой мынау. Әлгі «қолды болған» баланың бірдеңесі емес пе, -  
деді қасыма келіп аялдаған карт кісі.

- Әлгі бір жапырақ баланың шырылдаған үні Құдайдың  
құлағына жетсін. Қазіргілерді қой, - деді ол. Тұңілген, қалжы-  
раган дауыспен. Мына карт сөзінен кейін козіме марқұм әке-  
шешем елестеп кетті.

«Қайран. заманның көнекөз тарландары-ай, жаның да, та-

бигатың да, түйсігін де бөлек-ау», - деп ойлаған менің құлағыма сонау көк аспанды дүрілдетіп, тілгілеп биіктей, самғай жөнелген ұшакта корғансыз сәбидің шырылдаған өксікті үні, ықылық атқан санамда күнірене жаңғырықты. Сана сандырагы деген осы ма? Енесі олген ботаның боздал анырағаны құлағымда өксік бол ұйыды. Әлде ақылымнан адастым ба? Әлгі карттың «шер жұтқан жан гой мынау» дегені не? Шер жұтқан? Өзіме өзім іштей құбірлеп «шер жұтқан» дей берем. Мен басым зеңіп, сол жерден кете алмай тұрмын. Бұл не? Расында шер жұтқан пендеміз бе? Шер жұтқан...

\*\*\*

- Бауырым-ау, ботасы олген аруанадай шөгіп, көп жатып алдың-ау, - кара көзі жәудіреп, каусап, қалжыраган карында-сымды аяп, ақылды, сабырлы, саналы едің гой, мұншама... - дедім. Ол жанары жасқа толып, елжірей қарап:

- Осы айтқан қасиеттерің, бауырмалдық деген жалғыз тамырдан өсіп жатпас па еken, - деген ол басын ентіге котеріп отырды. Қалын өрманда бойын төніргінен асырып, тамырын жер-ана-ның жүргегінен алып, не дауыл сұрапылға иілмей, қасқайып тұрып, ойлы пендelerге мәнгілік деген міне осындай болады, - деп алыптығын танытатын мындаған жылдар өмір сүрген ағаш та болады. Мениң елім өзіме сол алып тұлғалы мәнгілік өмірлі ағаштай корінеді. Оған менің ата-баба, зәузатым тарихы қуә. Тектілігім, кием әзір. Тым ұзакқа, көне дәүірлерге бармай-ақ, мына берідегі Әбу Наср Әл-Фараби, Абай... - қарынласым бетіне сәл ғана қызалаң жүгіртпіп отырды да, ойын жерден казғандай ойып-ойып, түйдек-түйдегімен алдыма тастай берді.

- Ойланышы, сол даналық туган топыракта... Иә, сол топыракта қасиетті, асылым, кимасым, киелі дегеніңе оқ атпаған... өзің қуә шүкімейттей торғайды мұсәпір еткен қыл бұғалықты, болат бұғалық етіп, бұғінгі көзге өзі қөрінбейтін құдіретті қолдар кайда, кімге, неге лактырып, кімді, нені тамырымен қопа-

рып, кылғып жұтып жатыр?! Қанжығага байланып, көкпар тақымға басылмаған, қолды болмаған қымбатың, не асылың қалды? Жаңың да долларға айналды. Міне, мен білетін бауырмалдық, мейірім әлгі адамдықтың іргетасы дегенің қолды болған, барымтаға кеткен жер! - Қарындасым тынысы тарылғандай бол отырып-отырып, - Анам жарықтық әулие екен, - деді сөзін жалғап. - Бірде менің шашымды жуып отырып, козіме сабын тиіп жылаған маған: «Қызыым, жылама! Тұлымыңды оссін деп сабындаш жуамын. Күт, осір оны. Бұл - сенің аналық, елдік белгің, таңбаң. Елдік салтың, дәстүрің. Салт-дәстүр - ел белгісі. Ел анадан өседі. Сен жылама! Ана жылаған күн - қаралы күн. Құдай жылатпасын. Бұл сөзімді өскенде, мендей болғанда түсінесің. Жылама! - деп біресе құліп, біресе қабаржып айтқаны есімде. Жарықтық бүгінгі қүйзелгенімізді көрсе, қазіргі шүлдірімізді естісе, көлін корыған қызғыштай шырылдаш шыр-пыры шығар еді-ау. - деген қарындасым қатты уһілеп, күніренген демін шығарды. Бетімді ыстық алау шарпып өтті. Өзегі жалын құшып, отка оранған жанның қүйік, шер жайлаған жүрегі бықсып жанып жатқандай бол кетті. Айттар ойын қысқа ғана тұспал, жұмбакпен киналып жеткізді. «Қүйік, шер» деген осы ма еді.

Киялымда үні жанды жеген жаралы аққудың сұнқылы, қанаты қылып, козінен от тозаң үшқан торғайдың, кол қорыған қызғыштың шырылы, анадағы Дархан баланың жанталасып арпалысқан өксігі... құлағым тұнып жүре берді. Алыста, тіпті шалғай жырақта «Зұлымдыққа зау-а-ал!» деген әлсіз дауыс қапа еміс-еміс талып жеткендей ме? Нұргұл көзін жұмып, сұлық қалған. Кірпігі арасынан күмістей жылтырап жас көрпіді. Бет-жүзі көғілдір тартып кеткен. Демалысы ауыр. Мені де осы сэтте дәрменсіздік биледі...

## ЖАНАЙҚАЙ

*Адамның тағдыр талайындағы  
ең ауыр нарсе - қасірет.*

*Бауыржан Момышұлы*

### САНДЫРАҚ ҚЫСПАҒЫ

- Ата. Сіз түнде, көбіне түн ортасы ауган шақта, басқалар қапсысыз катты үйкіда жатқанда, орныныздан атып тұрып, жан-жагынызға қарап, ойда-жокта бір қанішер қатыгезбен кездескендегі жанығын, самбырлап сөйлеп кетесіз. Сөзіңіз де қызық. Эр сөзіңізді арбаға артатын жүктей текшелеп, ныгарлап, нактап, біреудің көзіне шұқығандай етіп айтасыз. Сонда ма, иә, сонда токтамай жүлдіздай ағып мүкіссіз шешен сөйлейсіз. Екі қолынызды кезек сілтеп, өршелснеге-өршелене келе әлгі, өзіңіздің өрніңіздан тұра алмайтыныңызды да ұмытып, атып тұрып, ерсілі-карсылы үйдің төрінен есігіне дейін алшаң басып кезіп кетесіз. Өзіңізден басқага көрінбейтін қаскей жауызбен жан алып. жан беріп, өй бір жекпе-жек айқасасыз кеп. Неге ойтесіз, ә? Ол кім өзі?!

Ал қалай таң агады, солай, ештеңе болмағандай шалқаңыздан түсіп, тіл - ауыздан айырылып, кірпігініздің өзін зордың күшпімен қозғап, мына отбасы, бүкіл коршаған орта әлемнен болініп, ессіз жан бола қаласыз. Сіздің сол жан дауысыңыз шығып, көзге көрінбейтін жаумен керісіп, айқасып кеткендегі буда-буда төгілген сөздеріңіз, аспанда құтір-құтір жарылған найзагайдай шошытады мені. Найзагай түскен таудай опыры-

лып қатты сөйлеп, жандармен көзге корінбейтін дүшпаның-зға тұра ұмтылған кезініз, әсіресе: «Әй, сен бе, сен, құтылмайсың! Құтыламын деме, мына қарабет жауыз саған да сот бар! Бар! Бар! Мына сен, әділдік, адамдық, ар соты билік айтқанда қан-ішер кезінді шұқығанда түсінесің мені! Менің көз жасым, көрген корлығым, азабым тегін кетпейді! Айқайлап айтам әлемге, тегін кетпейді! Сонда көзің ағарады. Мына мені ... мені Құдай жаратқан әлемнің ақ туы Әділдікті, адалдықты оңай шағылатын шопак көрме! - деп демігіп, буырқанып кетесіз. Неге өйтесіз, ә?

«Зангарым-ай, Зангарым! Көзгс көрінбейтін, өзімнен басқа бүгінгі тірі жанның түсіне кіріп шықпаған, сүмдық азап салған жараның аузын тырнадың-ау! Кара каның ағыздың! Менің бар күш-қуатымды жумсаپ, бітіспес жаумен кескілесіп, іштей шыбын жанымның шырқырап, шалдықкан жүргегімнің әпіл-тәпіл соғып әлсіреп, өлеусіреп бара жатқанын білер ме едің. Мен басымнан өткенді, бар сырымды ашық айтсам ба, сол басқаның, бүгінгі сендердің, көзіне көрінбейтін, әлгі қарабет жүзі қара менімен жекпе-жек айқасқан ракымсыз күштерді көз алдыңа келтірсем бе, сен өмірден біржола түніліп кетер едің деп қорқам. Сенің қауызын жанаған ашкан жарқырап шықкан күнге үлбірей жұпары ашылған гүлге ұқсаган пәк, аппақ жүргегінді кірлеткім жок. Бірак мен басымнан өткен зұлмат сүмдығын ішімде сактап о дүниеге әкетпек емеспін. Бәрін жария етем! Иә, жария! Айтпай кетсем... Онда қабырым, бетімді жапқан туған жер топырағы мені мәңгілік карғап жатпақ! Тәңірім ол қарғыстан өзі қорғасын! Әлгі, әлгі... менің жекпе-жегім, құр сұлдерімді қоңтақа - кеүіп каткан теріге оранған қу сүйегімді қалт-құлт тұрғызып, құлаксыз керен, тілсіз мылқау хал кешкен, жаутаң-жаутаң қакқан көзімнің қарашығына қан тұндырып кек тулатқан сонау. иә, сон-о-у шалғайды қалған тамүқ өмір жайлы тілімді тістеп мына өмірден кете алмаспын. Мен бұл күнде сырты бүтін - іші түтін, ішкі әлемі тілім-тілім, тірі көзге қанжоса ахуалым бөгденің көзіне көрінбейтін жаны жаралы

бейбак жанмын. Мені кек тұрғызып, ыза сөйлетеді. Сол бір басқа тіршілік иесіне түсініксіз хал кешетінімді өзімнен-өзім жасырып, шыбын жаным тартатын азапты басқаға білдірмей күпия ұстауды, өзімді жұмбак әлемнің тас мұсін қонағы етуге мәнгілік бекінген ант иесімін. Бұл сырымды да көзімнің ағы мен қарасы жалғызымының қолында жаңған шырағы Занғарым кәміл біліп алдын. Е, құдіреті күшті Құдай, өзіңнен басқаға жағымды ашып жалбарынбаспын, өзіңнен басқаға шер-шемен болып бұқіл жан жүйемді қуалап ағыс бол ілбіп аққан қаныма катқан жазықсыз тартқан зәбір уын жария етпей, болат болып морт сынып, мына опасыздар жайлаган қаныпезер өмірден өтермін деп едім. Ол сертімді күн, ай, жылдар өткен сайын өзім қалай қурайдай солып қурап, үгіліп бара жатсам, ол да таңдайымның астына тас бол тіреліп, тілімнің ұшына оралып, әлгі адамдар, бақытсыз адамдар, тірі жан иелері басынан кешірген тамұқ қасіреттін сөніл бара жатқан соңғы шаласын тұртіп, будак-будак тутінін салады. Шіріндіге айналған қорда-қоқысты көзге көрінбейтін көссеумен қопарып, өлусіреп сөнгелі жатқан бықсыққа кәрі қурай қалдығынан тамызық тастап, соңғы дәрмені болған демімен ұрлеп жел береді. Әне, әлгі шаладан болмашы қуат алған бықсық енді лап-лап жана бастады. Сол - от, сол - өрт менің шыбынымды шырқыратып, сүйегімді күйдіріп, корген азабым өткен сұрапыл өмірмен жекпе-жек айқасқа шакырады.

Енді соны айтайын. Сейлемші, кәрі жүрек! Бірак, қасына адальық, шындық қуәсі әлгі халық зердесін қалыптастыратын ес дейтін ұлы әулиені ерте жүр. Онсыз өмір жалғандыққа айналады. Ал ол - Алланың өкілі. Әр пенде есі, зердесі арқылы бұ дүниеде де, о дүниеде де ақиқат, әділдік алдында есеп береді. Адам, әр пенде қалай болғанда да мына жалғанда мәнгілік калмайтын уақытша тіршілік иесі екенін мойындастын болса, ол өзінің әділдік оты алдында әрбір басқан қадамына есеп беретінін білгені абзал. Жазықсыз жәбір, басқаға көрсетілген қиянат кімнің

қолымен жасалса да, сол ісі үшін жауап беретіні созсіз. Ей, Занғарым-ай, бұғінгі өскелен ұрпак, сендерге біз бастан кешкен тамұқ қасіретін, тірі жан иесі көрген сұмдықты айтпай кету - ең ауыр күнә. Ол сүйектен өткен, жан иесінін бүкіл құбылысын өрт бол құйдірген, тек басынан кешкен адам ғана білетін тіл жетіп айттып жеткізуі қының өмір. Азапты омір!

Тұнде тұрып, жекпе-жек айқаска шығып, айтысып, тақасып - тартысып жүрген мениң кек жұтқан, кек пісірген, саған сұлдерім бол көрінетін кәрі мұрдем. Мениң жүрегімде не жатқанын, нені армандастынымды, нені әрбір атқан таңдан бастап тілейтінімді білсөн, ей, көзімнің қарасы Занғарым, сен мені мәнгілік өмірдің инырақшысы дер едің-ау! Сөзсіз: мен тілеген өмір, мен армандаған күн келеді. Ол үшін саған, сенің замандастыңа, келер дәүірдің иесіне біз бастан кешкен сұмдықтарды айтпай кете алмаймыз. Сонда ғана сендер тірийліктің, қоғамдық өмірдің сырын біліп, қадіріне жетесіндер. Бірак, өмірді тек кияметтен тұрады деп ұғу кате. Оның жарқын бетін өзіне қарату әрбір елім, жұртым бар дейтін адамның, иә адамның азаматтық борышы. Өмірді адалдық билеу керек!..

«Атымды адам қойған соң, қайтіл надан болайын» - деген ұлы Абай қагидасты әр азаматтың, қайталаймын, азаматтың жүрегін ән болып оятатын күн келеді. Келеді! Мен сол үшін жекпе-жекке шығам... Қоңе, жас ұрпак, Занғар, мені тыңдай корші. Сөнда сен де күн нұрына, адалдыққа табынасың, соны кір шалмасын деп құрес бастайсын.

Е-е, біз өткен, бастан кешкен ғұмыр... Оны мен қағаз бетіне түсірмесем, ақ қағазды сөйлептесем, саған ауызша айттып жеткізе алармын ба?! Бұл - қасіреті бүкіл денеме у болып жайылған тірі адамның түсіне кіретін, тозақ өмір! Оны сен көрме, мына кәрі атаңын оң қолымен жүрегінің қанын төгіп жазған басынан кешкен аждаға көріністен ғана сезін. Тек оқи бер!..

Айтушы да, сұмдық сырды жария етуші де атаңың кәрі зердесі, қалжыраған сұлдері, есі. Есірік қүйімде ол, ес кетіп, ақыл

каждыган, сүйек сынып, ет мұжілген, шыбыным шырқыран. демім үзілер екіталай сэтте тек сен гана өлусіреген жүрекке демеу есім-жадым бәріне күә өзің едің. Көп сөздің түйіні өзінде. Менің тағдырыма, басымнан өткенге күә өзіңсің».

Иә, сонымен сөйлей бер, кәрі жүргегім!

- Эй, қарагым-ай, қайдагы-жайдыны қозғайсың-ау, өзің болып сөйлеу, басыннан өткенді каз-калпында жеткізу - касіретті баяндау, касіреттің қасіреті! Қасірет! Бірақ, өткенді еске алмай, болғанды болды демеске болмас. Тек сенің жадың болып айтам. Ұмытқаныңды есің болып сан қайталаймын. Кей тұста үнім қатты шығып жатса, жасыма, тек тілерім сол. Сол сәттерде тән иесі боп қана отырарсың. Эй-й-й, киын-ау, киын...

Аяқ астынан алай-дүлей соға жөнелген ақ дауыл көз байлады. Айналаны тіміскілеп, жан-жағына тұмсығын көтеріп, арасында әүп-әүп үріп апат әуенін естігендей құлағын тігіп шабаланған арлан да ізім-кайым ғайып болды. Өмірі жасамаған мінезі. Ақ боран ішін тартып үдең барады. Не қын сәттерде қасынан табылатын серігі белгілі Сырттанның мына қылығына таң калып та үлгермеді. Жер аударылғандай. Дүние күніреніп жүре берді. «Апыр-ай, отарымды қырып алатын болдым-ау. Мынау қапыда қалдырап апат болмағай еді. Жалғызымыңың басына арылмас сор әкелмесем етті. Менің басқан жерім қырсық, көретінім көрлық болғаны ма? .. Ойы астана кестен. Найзадай өкпеге қадалып ыскырған ақ дауыл әй-шәйге каратпады. Астындағы аты да үскіріктен шошида ма ала жөнелді. Иә, апат солай келді. Аз уақыттың ішінде қапылыста соға жөнелген ақ боран ақыл-есін аударып кетті. Қайда келіп, кайда түрганын білуден қалды. Дүние ақ бурыл тұман бугандай, ыскырып ішін тартып уіл қағып жүре берген. Қауқар қайтқан кәрі сүйек сырқырай, еті қашқан саусақтар дір-дір қағып, көз аламайын қанша сұртсе де тұмшаланған жанары жарыққа жарымады. Ақ қырышық бет жүзін. көзін сабалай, кірпігін мұз

жапты. Түн бе, каракөлеңке шам жамыраган шақ па, пайымы жетпей дағдарған жан өзін кайда қоярын білмей тығырыққа тығылды. «Құдіреті құшті Құдай, картайған өлер шағымда сүйегімді ит-құска кеміртейін дедін бе?». Жан қинап, сүйегін сыркыратқан алапат тұла бойын мұздатып, қаукарын үгіп жіберді. Жан азап қыспағына түсті. Ең болмаса жуып, арулап, баға-шағамның қолынан бір уыс топырак та бұйыртладың ба? Ей, катығез өмір, менде әлі де ала алмаған кегін қалып па еді! Мен ішпеген у, мен түспеген тозагын таусылмап па еді! Кай сұмдығың мынау дүниені аждана боп жұтардай қүціренген? Аждаһа!!!...».

Иә, әл-қуатың азайып қалжырай бастадың. Көз алдың шымшытырық елеске толып жүре берді. Ың-жың. Құлағың түсініп болмайтын айқай сүренге толып, одан әрі ақыл пайымдан болмайтып үрейлі әуен қаумалап кетті. Аузыңа Құдайдан басқа сөз түспей, Тәніріне жалбарынып, ат үстінен ауып құлап калар, не алмағайып кательден әупірімдеп аман қалып келесін.

«Құдайым-ау, маган көрсетер жақсылығың таусылып, оміріме осындей азап қана жазып па едің?».

«Зарлама!» Дәл қасынан, құлағының түбінен естілді. Ашы ақырыс. Демінді ішінде тартып, селік етіп, тың тыңдал, ат басын тартып, қалт қарап тоқтай қалдың. «Бұл не? Қасымда біреу бар ма, әлде... елес пе? Қалтыраған дененің мұз боп кеткені... Шынымен ақылымнан адаса бастадым ба?»

Сен сонда басымен алысып күндегі үйренген жем, от же-ген жеріне қарай атынның қанша ұмтылғанына қасарысып бой бермей, алыса-алыса ақыры өзіне беймәлім айдаладағы ықта-сынға кеп жан сауғалағанынды да білген жоксын. Ат басын жел өтінен бұрып ықтай тоқтады.

- Тәнірім, не жаздым саған? Қөргенім азап, жүрген жерім тозақ болып өткенім бе? - күніреніп тұрып қалғыдың ба, қалжырадың ба, құлағыңа:

- Сабыр сакта! - деген жаңғырық дауыс тағы жетті. Денен

дүр сілкініп: «Қай жағымнан шықты бұл дауыс?» - деп қозғалақтады. Тілсіз дүниені тұмшалаган ақ дауыл ұйтқып соғып тұр. Тірі жан исесі көрінбейді. «Бұл не? Санам тозып, сандырактайын дедім-ау, алжаса бастадым, ә?...». Қарт көкірек сонда түңіле күрсінді. Көз алдың қайта бүрқан ақ көбік тулас аспанга шашызы, сана сапырылысып, қулағын шулап, ың-жың шуыл қамалап алды. Сонда...

...Аспан ақ шайы тұтылғандай жаркырап тұр. Күннің нүрлі шуағы кілкіді. Көк жиегі мұхиттай толқып лық-лық. Сағым жағаға соғып, көбік шашады. Жер беті гүлдестеге толып, жасыл желең жамылып, тауы, тасы сәүкелесі мен сырғасы қүнге шағылыскан қыздай жасанып алған. Бел-белес қалың тобыр. Ақ шағаладай ақ үзікті үйлер тігіліп, мандала мыңғырған мал... Шұбартқан дала көздің жауын алады.

- Сен көрген, басыңнан кешкен қызықты шағың бұл! - деді бір дауыс. Жастығың бал-бұл жанған. - Басыңды қалт-құлт көтеріп, көзінді аштың, бәрі көзіңнен әп-сөтте ғайып болды. Әлгі көргені ақықат елес... Манағы манағы ма, ақ түтек айда-нардай ысқырып, бас-козді сабалап, сақалын жұлып барады. Атыңнан түсіп, бір күиста отырғаның анық.

- Бұл қай жер? Қайда отырмын?

- Айтайын ба?

Дауыс үшінші рет дәл қасынан шығып отыр. Жанғырығып алыштап кетті. Жат өктем дауыс. Басыңың іші гу-гу үн, бұрқыраган бөгде сөздер. Аң-тан...

- Мен сен жарық дүниө есігін ашқалы қасында келем. Менсіз сен не көрдің? Не көрсең де, корлығына да, рахатыңа да мен күемін. Тыңда! Сен жер бетіндегі дүниенің жулын тұтасы болған діңгек таулардан тас қорық жанартаулар атқылаған ұлы сілкіністерде онырылып түскен от шашкан шакпақсың! От пен тозақ дауылы тоздыра алмаған жанкешті тұлғасың! Кемелді күнің де туады! «Не дейді-еý? Кемелім бүгінде туады дей ме ей?». Таңданба! Көргенінді есінен шығарма! Ойлай бер! Ұмы-

тканыңды өзім есіце саламын. Менен қалғанды досың Қойеке айтар. Таңдаңба, мен сениң жадынмын! Қайда болсаң да касынан табыламыз.

Енді анық аңғарды. Есенгіреп отыр. Ойы ұнталып сынған шыныңдай тоз-тоз боп кетті. Қиялыш сөйлеп, сандырақташ, құлагы шулады. «Ақылымнан адастым-ау!». Болмаса мына ажал үні естілген далада тірі дауыс естілер ме еді? Бірак, мен айта алмағанды досың, бауырың Қойеке жеткізеді. Толықтырады дегені несі?!?

\*\*\*

Сол тілсіз құйындағы үйірмелеп соққан ақ боранда олмей тірі қалған Қылыш қарт төсек тартып жатқалы да қашшама ай... Басынан откені, не көргені, қандай азап шеккені бүкіл ұзак өмірі болып көз алдынан тізбектеліп өтеді де жатады. Сал ауру. Қиялынан басқа тілдесер тірі жан иесі де жок. Басынан кешкен, көрген, касірет азабы бұл күнде тілден, қулақтан айырған пенденің өлмеген журегі гана соғады. Ойынан сонда, құладуз боранда естіген бөгде дауыс па, әлде айқай ма, бір кеткен емес. Ол не? Елес пе, әлде сандырақ па?! «Сен дінгек таулардан құлап түскен от ұшқындаған шақпақ тассың!» дегені не? Дәл құлағымның түбінен естілді. ә? Анықтап тұрып, досың, туысың бауырың деп. Қойекенің де атын атағаны ше? «Ойы мың тарапу. Ақиқат айқай ол! Әлде сонда ақылымнан адастым ба? Жұмбак. Осы қазірге дейін беймәлім түсініксіз әлем құшағында екені ақиқат. Бірак...

\*\*\*

- Ата, Сіз түнде қатты дауыстап, сөйлейтініңізді білесіз бе? Сайрап кетесіз. Дауысыңыз жер жаратында зорайып кетеді сонда. Үрейлі, тіпті қорқынышты естіледі қасынзыдағы маған. Мен қорқам сонда.

Бұл немересі, бір бөлмеде қасында жататын Занғардың сөзі.

Бұл созді ол осымен екінші рет айтып отыр. Немересінің сөзін бұл естіп отыр. Бірак, аузын ашпады. Шашығана емес, бас терісің күйкасына дейін ашақ бол, сақал, мұрты, кірпігі селеудей күйін, селдіреп ағарып можыған карт терісі сырнайдай қатпар-катпар мойнын, әлсізғана қалтақтаған басын бұрган болды. Баланың айтканын мойындағандай жаутактап қарап әдетінше өлүсірекен жанарын бір аударды. Аузын ашпады.

- Сонда Сіз. - деп жалғады Занғар сөзін, - сау адамдай орныңыздан атып тұрып:

- Естіп жатырмын! Бәрін естімін. Дауыстарың құлагыма жетті, жетті! Сүйегімнен өтіп барады ашы үн! Борыған сүйек емес пе. сол қаһарлы дауыстарыңнан үгітіліп кетердей, бәрі сырқырайды.

- О, рухы тулаған құдірет иелері. зәузатім, колдаушым емессіндер ме! - деп өңешіңіз жыртылардай бакырып кетесіз. Мен шошығанымнан ба, кейде сасқанымнан ба басымды көрпемнің астына тығып, дыбысымды шығармас үшін, бір шетін аузыма тістерп бұғып жата қалам. Оныңыз не? Неге айқайлайсыз?

Карт немересінің әр сөзін, өзіне айтылған не кінәнің бәрін естіп отыр. Бірақ, тіл қатпақ емес. Басқаның үнін естуге де тиіс емес. Өйткені, мылқау, басқаны естімеске ант еткен жан! Өзінің ондай мінезі, оғаш қылыштары барын да жақсы біледі. Расы, жүйкесі шегіне жетіп тозғаны ма, кәрілік, көп жылғы басынан өткен азап касіреті тұғырлатқаны ма, сонғы кездे өзіне белгісіз сүйек кескен сұрапыл кинаң жүргені бекер емес. Сондай сэттерде өлі сүйекке жан бітіп, орнынан тұрып кеткенін, не деп сөйлеп жүргенін білмей қалатыны бар. Сүлдерін сүйреп кетеді. Сонда өзін ырқынан тыс беймәлім құштің билеп кететініңғана пайымдайды. Ондай оғаш қылыштарының немересіне мәлім болғанына енді қатты қысылады. Не істесін. Жақ ашпады. Аузын ашса, ар жағы өткені азап болып актарылышп кеткелі тұр.

«Апырау, бұл не бол барам? Осынша жасқа келгенине көңілді кесіп, сүйегімді сыйндырып, етімді боршалап, жіліктеп жатқандай сэтте де жақ ашып, тіс жармайтыным қайда! Өлер шагымда үрпағыма мәңгүрт, мылқау атанып өтетін болдым ба!».

Занғар, көзін алмай, жауап тосып отыр. Оған менірейіп отсыз жанарын тігіп, құлагы қалқып, кеудіреген кеудесінде шықпаган жаны жатқан атасы еріндегі діріл қағып салқын көз тастады. Тас мусіндей тілсіз қарт кірпігін де қақпады. Жаудырап атасына қарал, жауап ала алмаган бала да, отырып-отырып, орнынан тұрган.

Бала мектепке баратын мезгілі болды ма кітап, дәптерін жинап сөмкесіне салды да, әдетінше бір жапырак кағазға: «Ата, мен сабағыма кеттім. Басқалар жұмыста. Шайыңыз қасыңызыда. Сау болыңыз», - деп жазды да карттың тосегінің алдына тастап, кетіп отырды.

Немересі кеткесіп әдеттегідей дағарадай үйде бір өзі қалған дәрменсіз жан қиялдан-қиял, ойдан-ой қуып кетті. «Құданың құдіреті. Бұл адам деғен әлі зерттеліп болмаған құбылыс екенін өздері біле ме. Әлде Тәнір жаратқан көк аспан, ұлан-байтақ кеңістік жер бесіктін бетінде ғасырдан-ғасырға ұласкан тіршілік құшагында бірі-біріне жұмбак құпия күйінде осылай арбасып, алысып-жұлысып, жағаласып, әлді-әлсізді тізеге басып өте берे ме?!

Ей, адамдар, тыңдашы мені де! Мен де сендер сияқты ана құрсағынан шыққан жан иесімін. Алдымен жауап қатшы. Бірінді-бірің білемісің? Мәселен, мына мені қайсың білесің? Әлде тыңдайтын құлак, ұғатын сана жоқ па! Менің тағдырым, бірдің тағдыры ма, ойланышы, жан-жағыңа қараши. Соңда біз, иә, мына мен сияқтылар кімбіз өзі? Өзінді-өзің зерттедің бе, өзіңнің кім екендігінді анықтамай жан иесінің барлық сырын біліп бола ма! Күннен ай, айдан жыл, жылдардан ғасырлар асып келесің, не ұқтың? Көзін не көрді, басыннан не кештің. Қайта бір зерделеп көрши. Қайталаймын, осы мен тірі мүрде халдегі кіммін?

Өлгі қаршадай бала бетіме басқап, басқа бөгде жанға естілмейтін жан дауысым, өксік үнім жанды қинаған запыран тылсым тереңіне озіммен бірге жұтылып кете бере ме? Ол сонда өмірге бакытсыз бол келген бейбак пенде менің ғана зар үнім, азабым, қасіретім, өкіліш сорым ғана болса ештеге емес-ау. Жұздердің, мындардың, миллиондардың қайнаган қаны, тұз болған соры, борыған сүйегі, тапталған ары, езілген жаны болса ше?!

«Иә, мен жаным сірі, тәнім тулак, өзегім өрт, жүрегім ғана тіршілігімің шырагын сөндірмеген тірі аруакпын»...

- Жатып алыш сайрама!

Тосын естілген үннен селк етіп қозғалақтап кетті. Ойын тобеден түскендей саңқ етіп бөлген өктем дауыс елең еткізді. Дауыс өз кеудесін қағып ішкі әлемінен күнірене шықты. Анық құлағы естіді - өз дауысы!

- Бәрін, басыңдан кешкенді ашық айттар, жария етер күнін де келді. Сойле! Санана үніл! «Бас кесіп болса да, тіл кеспек жок» - деген бабаң!

Шалқасынан жатқан қарт басын котерді. Аң-таң.

- Ей, сен таңданба! Мен сен өмірге келгеннен тынысың, демін болып, басыңдан не кешсең, бәріне куәгер, бірге келе жатқан жад есімді жәдігермін. Таңың әне, құланиектеніп атып келеді. Үрпағыңа айтарың болса, ойыңа жина, шыгар сыртқа. Көргенінді, бақытың мен сорыңды, болғаныңды, талғаныңды, солғаныңды, азабыңды, ажалыңа дейін актарып айт. Үрпағың сен көрген сүмдүктардан жерісін, өсietінді қалдыր!

Іште жатқан өлі сүйек жанды жейді. Айтпа, бүкіл тәні бүлкілдей соқкан қап тамыры сөйлеп бара ма? Бойы қалтырап, мына бөгде дауыстан шошып, басын көтеріп алды:

- Не? Жад есімді жәдігермін дейсін, ә? Онда мен корген қасіретті өзің-ақ айта бер! Онда олер халдегі мен нені айтып жеткізермін. Тозған жүйке, шаршаған ми, күрмелген тіл нені жеткізіп айта алады. Қинамашы мені! Өзің әлгі туганнан бергі, жоргегімді тоздырган жәдігерім, сен сойле!

- Сөйле, айта бер. Ұмытқаныңды өзім-ақ есіңе салам. Жан иесі өзі көрген азабын өзі айтса, басқага сорғалаған сол ыстық қанымен жеткізеді. Сен де сол азаптың құлышың! Өз басыңнан кешкенінді өзін айт! Бір ғана мен емес, менің тағдырым - миллиондар тағдыры. Жадым болсан менің өзіңнен жасырын сырым да жок. Сен сойле, сен айт бәрін. Сен менің екінші бейнem, суретім, өмірімсің. Менің басымнан өткенге сенен баска казір тірі куә жок. Элгі немерем маған не деп кетті. Не ойлады. Мені құр кеудесінде жаны жатқан тас керен, мылқау, тірі мұрде деп кеткенін де сен ғана білетін болдың. Сол өзі кейде менен шошып, үркे қарап, бойын аулақ ұстап, безіне жүретіндей де боп корінеді маған. Тегінде мен ол үркіп іргесін аулақ ұстайтын жан емесімді білмесе не істермін. Расы, ол менің қандай адам екенімді, басымнан не қасірет кешкенімді білмейді. Ал, білсе...

- Білмесе, білгіз! Сенің кеуденде, қазір әлсіреп баяулап соға бастаған жүргегіннің басында не жатқанын кім білген. Өзінді-өзін таныт! Менің қосарым, тек ұмытқаныңды есіңе түсіру ғана! Тіпті болмаса Қойекені шақыр көмекке. Ендігі сөз де, сыр да өзінде!

- Апырай, ә, қинаңсың-ау! Өзің-ақ сойлей бер дейсің, ә! Басқага менің кім екенімді қанымдағы ақ, қызыл түйіршіктердің қандай екенине дейін жақсы білетін, сен, мені ғана емес, әкешеше, ата-баба, тұп-тұғиян зәузәтімді тәптіштейтін тауарих емессін бе! Қалжыраған жаны тозған мұрде халдегі мені сөйлеткің келді. Е-е, қанша..., қанша ғұмыр, қанша шерменде, қасірет уын ішкен ұрпақ өтті. Бәрін өзің білесің, Өзіңе жасырын ештеме жоқ емес пе?

- Тартынба, сойле, бірак жалған сөз болмасын! Сені мен жалғыз менің ғана емес, бірнеше ұрпақтың басынан өткенін білетін, өмір көрем. Жад! Сенімен пенденің ақыл санасының көшірмесі, басынан өткен жақсы-жаман, адалдық-арамдық, әділдік-зұлымдық, обал-сауап, бақыты мен бақытсыздығы, қайысы мен қасіретінін миында сақталған мәнгі өшпейтін тыл-

сым белгісі деп білем. Егер, анығында өзің менің жадым болсаң, мені кинасаң, өзің сойле! Соңғы ғасырда бұған дейін адам зат басынан өтпеген не сұмдық қасіреттің отына күйгендерден қашған тірі күә жан иесі сен!

- Анырай, анырай, пандемін гой, корлыкка күйген жаным, аргық кетсем, коргенімді, басынан кешкенді білмей айтып жеткізе алмасам кайтем. Қанша жылдар жағым қарысып, тілі байланған мылқау, кулақсыз керен, тірі мұрде атанған мені сейлетпексің, ә? Иә, жүріп-жүріп мылқау, керен атанаң кеп...

Мейлі кім не десе де. Өз қандасым, жакыным, замандасым басынан кешкен тауқымет азапты, өзім корген тозақты өзіммен бірге кебінге оран, о дүниеге алып кетсем, оным өзіме ғана емес, бүкіл үрлағыма опасызың болар, нальп қалар. Кілті тек жаи иесінің тәп қалтасында сакталатын болат сандықты аш десең, сені қалай тәрк етем, айтқаныңа қондім. Тілім сөйлемесе, жаным сойлесін, есімде қалғанды, көзім көргенді. О, менімен бірге ғұмыр кешкен киелі сана, ақыл, зейін, қалтасы жад, ак қағаз бетіне өзің түсір, өзің көмекшім бол! Өзің сойле! Тілегім - сол! Өзіңен аскан құйма құлак зерде, куәгер жок!

- О, құдіретті Құдай, осы орайдағы мақсатымның оң жолын аша гөр, тілегімді бере гөр. Санамда тас болып шоғіп, тәніме өшпестей боп катқан корлық пен зорлықтың шемен шерін білсін үрпак. Менің, мен сияқты өмір кешкендерді танысын. Мен кім едім, бабам, тегім, зәузәтім кім? Өскелең келешек үрпак есте ұстасын! Обал мен сауапты, киянат пен зорлықты таразыласын. Біз бастан кешкенді, көз көргенді багамдасын.

- Уай, Қылышбек, жетесіз өйдан арыл! Басынан кешкенінді есіне түсір. Шындықтың ак жолынан адаспа! Сүрлеуін, өзін басып откен таптаурын, сол қалпы сайрап жатыр. Мен де касындамын. Сұрапыл көш, қасірет көші боп от канатын қағып барады. Сол дүрмекке мен де ілестім кеп... Жадың боп қосылдым...

Шалқасынан жатқан тірі мұрде ойын сабактап кетті. Құлшына кірісті. Әйтсе де кежегесі кейін тартып, керенау делсалдық мендеп тапжылтпай басып отыр ма, қашшама жылдар қасірет қылтұзагы астында көнтақа болған желке тамыры үзілердей бол созылып, басы салбырап, өткенге жетелеп жөнелді. «Иә, сен бір замандарда адамзат тарихына есімі мәшіүр төрткул дүниені дүр сілкіген Көкбординің үрпагысың!» - деп алыстан сүрен қомескілеу әлсіреген үн жетті құлағына. Сүзгідей селдірекен санаасына соны қуат, жылжып төгіле тамылжыган ағыс бол құйылды кеп. Алыстан талып жеткен әлгі еміс-еміс дауыс құлағы құрыш етін жеп барады. «Сен жасанды мүгедексің! Сілкің! Сүйегіңе от бер! Тұлпарды дүрсіл оятқан! Сен тұяғы кетілмейтің, жүргегіне түк біткен, от пен судан қайтпаған қайсар жаратылыс үшқынысың! Шамырқап!».

Қылышбек ойланып отыр. Құлагы гу-гу! Маңдайын сипапалап көк желкесін қайта-қайта қасып, тұнжырап қалған. Құлагы дүнгірлеп, қалтаңдаған басы бұрын-сонды естілмеген сүренгеге толып жүре берді. Қашшама айлар, иә, айлар, әлгі боранда адасып, отарынан айрылып, қаракан басы олімші сал бол жатып қалған бейбак пендені енді кеп өзіне беймәлім бір күш қолтығынан тік көтерді. Бұ не? Рух па, аруақ па? Өзі де ан-тан. Аяғын апыл-тапыл басқан баладай терезе алдына жетті. Қоң жылдар түбін өлік басқан, айналасын қамыс, ши, нешетүрлі кая өсіп қарауланып кеткен күдікташ жанаары жасаурап ештене көрер емес.

Оның үстінде күнгірт терезенің шынысы да шаң басқан ба, бөгде дүниені мұнан тұмшалап тұргандай. Бір бег алғанынан, не қиямет арыстан бол қарсы шапса да жаным бар деп қайтып жалтаруды білмейтін қайсар мінезі қайта тіріліп терезе алдына қазыкташ қағып тастағаны. Қалишиып катты да қалды. Әлгі мына тірлігінде көрген-білгенімді, басынан кешкен жаксы-жаман, рахат - азабымды тәпсірлеп үрпагыма сырымды айтып

кетемін дегенін ұмытты ма, қалшиып әлі түр. Не деп, неден бастайды? Қоргенін, басынан өткенін жеріне жеткізіп айтып берсе ала ма?! Егер ол мұратына жетсе, тірі жанды тебірендірер сұрапыл омір суреті жасалар еді. Менің өмірім бір өзімнін ғана басымнан откен омір ме? Қашама бейқұнә жан азап шекті! Өмірден отті! И-и-и, дүние-ай, мен мына жарқын өмірге қашан келдім?

Карадан - қарап тұрып, ештеңені бажайлап, көрін тұрғанының анық-қанығына жетпей, әлсіз жанары бұлдырыады ма, әлде сап-саққа толқыған, қалжырап - болдырган қуаты адасты ма, әл-дәрмені таусылып, тұнғыық теренге шым батып жүре бергені...

- О, козге корінбейтін, тек жанарыма тіршілік сәулесі нұр шашқанда өмірімнің басы-қасында болған, ұлы зерде жадым, басымнан откеніме сен ғана қуәсін. Жакын келиші, қасыма! Мен көрген азап қасіретке бүгін сенен басқа қуә адалын айттар, әділ казы болар кім бар? Мың өліп - мың тірілгенде де ол сенің, ей Зерде, сенен ошер ме?

Ол осылайша тебіреніп, шынырау ой тұбіне түсіп тереңдейді. Тағы да сол манағы өктем дауыс: «Оян!». Дәл қасынан шықты.

«Апырай, мынау бабалар рухы болмагай»... Ойы мың тарау неден бастайды. Сапырылысып кеткен.

## ШЫҢЫРАУДА

...Екі қолы екі жамбасы тұсына, алакандары жазылған қалпы, жансыз денеден үзілер кимылсыз салбырап құлаган. Тік тұр. Мына қалпы табытта қатып қалған мәйіт тәрізді. Бірақ, ақиқат - бұл тірі. Олай-былай қозғалып еді. жан-жагы қамау. Ілгерікейін, оң-солға бұрылар бір елі кеңістік жок. Таспен қапталып қалған ба? Басын қозғап еді - маңдайы мұздай тасқа тиді. Аяғын қозғап еді - тізесі де соны қайталады. Екі шынтағы да сол жәйтті көрсетті. Тағы бұл не сұмдығы? Мен қайда тұрмын? Тірімін бе, әлде о дүниeden бір-ақ шықтым ба? Осындай тажалдай талаған көп ойдың қамауында қалды. Құлағының дәл түбінен:

- Эй, атаңа нәлет! Саған не керек, ә? - деген бақырған дауыс естілді де. - атаңа нәлләтті тілі шыққанша болат қапқа сал! Апар! Көрейін мұның қалай тілі байланып қалғанын. Жауыз, сайрайсың, әлі! Сайратамын! - деген өктем жат дауыс мұның онсыз да шыбыны шырқыраған жанын қанжардай осқыласап етті.

Расында тірі. Өзіне-өзі келді. Мына дауысты қаз-қалпында таныды. Анық сонын дауысы. Бойы түршікті. «Болат қап! Болат қап!» Онысы осындай болады екен-ау. Жүргегі лоблып, қысылды ма, шайқалып, қозғалып көріп еді. бұқіл денесін бұның колына ілікпейтін қатты затпен қаптап тастаған тәрізді қозгалар емес. Көзін ашып еді - тасқараңғы түн-түнек. Әйтеп-үр дем алып, тыныстытайтын ауа бар. Онысына да шүкір. Ызага булыкты. Мынадай зұлмат сұмдықты ойлап тапқан қасірет иесіне лагнет жаудырды: «Эй, сендей иттерге жаным шығып кетсе де, аузымды ашпастын. Аш аюлар! Тала! Талай бер! Сор қанымды. сора бер! Бірақ, сүйегім үгітілсе де, жаным беріл-мейді. Түбі әділдік, адалдық жеңеді. Мен жеңем, ме-ен!

Қолыңнан келгені осы азабың ба? Кесіп ал басымды! Жалған сөз айтпаймын!

Ал, қинадың, зорладың, күйдірдің, қажыгттың. Мұратың не сондағы? Арманыңа жеттің бе? Сенің дегенінді айтайын-ақ. Сонда не деуім керек. Өзіме-өзім жала жабайын ба, әлде басқа бір бейкүнә жанды осындай азап қалтасына салуым керек пе?

Ей, бейбакыт, ессіз, қаншып! Бұл жарық дүниеден адалдық, әділдік, шындық, ізгілік деген түсініктер жойылып па еді? Сен неге адамның ары, адам бойындағы шындық дейтін ақ періштеге сенбейсін? Өзің азғын, шайтан болған соң, адамның бәрін азғын шайтан көремісің!?

Менің жазығым, қазіргі билікке, үстемдікке жаңыммен беріліп сен-гендігім бе? Қашан, қай жерде, оның қаны сорғалаган озырлығы мен киянатына қарсы келдім? Алдияр тақсырлап алдында бүлкілдеп желіп келем. Сондагы жегенім тас камау осы болат қап па?!

Колымдағы игілікке жарайтын барымды, бойымдағы күш-куатымды беріп болдым. Енді менде не қалды? Мына жер бетінде, мұсылман баласында Мұхаммед Салла аллаһу ғалай-үссаламның есімін ырымдап, ұлықтал перзентіне қойған қанша жан иесі жүр. Сол Алла тағаланың сүйіктісі Мұхаммед пайғамбардан артық қасиетті жаратылған адам баласын аташы, кане! Мен де сол пейілді ырым етіп, перзенттерімнің бірін Ленин, екіншісін Сталин атадым. Менің Құдай кешіретін күнәм, бейкүнә пінделер алдындағы қателігім де осы! Бас имеске бас идім, зорлықшылды ұлықтадым. Балаларым кара халыққа бақыт әкелетін әділет иесі, адап жанды азамат болса екен деп тіледім. Оларды, әлгі атаған есім иелерін, Құдай артық жаратты, басқалардан ерекше қасиетті деп түсіндім.

«Ей, сен не деп тұрсың? Алла Тағалан не? Оның сүйіктісі кім? Жоққа неге табынасың? Ал-ла-а! Аллаң не?» - оның тас камаудағы құлагы кайта шулап, қас-қабагы, кірпігі күйіп кеткен бе, әлде тұмысынан сондай ма, көзі ойнактаган сүр жылан түстес тергеуіш бұған ақыра дауысталап, қадала қарады.

- Аллам - Алла! - бұл жасымай карсыласып, - сүйіктісі - Мұхаммед Пайғамбар!

- Эй, сен не сандалып тұрсын. Көрсетші сол Аллаңды маған, қазір босатайын.

- Ә, ә, күнәһар сорлы, Құдай қолыңа түссе сендей ессіз кайтер еді. Құдай сендей надандарды әлі-ақ созсіз жазалайды. Тасыма! Бүгінгі арамзалығының басыңа бәле бол жабысатының, басқаға көрсеткен қиянатының қасіретін тартатыныңды қайдан білер едін.

- Кесемін тілінді! Тілін мұның! Эй, зұлым, сен Сталин жолдасты не деп балағаттаң, қарғадың, ә? Айтшы соны, адап болсан?

- Е, қатыгез пенде, мен сениң Сталиніңді қарғам жок. Өзімнің Сталинімді, өзімнің қанымнан Құдай жаратқан. озім өмірге келтірген баламды қарғадым. Ойбай-ау, енді қайтейін, жаным қысылғаны сонша, ел аштан өзегі өртеніп қырылып жатыр. Жүрек жалғайтын ештеңесі қалмаган халық... Өлі-іп! Күні кеше ак май аузынан төгілген, бүтін өзек жалғары қалмаган елдің жүрегі үзілуде. Тас шайнап, тышқан жеп, қара су ішіп өзегі өртеніп... Ал, таңдайымызға талшық еткен бір топ жанның аузына қарап отырган жалғыз сиырына бұзауы жамырап еміп жатса, оны ұстаудың орнына көзі аспанда болған әлгі өзімнің жүгірмегім Сталинді қарғамай қайтейін. Көгермегір Сталин! Жетпегір Сталин! Көзің ағарғыр Сталин! Бұзау еміп қойды, ойбай ұста! Табандап қалғыр, Сталин, ұста! - дегенім рас.

- Міне, міне, жана түзелдің! Көгермегір Сталин! Жетпегір, көзің ағарсын, Сталин дегенінді бекітсөң болды. Не сонда, Сталин жолдастас сениң сиырыңың бұзауын ұстап байлай ма? Ей, мисыз, Сталин жолдасты бұзаушы, сиыршы еткің келді ме, сонда? Жүгермек Сталин дегенінді түсіндірші.

- Азамат тергеуыші, мен өзімнің қара қатыннынан, баяғыда қалың малын, қырық жетіні санап беріп алған ақ некелі қатыннынан туган балам, өзімнің Сталинімді, ыза, ашу буган шакта қарғап, тіпті қамшының астына алғаным да рас.

- Ой, не деп тұрсың сен?! - шайтанкөз ыршып түсті. Стalinді сабадым дейсің бе? Масқара. міне кылмыстың әкесі! Жер жүзі пролетариаты аузына қарап отырган күн көсемге қамшы көтеруін мұның!

Қатуланың, түгі бетіне шықкан тергеуші, сабасына түскендей болып:

- Стalinді сабағанында қасында кім бар еді, соларды аташы?

- Қасымда бәрі бар. Әкем, шешем, әйелім, бауырларым Мұхамедрақым, Мұхамедсадык...

- Қара мұның Мұхамедшілін! Әй, сенің ауылының бар адамының есімі Мұхаммед, баласының аты Ленин, Stalin қойылатыны неге?

- Жақсы көргендейдік, құрметтегендік, ұлық, қадір-қасиет тұтқандық. Жаным-ау, біз өте ырымшыл, Құдайға, аруакқа, киеліге, қасиеттіге сенгіш халық емеспіз бе? Оны білмеуші ме едің. Содан да...

- Ондай киеліні қасиеттесең, неге Stalinді балағаттап қарғап, сабайсың?

- Ойбай-ау, ол сенің Stalinің емес. Сенің Stalinің менің қасымда отыр ма еді? Ол қолын көтеріп: «Сонау қекте». Ал, менікі... Өз балам. Сол үшін жан берейін бе? Өзімнің некелі катынныман туган. Өзім таптырған Stalinі-ім!

- Не деп тұрсың - ей, әй сен? Stalin кім болды сонда? Сендей миғұла, битті қазақтан туатын! «Өзімнің некелі катынныма таптырған Stalinім» - дейді ей! «Менің Stalinім»! Надан, жауыздың сөзін! Ол - күн көсем! Сондай ұлы адамның есімін ит күған, бокмұрын балаца қойып, көсемнің ар-ожданына, абырай-атағына тиетін қарғыс, былаптың сөздер айтып, халыққа теріс ұғым тудырып, масқара кылмыс жасадың! Халықтың жауысың сен! Ұлы есімнің абырайын төктің!

- Тергеуші азамат, - жаны қысылғаны сонша, жан дауысы шықты, - сенің Stalinің Мұхаммед Пайғамбардан артық болды ма? Оның есімін бүкіл мұсылман қауымы, - дей бергенде:

- Тоқтат, сөзді! Жап аузыңды! Сталин жолдағас гасырлардың көсемі, жержүзі халықтарының дан басшысы! Адалдықтың, адамдықтың, адамзатты таңдандырган ұлы бейнесі. Адам ба-ласы, адам атадан таралған жан иесі жер бетіне жарапталы армандаған ұлылардың ұлысы ол!

Бастырмалатып ауыз ашқызбаған тергеуші, сәл саябыр тауыш:

- Сталин жолдасты балағаттағаныңда эке-шешен, әйелің, ауылдастарың болды ғой.

- Болды. Тағы да айтамын, мен оз балам Сталинді...

- Олар сенің осы сөздерінді бекіте ме?

- Эрине, бекітеді. Болғанды болды, айтылғанды айтылды демей... Көкбөрінің ұрпағы ақылынан адасты деп пе ен?

Оның бетінен бір жерінен шоқ түскендей жалт қараған тергеуші:

- Көкбөрің кім? Ол да болып па еді сол жерде? Көкбөрің кім? - адырайып, шағатын жыландағы ысқыра шашылған тер-геуші - Жасырма айт, - деп ақырды.

- Көкбөрі - менің түпкі тегім! Ең бастау өркен тамырым - касиет басы!

- Менің тегім... - деген дауысында кекесін бар, ойлана түсіп, - айтпақшы, саяси үгіт-насихат, түсінік жұмысын қара халықтың арасында қасақана жүргізбей. ұлы көсемнің есімін ата-басы надан, ит күткін тексіз, сенің балана қойған шілдеханага аудандық партия комитетінің хатшысы Кожабергенов қатыссы ма?

- Эй, тексізің не? - Қылыштың жаны ышқынып кетті. Кімнің текті, кімнің тексіз екенін бір Құдай біледі. Сендей ессіз кімді білер еді. Ондай сандырагыңды тоқтат!

- Отыр! - деген тергеуші ақырайып атып түрді. - Бұл сен-дейлер едіріндейтін жер емес! Күнің біткен! Жап аузыңды! - колында кезенген наган.

- Эй, бас алмақ болса да, тіл алмақ болған емес. Қоқандама! Корқытпа, мылтығыңды шошаңдатып. Мен саған қуыршақ емеспін, айтқам! Айтканым айтқан, менің тегім - Көкбөрі!

- О, Кокбөрі. - енді кекстіп, мысқылға көшкен тергеуші Кожабергеновті айтышы кәні, Кокбөрі! - деді.
- Мен ондай кісіні танымаймын. Корген де пендем емес.
- Қалай танымайсың! Танисың! Таны!
- Танымайтынымды танимын, білмейтінімді білемін деп айта алмаймын.
- Айтасың! «Болды шілдеханада» дейсін. Оны Қожабергеновтің мойнына қоясың.
- Тергеуші мұрза, кожа берді ме, Құдай берді ме. Өнім түгілі түсімде көрмеген біреуді «көрдім» деп жала жауып, басына бәле саларым жок!
- Бұл бәле емес - шындық. Халықтың сөзін сөйлеу - адальдық, елге жана шырылық. Қожабергеновтің баланда Сталин жолдастың есімін қоятын шілдеханага қатысып, бір түн думандатып, ән шырқап, боза мен аракқа тойғанын, баланыз Сталиндей болсын, үлкенініз Ленин атанғанда, кішісі неге Сталин болмайды дегеніне дейін айтты, мойнына қоясын.
- Ондай адам да, әлгідей сөз де болған жок, өтірік! Жала! Мен отірік айта алмаймын.
- Ол шындық! Мойнына мөлдіретіп қоясың! Эй, атана нәлет, мен не деп отырмын саган! Өзің әлгі айтқанымды жадыңа жатта! Солай дегізіп. Қожабергеновті мойындар! Сонда гана менин жақсылық коресің! Әлгіде айтқан созінді қайталап айтасың.
- Әлгіде мен не деп едім?
- Сен бе, сен Қожабергенов менің балам туған тойда болды, «үлкен балаң Лениндей, кіші балаң Сталиндей болсын» деп, есімін өзі атап, балама койды дегенсін.
- Туу, мынауың айды жерге түсіргенмен бірдей. Өтірік! Жок, мен мұндаидай ойдан шыгарылған жалған жалага бара алмаймын. Міне, бүгіннен бастап мен сенің алдында мылқау, тілсізбін. Жағым қарыскан, құлаксыз кереңмін. Жазықсыз жанға жала жауып Құдай алдында, ізгілік алдында күнәшар бола алмаймын.

- Күдайшылын мұнын! Апар, кама болат қапка! Саспа, сайратамын сені!

Тергеушінің ызалы дауысы Қылышбектің құлагына қайта шалынды. Көзің кеңірек ашып, осы өнім бе, түсім бе дегендей жан-жағына үзіліп, тінте қарады. Караптың түнек бұрынғыдан да молая үйіп терендең қоюланада түсті.

Тергеушінің ызғар шашқан долы дауысы жон арқасын аяусыз кеп болат қамшымен осқылап өткендей болды да, кара тұяғынан төбе құйкасына дейін бір ысып, бір суып жүре бергені. Басы айнала ма. Ештеңе көрмесе де санасты ояу, сезім шогын сактаган миында түйсік пе, өзіне белгісіз бір қозғалыс қана бойын шымырлатады. Қозғалар мүмкіндігі біткен. Мына жан-жағынан тұмшалап бітеп бекіткен қапас қыбыр еткізбей, карманар ештенеге іліктірмей тұлсіз терең шыңырауына жылымдай тартып жөнелді. Көктен қанаты қырқылып құлап келе жатқан құс па, әлде лақтырылған тас па, актық демін жұтып, ештеңеге үқсатып болмас дәрменсіздік жеңген бейкүнә хал. Әйтте өзі сэтте қап ішінде тастай катқан бейкүнә, дәрменсіз жанды тұн-тұнек қараптың тылсымы акқан жүлдіздай сорғалатып ағыза жөнелгені анық.

Шіркіп өмір. тәттісің-ау! Тәттісің! Сенің нұрлы сәулең болмаса, жан иесі тұн-тұнектен не рахат сезінер еді. Сенің Күн, Ай дидарына күміс құлқіндей шашыраған жарқылың жүлдіздар жымың қакпаса, шетсіз-шексіз когілдір аспанында не касиет бар! О. жарық сәуле, кайда тығылдың? Ең болмаса бір үшқынынды көрсетші! - деп қапас құшағынан бар дауысымен айқай салғысы келді. Бірак ана сүтімен сүйегіне сінген дегдар мәрттігі аузын ашқызбады. «Ей, Қылыш, сен Көкбөрінің тұяғысың, қанысың. Сен дауыстасаң дүние азан-қазан болады. Бабаның кекті рухы тіріледі. Қанына қарайма! Жалғызсың. Мәрттігінді сакта! Сабыр сабаңа тұс! Әлгіде ғана емес пе еді, мәрттік аруагына сыйынғаның. Сол кереметке табын! Жасыма! Бас кеспек болса да, тіл кеспек жок деген де сенің бабан.

Басыңды кессе де, тілінді кеспейді. Тілінді берме! Жүргегінді тыңда. Мәрттікке, санаң бағын! Ей, сен адам санаң - әділдіктің ақ піркейі екенін білесін бе? Сана адам жаңын әлди-леген періште! Бірак, оның кейде шайтанның азғыруына еріп азғыпидап, жалған дуниенің арбауына түсіп, жылан болып, жазықсызды шагып улайтынын, накәк жәбір берушіге айналатынын білсең ше? Қасірет кой, қасірет! Көз алдында тай құлын-дай тебісіп, бірге өсіп, бірге жүріп, адамдықтың ақ отауында ән салып, қызықшылығын бірге коріп жүрген бір әке, бір атадан, бір жатырдан шыққан жандардың жыртқышқа айналып кеткенін де көреді екенсін, ә?! Сол фой, сол! Әй-и-и... Көр! Көре берсін! Басы айналды ма, бөгде дауыс па, қым-қуыт ой шым батырган тереңдік бол оны арпалыс, азап аланаңан қайта жұлып әкетті.

Сол сәтте өз үйінің алдына тәтті ұйқы құшағынан енді ғана босанып шығып тұрган. Белгілі байырғы қонаш жүрт. Мұнда көшіп-қонғалы да көп болмаған. Әр үйдің маңайы ұйысып, әлі тапталып жапырылмаған көк балауса шалғын. Жаңа жүрттың жұпар ісі түшкіртіп, колқаны қытықтайды. Көкжібек-тей аспап мөн-мөлдір тымық. Дүние төңірегіне құлімсірей қараған тыныштық.

Кенет бұлтсыз аспаннан жай түскендей жағалай ақ үйлер қоныс тепкен Қасқабұлак басы у-шу айқай сүренге толып жүре берді. Ауылдың бар иті жаңығып, шабалана үріп, тымық дала-ны басына көтерді. Әлгідегі тып-тыныш кеңістіктің шаңын қағып, тасырлата шапқылаған аттылар құйындай жөңкіле құлады кеп ауылға. Өздерінің тасырынан бұрын дүркіреген дабылы бұрын жетті.

- Жарандар!
- Жарандар! Жарандар!
- Жинал! Жиналыңдар!
- Бері ортага! Ашық далаға!
- Дағаға! - бірінен-бірі оза дауыстап жаңыққан көп аттылы топ. Қолдарында білемдеген жез сапты қамшы, иықтарында

көк мылтық. Қыска-қысқа, кесін айткан, бұйрық. Өздерінен басқаны тыңдар құлақ, мән-жайды айтар, түсіндіреп ауыз жоқ сияқты. Қабағынан қар жауған, шабуылдаған көп тобырдан та-нығаны - өзінің егізінің сыңары Мұхамедсадық:

- Ей, Қылыш, неге аң-таң, көктен түскендей болып тұрсың! Кел былай! - деп айқай салды. есі шығып, аң-таң болып тұрган бұған. Шіренгенде таралғысы үзілердей сыйыр-сыйыр. Азыу жемтікке ұмтылған аш қасқырдай сак-сак. Бұған төніп келіп:

- Шығар елді ортага! Тез жина! Шакыр! Неге талтиып, екі қолыңды мықыныңа таянып шалқып қалдың? Жүгір! - сөз аяғын тауыспаған ол жон арқасынан бұзаутіс камшымен аямай бір осып өтті. Оны қасындағы да қайталады. Аузын ашып үлгер-меди. Қас-қағымда канжоса болды да қалды. Жазығы не?..

Кику жүрген жерде ит, кан шықкан жерде сауысқан жүрмей ме, дала ың-жың, у-шу, жылау-сықтауга толып жүре берді. Бейбіт жаткан дала сабау тиген тулактай ақ топан болды да кетті. Бір ауылдың бар адамын корага қамаган койдай ііріп:

- Бұл кәмпеске! Мал біткен түгел жиналады. Бір казанин ас ішіп, бір көрпеден бас шығады. Қалған өмірде бәрі ортақ. Заман өзгерді, адам да өзгереді. Сенікі-менікі деген болмайды. Біреуді-біреу езіп, біреудін-біреу енбегін қанау жойылды. Бәрі ортақ. Не бар - бәрі коптің, осы көптің ортақ казанына түседі. Содан ішіп-жейді, киеді, пайдаланады. Керек болса әйел де ортақ!

Көк мылтық асынған карулы топтың ат үстінде айтқаны бұл! Басқарып келген де, бұйрық әмірін жүргізуші де өз бауыры. Астында - жер мен су баспайтын өткен бір аста екі жұз аттың алдында келген Мәмбетбай байдың атакты бәйге күрені. Әлгідегі, тып-тыныш, ұйыған сүттей бейбіт даланы дар-дар жыртып, шанын аспанға какты. Қаруы колында, бұйрығы аузында. «Бұған дейінгі байлар мен мырзалардың жатып ішер заманы бітті. Заман - кедейдікі. Заман өзгереді, сен де өзгер! Айда! Айда малды!».

Қарулы топ тарс-тарс аспанға ок атып атойын салды.

Өрісте жатқан үйір-үйір жылқы, келе-келе түйе, табын-табын сиыр, отар-отар кой борі тигендей қуып келтірілді. Қолма-қол қатталып, есебі алышып жатыр.

- Мұны қайтесіңдер?
- Сұрама! Айтқан жакка айдауды біл!
- Мұхамедсадық-ау, бүгін бәрін айдан барасың. Сенің әлгі ортак казаның - оған иені пісіреміз, піскенше не жейміз? Түк қалдырмай сызырып...
- Жап аузынды!
- Апырай, енді, - бұл мал иесінің сауалы. Көзінен жалыны жарқ-жұрқ тулаган Мұхамедсадық:
- Мә! Мә! Мынаны жейсің! Мен саған қазы-қарта, жал-жаяны ат үстінде турап береді деп пе ең! Мә, саған сыбага, - деп тарс еткізіп мылтығын аспанга атып: «Әбден байтак далада кісі енбегін қанап, шәуіттеп мал өсіріп, ойна келгенін істеп, үрлеп ішіп, сапырып төгіп бетімен жайылғанын қара мұнын! Айтқан жокпын ба! Енді бәрін бір ортак казаннан ішесің. Закұн сол! Кедейдің енбегін қанаған күнің бітті». Ешкімге сөз берер емес. Тек өз дегені болмак.

Қылыштың тұщы еті үдай ашып, козі қарауытып кетті. Естігінен - үкім: айтты, бітті. Мұхамедсадық өзінің етжақын бауыры. Әкесі әкесімен бір туысқан бір кісінің баласы. Азамат болып ат жалын тартып, он-солын танығанша оның туысы да, жанапшыры да өзінің әке-шешесі болғанын бұл жақсы біледі. Екеуі бір ананың құшагында, бір бесікте, бір төсекте жатып өсті. Бұл не жесе, ол да соны жеді. Бұл не ішсе, ол да соны ішті. Бұл не кисе, ол да соны киді. Астына ол тұлпар мінсе, бұл да сондай жүйрік мінді. Анасы жарықтық аузындағысын бұдан бұрын «Мұқашым. Мұқашым» деп, өліп-тіріліп, осыған беретін. Енді ол кеп міне...

Әкесі - Байдос, анасы - Ақыш. Екеуі де ерте Мұхамедсадық есін білмейтін шақта дүние салып, бұл тұлдырысыз жетім қалды. Байдос өзінің әкесімен бірге туған жаны да, қаны да бір етжа-

қыны. Содан да қорғансыз жетім қалған екі жасар Мұхамедса-  
дықты мұның анасы бауырына салып. желге, қунге тигізбей,  
қанаттыға қактырмай, тұмсықтыға шоқыттырмай осірді. Өзімен  
түйедей жасты. Эке-шешесінің азан шақырып қойған есімі -  
Мұхамедсадық.

Еркелетіп, бетінен қақпагасын ба, есін біле келе ызакор,  
ашуланшак. қайсарлау. қатар құрбыларымен шатаса беретін  
тентек болып өсті. Бірде ауылдағас кісінің жазықсыз баласының  
басын жарып, көзін көгертіп қойғанда ауылдың үлкендерінің  
бірі ақыл айтты:

- Эй, Мұхамедсадық, сен неге мұндай сотқар, бұзакы болдың?  
Тұқымында жок кой. Мұншама таяққа жығатындар менің балам  
саған не жазды? Бірге өстіндер, туыссындар. Біріне-бірің жана-  
шыр тату болындар! Ұят! Жақын адам тәбелесспес болар, - десе:

- Мен ешкімді де аямаймын. Шамам келсе мына сені де сояр  
едім. Қолымда қылышым, наизам, мылтығым болса, осы отыр-  
ғандарыңың бәрін де қырып тастар едім, - деді.

- Тек! Мынау не дейді-еї! - деп шошыған қарт. - Туыс, қаны  
бір адамның жаны да бір болмай ма еken. Қой, ондай жаман  
пиғылды аузына алма! Жаман сез, жаман ниет еken, - десе:

- Не, сен Құдайды білмейсің бе? Мен Құдайдан көргенімді  
істеймін. - деді.

Сұмдық сөзді естігендер жағасын ұстап:

- Не деп отыр, ей мынау! Құдай саған не істеп еді? Құдай-  
дан не жаза көріп едін? Құдай саған өмір берді. жарық дүниенің  
қызығын көруді жазды. Қол-аяғың бүтін, денін сау азамат етті.  
Қатар құрбынан кем емессін. Несібен де бір пендеден кем  
емес. Міне, жігіт жасқа жеткенше корлық көрген жерін жок. Не  
ішейін, не киейін дедін бе? Не кемдік көріп едің? - деп салды.

- Құдай мені туған әке-шешемнен көзімді ашпай жатып ай-  
ырды. Таスマңдай жетім етті. Сонда менің әке-шешемнің сүйе-  
гімен қара жердің қойнын толтырды ма? Мені тумай жатып  
неге жылатты? Егер, ана сүті үзына жарысам, экениң ыстық

алаканы маңдайымды қыздырып, жанымды солардың ата-аналық мейірім мәнелесе, менің де жүргегімде басқаға деген сүйіспенішілік мейірім қалыптасар еді. Шерменде, тас жүрек, тас маңдай катыгез болып өспес едім. Өзім тасмандай болған сон, басқаның маган ешкандай ыстығы жок. Дұние маган мұздай сұық.

- Қой, айтпа ондай сөзді! Сен сәби, балалық шағыңа өкпелі емессің. Бір бала сендей-ақ болсын. Қылыштың әке-шешесі сені алаканына салып өсірді. Оны сенің жөргек тәрбиесін калай алғаныңды білмейтін басқа елге айтарсын. Құдайдан корық! Үміті бар, зейін зердесінде адами ізгілік сөүлесі бар жас ондай жаман сөзді аузына алмас болар. Жарыктың, Айдана бәйбіше мойнынан түсірмей жеті жасқа келгенінше жер баstryмай, емшегін аузыңа сорғызып-ақ өсірген, - деп бірінен-бірі асырып, Мұхамедсадықтың сәби кезін әңгімелеп кеткендер:

- Сен жегіден асып, сегізге қараганда Қылыштың әкесі Би- бол ұстага арнайы ашамай жасатып, малының Қыдыр басы деп жүретін карақасқа айғырының үйірінен ақ табан айқасқа- лы кер ала аяқ тай ұстатып: «Осы Мұхамедсадығым жетіге кел- ген күні туып еді. Ұрым етіп, осыны такымына басатын төл аты болсын деп енші басы атап едім. «Қыдырконған» білгінің бауырында бар дауысымен жар салып, айқайлад: «Ақтабан ай- каска, тұлпар бол! Мұхамедсадығымның мерейін үстем, ата- гын Алашқа асыр! Құбыларының алдында мәртебелі ет!» - деп бата қылыш, ақ тілек тілеп едім» - деп сені атқа мінгізер той жасап еді. Ту бие, құпан, қой сойып, катар отырған елді түгел шақырған. Ат жарысы, палуан қүресіне, жаяу балалар жары- сына бәйге тігіп, елді қызыққа қарық қылған. Сенін қарның аш, иығың жаланаш болған күнің жок!

- Әй, осы сенің тасмандайың не? Бұл не сөз? - деген- ге шак етіп:

- Әке-шешесіз, тұлдырысыз жетімді не деу керек? Ежірендең, туган әке-шешесіз өскен жан мейлі ол басқаның колымен ас-

пандагы ай мен күнді ұстасын - тасмандай! Ол - шеркөкірек, басқага деген сезім өлген. Өзін тапқан анасының ұзызына ауызы көпіріп жарымаған жан да ешқандай басқаны жанымен езіліп мұсіркеу, сүю болмақ емес. Оның үстіне әлемді жылыткан күн - әке алақаны маңдайын сипамаған пенденін жаны тоң. Жүргі мұз! Құдай әдейі адамдар арасында қатыгездіктің не екенін білдіру үшін кейбір пендесін сондай етіп жазалайды.

Дүниен тіршілікте бала жанын туган әке-шешесінің ыстық демі аймаламаса, мейлі оны алтынмен атап, күміспен қаптап қой. Оның бауыры қатып өседі. Не десендер о дендер, менің өзімді тасмандай еткен тағдырга кектен басқам жоқ! Өзімді тасмандай еткен тағдырга колымнан келгенше атарым тас, колымда болса сермерім - қылыш. Мен - тасмандаймын! - деп есін біле жар салған қатыгез жан кіндігі бір туган бауырын Қылышты сол күні таяққа жықты. Аямады.

Не болса да, айдай әлемнің алдында жарқыратып, халықка көрсетіп, әйгілеп істеді. Колыннан екі келсе бірін де аяма, ал менің қылғаным осы деп кетті. Қаныпезер, ракымсыз екенін дүйім ел алдында наш етті сонда...

Тігерге түяқ қалдырмай бар малын айдал, топырағынан майы шығып, береке-құт дарыган байтақ даланың шаңын бұрқыратып, елді шулатып тастап кетіп бара жатқан түрі анау! Бибол әке мен Айдана ананың әкелік, аналық дауысына да құлақ аспаған. Қылыш та жер сабалап, зар илеген ауылымен бірге дәрменсіздік женіп етпеттеп таяқ астында құлаган қуйі басын да көтере алмай жер құшақтап жатып қалған.

- Тұр! Көтер басынды! Тауқымет Құдайдың әмірімен болады. Бу белінді! - әкесі осылай айқай салған. Сонда себіліп, орнынан зордың қүшімен тұрып, аяғын басқан. Бұған тағы да дауысын көтерген әке:

- Қара жан-жағына! Тіріде не қалды? Мынғыртып өсірген малыннан болмашы түяқ, ак үзігін күн шалған елінің шан қапқан жүртү ғана қалды.

Аз кідіріп:

- Есіне ұста! Бір Құлайдан басқанын бәрі уақытша. Одан кейін мына табанын астындағы туған жер мәңгілік! Ата-бабалар кіндік қаны тамған жер - ел анасы, сенін де анаң! Осыны есінен шыгарма! Бізден бұрын да мұнда қашама бабалар. ұлы тамыр, ұрпак өмір кешкен. Жар құлағы жастық көрмей ата-мекенім дег азулымен алысып, тырнактымен жұлдысып өткен. Егер мына аяғының астын, кез келген жерін ойып қазсаң, тіпті теренде, берісі кісі бойы, осыдан нешеме ғасырлар бұрын өткен сенің, мына менің ата-бабаларымның сүйегі жатыр. Топырағын сүзсен, сүйін қайнатсан кіндік қаны иісін сезесің. Ұлтарактай жерінде қаны мен маңдай тери бірге сіңген бабалар қасиеті жатыр! Соны есінен шыгарма! Сенің мәңгілік таусылмас, сарқылмас мұран сол! Киең де сонда! Ал мына қасірет мәңгілік емес! Сенің ұрпағың мәңгілік! Борыма! Шақыр қайратты аруакты! Өмір - тасыған су! Сен - ескексіз қайықсың. Колыңды ескек ет. Берілме, қарман. Аш козінді. Қара. Құдай жаратқан баба даалаға. Бәрін табасың.

Сол әке дауысы да жаңғырып жетті оның құлағына мына қапаста...

...Қылыш селк етіп, дәл сондағыдай басын көтеріп көзін ашты. Ештеңе көре алмады. Олай-былай қозғалып еді. сіресіп қалған денесі ырықсыз екен. Өзіне-өзі кайта келді. Қайта сезінді. Темір қаптың ішінде тұр. Дем алғаны болмаса. иіле алмай сіресіп қатып қалған қалпы. Енді кеп міне, балтыры сыздап, тізесіне қарай сүйегін сырқыратып кеміру басталды. Табаны ұйып, қара бакайынан жіліншік сүйегіне жете от тигендей ысып келеді де, артынша мұздап сұық тарта қалады. Бұқіл тұла бойын темірмен құрсаулап, шарып буып тастанған ба, қозғалтпайды. Қаны бірде басына шауып, бірде денесі ағыс боп кете ме, қозғалыс сегіз көзден асып, бел омыртқаны жұлын тұтанды өрлемеп төс сүйекке жетеді. Апрай, жон арқасы уатылыш бара ма, сырқырады-ай кеп. Иығынан екі колы кесіліп түскен бе, саусақта-

рында жан қалмаған тәрізді. Әсіреке, тілгілеп жатқандай - төс сүйегі қақырады кеп. Төс осында осал болар ма еді?! Тобесі удай ашып, көзінен от ұшып, жаны шырқырады.

Алау! Жаркылдан жанған от бет-аузын шарпып, тілі аузына симай қурайдай боп таңдайына жабысып қалды. Үні бітейін дегені ме, тынысы тарылышп, тұншыға бастады.

Осы сәтте актық күшін жинап: «Өлдім! Өлдім!» - деп айқайлағысы келді. Үлгермеді. Зуу етіп, аузы шешілген сабадай бойындағы әл-куаты сарқыла төгіліпті. Мұзга қаккан қазықтай дene қалды. Тіршілік белгісі әлі де болса, өшіпей карақұсы ысып ашып кеткені... Шым-шым әлсіз ғана жылышп қана қозғалды ма, ұйыған қанына жан кірді ме, болмашы жыбыр қақты. Міне, сол жақ емшегі тұсы ине батқандай шым етіп шашып, кеуде тұсын осқылаған бірдене тұртіп-тұртіп өтті. Нұқып-нұқып, әлде не күш қозғап қалғандай жұлдын тұтасына соктықкан әлгі сілкініс бүкіл өне бойын аралап кеп бәйіз тапты... «Жүргегім екен гой тулаған. Екі бүйіріп соғып кеп тоқтаған аттай боп. Шалдықтырдым-ay! Мұнысы несі тағы?». Тұла бойы жіпсіді де, сұмек-теп тер боп ағып жүре бергені. Сорғалап төгілді кеп. Әлгідегі сірекен мұз дene босап, балбырап езіліп барады. Өкпесі кысылып, тынысы тарылды. Алыс - шалғайдан, әлде төбесінен, биіктен беймәлім біреу: «Ей, өлдің ғой, өлдің! Неге дауыстамайсың!» - деп айқай салғандай болды. Мұнда тіл жоқ. «Жоқ, өлсем де жалынбай, бакырмай, айқайламай өлем!» - деп жауап қатты ішінен...

Кенет салдыр-күлдір темір қақпа ашылды. Буындары бүгілмей, денесі қақып катып қалған бұл сірекіп тұр. Қалыпқа құйып қатырғандай дene-бойын қозғай алмай қалған.

- Жүр! Бас аяғынды! - деген әмір жетті құлағына. Бұл үнсіз қалшиып тұр.

- Ей, жауыз, құлағың бітін қалғаннан саумысың? Үн жоқ. «Тілін байланып қалды ма?» Үн жоқ. «Жүр бері! Бас аяғынды!» - деген әмірін естіген Қылыш он аяғын ілгері баса бере етпет-

тей құлады. Екі тізесі бүгілмей сірепін қатып калты. Атып тұргысы келіп қанша тырбанса да сірекен денесін жинай алмады. Құлагы ысқырып шулап кетті. Бұдан кейін өзін мына азап бөлмесіне соғымға соятын аяғы матаулы малдай екі-үш жігіттің дырылдатып сүйреп әкелгенін де білген жоқ. Ақылы тозып, есі ауытқып кетсе керек. Көзін ашқанда шыр айналған дүние, өзі отырған үй іші, басқа адамдардың қып-қызыл қанның ішінде отырганын көрді. Бәрі қып-қызыл! Үйдегі адамдар белуарына дейін толқыган қан ішінде отыр. Біріне-бірі мәз болып күліп қарайды. Ұлken тамаша той үстінде отырған тәрізді. «Ойпырмай, - мәнгіріп отырған бұл, - мына үйдің ішіне қан толып кеткен бе?» - деп те ойлаган.

Қылыштың зәре-құты оянды. Денесі түршігіп, шошыған жүйке қол-аяғын козғаip, енді болмаса өңешіне лық-лық құйылыш тұншықтыраар қан топанынан жанын алып қашқысы келген. Жан дәрменін шақырып жанталасты. Аузын ашып, қатты шошығаны ма, бақырғысы келді. Үні жоқ. Осы жанталас тұста бұған барыстай атылып жеткен шайтанкөз тергеуші екі пығынан басып, қан топанға тұншықтыра сілкілеп, басып-басып алды. Көлден шықкан бақадай тырбаңдал жатыр бұл. Шайтанкөз босатар емес. Куаты тозған мұны дәрменсіздік женди...

Бірте-бірте қызыл топан азая бастады ма, үй іші алабажак қызыл ғұлді мата көргендей кейіпке түсे бастады. Әлгідегі қан топан тартылып, қызылала сұмдық сейілі мe, әлде жерге сініп кетті мe, көзін ашып қарап, аң-таң. Қайда келді? Нe көріп отыр?

- Сойле! - шайтанкөз тергеупі өктем дауыстады. Бұл өзін-өзі келе алмаған меніреу қалпы.

- Сойле! - Бұл үнсіз. Құлағы шуылдан, басы ысқырып, дызызы. Сүйек-сүйегі қақсан неше күнгі қозғалыссыз, қимылсыз үйып қалған денедегі қан жүрді мe, жүрегі жиі-жіі, қатты-қатты шанишып кеткенде ғана бойы дір еткені.

- Сойле!

Құлағына өктем бұйрықты үн жетіп отыр. Бірак бұл нені сөйлеу керек. Түсініп отырган жок.

- Келтір! - деп айқайлады.

Кімге айтты, кімді, нені келтіреді тағы пайымдамады. Осы кезде қалжыраган бұның әл-куаты бітіп, козі жұмылып кетті ме:

- Ей, аш көзіңді! - деп мұны иегінен қағып өзіне қаратса жүлкі тартып дауыстаған шайтанкөз, - мына кісілерді танисың ба? - деді. Көзі қайта-қайта бұлдырап, бір адам он болып қобейіп кеткен Қылышбек жан-жагына бағжылып қарап, аузын ашпай қалды.

- Мен не деп отырмын саған? Бері кара! Бері! Былай! - иегінен қағып, мына кісілерді танисың ба? - деп мойны былқ-сылқ, басын көтере алмай, желке сінірі созылып, еркіне конбей отыр деп ойлаган тергеуші оның санасын сілкілеп оятпак боп, енді құлағына жармасты. Екі құлағынан ұстап қатты тартқылан өзіне қаратты. Көздері сүзіліп қан көрген бұқаның көзіндей аларып, ағы қобейіп кеткен Қылышка:

- Эй, үйқынды аш! Элі үйқың қанған жоқ па сенің? - деп ашу шакырган тергеуші түгі сыртына шыбып, жағынан шапалагымен тартып-тартып жіберді.

- Бұның не, найсан? Неге сабайсың! Тарт қолынды! - деген өктем дауыс мұның зердесін селк еткізді. Экесінің дауысы. Қаһарлы шыкты. Осы сәтте жанын жадыратып, өзіне беймәлім бір түйсік жып-жылы бөп жетіп аймалап отті. - Көтерме күрзінді, - деп тағы дауыстады. Шіркін, әке үні-ай. Неткен мейірімді, шапағатты едің. Қатты түйсінді, жаны шуак төгілгендей албырап жүре берген.

- Қыскарт сөзді! Жап аузынды! Арасаспа! Нақты саулга жауап бер. Мынаны танисың ба? - деп арсылдаған тергеушіге тайлықпаган карт:

- Танимын. Бұл - менің балам.

- Аты кім?

- Кылыш.
  - Экесінің аты, өз атын толық...
  - Биболұлы Қылышбек.
  - Балалары бар ма?
  - Бар.
  - Аттарын ата.
  - Өзінен сұра.
  - Сен айт!
  - Екі ұлы...
  - Атын ата деп отырмын олардың.
  - Оны кайтесің?
  - Керек! Сұракқа тайталаспай дәл, нақты жауап бер.
  - Жауапты не үшін бергенімді білмеуім керек пе?
  - Ол тергеушінің ісі. Не үшін, неге жауап алғып отырганын озді біледі.
  - Сонда да...
  - Сөзді көбейтпе! Мынаның балаларының, немерелеріннің аты кім?
- Карт қипактап еді, тергеуші қайта қадалып:
- Немене, немерелеріннің есімін де ұмытып қалдың ба? Әлде тұра жауаптан қашып отырсың ба, - деп өре тұрды.
  - Неге ұмытайын. Аттарын жақсы білемін. Олардың есімдері, - дей бергенде:
  - Балтадан жалтарған дөңбектей бұлталақтама! Білеміз сен шалдың айлакер екенинді, - деді тергеуші зілденіп.
- Карт тігіле карады, тергеушіге түсінбегендей.
- Неге тесілдің? Отірік пе? Ұлы қәмпескеден неше ай бұрын малыңды ауыз жаласқан ауылдас, туыс-туғаныңа таратып беріп, жалған кедей бол шыға келгенің? Ол айла! Содан жер аударылмай құтылып кеттін. Мына менін алдымда ендігі жерде бұлтақты қой. Қойғызамыз! - деді орындығына шалқая отырып зілденген тергеуші. Қыр көрсетіп отыр. Қорқытқаны.
  - Уа, мен малымды берсем, еңбегі сіңген, сендерше езілген,

қаны ғасырлар бойы сорылған кедейге бердім. Олаңдан да зорлықшылдар, әлгі ортақшылдар тартып әкеткен жоқ па!

- Сөзді кобейтпе! Ортақшылдар, зорлықшылдар!.. - едірек іп отырып-отырып, - мынаның балаларының есімі?

- Үлкені - Ленин! Кішісі - Сталин!

- Олардың, әлгі есімдегі кісілердің кім екенін білемісің. Есімдерің бұзбай айт.

- Неге бұзам, есімдері дәл солай. Бәлшабектердің кесемдері.

Атакты кісілер, ұлықтар.

- Неге ол есімдерді бұрмалап атайсың.

- Аты солай болса, енді қалай атауым керек?

- Дұрыс ата! Және ол есімдерді келешекте қандай кісі болып шығатыны белгісіз, ессіз, бокташақ балаларыңа неге қой-дымдар? Неге қойғыздың?

- Е, қойдық. Қасиетті еді, ұлықтар еді, қара халықтың кесемі, жетекшісі еді. - деп ырым етіп, солардай еліне сыйлы, адап кызмет ететін кісі болса екен деген ақ ниетпен, үмітпен қойдық. Одан тағы нендей айып таптың? - шал үрке қарады.

- Эй, сен шал, адырайма! Сондай ұлы даналардың есімін мұрынбоқ балаларына қойып, искажать етіп неге атайсыңдар. ә? Әдейі мазақ ету ме? Қане, дұрыс ата! Қарттың дұрыс айта алмайтынын біле отыра айқай салды.

- Атаймын, ал - Ленин, Сталин!

- Дұрыс ата!

- Барым сол! Баламның аты да солай!

- Барым сол! - кекетіп - қара мұны, сендердің әлгі қазақтың «жаман иттің атын Бөрібасар қояды» дегеніндей, қалайда ұлылардың есіміне жармасып, беделін кірлеу! Абыройын түсіру!..

- Уа, тәуір жігіт, сен қадалмайтын жерге неге қадала бересін. Қазақ баласына пайғамбардың да атын қойып жүр фой. Оның касында...

- Ә-ә-ә солай де! - ысылдап кетті шайтанкөз. Оның касында дейсін. ә? Тағы не айтарың бар? Мына балаңның сондай

ұлы кісіні балағаттап, «көгермегір Сталин», «жүгірмек келгір Сталин» деп бүкіл дағына басына көтеріп, қарғап-сілегенін естідің бе?

- Иә, естідім. Ол өзінің баласын, өз кемерінен шықкан перзентін, әлгі бәлшәбектердің қосемінің есімі қойылған баласына ашу үстінде солай деп ұрысқаны рас.

- Міне, міне, жаңа түзелдің! Сабады гой.

- Иә, сабады. Апырау, енді әке болғасын ашуы келгенде баласын түзеу үшін ұрыспайтын, ақыл айтпайтын, жөндемейтін, сабамайтын әке бола ма? Сондай бір ашуы келгенде...

- Дұр-рыс! Қарғаганы. сабаганы анықталды. Айтпақшы Ленині кайда?

- Ол қызылаша дей ме, әлде қолдан жасалған қырғын аштықтан ба, өлген.

Шайтанкөз тергеуші манадан төнірегінде не болып жатқа-  
нымен ісі жоқ, өзімен-озі мен-зен болып отырған Қылышка:

- Ал, енді сен сойле! Әken сенің ұлы қосем Сталин жолда-  
сты қарғап-сілеп, тілдеген, жәбірлекенінді растап отыр, - деді  
де, картқа:

- Мына балаң осыны мойындармай, өзін де, бізді де әуре етуде.  
Рахмет сізге. Әй, Қылыш, әкенің не дегенін естідің бе? Сенің  
ұлы қосемді тілдегенінді бекіті. - деді де - бұл қияс, аяғын теріс  
басатын, пигылы жат ағымдагы жандармен пікірлес. Одан да, -  
деп терең ойга шомғандай төбеге қарап Қылышка қадалды.

- Бұдан басқада зиянды әрекеттің, қылмысын бір басыңа  
жетіп, артылып жатыр. Мемлекетке аса маңызды өндірісте  
әдейі ойластырылған зиянкестікпен орны толмас залал  
келтірдің. Қане, соның мән-жайын айт, сөйле! Шахтада қан-  
дай арам ниетті іске асырдың? Кімнің тапсырмасы ол?

Мына сауалдан Қылыштың тұла бойы түршігіп, жон арқа-  
сынан сұық тер төгілді. Аузын ашпады. Жаутандап шай-  
танкөздің бетіне қарай берді.

## ТҮНЕКТЕ

Жанын түршіктіріп, көз алдынан, басынан өткен азапты шактары тірсегі майысқан кәрідей бол қайта отіп жатты. Туған ауылы, елінен, жерінен босып шұбырып, беті ауган жаққа қанғырып шықкан күндер ол. Сондағы өліп-талып, жілік майы таусылып жеткен жері. Аштық женіп, әл-қуаты азайып, қалтасындағы күнде корекке наң сатып алып жеп жүрген тиын-тебені де таусыла бастаған. Бұлардың әл-қуаты кеміп, енді неше күндік өмірі қалғанын санап отырған күндер. Базарда кездесокта кез болған: «тегін қыз беремін, тегін қыз!» - деп жар салатын зор денелі, жүзі келісті Байдалы есімді кісі:

- Қылыш, Койеке! - деп екеуін қасына отыргызып алып, - казір сонау бір алғаш көрген күндердегідей емес, аздап ажарларың кірді. Заманың соқтықпалы тепкісіне бойларың да үйренді. Қасірет сырын түсіндіндер. Көздерің бәрін көріп, тәндерің тәжім тапты. Жассындар. Мына қыншылықтың табанына түсіп жаншылып кетуге болмайды. Бойда қуат, құш бар кезде карсы күресіп, бетпе-бет, жекле-жек айқаска шығындар. Бұл - өмір мен өлімнің белдесіп, қайсымыз жеңер екеміз деп тұрған кезеңі. Кім жеңеді? Өмір ме, олім бе? Оған жауап беретін де адам. Ақыл-есі кеменгерлік танытса, тәсіріне жалынса, нартәуекел дейтін қуатқа жармасса, аз күнгі өтпелі ауырлықты жеңеді. Адам баласы жеңбейтін қындық жок. Белді бекем буындар. Ол үшін құші бар жастар жер асты кенін қазып, шахтаға түсіп күнін көріп жүр. Басқа жан сактар жер жок. Шахтаға барындар - деген. Ақылгөй қарт кеңесін екеуі де мақұлданған. Шахтаға түскен алғашқы жер асты жұмысы тәшкे айдаудан басталған. Онысы руда дей ме, кен дей ме, жердің астында катпар-катпар жартастарға сіңіп, кейбірі тіпті шытырадай

жарқырап көрінетіп, қырдың оқымаған қазағының түсіне де кірмеген бір жұмбақ әлем. Алынуы да, алуы да киямет. Әдепкіде тәшкіе, кол арбага салып тасиды. Сойтіп бірте-бірте саумалап сыртқа өндейтін жерге жеткізеді. Азап басы - осы! Тас тољған тәшикең тұра куып, әрине, оны өзің толтырасың, үстіндегі толы тасты жалмауыздың өңешіндегі үнірейіп өмірі бір толмайтын арнаулы ұнғыга аударып төгуді менгерген.

Өмірінде колдарына қамшы мен құрықтан басқа ештеңе ұстап көрмеген дала адамы алғашкы құндерде киналудай-ақ киналған. Әсіресе тереңдігі қырық-елу метр шахтаға жаяу түсіп шығу азабы жанды жеп жіберген. Үш күннен кейін тозакқа да үйренеді демекші, оған да үйренді. Омырауларына иісі қолқаны атып, жүректі айнытқан быж-быж қайнап жанған сыйсіма шам іліп, каранғы көрдей, түкпір-түкпірі тажалдың өңешіндегі қарауытып жатқан забойға түсу қандай қорқынышты. Тоғламай жалмал жұтқан көлеңкеңмен бірге қозгалған сұрапыл түнек ол. Тірі пінденің түсіне кіріп көрмеген тұнғиық, асты жакпар-жакпар бітеу қабырга - көк тас. Мұнда көзге көрінетін күн, ай, жұлдыздар жоқ. Омырауындағы шам сөнсе, бәрі тас қаранғы, құрдымға кеттім, өзінді о дүние дейтін мәңгілік көрдің ішінде қалдым дей бер. Согатын үп еткен жел де жоқ. Өкпені қапқан дәрі иісі бұрқырап, қопарылған жарылыстан кейінгі шаң-тозаң тыпсысынды қабады.

Әлгіде сонау бітеу қабырга жердің астындағы көктас тауды асты-үстіне қопарған үйінді жатыр алдында. Оны шетінен опырып құлатқан - дәрінін қүші. Тауды шопакша шағады. Жанбақ-жанбақ. Кейбірі өлген түйедей бол төңкеріліп қалған. Ендігі міндет - осы қопарылған кенді бір түйіріп де қалдырмай жер астында тосселген темір жолда зыр каккан тәшкеге тиеп, сыртқа шығаратын ұнғыға апарып төгу. Колында салмағы бір-екі пүттүк болат балға. Әлгі ірі тасты ұрын, сындырып, майдалайтын да сен. Сосынғы кезек алаканы жап-жалпақ әбден қажалып, қайралып жалтылдаған өткір күрек тістей таңдайы

жаркырап асап алыш тәшкеге атып ұрып жатқаны. Әрине, оны орындастын да сенің қолың. Ірі тастар күректің алақанына түспей иығынды салдыратып, қолынды кажытады. Екі қарың салдырап, сүйек сыркырайды. Амал қанша, жан алыш - жан беріп, бір сменада жүз тәшке тас тегу міндептің. Ол - жоспар. Орындаисың. Ол орындалмай жарық дүниеге шығу жок.

Бұл азабы жанды жеген қындық та бастан өткен. Ендігісі - кен копарушы, бұргылаушы мамандығын игеру. Азаптың экесі осында. Койекемен әзірге жұбы жазылмай келеді. Жер астында да қожа көп. Екеуін тас қабырганы бұргылауга әкеліп салды. Сұрапыл күш тілейтін азапты жұмыстың жаупкершілігі өз алдына, өнімі жанды жейді. Қолдарына ұшына тасқа қадалғанда сына қоймайтын, тез мұқалмайтын болат құйған ұшпыр бұрғы ұстатты. Бұл бұрғыны тас қабыргаға тіреп, тайдырмай ұстап тұрады. Койеке салмағы жиырма, отыз кило келетін балғамен соғады кеп. Қайта-қайта төпелеп ұрылған ұшпыр қабыргаға шегедей қадалып кірген кезде оны ұстап тұрған кісі қолымен бұрандадай бұрайды. Ұшы өткір ұшпыр өзі бойлап еніп тұрған жерін кеүлеп терендеп енгениен кейін, әлгі тәсіл қайта жалғасады. Күндегісі де, бүкіл бір күндік жұмыс тәсілі де - осы!

Сондагы калжырағаны-ай! Жілік майы таусылғаны соншалық, көзі қарауытып құлап түскен. Шахта жоснары орындалмай, еңбек өнімділігі кеміп кеткен. Шахта астында жиналыс болып, екеуін де жазғырт, бұрынғы тәшкемен кен тасуға қайта жіберген.

Бәле осы жерден шықты. Салмағы жарты тонна келетін кен толы тәшкені Қылыш бар екпінімен зырқыратып қуып келе жатқан. Бұл оның жоспарлы соңғы тәшкесі. Қап! Не себеп болғаны белгісіз, тәшке зырлап келе жатқан жолдан оқ тиғендей ұшып түсті. Жай құламады, тәшкемен кен таситын тар табанды темір жолды сымдай бұрап, табанын сөгіп, аударып копара құлады. Әлгіде ғана зыр қағып кен тиелген тәшкелер төңкөріліп түсіп, ойнактаған болат табан бұқтетіліп-бұқтетіліп

қалды. Шахта астында аттандап ұран шақырган тағы шұғыл жиналас ашылды.

Мына көріністен зәре-күты қашкан басшылар бір ауыздан шешім кабылдап, «апат - колдан жасалған қастандық» деп бағалады мұны. Талай белсенді қол қойған акт қағазы жазылды. Әлдеқалай кездесік оқыстан болған, теміржол үстіне түскен тастан тәшке донгалагы тайып кетті деген уәжге еспікім құлақ аспады. Корытындысы - қастандық! Тап жауының әрекеті! Шайтанкөз кайдағы-жайдагы, тіпті ұмыт болып кеткен сол ескі жараның аузын тырнап отыр міне. Қандауырдай қадалды кеп.

- Қылышжан, осы кісінің сұрағына жауабынды бер. Дұрысынды айт. Ұлық емес пе, «дұрыс жауабын, біздің сұрағанымызға шындығын айтса, баланды босатып қолыңа беремін» - деп, әлгіде уәде берген. Заман осылардікі. Дұрыс жауабынды бер, - деп әкесі де жальыншып отыр. Екі қолын қалтасына салып, аядай бөлмеде ерсілі-қарсылы жүрген тергеуші орнына кайта отырып, қалыңдаш калған қылмысты істі параптап актарыш-актарып, шүйліді де:

- Ақсақал, сіз Қожабергеновті білесіз гой, - деді.
- Мен ондай адамды білмеймін, - деді қабағының арасы косылып ойланған карт.
- Неге білмейсіз? Білесіз.
- Карагым-ау, білмек түгілі ондай есімді естіген де емеспін.
- Білесіз, райком секретары. Өзініздің, әлгіде, сөз болған кіші немереніз туғанда атын қойған ак құба жүзді келбетті кісі. Үйіңізде, шанырагыңызда өзініздің құтты, аса сыйлы қонағыңыз болған.
- Қой, шырагым, кіші немерем туғанда дейсін бе, - маңдайын сипалап ойланған ол, - біздің үйге ондай үкімет адамы келген жоқ. Жаңсақ сөз, - деді.
- Ту-у, осынша жасқа келсеңізде, сіз де кисық сәйлейтін, жалғандыққа баратын кісі болдыңыз гой. Ол үйіңізде болған. Болды. Түнімен боза, аздап арак ішіп, ән салған әдемі толық жігіт ше?

- Жок, карағым, пайғамбар жасына келген олер шағымда, өзіндей ұлық адамға жалған жауап бере алмаймын, - деген карт кенет біреу ине тығып алғандай селк етіп, - әй, балам, бозаң, арағын не? Ондай арам нәрсені бұл өмірімде үйімде ұстамак түгілі, көрсем көзім шықсын. Мұның ойдан шығарылған біреудін жаласы. Соңғы немерем туганда ауылдың жастары шілдехана жасап, ән айттып, көніл көтергені рас. Бірак. әлгі Құдайбергенов дегенің түсіме де кірген жок, - деді.

- Ақсақал, Құдайбергенов емес, Қожабергенов деп отырмын, - деп ежірейген тергеушіге:

- Мейлі ит берсе де, ондай жанды көзім көрген емес, - деді күйінген Бибол қарт.

- Осындайдан фой, кісінің ширығып, шындыққа жету үшін жан салатыны. Шілдехана үстінде: «Үлкен немереңізге ұлы Лениннің есімін кейған екенсіз, қандай ақылды адам едініз. Рахмет, Биеке, енді сол ұлы көсемнің шәкірті ұлы Сталиннің есімін мына жаңа туып жатқан перзентіңзге қояйық», - деп ұсыныс жасағанда, басы өзініз бол, ауылышың бол сол кісінің сезін қоштаң, балаңызға Сталин жолдастың есімін қойғанынызды ұмытып отырсыз ба?

- Қой, жіптім, жала мен өтірік - егіз. Болмаганды - болды, айтылмаганды айттылды деп бекерге өтірікке де, жалаға да бара алмаймын. Шамасы әлгі кім еді, атын айтам. соған да бәле қарастырып отырған сыңайың бар. Біреудін обалын көтере алмаймын. Эй, сен өзің біреуге бәле салуға машықтанған жігіт емессің бе?

- Ақсақал, тілінізді тартып сойленіз. Бізге тиіспеніз, - тергеуші қабагын түйіп, алдында жатқан мылтығын қолына онтайлад алып, тесіле қарады. Ішіп-жеп барады. Осы сәт оның әр кірпігінен дүниеге у шашылып тұргандай да еді.

- Кімге-кім тиісп отыр? Бір Құдай көріп тұр. Қайдагы бір болмаганды болды, көрмегенді көрдік. істелмегенді істелді деп жонынан жарып тығатын не сүмдық бұл, ә? - деп қарт бет қаратпай кетті.

- Қыскарт шапылдауды. Бұл - шындық үшін күрес. Шындыққа жету үшін неден болса да тайынбаймын. Солай да қылмысты зерттеу, зымияндықтың ізіне тұсу - менің басты міндеттім. Ақиатқа жетемін. Ол сөзсіз! Аз ойланып:

- Міне, көріп отырыс, балаңыз Қылыш мырза дұрыс жауап бермей, тіпті аузын да ашпай отырган жоқ па! Бұл жаңа үкіметті менсінбейді, мойындармайды. Сөзінің ызғары арқылы түпкі ойын аңғартып: «Бізді қасарысып жеңбекші. Иә, айтпакшы, қария, мына жәйтті айта кетінгіз! Осы Мұхамедсадық деген кім? Фамилиясы әртүрлі. Аты да сөлай».

- Білем. Білем оны. Ол менің тумаса да тугандай балам. Екі жасында жетім қалып, бауырымда ости. Әкесімен бірге туган бауыр, туыспын. Әкесімен әкеміз де, шешеміз де бір кісі. Осы заман басталар алдында Омбы, Қызылжар, Орынбор жағына өкуға кеткен. Содан кешегі кәмпеске дей ме, тәркілеу дей ме, ақ, қызыл бол астан-кестен басталғанда бір-ақ көрдік. Осы өздерінде, жаңа үкіметке қызмет етеді.

- Тумаса да тугандай балам, екі жасынан бауырымда өсіп еді дейсіз, ә? Оған сенесіз фой.

- Е, оған сенбей не бопты. Ол ие десе де біз үшін зәкүн. Біз соның ақылымен бар мұлкімізді тәркілеуге де бергенбіз.

- Ендеше...

Қылышбек шайтанкөз тергеушімен әкесінің арасындағы әңгімені толық естіп отыр. Әкесіне бармагын бастырып, жауабын бекіттіріп алды тергеуші. Әкесі кетерінде баласына: «Қарағым, Тәңір тореші, соған сен! Мен шошыым. Байқа!» - деген, күніреніп тұрып.

- Ә, ақыл үйрет балаң! Ол ойынды түсіндім, - деп кіжінген шайтанкөз тергеуші де тепсініп қала берді.

Қылышбек туган әкесінің бауыры Байдосты көрген жоқ. Айтумен ғана біледі. Беріге дейін әке-шешесі Мұхамедсадықты еркелетіп Мұқас деп атайдын. Сол қазір елге Тасмандай атымен танылған «көп оқыған, көзі ашық» бауыры күні кеше

мына шайтанкөз тергеушінің алдында мұны жеп қоя жазданған. Өзін бұған дейін бір әке, бір анадан тудым, онымен бауырмын деп келген мұның жүрегі мұз бол каткан. Үш үйіктаса сол бауырымен мынандай тар босағада, жан алып - жан берген пышактасар қатыгездік үстінде бетпе-бет келем деп ойлап па!

Ана жолы заман болып, сел бол қаптаған көк мылтық, қылыш асынған топты өзі басқарып кеп, үкіметтің әмірін лажсыз қаталдықпен орындағаны үшін, тінті де тұшы етіне аяусыз кекті жандай қамшы сілтегенін де басқага көзі шығар, әлдебір жоғарыдағы ұлықтардан сескеніп, басқага көрсеткен қыры шығар деп үккән жүрегі мына бетпе-беттен кейін қара жердей.

- Табын жат. Қылыш, сенін! Үш қайнаса да менің сорпам сенімен косылмайды. Менің кім екенімді, кімге, қандай ағымға, партияға қызмет ететінімді біліп ал. Мен кәмәпостпін! Бәлшәбекпін! Мен езілген таптың, кедейдің коргауышысы, жаһымын. Менде туыс, бауыр, етжақын деген жоқ. Менің жүрегім кәмәностік идея. Ұқтың ба? Ұқ! Сондыктан мен, мына кіслер. кәмәностер, біздің ағымға қарсы зиянкестердің тамырын жұлып отаймыз. Сен сол табы жат қанша замандар елді қанаң, сұлік бол сорған зиянкестің тамырысын! Сені жұлып жоқ етіп жоямыз, - деп бар дауысымен байлаудагы күтырган иттей арсылдаған.

Осы бетпе-бет, яғни беттестіру үстінде мұның ғасырлар бойы жасап келген «қылмысын» мойындаттырып отырған бауыры, басты күэ, бүгінгі кәмәнос, бәлшебек Мұхамедсадық Байдосұлының әмірі де көз алдынан сонда шұбалып өтіп жатты.

Баскасын айтпағанда, елдің жағасын ұстатқан, өзінің бүкіл құжаттарында туған әкесінің атынан безіп, оның «бай» деген сөзін алдырып тастан, соңғы «дос» дегенін қалдырып, оған «ский» деген жаңа буын қосып Досовский деп, атын да өзгертіп Тасмандай деп жаздыруы, осы соңғы есіммен елге танылуы талайды құлдірген.

Сұмдық-ай, адам баласы азайын десе, ишетүрлі құлак естіп, коз көрмеген ұтсызыдыштарға бара береді екен. Сондағы айта-тыны: «Біз қара халыққа, кедейлерге тәндік әкелген заманбыз, кайта туган халықтың бағызысымыз. Біз кайта жааралдық. Оның әкесі де, шешесі де жаңа заман! Кешегі қой бағып, кой құрттап, түйенің үстінде қалғып, айласа жаудікі, ыскырса желдікі дейтін жылқы соңында ақ боран, көк мұзда кар жамылып, мұз жаста-нып, арқасын бит, тапқанын байлар, қанаушылар жеген ел емеспіз. Тәндік сол кедейдің колында. Тегеуріні тепсе кара жерді қақыратқан заман иесіміз. Ендеше біздің арамызда мынау си-яқты ашкөз, арамтамақ байлардың ұрпағы болмау керек. Бұл, бұлар сияктылар, ғұл ортасында өскен қара тікен! Қара тікен!».

- Эй, мен баламның есімін неге Сәбет койдым? Ол не де-ген сөз. Ол - біреуді-біреу қанау, қорлық, зорлық, биіктік көрсе-ту болмайды деген сөз. Менің балам сол ұғымның озі, жер бетінде шындық, әділдікті жүзеге асыруши. Бәрі бірдей бай, бірдей білімді, бәрі бірдей ток, тен деген үгым ол! Бұлар Қожа-берген. Құдайберген. Байдос, Мұхамедрақым...

Кенет шоқ басқандай, мынау. - деп қолын мұның көзіне таяп, балаларына кімдердің атын койып... Әне, табы жаттын ісі. Әдейі ұлы данышпандардың есімін корлау үшін...

Тагы да «көгермегір, көктемегір, жүгірмек келгір Стa-ле-ен!» - деп жер-кокті басына көтеріп айқайын салып жүргенін. Одан асқан қылмыс болмайды. Мұның жазасы - жетінші ағұс! Жетінші ағұс закүні! Мұндай арамзалар халықты бұлліреді. Ол үшін көзі жойылып атылуы керек. Қарасы өшсін! Бұл менің туысым емес - жауым! «Жауды берілмese құртар болар» деген даналық сөз бар, ежірен-ежірен тергеушіге мөнтең қағып: «ол сөзді естіп не едін» деп, басын шайқаған оған: - Естімесен, біліп ал! - деп жанықкан.

- Мұқас, - деген зордың күшімен сөйлеп ызадаң көзінің жасы мөлт-мөлт тогіле жаздаған Қыльш - осы сенін есің дұрыс па? Не деп, қай бетінмен әлгідей масқара сөзді маган, бауырыңа

каскөйім бол боратып отырсың? Жанашырым, оқығаным, арашашым, қорғаным бар дегенім сен бе?!

- Токтат сөзді! - деп айқай салған ол орнынан атып тұрып, мылтығын суырып - атып тастаймын, сендей байдын сілімтігін, табы жат жауызды! Табың жат сенің! Сен - жаусың!

- деп аузынан көбігі бұркырап қалш-қалш еткен.

- Міне, міне жолдас Досовский, дәп бастыңыз! Бұл көрініп отырған жаудың өзі. Эрине, казіргі жау мен саған қастандық жасаймын, жоямын, - деп айқай салып келмейді. Осылар сијакты іштен ірітіп, мысықтабандап жүріп, жағаға жармасады, - деген тергеушіге:

- Эрине, - деп қысқы тоңда үйқыда жатып, жылымықта тірліліп басын көтерген улы жыландаі атыла қараған Тасмаңдай, - бұлардың қастығында бұғып жатып, аяқтан шалуга, әдіс-айласында шек болған ба!

«Е-е, ел қырылып қалмасын, бытыранқылық жойылсын. Бір оргалыққа үйымдастырып, бір жерден ас, бір көрпеден бас шыгаратын жаңа қауымдастыққа үйретіңдер» деген Филип Есаевич Колосекен жолдастың даналық нұсқауын жүзеге асыруға қарсы зиянкестігін білесіз бе? Айтпаңыз! Айтпаңыз, пигылы жат масқара қасқунемдік! Айдарлы құмындағы Барша шағылышың арасына тығылып алып сиырдың бүйрекіндегі болып онсыз да бірлігі қашқан елді алатаидай бұлдіргенниң бірі - осы!

- Болды, Мұқас! Болды! Сен жеріне жеткізіп датыңды айттың! Сөл сүмдүк «үйымдастырғандарынан» не шыққанын қара жерден сұрасын мына шайтанкөз жаналғышың! Ол жerde мола қалды, мола! - деп жаны шыркырап дір-дір етіп орнынан атып тұрган Қылыш!

- Отыр!

- Отыр! - деп екеуі соңда талап жейтін аш қасқырдай арп-арп еткен саған. Сол күндердегі жан төзбес киямет күндер көз алдыңа қайта елестеген.

Сен не көрдің, не сүмдүкқа куә болғанынды егіле отырып,

ойында кайта жаңғыртқансың. Жадынды оятқансын. Ак қар, кок мұз. Даала қазанда бүрк-сарқ кайнаған сүттей ак боран. Шегін тартқан жел. Тастандай бастаған бір топ белсенді мылтықты жасақ елең-алаңда қайдан қуып келгенін кім білген. азын-аулак қалған түйелерді әйдап келіп, онсыз да «шықпа, жаңым, шықпа» деп, аштықтан ісіп, тарыққан елдің астан-кестенін шығарған. Тәркілеуден кейін малсыз қалған, ертең бе, бүгін бе, аштан қырылып қалмасақ етті деп қап түбінде қалған тары талқанын, жалғыз омырткасын үнем ғып, калт-култ отырған ауылды әй-шәйге қаратпай қүштеп көшірген. Босытып, байыргы орнынан қозғаган.

Бүкіл өмірін мал сонында өткізіп, азын-аулак малымен күн корін, бала-шага ұрпақ осіріп не жаз, не қыс өзегі талып көрмеген Мұқан шал сол көш жолында боранда адастып, үшты-куйлі жогалып кетті. Сол момын жанды ақ боранда іздел сілесі катып, қажып келген Бибол қартқа осы Тастандай:

- Бір Мұқан олғеммен халық азаймайды. Ол табылғанмен бұл халық қобеймейді. Бір өзегі талған көкжалдың жүрек жалғар азығы болған шығар. Оны енді іздел әуре болмандар. Бөрінің де несібесі бар. - деп айқай салған, ешкімге бетбақтырмай ызыған көшті бастап жүріп кеткен...

Сұрапыл сүмдық аждана көрініс алда жатыпты. Қатарлап тізбектеле көшпе тартып тігілген киіз үйлер. Қебін қар басып қалған. Үйірмелеп айнала куа соқкан қардан тазартылған үйлер аққала бол көрінеді. Ңесқира соқкан ақ дауыл қарын ысырып қуып, ытқып, үй-үйдің арасын қайта толтырып жатыр.

Жаңа көшіріліп, борандатып жеткен ауылды кар астында тұтіп ықпай отырған елдің шетіне әкеліп жықты.

- Мына қатардан, осы көшені жалғастыра тігіндер үйлерінді. Не кейін, не, ілгері озып кетпесін. Тұзу катар сактандар. Шәкір, сен, - деп ұзын бойлы, шекпенінің белін құрмен буынған алакоз жігітке, - басы-қасында бол! Бұлар мал емес пе, мал! Шәйт дегенінді біле ме! Түсіне ме тегі Колошекен жолдастын бір жерге

орталықтандыру закүнін! Үйлерін тігіп болғасын бұларды ас үйге апарып тамақтандыр! Корсін көздерімен жана заманның тәрте-бе-ен! - деп тапсырма берген Тасмандай атынан түспей ілгері кеткен. Шан-шұң айқай, қамшы дыбысы.

- Иттің баласы, ықтай береді-ей! Сенің үйінді мен тігіп берем бе? Қозғал! Қимылда! - деген Шәкір әзірейілдей айқайын салып әнгір таяқ ойнатып жүр. Көтер шаңырақты!

- Ойбай-ау, мына Құдайдың ақ дауылды көтертіп түр ма! Жұлып бара жатыр.

- Кеуденде жаңың бар емес пе! Жіберме желдің еркіне! Тәлтіректеп, аяғына зорға тұрган жігіт екпіндей соқсан желден ығып, бақан ұстаган бойы үшүп түсті.

- О, атана нәлет! Әкеннің... - деген Шәкірдің былапты дауысы боранмен коса ұлыды.

...Адам жаңы азапқа түскен. Табиғаттың өксігі бораны басылмай ебіл-дебілі шығып, жерден береке, адамнан күй кеткен. О шетімен бұшетіне көз жеткісіз ұбақ-шұбак көше болып тігілген қар астындағы киіз үйлерден тұтін шықпағалы да қанша күн! Әркүні түсте, кейде кеште өтетін кенес үкіметінің халықты бакытқа бастаған саясаты туралы әңгіме насихатына ұбан-шұбап баратын адам да сиреген. Соңғы кезде ондай бас косу тыңдаушылардың аздығынан бірде болса. бірде болмай кала бастаған. Сондай бір бас косуды қайда кеткені белгісіз бірнеше күн жоғалып кетіп, қаһарын төге келген Тасмандай өзі өткізген.

- Жолдастар, - деп тамағын кенеп қақырынып - түкірініп, маңғазданып дауысын көтерген ол: - кәмәностік партия халыққа бостандық береді. - Иосип Бессарионовыши Стал-и-ин жолдас. - деп көсемнің атының соңғы буынын созып, - кең байтақ даламызда кенес үкіметін нығайтып жатқан казак халқына зор алғыс жолдапты. Кеше Қазақстандагы бәлшәбектердің жетекшісі, - өзінше кара халыққа түсінікті тілмен сөйлеген болып - Филип Исае-авич ғасырлар карантылық жайлаган елде Кіші

Октябрь төңкерісін қамтамасыз етіп, байлардың тамырын балтамен шауып, кедейлерге арқа сүйеуге шакырды. Қазіргі міндет - бірігіп, топтасып тезірек кәлләктивке қосылу. Бір мойынтыңрықтың астында болу! - деген ол ежірейіп төңіререгіне айбаттана карап, - ей, сендер. Мойынтыңрық дегеннің не екенін білемісіңдер өзі? - қайта адырайып - ол диканның, егіншінің сөзі. Диңден жерге дән сеуіп, одан өнім алатын адам. Қасиетті кәсіп иесі. Бір созбен айтсам, нан сеуіп, нан өсіретін адам. Ол дәнді кара жерге қалай болса солай еге салмайды. Жерді жыртады, топырагын майдалайды. Сол жерді жыртатын құралды соқа лейді. Мен оны ішкі Ресейде талтай көргем. Білем. Соқа! - дауысын қайта котеріп сол соқаны көбіне өгізге жегеді, өгіз сүйрейді. Ей, неге молейіп қалдыңдар. Қөздерінді ашып отырындар, - деп көпті өзіне қаратып алыш, - сол өгіздін мойнына салатын әлгі соқаны жетелеп тартатын құралды. - деген Таスマңдай касыңда жаткан белбеуін алыш өз мойнына орап салыш, былай, мойынтыңрық, - деп көрсетіп осыған әлгі егістік жерді жыртатын соқаны тіркейді де ыр-хоит! Тарт! - деп сүйрейтіп қолікті камышылайды. Камышы тиғен қөлік сүйрей жонелмей ме? Әне, жер жырту, одан соң дән себу басталды да кетті. Мойынтыңрық пен соқаның қызметін түсіндіңдер ме? Қоңырлікте уи жок. Түсінсеңдер, кәл-кәл-лек-теп сол мойынтыңрық тәрізді. Соқаның қызметі жерді тілу. Мойынтыңрық бәрімізді сүйрейді. Біз соқа бол бірігеміз. Бар малды да, құралды да, адамды да біріктіреміз. Сөйтіп ортак байлыкты көбейтеміз. Өзіміз де көбейеміз. Менікі-сенікі болмайды. Бәрі ортак. Әне, кәл-кәлләктап!

- Үйбай, - деп қалды шеткөрі отырған бір әйел. Оған жалт қараган Таスマңдай:

- Эй, біз кіріп кетті ме, бір жеріне! Үйбай! О, несі-ей! Қажет болса, сен сиякты бетінің қызылы бар, етінің қызыу бар әйелді де кәлләктев жасаймыз. Сен де біреудің емес, көптің ортак менишігі боласың! Менікі-сенікі деген болмайды дегенді

түсінбейді екенсіндер! Уай, осы сөзді түсінетін болған жоқсыңдар ма?! Өншең мигұла! Бәрі - ортак! Менің бүгінгі айттар жаңалығым - осы!

Көпшілік мына сөзге козгалактап қалды. Бәрі аң-таң. Байыбына барып зерделеп, терендей түсініп отырғандары да беймәлім.

- Тараңдар! Дайындалыңдар! Шәкір, - әмірін екі еткізбей орындайтын оған, - сен қазір көшені, әр үйді жеке-жеке арала! Бар малын, еңбекке жарайтын адамын есепке ал! Толық мәліметпен маған докладной жаса! - деді, айбат шегіп.

Бұл - табиғатында ашушан, ұрдажық, бұзакы жаратылған адам еді. Тасмандай десе Тасмандай! Окуы да, тоқуы да жок. Орынбор жағында бір байшыкеш орыстын малын багып жүріп, орыс тілін үйренген бопты. Аласапыран кездे Алашорда қайраткерлеріне кездеседі. Жаңа заманнын саяси жаңғырығына қулагы қанады. Аздал аты-жөнін жазатын сауатын ашады. Бары - сол. Сөйте жүріп, ұлттық ар-намыстан безіп, жаңа үкіметтің қайраткері болып шыға келеді. Шаш ал десе бас алатын құр кеуде белсенді бол қалыптасады. Оның әмірі солай етіп жатты.

Ұзыннан ұзақ дауыс жетер жерге созылған үш катар киіз үй, көшелер. Кәмпеске кезінен қасынан қалдырмайтын, не бұйрыкты іс болса қолма-қол орындайтын, халық аузында ағаш белсенді атанған Шәкір мылтық орнына қамшы ұстап жүретін қаһарына мініп шықты сыртқа.

... Күн тымық. Түнде жауған жұмсақ ұлпа қасат кардың бетінде төгілген ақ мактадай үлпілдең көрінеді. Ауыл қыс басталғалы қайнаған ақ боран астында шалажансар дәрменсіз үйкіда қалғандай. Ошаң еткен жан баласы көрінбейді. Ақ сенгір тау - ақ қала сүйк қорған, айнала бітеу қабырға, мұз бен қар бауырына басып шөгіп жатыр.

Сол биік тау қар адырынан сексеуіл ме, алде теріскен түйесінір, түзген бе бір арқа сүйекті отынды арқасына таңған біреу сүрініп-кабынып бері аса берді.

Шәкір ошаң еткен тірі торғайды қалт жібермейтін аңдағыштығына бағып, аңыра қарап, тосып қалды оны. «Бұл кім болды екен. Өзі...» деп таңырқай көз тікті.

Кар тауының биігіне әл-дәрменін түгесіп жеткен ол ентігін басу үшін бе, әлде әлі бітті ме, омалып отырып алды. Шәкір де одан көз алмай, әр кимылтын бағып түр. Таスマңдайдың өзіне берген бұйрығы есіне түсті ме, шыдамы таусылып, қозғалактап кетті. Әлгі белгісіз бейне әлі отыр. Оның төзімі түгесілді ме, орнынан созаландап тұрды. Бір бүйірде тұрган Шәкір:

- Жұр! Бас аяғыңды! - деп айқай салды. Оның зілді дауысын естіді ме, естімеді ме, сүлдерін сүйреткен жан ілбіп жүре бере етпетеп бір құлады. Қалың, ақсақ ойылатын мұз қабаттаған қар аяғынан алып шалып құлатты. Тез тырбанып басын қайта котерді. Бұл жолы еңсесін тіктеп, арқалағанын ыргап иығына көтере ілгері жүрді. Алдынан тағы қез болған үріндіден отынын сүйрей тартты. Осы тәсілмен үйіне де жеткен. Оны бақылаш тұрган Шәкір ере келді.

- Э... э... сен бе едің? - деген Шәкір: мына отынынды ас үйге апар. - деді.

- Ж-жо-ок! Бере алмаймын.

- Бересін! - Оның үйіне ере кірді.

- Бере алмаймын. Қорсенті. Үйімнің торіне дейін қар басып кетті. Осы үйде от жанбағалы неше күн. Әне, бір балам үсіп өлді. Басқалары да, - айбат шашқан Шәкірдің козі шарасынан шығардай, киімшеш жаткан әйелдің түрі де жаншишырылық. Жанарында от қалмаган. Бір жағынан аштық қысып барады.

- Сарқыт! - деп айқай салды Шәкір. Үнінде аяушылық жок.  
- Қарсыласпа! Тұр! Көтер отынды. Апар ас үйге! Отын сонда керек!

Сарқыт Шәкірдің сезін естімегендей мелишип отырып қалды. Жұлдыктан қарсак терісінен жаға салған ескі күпісінің жағасын котеріп қымтанағып жасқана қарады Шәкірге. Не болса да көріп алғысы келген сыйайда. Қозғалғысы жок.

- Мен не деп тұрмын саған? Менің сенімен туыстығым, бауырлығым екі айтқызып тұр. Әйтпесе ме? Мұны Тасекен білсе, жоныңнан таспа тіледі. Бір оқ жалынсын контрга! - дейді.

- Эй, - деген Сарқыт бұл жолы орнынан ширак тұрды, - жетті сендердікі. «Асыра сілтеу болмасын, аша түяқ қалмасын»

- деп ұрандал елді апатқа әкелдіндер! Қырдыңдар! Құдайдан безгендер, қыларыңды қылыш, барды тоздырып, енді тұлақ қайнататын жалғыз арқа отынга жармастыңдар ма?! Сен бауыр емес - жаусың! Шық үйден! Қолыңда өлем! - деп жұдырығын түйіп тістенді.

- Ойбой, ойбой. қырылғаның, үсігенің аз деп тұр гой бұл! Шақыр манайдагы тірі жан иесін. Көрсін мына көрініп келген гажал, жан алғыш әзірейліні! - деп әйел дауыстап жіберді.

- Сұмдық-ай, не дейді мынау? - деп дауысын катал шығарып осы қорғансыз адамы үсіп, аштан өліп жатқан үйге, Қылыш, сен де кіргенсін.

- Мі-мі-міне! Шәкірің, бауырың жан алуға келіп тұр. Өне, қар жамылып, мұз жастанып үсіп өлген бала. Кім, қайда көмеді, оны! Қар мынау, тоң анау! Ісіп-кеуіп, аштан өлгелі жатқаны, - деп кемсендеп Сарқыт та дауыс салып жылап кеткен.

- Шәкір! Шық, жанынның барында! Ана ашығып, үсіп өлген баламен қоса көмемін сені. Бір ауылды қырдыңдар! Не қалды енді? Не болды? Қар мен мұз тұтқыны - аштық, жалаңаштық, жоқшылық, жұт шенгелінен кім құткарады бұл елді? Бір тайпа ел, күні кеше кең байтақ тұған даласында шалқып, бақыт құшашында қызық көрген бір тұқымды құмның арасына айдал келіп соктырған киіз үй қалашығың апат астында қалған жок па? Әлгі аузымен орақ орып жұмак орнататын Тасмандаиың қайда?

- Е, мен мұндамын. Келдім! Кім бұл байғыздай сұңқылдаған? Қолында мылтығы, айқайлай кірді: «Бұлардікі осындай зарлау! Кәләшөкен көшесіндегі ел түтіні бұркырап, көңірсіп-ак отыр. Тып-тыныш. Құрамысов көшесіне келсөң, еститінің - өлдік! Қырылдық! Не бол қалды?».

- Козсіз, көрсокыр! - деген Сарқыттын дауысы күніреніп шықты. Арала мына тоң мен мұздың үстіне көшे тартып тіктірген үйлерінді. Не көрер екенсің? Ашыккан, өлгендерді. өзімен күні кеше бірге жүрген күрбіларынды, тас бауырлар, етжакыныңды көресің. Өне жатыр менің бір балам. Қайда көмем, қайда апарам оны ажал - өлім бол келген үскірік ақ боранда?! Ата-баба қорымына қалай жетем? Арқалап апара алам ба? Бұт артар жалғыз атты, атанды өсідан қанша күн бұрын асханаңа сойдың. Қөгермегірлер-ай, ақ адад малы еді гой деп ең болмаса бір жілігін де бермединдер-ау. Үйімді тінтін, үйдегі азғана дәнді де тартып алдындар!

- Жап аузыңды! - Тасмаңдайдың қолындағы маузер тарс етіп атылып кетті. Жап аузыңды! Өз қолыммен атып тастаймын бәрінді. Мен үкімет адамымын. Сендерге қандай жаза қолдану менің еркімде!

- Токта! Өлер халдегі ендігі ерік жан иесінің өзінде. Сені тыңдал болдық. Сенің жеткізген ұшпағынды да көрдік. Өлігін көме алмай, жүрек жалғайтын үнем таптай, ісіп ашықкан, барап жері таусылған сорлы халыкка Құдай кожа! Бір Құдай!

- Қыскарт созді! Елді ірітпе! Контурысың сен! Халыкты бұзба! Азғырма! - деп қалш-қалш ашуға булықкан Тасмаңдай кезен-ген мылтығын басып-басып жіберлі. Сарқыт шалқалай құлап, үй-іші азан-казан улыған-шулыған айқайға толып жүре берді. Шәкір, неге есің шығып, көзің аларыш кетті, - деген Тасмаңдай кабағынан қар жауып. - Жина, түгел, бірін қалдырма, Қеләшо-кен кошесіне, - деді де, адымдал басып шыға жөнелген. Бір үйлі жан осылай қырылып қала берді.

Үйытқып ак тутек сотын тұр. Үй-үйдің арасын қуалап сок-кан боран ақ ұлпек қарды бордай бұркыратып көз бермей калған. Өздері бірде кенсе, бірде контор деп атап кеткен екі киіз үйді іштен қатынайтын етіп жалғастырып тіккен мекемесы-маққа кеудесінде жаны бар, жүруге жарайтын адамды шүғыл жипады. Устінде былғары тон, белінде жалпақтығы қарыс ке-

летін оюлы белбеуі, жамбасында мылтығы мен қылышы жа-рыса жер соккан айбыны тірінің құтын қашырган Тасмандай ерсілі-қарсылы теңселіп жүр төрде. Кенет шагатын жыландаі басын көтеріп:

- Жолдастар, мен ауданнан кеше келдім. Біз ұлы Сталин. Қаләшокен жолдастар нұсқаған тұзу жолмен келеміз. Ешкан-дай кате жоқ! Алиауыт езуші тап тапталды. Жаншылды. Бірак олардың құйыршығы, жансебіл контроллар әлі бар, - деп кеудесін керген ол бұкшиіп-бұкшиіп құр жаны отырған бес-он адамға қоқыланаңып, - олар түп-тамырымен жойылады. Жоямыз! Біз ақ пен қызыл бол қан төгіскең қыын күндердің күэсіміз. Міне сол кескілескен-шабысқан соғыс кезінде бүйректен сирақ шығарып, автоном дей ме, өзіміз жеке мәмләкәт боламыз дей ме, берекесі қашқан казакты қырықпышақ құйтырқы сөзге салған Алашорда деген шықты. Соның қақ ортасында журдім мен. Не көрмеді, мына бас! Соз құган білімсіз қаранды елді күннен тұнге айдаған сол мықтылардың (куліп) атшысы едім мен. Күнде жиын, күнде таусылмайтын сөз. Бірінен-бірі аскан шешен, ділмәр. Бастаушылары Элихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсын, Міржақып, Шоқай дегендер. Ой, кеп сөзді сапырады-ай! Тыңдаушыларды әбден миқата етті. Ку сөзге құлак сарсыды, - тамағын кенеп, - міне осы кезде бәлшәбектердің жанашыр сөзі жетті құлакқа. Әлгілердің жел сөзіне, сандырағына әбден мезі болған мен ордашыларды тастап, безіп шықтым да, бәлшәбек болдым да кеттім. Сол күрес жолынан мені ешкім тайдыра алмайды, мен бәлшәбекпін! Мына аз күнгі қиыншылыққа шыдаймыз. Тұпкі жеңіс біздікі. жолдастар!

Арт жақтан біреу қол көтерді.

- Не айтасың?

- Осы бүгін жүрек жалғауға беретінің бар ма? Сосын отқа жағатын отын бер.

Мына талапқа қалшылдан ашу шақырган Тасмандай:

- Өзің тап! Мен не, тамақ жасап жатырмын ба? Отын бер...

- Басшы, қолымызды жеткізетін сен емессің бе? Тап! Қолдагы барды тартып алған сенсің!

- Мен жокты жерден қаза алмаймын!

- Сен осы құба жон құмның арасына киіз үйден қала соғып, елдің козін ашып, маданият орнатамын деген үкімет, бәлшәбек! Аралашы, қазір сол киіз үй қаладан не көрер екенсін. Құрамыс көнеспіндегі аштан, сұктаң өлгөндер... Үйінің кереге, уығын, бақанын, шаңырагын отына жағып... Ішерге тамағы жоқ ел қоян, тышқан аулайын десе, аяқ артар көлігі жоқ. Қақаган сұық, боран мынау...

- Токтат сөзді! Шетінен ділмәр, бас көтерейін деген екен! Мен бәлшәбекпін! Жалпыға тенденсік бостандық жолында ешкімде аямаймын! Менде жеке мұдде жоқ. Мен қоңтің мұрат, арманын жактаушымын. Кәләшокен жолдас солай деген.

- Уа, сол Кәләшокенде бала-шага, туыс, жақын, ел деген бар шығар. Жан-жагын осындай апатқа қамап, қырып жатпаган болар. Әлде, оның мақсаты осындай қорғансыз елдің тұқым-тұқымын қалдырмау ма? Бетпақ шөлінің қу даласына айдан кеп, жер бетіндегі ел-жүрттап кол үзген бізден тірі үрлап қалмайтын болды гой дегенсін Қылыш. Жан дауысың шығып сонда, кеше бір баламнан. Лененімнен айрылдым, Көзімнің ағы мен қарасы, екі қарғамның бірі Сталенімнің де халі нашар. Сондагы сенің жеткізген ұшпағың осы қырғын ба?

- Эй, Қылышбек, ақ сүйек байдың баласылығынды, Сәбетке қаныңың қарсы екешін білдіріп тұрсын, ә? Сендейлер жаулығын, кегін ұмытпайды екен, а?! Қолы қалтырап мылтығын кезеніп:

Бұл кек! Қастандық соз! Тасмаңдай жұлдынып кетті. - Бұл жай айтыла салған сөз ёмес, шындық! - деп тайсалмаган өзінді қонигап:

- Көз алдымызда болып жатқан шындықты айту кек емес. Даляға шықсақ қасқыр жесе, үйге кірсек аштық қамаса, не істей керек? - деп Койеке де тәлтіректен орнынан тұрды.

Не бәрі он бес-жиырма кісі. Жаның шүберекке түйіп өлер-

дегі сөздерін ашық айтуға бекініп тайсалмай отыр. Бірінің ойындағысын екіншісі кайталап Тасмандағайға қарсы өре тұрды.

- Қыскартындар, мына бассыздықты! Жау болсандар жок етем! Жоям! Мылтығын кезенген Тасмандай долданып басып-басып жіберді. Бір-ақ рет қана атылған оқ ешкімге дарымады. Мылтығының оғы таусылғанын енді ғана білғен ол көзінен от шашып аласұрып, бүкіл қалталарын тінтіп құтырған қаскырдай аласұрды.

- Шәкір! - деп айқай салды жынданған ол не істерін білмей. Мыналарды дүрелеп айдал шық! Сорлап қаппын. Мылтығымның оғы таусылыпты. Эйтпегенде ме, шетінен атып жок ететін едім. Ал, тез, соқ! Аяма! Контр-р-р!

## ҚҰБА ЖОНДА

- Ей, ерім-ай, қажыдың-ау! Қажыдың! Бірак, сүйегінде, тегінде бар ұлы касиет сені әлі де талай кательден сактар. Борыкпа! Бекі бер. Болаттың сұзы қайтпас болар. Өзің жайлыш, заузатың, омірің жайлыш енді мәнгілік досың, жадың боп тіл қатсам деген өткен-кеткеніңнен тамызық сыр шертуге маған тағы да бір кезек келді. Сен де тындаушы болып, Қойекеде өткенін есіне алсын.

...Жас толған коздей боп ұлы даланың көкжиеңі дөңгелене бұлдырайды. Шет-шегі айқын көрінбекен шалқар көк барқыт масатыға оранып-ап, демін ішіне тартып, тың-тындала маужырап жатқан тәрізді. Ұшқан құс, жүгірген аң, қыбыр еткен бей-сеубет жан иесінсіз кең байтақ құлаққа ұрган танадай, бәрін ішіне бүгіп, бір сәтке калғып бұғынып кеткендей.

Бір тұста биік-биік құм шағылдар. алып төбелер көзге көрінбейтін қуатты құш иығына салып, ыргап қозғап жатқандай, копан-копан етсе, кеңістік буы бұркыраған қазанның бетіндегі боп, біресе желге кептіруге жайып қойған көк жібектей ұлбіреп мұнартып кетеді. Бөгде көзге көрінбей қалтарыс тасада тұрып, әлдебір ерке қылышкен тамылжыған ыстықты желіп тұрган нәзіктік боп та шалынады.

Байтақ дала мына кейіпте тіршілікті жан мен тән болып онаша сыр бөлісуге бейне бір назға шақырғандай. Біктен тогілген ак сәулө нұр балдай шұбатыла акқан сағым шуагы боп тулап, кейде көбік атып толқып буырканға тасып жөнеледі. Дұние казір ыстық-сұығы белгісіз екпін, арын, қақас тасыртұсырсыз мұлғіп, әлдекалай берекетсіз тылсым тыныштығын жасырып, ұлы кеңістікте әжуасыз тыным тапкандағ мөпмөлдір. Тіршілік мұн-зарынан мақұрым таза бейкүнә сәби кей-

ішке енген. Дел-сал ұланғайыр үйіган бойын жия алмай мау-жырап, белгісіз бір дәгдарысқа түскендей ме, калай.

Байтақ даланың некенсаяқ болса да дабылшысындай самғ-ап көрінетін қыраны, самұрығы емес, тәнірім-ау, әншісі - бозторғайы да жоғалған ба? Бозторғайы... жер жұтты ма?.. Неге жок!

Қойеке мен Қылышбектін екі баласын жетелеп, ажал қақпана, қырғын топырақтан шыққандарына әлденеше күн. Қарға адым жер басу жанға тиіп әл-қуаты азайған, қалжыраған сұлдерлер, барын салып өндіріп жүріп тастаған-ақ тәрізденеді. Бірақ, өздері «Тасмаңдайдың қырғын шоқысы» атап кеткен кара төбеден ұзап кете алмай-ақ қойды. Қайсібірі жабуы ауган түйедей туырлығы, тұндігі сыйырылып, кейбірі керегесі құлап, шаңырагы ортасына түсіп, еті ағып арса-арсасы шыққан өлекседей бол көрінген «киіз үйлер қалашығы» тажалдай сүметіліп сондарынан қалар емес. «Ұзамандар, қайда барсандар да сендерден қалмаймыз, - деп, жан дауысы шығып, қуып келе жатқандай.

Қылышбек басы айналып, көзі қарауытып отыра кетті. Мандайынан сүйк тер шығып, тынысы тарылды ма, бойын бір әлсіздік билеп алды. Екі кара саны талып, ұзіліп барады.

Әке-шеше, туыс бәрі-бәрі артында қаратобеде қалды. Иә, артында қалды... Қандай ашы, жанды жеген удай кермек ой еді. Оларды мына жалған дүниеде енді қайтып тірі коре ме. көрмей ме? Әлде, иә... әлде... өзегі өрт бол күйіп жанды кеп... Шілдін сирағында еті қашқан жіп-жіңішке білегінен ұстап бір оттың басынан соңына ертіп жетелеп шыққан қасындағы жалғызы козіне алыстан бүлдірап көрінді. Жанары жасқа толып, дүние тенселіп жүре берді. «Апыр-ау, осы мен не болып кеттім. Ақыл-есім дұрыс па? Жан дүнием тіршілік әлемінен бөлініп қара басы жалғыз қалғандай осынша ойсырап қалғаны не? Расымен әл-қуатымның бітейін дегені ме? - деп өзін-өзі тексерген болды.

Бала да әкенің осы халін сезгендей ұзын кірпігін жиі-жиі қағып, бұған жаутаң-жаутаң қарап қапты. Бүкіл жастық, азаттық өмірі, қызысты құндері откен дала қазір көзіне көк тұтіні будақтап лапылдаған жалын ішінде қалған тәрізденіп те кетті.

- Көке, қарның ашты, ішімде от жанып барады! - деген баласының әлсіз үні тәнін жыландай шақты.

- Сәл шыда, - дегенін біледі. Оны неге, қандай үмітке арка сүйен айтқанын да пайымдаған жоқ. Санасында, тіршілік болмысында, қалтасындағы бір үзім нанды үнемдеуден ертенгі күнге жеткізуден басқа ой қалмаған. Шіркін ертенгі күн!.. Бәрі сарқылып бітпек пе! Шыдам мен төзім, ақыл жібі үзілер, күш-куаттың таусылар сәті таянғаны ма! Үмітсіз шайтан деген қайда? Тұғыр, тиянағы - әлі де санасынан өшпеген үміт ұшкыны гана. Енді бірер қыр асса, бір қунді оздырса, тәнірдің жақсылығы жарқ етер деген сенім.

- Көке, нан! - осы жалғыз ауыз сөз оның жүйкесін жүқартып тұралатып таstadtы. Тілін тістеді. Жанын шабактаган сөзді естісе де, естімегендей, баланы сүйреп, жетелеп: «Қазір, қазір, сәл шыда! Сен ер емес пе едін! Әне, алдымызда ел бар. Енді бір қыр гана қалды. Сонын ба, сонын, әй кеп бір нанға тоясын. Тойғызамын!» - деп әл-қуаты таусылған баласын қиялына бөлең емекстіп келеді. Қолын алға сілтеп, баласын талықсыған, ашыққан сезіміне үміт шақырды. Сүйрелей озды ілгері.

Жалғыз жапырақ кеүіп-қатқан наның қалғанын жаңа гана жегізген. Енді берері не?

Бұған бір тайпа елден еріп кара, ес болып дүрмек құрып келе жатқан Қойеке де қынқылдаған баласымен болып кетті. Ол да жалғызын біресе арқасына салып, біресе қолынан жетелеп, сонау коз ұшында көрінген Қектебеге қарай адымдай басып барады...

- Сені мен мені, бүкіл елді осындағы апатқа дүниар еткен қанды қыргын жасаған жалғыз Калашокен емес, балам. Есінде болсын. Ол сенің аттасың - Сталин! Оның есімін Алла ауызга

алдырмасын енді. Атасына нағылет! Балам, бүгіннен бастап сенің есіміңді өзгертуім. Сонда ей, Қылыш, сен жан-жағыңа жаркын өмірмен актық демі бітіп қоштасар кісідей отты көзінді тігіп, бар дауысынды көтеріп - сенің ендігі есімің Әзіретәлі! Егер сен осы аштық зұлматтан өлмей тірі қалсан, сені сол ержүрек батырдың аруағы, рухы қолдан қалғаны. Әзің де мына рахымсыз заманмен айқасып өтерсің. Сонда сені тіршілігінде адам баласына бір Алла үкімін жеткізу үшін өмірі құреспен өткен батырдың шарапаты қолдар. Солай да сені осы бүгіннен бастап Әзіретәлі деп атайдын. Сен енді Стален емес, Әзіретәлісің! Әзіретәлі! - деп айқай салып. - Қойеке! Сәл кідір. Тізе бүк. Эне алдымыздан ел қарасы көрінді. Ел! Ел! - қауқалақ қакқансын. Мына көзіңе шалынган ел қарасынан қуат алдың ба, көнілденіп, сергіп кеткенсін. Іле:

- Әй, өзі біздің киіз үй қалашығымыз сияқты емес, еңсесі биік-биік үйлер. Сонау жылғы астық әкелуге қалашыға барғанда көрген шаһар сияқты. Әй, анау - анық шаһар. Құдай «өлмеске өлі балық жолықтырам» деген екен. Мынау сол! Жанағана аяғын басуға шамасы келмей жылаған Батырханың арқалаган Қойеке де қалтырай тоқтаган.

- Құдіреті құшті Құдай, сонда сенің бойыңа бір тың қуат берген. Дауысың жаркын естілген. Енді өлмейміз. Қалаға жеттік! Қалаға! Батырхан, Қойеке, Әзіретәліні құттықтаңдар! Аруақ, Құдай бізге болысты. Ит-құс, карға-құзымға жем болмай, бір карага жеттік, - деп өн бойынан сөгілген, етек жені жұлым-жұлым жыртық шекпенінің белбеуін шешкенсін. Өзегі үзілердегі халдегі екі бала өзек жалғар бірдене дәметкендегі өзінді ішіп-жеп қараған. Колыңа бір күйік қара кесекті ұстап:

- Мынау - бір жылдары соғымға сойылған, сере қазы шықкан көк биенің терісі, кейін төсеніш, жерге төсөлген тулақ еді. Жарықтықтың терісі жатсаң жамбасыңа, бассаң табанына ма-мықтай тиіп жатушы еді. Енді міне, өліп бара жатқанда суға қайнатып, жүрек жалғадық. Бір үйлі жанның бетіне қарап қал-

ган қара төбел биені Тасмаңдай тартып алыш, орталық асха-наға сойғанда тиген бір жілік таусылғаннан кейінгі үнем осы болған. Алдымызда қандай құн бар деп, балам екеуміз талғажауға осыны алыш шығып ем. Мана Әзіретәліне бір кесімін берғем. Аузындағы шайнаған сағызы сол. Ендігі қалғанын тортке бөлем. Өзек жалғайық. Неше жыл жерде жатса да, адал мал терісі. Дәмі тілді үйіреді.

- Кылышеке, «ашаршылықта жеген құйқа» деген осы шығар. Дәмі таңдайды жұлып барады. Тәтті ғой, қара су қара көрім жерге апарады демекші, бұл да ана көрінген калаға құр атка мінгендей жеткізер. - деген Қойеке де жәмпендей.

- Айтқаның келсін!

- Ал, мына балаңыздың атын неге Әзіретәлі атадыңыз?

- Бауырым-ай, оның несін сұрай қалдың? Табынбасқа табынып, ырым етпесті ырым еткен халық емеспіз бе. Жаңа заман келді. Халыққа жанашыр басшы келді деп түсінген жоқ-пыз ба? Бәлки, пенделік жәреуекелік пе? Содан да, - деп көзіне жас іркіп. - үлкен балама бәлшебектердің өлген көсемінің, атың өшкірдің атын, қойсам болар ма! Қазір соның атын атауга аузым бармайды. Есесіне жүргегімді зырқ еткізіп, аштықта өлген арыстай ұлым есіме түседі. Өзі де, әкем оны айтқанда, көзінің жасы тыйылмай кетеді. Үлкен бабам сияқты маңдайы жырта қарыс, өте көрікті болып өсіп келеді деуші еді. Ол маңдайға сыймай кетті. Өкінішім, әлгі Тасмандаштар табынған, елді апатқа әкелген қатыгездің есімін қойғаным оған. Енді міне. соның есімін атауга да аузым бармай отыр. Бүкіл елді зар қаксатып, бір ұлтты құрдымга жіберіп, үрім-бұтағына осыншама азаппен касірет әкелген зұлымды қарғаймын кеп. - деп, қаны шып-шып білінген ірін басқан өкшеге кірген шөңгені алыш, ауырсына қарап, Қойекеге: - Ал мына балама да ол аты өшкірдің жөлйін куган ізбасар шәкірті, дүниені қанға бектірген, оның кім екенін басымызға қаралы құн келгенде енді біліп жатқан жоқпыз ба? Сондай болмаса да, шарапатты кісі болсын деп Сталин есімін

қойған жокпын ба? Оның халыққа рақымсыз, қаншылар екенін кім білген? Құдай жаратқан пенденің бәрі Мұхаммед пайгамбар емес екен. Пайғамбар жарықтық тірі пендеге қиянат жасамаган. Жарықтықтың есімінің өзі жаңыңа ізгілік егіп тұрмай ма! Көзіне жас үйірлген сен, Қойекеге мөлдіреп қарадың да: «Міне қарашы, қара жерді жалаң аяқ басқан табаным зар қақсан, сүйегім үгітіліп, борығып, сынып қетердей жаңым қиналып отыр. Бұқіл тәнім сұық жайлап, аштық пен қорлықтан көрген азап іштен кеміріш, қасіреттен тұралап, ірің болып сыртқа шығып жатыр. «Тасмаңдайдың қыргын шоқысындағы» сұмдықты өзің қордін. Қаншама жазықсыз жан иесінің сүйегі үйіліп қалды. Осы үкіметке, әлгі қоссемдерге солардың жазған жазығы бар ма?

Бір кезде ырысы тасып, иті май жемейтін қазақтың сүйегін карға-құзғын, нешетурлі азулы жыртқыштар кеміріп жагыр. Бұл күнде қатар-қатар ақ үзігі көзді қарыған ақ ордалар тігіліп, той жасап, ат шантырып, жамбы атып, палуан күрестіріп, қызыл ала киінген қыз-келіншек, бозбала, бұқіл халық бол мәре-сәре қызық кешкен кен байтақтан тірі жаның шадыман, жарқылдан күлген дауысын естір ме екенсің... Көзі қарауытып, жілігінін майы үзіле бастағанда ғана Тасмаңдайлар қыргыны түбіне жететінін анық білген бейбақтар береке мен байлық тасыған ата-бабалары мекендерген, кіндік каны тамған топырағын тастап, ұрлық қылған жандай тұн жамылып, тапқаны тайына мініп, таппағаны жаяу жанын алып қашқан жоқ па? Соның бірі - осы өзіңмен мен. Сол азаптың, өрттің, ажалдың қарамағына тірі түспеймін, өлсем өлігімді көрсетпеймін деп шыбын жаныңды шүберекке түйіп келе жатқан жокпышың! Бір әuletten мына екі қаргадай баланы жетелеп шығып, өзіміз сүйегімізді сүйреп келе жатып тұралаған бұларды неге арқалап, жүрегі үзіліп кете ме деп жалғыз жапырақ нәр болса өз аузымызға салмай, осыларға беріп келеміз. Ей, Қойеке, шыным бұл. Өзегім талып, көзім қарауытып келе жатса да, өзімнен өзім ұрлап, ке-

лешек өмірімнің жалғасы мына жалғызымының журегі үзілмесін деп барымды осының аузына тыққыштаймын. Менің ендігі сенерім, келешек үмітім - осы. Баяғы мынғыртып мал өсіріп, тәрінде Қызыр түнеп, есігін әулиелер күзеткен, жерінін кара қыртысы май болған туган топырақтан бақ тайды. Береке қашты. Сол киелі топырақ енді зұлымдықтың мекеніне айналды».

- Жо-жо-ок! - деп Қойеке от басқандай шыж-быжы шығып, еңсесін көтеріп, әлгідегі дал-далы шығып қажыған бойын жинап, - мүмкін емес! Мыналарды тірі сақтасак, ұлы аруақ желеп-жебеп жібереді. - деді. Еттен арып сүйек пен терісі қалған, табаны тілім-тілім аяғын созып: «Шіркін-ай, дуние-ай, бір кезде бабалар найза-сы қунғе шағылышып, жебесі қоқте ыскырып, жауды қиқулап жа-пыра қуып, қызғыштай қорыған ата-мекенде осыншалық қорлық пен зорлық коремін деп кім ойлагты? Әлде біз кем тудық па? Әлде біз жалтақ корқақ бол өстік пе?».

- Пәлі! - деп Қойекеге теренде суы жылтыраған құдық түбіндей шұнірейген көзін тесірейте. жар қабағындағы қияктай қалың қасын түйіп: «Бізде әлгі сонғы айтқаныңың ата-баба қасиетінің бәрі бар. Әттен дүние, дүшпан ит басқа сабап, жас-қаншақ етіп тастады емес пе?! Үрпак, мыналар өсер, тірілер, жетілер. Бабалар рухы оянбас деймісін! Ол ұзақ әнгіме. Сенен өтінійім: ендігі жерде мына баламның есімін Әзіретәлі деп атайдын бол. Мұның аты кім сұраса да Әзіретәл! Ал әлгі сауалыңа мен емес-ау әкем айткан, тіпті әкем емес-ау, оның әкесі көрдім деген бір түсті айтайын деп бет-аузыңды сипалап іштей дұға өқып, дауысынды коп шығармай күбірлеп, қос қолынды жай-дың да: «О, Тәнірім, өзіннің құдіретін бе. ұмыт болған қайдағы-жайдағының ойыма оралғанын қарашы», - деп сөйлеп кет-кенсін қонда.

Тұс көрүпі баба, асылы ерекше жаратылысты, басқаға бітпеген құш-куатты, айрықша қасиеттің де иесі болса керек. Сол әулиенің өмірге келер қарсаны, ұлы ананың жүкті кезі ме, оқиғаның нақты қай заманда болғанын дәл айтпайды әнгімеші.

Адамы бейбіт аңғал өмір кешкен бытыраңқы тайпа заманы ма, кім білсін. Аяғы ауыр ана орман ішінен отын шауып жатыпты. Айтушы сол ананы ірі зор денелі, әрі кез келгенге біте бермейтін алып күш иесі етіп те көрсетеді. Орманда келе жатып, қажет еткен жағдайда, козіне тұскен бәйтеректі қос-қолдап тартып, тамырымен жұлдып алыш, тұтқылда тап болған жауына карсы қару етіп пайдалана береді екен.

- Алып ерекше күш иесі ғой мынау...

- Сөзді бөлме! Әрі тыңдай бер! Сол жарықтық ормандагы кепкен томарды жинап, таудай етіп буып, енді аркалағалы жатса, орман патшасы атанған өмірі қайырусыз өскен жыртқыш кара аю атылыпты кеп. Қапелімде бас салады.

Қаннен-қаперсіз жанга капыда кеп соқтыққан тажал мерт етердей кауіп төндіреді. Азыы алты қарыс жыртқыш дауысы жер жарып күрілдеп ананың он иығынан азын салып, алдынғы аяғымен тарпып бас салады. Құдай дес бергенде, сол қолы шенгелі аюдың кеңірдегіне жабыса тұскен ана он иығының соққыдан салдырап ұйығанын елемей жанталаса алыса кетеді...

Аюдың аты аю емес пе! Бір орманды бір өзі дербес жайлап, кара басы хан жыныс тогайдың атасы, жылы-жұмсақтың бас иесі қара тажал да өкіре бақырып барын салып айқасады. Кеңірдегі ана шенгеліндегі ол, тынысы тарылып, мұрнынан, аузынан қан ағып, жанталаста екі алдыңғы аяғын сермеумен болады. Ананың кеуде тұсы, терісі пәре-пәре болыш жыртылып қанжосасы шығады. Сонда да тажалдың кеңірдегін босатпай, ақыры тұншықтырып алып ұрады. Аю да үйдей, әлде таудай ма, әйтеуір өз заманынын альбы екен дейді әнгіме.

- Ә, осы сенің басың ғой, осындай зұлымдық жыртқыштыққа бастаған, - деп кегі қайнаган ұлы ана аюдың басын кесіп алып, отқа жағып пісріп, миын шагып құйқасына дейін кеміріп жеп жіберіпті.

- Астағфир Алла! Не дейді? Әлгі ана аюдың басын, миына

дайын шағып, құйқасына дейін жеп жіберінгі? Қандай кекті жан еді, ә? Қандай батыр, шімірікпейтін жүрек, ә? Бір өзі тажалмен жекпе-жек айқасып, оны жеңіп, әлғідей, - деп карадай отырып зәре-құты кашқан Қойекеге:

- Ей, сол анадан тудық дейміз-ау, біз де мұнша кор болып! Тасмаңдайлар табанына салып таптап, тірідей қырганда, солар жасаган зұлымдықты көз көріп отырып ық еттік пе?!...

- Айта түсші, біз расымен сол анадан тудық па? Әлі де болса терендей түсші, кім біледі, - деп ентелей түскен Қойеке, - мына екі бала да естісін, - деді касы жыбырлап.

- Ол ұзак әңгіме. Бәрінен де жарыктық, қасиетінен айналайын, ұлы ананың кейінгі қиналысын айтсайшы. Айы, күні жакын, аяғының ауырлығына қарамай, кек буган ана жинаған отыны мен өлген аюды қосып арқалап келеді үйіне. Қандай күш иесі десенізші! Керемет қой, керемет! - деп тамсанған Қылышбек, - бірак айы, күні жеткен ана мерзімді күнінде босана алмайды. Бір апта толғатады. Толғагы да тарап кетеді. Алғашқы толғақ кезіндегі құрсағында тулас жатқан бала да бұрынғыдай қимылдамай тым-тырыс қалады. Не өлі, не тірісі белгісіз бала ана құрсағында тағы бір жыл жатып алады. Арада, аю оқиғасынан кейін бір жыл өткенде, үйқыдағы іште жатқан жан козғалып өзінің тіршілігінен хабар береді.

- Тез айтшы, осы ана аман-есен босана ма? - деп дәл осы сәтте бәрі көз алдында өтіп жатқандай болған Қойекеге:

- Туады. Туганда да, ұлken азаппен, анау-мынау емес - бір ай күні-түні толғатқан ананың жанын жеп, әйтеуір жарық өмірге бір перзент келеді. Сонысына орай өзі де жай бала болмайды. Кімнің құдіреті, әлде кімнің қасиеті екенін кім білген. бала жарық дүниеге шығарда ананың дауысы оқыс катты шығып кетеді. Ол алып ананың, әлде одан тыскары басқа бір құдіреттің үні ме, бала жарық әлемнің есігін ашарда кең байтак дала бұрын-сонды тірі жан баласына естілмеген әлемді басына көтерген айкай-сүренгे толып кетіпті. Жай жанғырық, ай-

қай емес, тау-тасты жанғырткан даланы күніренткен ұлы сүрен бол естіледі. Сол зор дауыс бір сәт тыным тапқанда, дария, өзен-көл тасып, орман шулап, азанға айналады. Аспанды бұлт торлап, жарқырап жай атылып, нөсер төгеді. Тауға-тау соғылғандай, үрейлі дабыл көтеріледі. «Туды! Туды! Дауысы неткен аңы, тепкісі неткен қатты еді», - депті босанып жатқан ана соңда кенет бойын жиып.

Бар кереметі кейінде жатыпты. Әлгі баланың лебі де алып ананың төсін сорғанда жұлын тұтасып сөгіп жібере жаздайтындай әлуettі болады. Тісі шығып туган бала құшырланып емшекті сорғанда күрек тіске басып қанын шығарып жібереді еken. Перзентінің мына комагай қылышына разы болған ана екі жаска толғанда арқардың құлжасын алдырып, алдына койса, бала жарты етін жеп жіберіпті.

«Ей, мынау көкбөрі ғой, көкбөрі! Екі жасында бір құлжаның жарты етін тауысты. Үш жасында бүтпін жер. Он жасында қабанды тауысар», - деп ұлы ана қуаныштан тамсаныпты.

- Осы баламның бойыма бітуінде де ерекше белгі бар еді. Айлы түн. Қалың орман. Бал құрагы ыргалған өзеннің жағасында үйықтап қалған екенмін. Бір бөгде дыбыс шықты ма, оянып кеткенім. Тасыр-тұсыр үстімнен алтынмен апталып, тұла бойын жалтылдаған окамен қаптап тастағандай алып денелі жолбарыс аттап отіп барады еken. Қолым құйрығына сәл ілікпей ұмтыла түскен қалпын қала бердім. Мен шап беріп ұстаған құйрығы сузып қолымнан шығып кеткені. Артына арс етіп жалт қараган ол да жөніне кете берді. Сондагы өкінгенім-ай, депті ана. Әттен, не керек!

Егерде ме, егер ол барыстың құйрығы қолыма толық іліккенде ме ересен ер, қайтпас қайсар, алып күш иесі болатын еді балам! - депті ана өкініп. Ей, Қойеке, сен сол ана ырым еткен барыстың, көкбөрінің тұқымысың! Бірақ, бұл күнде сол көкборі ак бөрі болып кетті ме деп корқам...

Бұл ұлы ана көрген керемет. Ал енді сол анадан туган атан

көрген түсті, түстегі ғажайыпты айтайын ба? Тыңда! Бірақ ойланып тыңда! Түсіне біл!

Қарт шырт үйкүда жатса керек. Қайдан шығып жатқаны белгісіз дүниені солқылдатқан жанғырық естіледі. Бірақ, дауысы тіршілікті сілкілеген қаһардың өзі көріпбейді. Тек әлгі үрей шакырған дауыс дүниені асты-үстіне шығарып, аударып бара жатады. Тып-тыныш әлем көз алдында бұл бұрын-сондық көріп білмеген басқа көріністе өзгеріп сала береді. Мұның өзі күнде көріп, бауырында саялап, емін-еркін сайран салып жүрген таулары, жазира жазығы не ұлы дария, өзені, көлі, көзінен тасалып жоғалып бара жатады. Төбесін күн шалған қара судай өзінен-өзі бұлк-бұлк қозғалып күл болып уатылса, өзендер аринасына ауып, колдер суалып жоғалады.

Карш-карш опырып, қылғып жұтып, шакыр-шұқыр шайнаған болат тістер... Аксисып ашылып-жабылған анғар ұнғы жолындағы кез келгеннің бәрін жұтып, сорып, қылғып әкетіп жатыр. Дауыл боп сүйрей тартады бәрін әлгі өнеш! Шайнағаны да, толғағаны да белгісіз құрдым әрі асырып, түпсіз тереңге батырып әкетіп жатыр.

Әне, өзіне биік шындары күнге жетіп тұргандай көрінетін алдың таулар әлгі тажалдың жұмырына жүқ болмай жоғалып барады. Сакүр-сұқыр біріне-бірі соғылған тас па, әлдененің күйрекен дыбысы ма мына талып жеткен. Бәрі жұтылып белгісіз тереңдікке сіңіп жоғалып жатыр, жоғалып жатыр...

Бүкіл қан тамырлы ет пен сүйектен жараптап денесі кенет қақсан шыбыны шыркырайды кеп. Әлгідегі қопарылыстың арасында кетті ме, сырттан асап қарпып қалған азуга ілігіп жүре береді. Аузын ашып та ұлғермейді. Сүйегі күтір-күтір. Айкай-лайын деп еді жағы қарысып қалған. Қол-аяғынан жан кеткен бе, қозғалмайды. Қозғалактап еді:

- Тыныш жаг! Шыда! - деген өктем дауыс шықты. Ендігі ерік бізде. Қазір саган адамзат тарихы бұрын-сондық естіп білмеген ішек-қарын операциясы жасалады. Ұлы жаңалық анылады.

Есімің адамзат тарихына алтын әрінпен жазылатын тұнғыш жаналық сенің қарныңда ашылмақ. Мына естілген сұмдықтан денесі түршігіп, жаны шошыған ол тұрып кеткісі келін қанша тырбанса да қозғала алмайды. Тек көз ғана бәрін көріп жатыр. Кекірегі ояу. Денесінен ауырсыну жоқ, жан кеткен.

Мына тұста алыстан көзіне шалынған тагы бір ғаламат! Жер-жанаңды тау басып кеткен бе?! Бұқіл күн шығысты қаракөлен-келеп бір өзі түмшалап жауып алған.

О, Сұбыхан, биігіне өрмелеп күн шығатын асқар таулар үсті қаптаған мың-мың аждада! Айыр тілдері жалт-жұлт жалактап, ыскырығы жер жарып барады. Тау үстіне сыймай қантап қыбыр-қыбыр қозғала түскең тәрізді. Буын-буын топ болып қаруытып, сәл ерік тисе дүниеге лап қойып қап-қара ел болып ағып жөнелердей. Әрі биік, әрі ұбак-шұбак күннің көзін жапқан, көз бермес шіркейдегі у-ду кара дауыл! Қара құрым. Екі жақтан ортаға алған алып ұңғы аран қысып жөнелді кеп мұны.

Мына көріністерден шошыған шалажансар дene айқайлайын деп қанша жанталасса да тілі байланып, ауыз аша алмайды. Дәрмені біткен. Қозгалар шама жоқ.

- Бастандар! Бұл не тұрыс, - деген әмір естіледі көк желкесінен.

- Қазір...  
- Неге уақытты бекерге созасындар?  
- Қазір операция мақсатын айқындалап алайық деп жатырмыз.

- Ол белгілі. Бастандар! - дегенде, алмас қылыш көзіме шағылысып кеп, карнымды қақыратада тіліп жарып өткені. Мұздай қадалған өткір алмастың жүзі ішіме еніп, суда жүзген жыландай ойқастап кетті. Ерсілі-карсылы жосылтып осқылады-ай кеп... үнгіп жөнелді. Бәрін біліп, әлгілердің дауыстарын естіп жатырмын, - дейді баба көрген түсін, өз бойында тосын бөлған сұмдықты әңгімелеп.

- Ей, денесін жансыздандырып па едіндер, - деген айқайға:

- Иә, мұның денесіндегі жанды алғанымыз кашан! Жансыз дene ауырсынбайды. Қазіргі бойында бары - соғып жатқан жүргегі ғана, - деп денемді осып-осып өткен алмас қылыш сырсыр тіле берді де, шалажансар денемнің ішкі құрылышын быртбырт тамырларын үзіл қонарғын алып шықты.

- Мынауың не? Не алыш шықтың?

- Көріп тұрган жоқсыз ба? Бұл өкпесі ғой.

- Мыналар ше?

- Мынасы бауыры, эй, өзі басқалардағыдай емес тым үлкен екен, ә!

- Айтпаңыз. Жанды да, оның ішінде адам баласында, пілден кейін үлкен бауырды көргенім осы. Мұндай бауыр тек... иә, тек пілде ғана болады.

- Ал, мына домалағы...

- Бұл бүйрекі.

- Бәрекелді-і! Бүйрекі де нар бураның басындағы екен. Бұған ілесіп мына шұбатылып шыққаны несі тағы?

- Олар ма, олар ішектері, қарны, көтеншегі...

- Сұмдық-ау, тірі жан иесінің де ішкі құрылышында мұншалық көп нәрсе болушы ма еді?

- Енді қалай деп едіңіз. Бұл не дегендес де, әлемге қанша ғасыр үстемдігін жүргізген құдіреті асқан, құрыштан жаратылған алыптың үрпағы емес пе! Денесіне қарай ішкі құрылышы да осал болмаганы шығар.

- Әлі де ішінде бірденесі қалды ма?

- Саспаңыз. Біз мұның кеуде жағын ішек-қарның ғана ақтардық. Ең мықты жері мұнда. Мұны - бас дейді. Бас! Мұның іші де лық толып тұр екен, - деп таңданған қасап асыға сейлеп, - Тез ыдыс жеткіз! Арнаулы ыдыс керек. Жай ыдыс емес, ұзак жылдар мына миди әлдекалай бұзылуудан, бұлінуден сақтайтын арнаулы ыдыс керек. Бұл - аса кымбат, құпиялы әлем. Мұны тиісті ғылыми зерттеу орталығындағы лабораторияға зерттеуге жіберу ләзім. Ондағы басты мақсат - бұлардың ақыл-

оый қалай дамыған, ойлау қабілеті қалай жетілген? Ашық аспан, үскірік боран, дауыл жел, аптап ыстық, жалаңаш табиғат құшағындағы еріктілер қандай жан иесі, нендей жаратылыс? Миды сөйлету - неше түрлі жұмбақтың сырын ашады, - дейді.

- Туу, сен де, не болса соны айтып босқа уақыт алып, ақыл, зейін төздөрінде екенсің. Бізге керегі мұның ішек-қарны да, миы, басқасы да емес, қуат-күші!

- Сәл шыданыз. Сол үшін, - деп кідіріп ойланып қалған операцияны жүргізушіге:

- Енді несі қалды мұның алынбаған? - деп тықақтады экспериментті басқарушы:

- Ендігі қалғаны жүрегі ғана.

- Оның бұған енді не қажеті бар?

- Егер біз өзіміздің түпкі мақсатымызды сараптайтын болсақ, мұның жүрегін ғана қалдыруымыз керек.

- Неге?

- Неге дейсіз, ә? Жүрек - адамның бойындағы ләzzат шоғы, сүйсіну мүшесі. Тіршіліктің махаббат козі. Жан ұясы, жан тұрагы. Сондықтан мен мұның ішкі тіршілік құрылышында тек жүрегін ғана қалдырдым. Тек жүрегімен. Бірақ, кімді сүйгенін де, кіммен сүйіспеншілік қатынаста болғанын да, не мұрат, не арман бар онда, оны біліп бағамдап жатқан сана енді болмайды мұнда. Жаңа бас қуысындағы миын алып тастаған жоқпызы ба? Солайда сүйгені адам ба, мал ма, басқа ма біліп жатпайды. Бірақ, жүрегі арқылы құштарлық сезінеді. Бұғынгі эксперименттің мақсаты да осы! Бұларда тек қызығу, басқаны жанымен беріле сүйіп тұратын жағымпаздық қасиет қалдыру!

Екінші жағынан мұндағы жүрек көзі коргенде ғана қасиеттеп бас иіп тұрады. Айтқанға көнгіш, жетекшіл болады. Енде-ше, бұл өзіңнің ойындағыны мұлтіксіз орындан тұратын мәнгілік көмекшін болады дей бер. Бір сөзбен бұл өзі де, ұрпағы да ата-бабалары ғасырлар бойы мекен еткен кең байтак дала, не құндылықтар, байлық бәрі-бәрі мына өзінің қолында бол-

мак. Ендігі жерде біз бұған не десек сол болады. Демек, айтканыңды екі етпей орындаушың да осы!

Ал, келешек заман тарихы бұлар туралы сондай да сондай болған екен деген тек ақызы таратады. Бірте-бірте ол да ұмыт болады. Бұлар өзіннің қанына сіңіп аты да, заты да өзгеріп адамзат нәсілі ретінде жогалып кетеді. Сөйтіп бұлар жүрек әміріне бағынған жәреуке, жағымгаз, ықшыл, корқақ, парықсыз жан иелері болып шығады. Басы қосылмайтын пәтуасыз, ішкені мен жегеніне мәз тобыр болып калыптасады. Әрбір ләzzатшіл жанының мақтаншақ, біреудің кәдесіне жарауға ұмтылып тұратын қуыс кеуде болатыны белгілі емес пе! Бұлардың ендігі өмірдегі бар қызығы да сонда.

Күні ертен-ақ осы тобырлар мекені - ұлан-байтақ кең дала иесі де өзіміз. Бір сөзбен айтканда, алдында бар мәзірге толы жайылған бай дастархан жатыр. Жаныңа не керек, отыр да бұйыр! Іш те, же! Керек етсең өзің пайдалан. Керексіз десең, май құйрыққа бір теуіп айдан шық! Эне! Бұғінгі эксперимент жемісі. Бірак, есіңнен шығарма. Бұл ежелгі дүниенің алып батыр қолбасыларының қан жұтқызыған, әлем дүлейі атанған бұғінгі көзі тірі солардан калған дүлейдің озі. Тұлпарының тұяғышан шаң емес. от ұшып, қылышы мен шокпары, наизасынан қара жерге жай түсірген сұрапыл! Саған да сокқысы мен тепкісі аз тимеген!

Басынды шайкама! Екі құрлыкты - ЕураАзияны - дірілдеткен кереметті калай есіннен шығардың, ә?!, Ақ теніз. Азау. Жерорта теңіздері, тіпті аспанмен шектес мұхиттарыңды тұлпарының тақымына басқан жиһангер көzsіздер де осылар. Ажалаң мен бетпег-бет айқаса беретін, әрі жеңе беретін, басын кессең аяғы, аяғын кессен қолы, туралған бір жапырақ еті тіріліп жойқын күш-куат шакыратын пәлекет те осы!

Бұның өткенине кайта бір оралып, бұлардың бойындағы басқада жоқ ерлікті шындаған күшті зертте! Көzsіз батырлықты қайдан алды, біл! Мынаны да жақсылап тыңда!

Анасының жатырында алақанына қылышын қайраған, садағының жебесіне жауының өкпесін ғана емес. жүргегін тесетін болат қанжар байлаған, басы күж-күж шокпар көтерген жалғыз көзді сұрапыл да осы!

Әрідегісін қой, берідегісін ғана айтайын. Тында! Толқыма! Құлағына құй! Ұмытам десен, шақыр әлгі, аты немене еді, ел жадын қаттаған зердегерінді! Жазып отырсын, тындаушысының бетіне ұғамысын дегендей карап, сұмдық қой бұлар, сұмдық! Қанша ғасырлар үйқыдан оянған аюдай ақырып мына дүниені дүркіретіп шыққан жоқ па аттандал! Олардың арғы түп тұяғын зәузәті тамырының қайда баратынын есінде ұста! Ұмытпа! Олар қалдырған тастагы жазуларды оқы! Ол қай заман, біл! Сөйт те, бұлардың бойындағы қаныңдағы көzsіз ба-тырлық қасиетті бойына сінір! Мұның жүргегін сол үшін ғана қалдыртып отырмын. Әлде болса миын қопар. Бас сүйегі ішінде қалған ми акыл деген там-тұм зердесін оятып, тағы бірденені ойлат тауып қаһарына қайта мініп, дүниені қиратып кетпесін!

Ал бойында тек жалғыз жүргегі ғана қалса, құшағын жая беретін көңілшек, дархан мінезді болатыны сөзсіз. Бауырмал да сол. Қайталаймын, сөйте-сөйте басқаның алдында көнгіш, құрдай жоргалайтын күлдік мінез қальпітасады. Ата-бабасын, тегін ұмытып, етіңмен ет, жаныңмен жан боп сіңісп кетеді.

Е, е, түсінсең бәрін жеткізіп айттым. Әлдекалай: «Оян! Оян!» деп, күндердің күнінде зар қағып бабалары намысын тірілтетін біреулері шыға қалса, аяма! Үнін өшір! Тілін кес! Сонда ғана өзіңнің беделін, күшің өсіп, абыройын артады. Данқ тұғырына шыға бересің.

- Не болды өзі сонымен, болдың ба? Аяма! - дедім ғой. Несі қалды?

- Әлгі, тек жүргегін ғана қалдырдым. Беті ауган жаққа лағып, қаңғырып кете ме, таза ессіз болғанынан бізге не пайда деп бағыт-бағдарын ұстап жүрсін деп, миының болмашы болігін қалдырдым.

- Дұрыс болған. Болмашы миымен нені ойлап кирата қояр дейсін.

Әйтеуір өзіңсін кем білетін, айтканыңды істеп, айдауына конетін қауқары болса болды емес пе?

- Дұр-рыс! Тағы бір есте болатын маңызды мәселе: бұлардың ата-мекені, табаны тиғен жер тұнып тұрған казына байлық. Бұлар алтын басқан ордалы айдаһар. Сол байлықты өзіне қаздыр. Сөйтте оны өз игілігіне жарат. Сырттан басқаға кол салдырма!

Былай кара! Карапшы күн шығатын жакқа! Сонау төбесінде мұз. ақ кар түнеген таулар үстіне шығып алып, денесін күнге қақтаган мын-мың тажал аждаһаны көрдің бе? Қара! Қара! Әрқайсысының басы әлденеше мың, құйрығы миллион! Әлгі бастиар өз құйрығын өзі жұлдып жеп жатыр. Сонымен әуре! Бері бастырма оны. Ақтарылып құлан құйылып кетпесін...

Бір замандарда, жаңа ғана өзің бүкіл ішін алып, жалғыз жүргегін ғана қалдырыған алып батырдан олердей соккы жеп беті қайтқан аждаһалар шайлықканы сонша, бері беттей алмай үйлігып жатыр. Жата берсін. Әйтеуір бері асыра көрме! Егер ол әлдекалай бері беттемек болса, мына мисыздарға қару ұстасып қарсы жібер. Арқасынан қагып: «Кезінде сенің бабаннан таяқ жеген қаукарсыз қара шыбындар» - деп мактасаң, бұлар ескі аруағына мінеді.

- Түсіндің бе? Ұқтың ба өзі?

- Ұқтым!

- Үк! Ойла! Ойласаң біле бересін. Тағы бір есінде болатын басты нәрсе - басында болмашы миы. қеудесінде тек жүргегі ғана қалған алып күш иссін өз ырқыннан шығармайтын аса маңызды шара өзін-өзіне айдалап салу.

- Өзін-өзіне айдалап салу? Ол қалай? Айдалап салу...

- Ойлан! Әлгі өзіңде бағынышты ырқында көнген жан иесін күнде желкелеп, дурелеп жатсаң, оны көретін дүниеде көз жоқ па?! Бар. Көреді. Олардың кешегі, иә, әлем алдында кереметі асқан баһадүр екенін де таниды. Олардың кешегі әлемге күші

аскан құдіреттің сенің қара құлыңа айналғанына қызғанбай ма? Олардың қуат-қүшін білмей ме? Біледі. Қызғанады. Өне, жер жүзіне қаныпезер, рақымсыз, басқаны езіп, құлданып жатыр деген зұлымдық атагың жайылатын жері де осы!

- Сөз-ак екен, мұныңыз! Сонда не істеуім керек?

- Сабыр ет, әрі қарай тында. Есінде болсын, басында болашы миы, жүргегі ғана бар кембағал жан тындағыш, елгезек, айтқанына көне беретін, иланғыш, нанғыш, жағымпаз болады дегем жоқ па! Оның сол мінездерін пайдалан. Бауырына тарт. Өзіннің мұддене қызмет ететіндегі етіп қоқыт, бірақ түпкі максатынды білдірме. Колпашта. Сен өзі менің ойымды әлі түсініп болған жоқсын ба? Зеректік те керек. Үйінде итінді қалай тілге үйретесін, ә? Мезгілімен тамағын беріп, күнде мәпелеп күтіп отырған итің бейсеубет біреуге шап десен, бас салып таламай ма? Талайды. Ал, әрі-беріден соң ұялас иттерді тексеріп көр. Бірер күнге ашықтырып, алдына ортак ыдысқа ас күйшы. Таласып күші асканы тартып жейді. Ұялас едім демейді. Әлдісі едім демейді. Әлдісі әлсізін тамақ үшін жарып өлтіреді.

Сол сияқты тәрбиелесен, үйретсен жарты милы да үйіндегі итің сияқты айтқанынды қалт еткізбей орындаиды да тұрады. Мұны саған түсінікті тілмен айтсам, бірін-біріне айдаң салу. Әлсізін күштісіне талату дейді. Женілген жақ сені кеп панарайды, өзің төреші, өзің бисің сонда.

Жана ғана бұларда қандай мінез, құлық калыптасатынын санана жеткізіп айттым. Бағдарлаған касқа жолмен әрі қарай іс-әркетінді жалғастыра берсен. күнде тепкілеп жатсаң да жаңым ауырды демейтін, басын кессен құн сұрамайтын «Алди-яр таксыр, не бұйырасыз?» деп тұратын бойында күш-қуаты, жүргегінде сүйіспеншілігі бар кеңкелеске ие боласын.

- Мұныңыз енді қаншалықты, қалай жүзеге асатын, - дей берген оның сөзін беліп:

- Тоқта! Әлі де түсінбепсің! Құлак сал! Ең бастысы - бірін-бірін айдаң салып шайнастыру әдісін сен оларға қызмет лауа-

зым беру аркылы жүзеге асырасын. «Бәрекелді! Қабілетті білгісің, кемелдісің!» - деп игілік дәмін татқызып, ракат құшағында балқыту тәсілімен ойындарыны орындаласын. Өлар сенің алаканыңдағы түрлі-түсті ойыншық.

Бұл жолда олар бірін-бірі аямайды. Атып та, шауып та, бәле жауып та, бірінің-бірі дүние мұлкін тартып алып та, киянаттың не түрлі жан түршігерлік түріне бара береді.

Адам баласы таныған аяугершілік, жанашырлық, шындық, әділдік, адалдық дейтін қасиеттердің бетіне тік қараудан қашатын болады. Сен бұл әдісті жүзеге асыру нәтижесінде басқаның қолымен от көсөу дейтін жаңа қасиетке ие боласын. Барабара жан түршігерлік, ізгілік шошынатын сүмдықты сен істемейсін, істеуші осылар болады.

Эрине, ақылды өзіңе пайдалы тәсілмен үйретуші өзіңсін. Оларда ойлау, тапқырлық қасиеті шектеулі екенін өзің де жақсы білесін. Тек ретін тауып, бұлардың жан шошырлық қылмысты әрекетін жұрт алдында айыптаң, жазалап отыру да есің-нен шықпасын! Адамзат бақыты үшін әділдік, адалдық туын котеруші күрескер екенінді танытатын сенсация. биік бедел табатын жол да сол! Ендігі қалғанын өмір өзі үйретеді. Бірак, әрбір қадамыңды ойланып бас, аптықпа! Қара щұбар әлемді ырыққа көндіру, тәуелділікке келтіру онай емес. Ойла-а-ан!..

Қарны қақырап жарылған алып тұлғалы пенде жарасын жөргемдеп тіге бастағанда ыңырсып коя берді. Өзінің тіршілігінен хабар еткені болар.

- Ей, мынау ояу ма еді.

- Эрине, шала үйкыда. Өліп калса. әлгі айтқанынызды кіммен орындаимын.

- Дұрыс! Жаңа түсіндім. Дегенін болсын...

- Міне, Қойеке бауырым, атам айтты дейтін, бабам көріпті дейтін тұс мазмұны осында.

Кылышбек конілі босағандай басы салбырап отырып қалды. Мандайшан шұбырып тері төгілген.

- Қылыш-ау, Қылыш! - деп жан дауысы шыққан Қойеке, - Мына айтқаның тұс емес кой. Тұс емес! Менің өнім ғой мынау! Кешегі-бүгінгі өмірімде болған мына өзіміздің бастап откен шындық! Кешегі азапты, ажалды қырғын омір. Ойбай-ау, мынау Тасмандай мен Шәкірдің қолымен жасалған қасірет! Дәл өзі! Сол сүмдүк мынау! Қайран бабаларым-ай! Қасиетіңнің күрбаны болсам-ау! Тұсінші, ойланышы, әлгі қарның тіліп, бауыры, бүйрекі, ішек-карны, мына дейін алып тасталған бейне де сол өзіміз - мына біз ғой.

Әлгі атарман-шабарман кенкелес бәлшебектердің қолшоқпары елді қырып-жойғандарды бабамыз баяғыда-ақ тұсінде көріпті ғой. О, құдіреті қүшті Құдай, не дермін әміріне!

Бүгінгі біздің таксыретіміздің кітапқа жазғандай қалай дәл айтқан! Мынасы ұлы әруақтардың аяны! Әулиелер-ай, қай заманда, кай дәуірде көрді екен мына сүмдүкты, қалай тап басты екен бүгінді. Бұл - ақикат, бүгінгі күн! Бауырым-ау, ұрпағының жанын қинайтын қасіреттің қайдан шығатынын дәп басқан әулие бабаларым-ай! Бәрін-бәрін колмен қойғандай айтып тұрган жоқ па? Адаммын дәп өзін танытатын бүкіл жан - дүниесіндегі бар асылын, ізгілігіне дейін сызырып алып, то-пастандырып тастайтынын да айтыпты, ә? Қарақшы дүшпаның қайдан келетінін, қандай зұлымдық тәсіл, алдау, арбау қолданатынын да ашып көрсетішті. Айтылмаған не қалды? Әлгі болмашы жарты миығана, қаңқасығана қалған тірі жан «айт» десе тұра жүгірген қарғылы ит Тасмандай сорлы ғой! Тасмандай Дос-о-овский! Өзі түгілі әкесінің де атын өзгертіп, тұкымын біржола тұздай құртып тастаған жоқ па?! Қатыны мен баласы аштан өлгенде: «Кәләшөкен тірі болсын! Қатын жолда, бала белде» дейтін басында жарты миығана кембагал пенде де сол емес пе! Е-е, тағдыр, сен осында ма едің, - деп оның күніренген даусы кең байтақ даланы күрсіндіріп жіберген сонда... Мына естіген әңгімесіне, бүгінгі халіне ұнжыргасы тұсіп, аң-таң қалған Қойеке, әлі де арты не болар екен деген-

дей: «Сонымен, - деді сұраулы пішінде. Оның қалжыраған түріне шашыла караган Қылышбек: - Баба сонда ішімді актарып, бар аларын алып болғанин кейін, - деп созыпты түсінде көргенін әрі жалғап. - Эйтеуір өлмейтінімді білетін қасапшылар мені тастап жөніне кетті. Артынша әлгі сол пышак тиғен жер тұз сепкендей удай ашып, тірі денені күйдіріп жөнелді. Тірі екенім кәміл. Бар әл-қуатымды шакырдым. Қол-аяғымды қозғап жанталастым. Өліп барам. Соңғы қуатымды жиып, иығымды қағып-қағып жібергенімде байлаулы екі қолым босап кеткені. О, құдіреттің пәрмені берген кос күрзі босадын ба?! Енді тобығымның тұсы сыздап жатқан. Темір ме, жіп пе байлан тастапты. Кос колдан тартып, аяғымды сермен кеп шарт үздім.

Куанганим ба, атып тұрдым. Тура жүгіре беріп, етпетімнен құладым. Кайта тұрдым. Тағы жүгіре түсіп, сүріне-қабына жүгіре жөнелдім. Токтагым жок. Куанган жүрегім бір өзіне онаша тиғен өкпе-бауыр, ішек-қарыннан босаган бос кеністікке сыймай айнала шапқылап тулап келеді. Әлі жүгіріп келем. Токтагым жок. Алдында ұшан-теңіз кен далам. Ортада Қектөбе! Бийгіне шыға беріп оянып кеттім. Түсім. Апымай, бұл не? Үрпағымның басына осындау күн тумаса етті, - деп шошыдым. Бірак, жеркіндігі Қектөбенің басына тегін шықтым ба?! Биіктік мәртебе емес пе, түбі қайыр болғай деп жорыдым сонда» - депті. Бабаның сол түсі болмагай біздің басымыздан өтіп жатқан осы өмір...

- Эйтеуір. өзі тез өтсе екен, - деді келешектен үмітін үзбеген Қойеке.

## ҚАРАШОҚЫ

Ұбап-шұбап шыбынын сүйреткен топ қалаға де жеткен. «Қазіргі қаласы мынау болса, құрысын қаласы!». Күйініп кетті олар. Қаңғалақтап жүріп, әйтеуір базарына кезігіпті. Бір замандасты думанды жаймашуақ базарын аралап, дүкенін жагалап, керегінді іздеп, оны да таңдал көзіне жазып, талғап, бәлсініп, кергіп мырза кеудемен кердендеп шалқақтайтын күн қайда? Қала да, базары да өзгермеген сол көпшілік ығы-жығы қалпы. Біреу келіп, біреу кетіп жатыр. Бірақ, мына базардың мазмұны, көрінісі басқа! Күйіп тұр.

Баяғы құрақ үшіп, алдыңнан құшағын жая қарсы алғып, құрмет, қызметін ұсынып бәйек қакқан ілтипатты акжарқын жандар байқалмайды. Ақ жарқын ықылас, меймандос, ыстық пейіл өшіп, шырағы сөнген. Бәрі қара көніл, қоңыр жүз. Көптің назары пәс, қабағы қату, жаны жүдеу.

Калаға жетсек, көптің, ұлы дүбірдің, дүрмектің іші жансактар бір тескіндік күнкөріс табылар деген үміт көзден үшты. Кеудені жарған қөлтықтан шыққан қолаңсадай сасық иіс кенсірікті тіліп барады. Дем алатын ауа да бұзылған. «Қайран кен дала! Желің жұпар, топырағың мамық па еді? О, жарылқаушы құдай, сай сала кезген қаңбақтай қалжырап әлі кеткен пендене көрсетерін өсі ма?» Бұл шыбыны шықпаған тәннен шыққан зар үн.

Екі бала базар шетінде нан сатқан кеудіреген кемпірді көріп, табандарына желім жабыскандай сол жерден олсе қозгалар емес. «Нан! Нан! Нан!» - деп таңдайлары тақылдап зар қағып жылап тұр.

Қойсеке саған, сен оған қарайсың. Онсыз да өзегі үзілгелі тұрған сәбілер сүлдері тозып барады. Екі бала да сыйдиып,

сүйегіне ілінген қолдарын созып, тарбигып алақандарын жайған болады. Бір тірі жан ығы-жығы көп ішінен мыналар да жан иесі-ау, мұсылман баласы деп, аяугершілік жасайтын емес. Базарда дүниессі мен тамағын сатушыдан әлі кеткен өлмелі қайыршы, сұраушы әлденеше есе.

Біреуге-біреудің рақым назары түсे кояр түрі байқалмайды. Омалып, базардың шет-шетіне коныс тепкен, кос тіккен, алымжұлым киімді, тілемсек күн кешкен, бағзы бір заманнан азып-тозып коныс аударып келгендей түр-сиқы кеткен халық.

- Ей, Қылыш, екі бала әлгі нан сатқан кейуананың қасынан кетпей қыңқылдан, дауыстал жылауга көшкенде, маңдайынан бұршак-бұршак терің тогіліп жан-жағына алактап караганынды ұмыттың ба?! Қон етінді біреу кесіп алып жатқандай болғансың. Мен де сенін қеудендерінде жаның болып шырқырам сонда. Ананың: «Қылышым, мына жалғызымды аштан олтіріп алма! Біздің ата-баба мекенінде, ана топыракта қалғанымызды білесің. Бір кәрі болар. Өле қоймаспый. Құдай не-сібесіз жан жаратпаған. Туган жердің топырағы да ырыс, өлтірмес. Не көрсек те бірге көрейік, ана - бесік, ата - мекенінде бірге бола берейік дегенге көнбедің. Жолдарың болсын! Заманың әлекандай болады. Мына жарығымның жүрегі талып бара жатса, ең болмаса бір үзім нан болар. Аз гана ақшанды ышкырына тіктім, Асыл текті Шәрбатым, келінімнің тіршілікте сонында қалған жалғыз көзі. Одан қалды бір тұқымның өркен жаяр жалғыз бұтагы, тірі қалғаны да, үміт артары да осы ғой. Сол бауыр етім келінім карашығы жарық дүниеден сөніп бара жатып:

- Ене, екі құлымымды сактаңыз. Бұлар тірі болса, мен де, сіздер де тірісіздер. - деп еді. Үлкенінен айрылдық. Енді мына жалғызды сакта. Қеуденде жаның барда баланды күт! Балам, бала - бал ғой, - дегені есіңе оралған. Шыбының болып шырылдан анаң болып қеуденді қакқамын сонда! Қөзіңе мөлт-молт жас тұнып, өзетің күйің, әке-шешені көз алғанда келтір-

геніміз қайда? Мен көзіңе көрінбейтін алыста қалған жан, сен сағыныш оты жанған тән болып егіліп кеткенбіз. Жүргіңе өт түскендей, сағыныш па, әлде күйніш пе, тұла бойынды бір алау қыздырып шарнып өткені бар.

Осыдан кейін ғана селт етіп ұйқыдан шошып оянгандай, ойына анаңың айтқаны түсіп, ышқырыңа қолынды апарғансың. Иә, он қолың ышқырыңа жармасып, мына ракымсыз, қан жүткән, адамдық, ізгілік атаулыдан жүрдай қаныпезер өмірден өзіңе беймәлім бір көзкөрмес атырапқа сініп жогалғың келген. Түңіліп кеткенсің. Мына қарабет тіршіліктен, азып тозған ортадан құрдымға батудан басқа басында ой қалмаган.

Осы сәгте ақ сақалы кеудесін жапқан, кезінде болып-толған, «сырлы аяқтың сырлы кетсе де, сыны кетпес» дегендей, көрікті, инабатты қалпын сақтаган кісі едәүір көтерінкі дауыспен:

- Тегін қыз берем! Көркіне көз тоймас, әдемі сұлу қыз! - дегені дәл сенің қасынан саған айтқандай құлағыңа шалынған.

Сен анаңың жолға шығарып салып тұрып, алдымен не-мерессін, сосын өзінің мандайынан езіле ыстық лебін мейірімен қоса төгіл, шөп-шөп сүйгенін жаңа ғана қиялыңа қондырып елестеткенсің! «Қайран анашым-ай» - деген сөздерді ішіңнен сағыныш отына өртеніп тұрып айтқансын.

Саусактарын ышқырынды жағалап, он мықын тұсына кідірістеп қалған. Тапкансың. Ақша тігілген ышқырынды сипалап, көзге көрінбес ажал пышағынан араша жанашыр, озек жалғар бірдененің өз бойында барына кәміл сеніп қуаныш құшағына кіргенсің.

- Тегін қыз беремін! Он бес жаста! Бұл әлемнің тірі пен десінін сұлуы! Тағы да сұлу эйел бар. Екеуі де бірінен-бірі откен перінің қызындай көрікті, көз тоймас жандар! - деп үні үзілген карт белі шойырылған жандай бүгіліп, қалжырады ма, ойсырап, отыра берген.

Сен жалт қарағансын. «Ей, опасыз өмір» деп ішіңнен егіліп, тебіренгенінді анық білем. Құлағың жазбай шалып тұр әлгі

создерді. Бірак, ойың басқада. Асығыс кимылмен, басқа сырт көзден тасалап тұрып, ышкырдагы акшаңды алдың. Нан сатушы да ұзак емес еді. Сенің акшаңа төрт күлше берген. Екі күлшени орамалыңа оран, кеуде тұсыңа, жейдеңнің ішіне тыға салып, екі күлшени төртке бөліп жедіндер. Соны сыртынан бақылап, барлық іс-әрекетінді калт жібермей, аңдып көріп тұрган қызың бен әйелді тегін ұсынушы карт:

- Азамат, балаларың әбден жүдеп, арыған екен. Жіліктерінің майы да үзілген-ау! Бүгінге әлгі жеген нандары жетер. Тағы беріп аш өзегіне түсіріп алма. Қалған нанынды ертең бер, - деген. Сенің өз үлесінді жемей, жана бергенінді екі-ақ толғап жеп койып, балаңның колыңа жаутаңдал қарап тұрганын байқаган ол.

- Не дейсіз? Мынаны да жегізsem деп едім.

- Асықпа. Оны кешкі жегіз. Негізі, әлгі бергенің бүгінге жарайды, - деген ол.

Сен карт кісінің ақылын тыңдал, әлі де қыңқылдал, кешеге дейін есімі Сталин атанып, ендігі жерде Әзіретәлі атанбакшы балаңа:

- Шыда! Ата не деп тұр. Бұл сенің кешкі сыбаған, - дегенсің.

Карт тарғылдау дауысын созып:

- Тегін қызы берем! Тегін қызы берем! Тегін қызы! - деп орынан созалаңдал сүйретіле зордан тұрган.

Манадан көзін карауытып кетіп, бірде өзіңе-өзің келгендей әлдене қап, аштыққа қасарысып беріспей тұрган сен, әлдекарай зығырданың қайнады ма, ақсақалға:

- Қария. бұл не, базарға адам шыгарғансыз ба? - дегенсің карттың сөзінен денең үркіп.

- Е. карагым, нессін сұрайсың. Босқа өлгеніше бір күн болса да, жарық дүниеде тіршілік етсін де! Кім біледі, әлде бір иманы бар, ізгілік иесі, наны бар пақыр кезіксе, демі таусылғанша, күн шуағын сүйе тұрса, - деп шалдың жаны күйіп қалтырап тұрып зорға айтты бұл сөздерді.

- Аға, мен, - деп тамағың құрғаксып, қылғына сөйлегенсін, өзінің де демін үзілгелі тұрган сен, босқынмын. Қасымда мына тұрган балам, әне баласын жетелеген жолсерік, туысым бар. Ай бойы жаяулап құба жон асып, мына қалаға жеткеніміз осы. Қала - көп ортасы, ел іші, өндірісті жер деп күшімізді сарқып өле жеттік. Ал, мұнда...

- Сұрама, балам! Бұл адам адамның етін жеп жатқан, адам жұты келген нәубет! Мына жердің бетінде тірі пенде қалмай ма деп қоркам, деген сақалын тұтамдалп құйінген карт.

Карттың мына сөзіне құйінген Қойеке картка қарап сөйлеп кетті.

- Қылыш бауырым, - деп өксігін өкпесіне жеткізген Қойеке тұншығып бара жатқандай, - Адамға жұт келген нәубет дей ме, мына карт. Дұрыс! Тауып айтып түр. Ол сұмдықты өзің көрдің. Басынан кештің. Халық жұт жеті ағайынды, айыр ағашпен сегіз, қыста ұрын ойнауга келген жаман қүйеумен тоғыз деп бекер айтпаған. Соры қайнаган елге откен күз ай бойы қара нөсер жауынын төкті. Оны көк мойын бол, толассыз жауын астында тонынның етегі жерге жетердей созылғанын өзің де жақсы білесің. Оның үстіне қарашаның ақша қары төгіп кеткені ше! Желтоксанның басында, әлгі Тасмандайлар елді үркіте көшіріп, киіз үй қалашығын құрып жатқанда, атан түйе жүре алмайтын қалың қар атырапты тұмшалап та болды емес пе! Тон жұтып, қар жамылған дала ыскырған боранын тосып кана қалған.

Не керек, откен сұрапыл қыстың тоңы кісі бойы болып, қара жер аяз қысқанда қақырап айрылып кетті. Қара жерге кетпен, қайла, шот түгілі сүймен екі елі батпай тас бол бекіген еді-ау! Өзің куә, шегін тартқан ақ боран көз бермей, ақ толқын үскірік атқаны ше? Иә, қария бұл дүниеде қазір не болмай жатыр. Міне, өзініз адамды саудага шыгарып отырсыз.

Елдін сорына, жердің соры қосылды, - деп озегі құйгендей үнілеген Қойеке тірі адамын саудаға салған елге осы қасіретті

күндерде өлгенін ақ жуып жерлеу мұн болғанын қайтерсін. Ө, ажал бол келген сүмдыш өмір-ай! Сол бір азынаң ақ бораны, күркіреп дауылы даланы тулактай сілкіп басына котеріп, аспанды жаңғырықтырган күндердің бірінде еліне белгілі Бықан кария, Бақыбай бай дүниеден откен еді-ау.

Киіз туырлық, түндікті көк қаңылтыр боп қаптап жез тырнектай шенгелдеген мұз, қары аралас сіреу үйдің тәбесінен жүріп кеткені қашан! Сол құрсауды бүгінгі тірі қалғандар ұмыта коймас.

Бір үйден екінші үйге бірін-бірі кол ұстасып, жетелеп, сүрінекабына дірдектеп жеткен киіз қаланың Құрамысов көшесі тұрғындары Бықан үйіне жиналған. Өзіңнің әке-шешен бар, елдің бас котерері, улкендері түгел! Киіз есікті зордың құшімен мұз бен кардан арсып кірген.

Ой, дүние-ай, десенші! Бықан жарықтық ұзыннан түсіп текемет үстіне мамығын салдырып, жамылғы көрпесінің сыртынан тонын жапқызып қымтансып жатыпты. Кемінрімен екеуі гана. Колындағы үйленбеген баласы Қаратұзгендерің бірді-екілі үй туыстарына қарттың ауыр халің, әл үстінде екендігін хабарлауға кетіпті. Қалжыраган, әлі кеткен кемпір байғұс та қар басып, мұз тұмшиалаған үйден шыгар дәрмен жоқ. Боранмен бірге зарлап сырттан жәрдем шакырып, бақыра-бақыра дауысы қарлығып, үні бітіп әлі таусылып құлаптты. Шал соңғы тынымсыз бораниның үшінші күні кешінде жан тапсырған. Бұл сүмдышты да әлдекалай қаңғалктап жүріп менің білгенім. Есік алдына шыға келгем. «Өлдік қой! Арам қаттық қой! Аллам-ау, корсетейін дегенін осы ма еді. Көгермегір Тасмаңдай! Көгерме! Қар мен мұзда жонга камағ, аштан арам өлтірдің-ау!» - деген жан дауыс естілді. Абырой болғанда үйімнің Бықан үйінің ығында болғанын айтсаңшы.

Адам ойына келмейтін осындай қайғылы - қасіретті жағдайда ел қадірлісі кешегі кекірігі майға шіріген бай, айтулы кария Бықан өтті өмірден. Ендігі міндет - оны жерлеу, арулау. Үйдің

сиқы мынау. Көк мұз, ақ қар басып алған. Өзіннің, - деп, әңгімеге құлак түрген қартқа өлеусіреп қарап әкен ғана отыргандардан тіл қатып: - Қойеке, түр! Біздің баланы шакыр. Басқа күші бар кім бар. Біз бірдене етіп дәрет алдырарамыз. Осылай жата ма. Жиналындар! Бықаңды құтты орнына жеткізіңдер, - деді. түрі әлем-тапырық өзгеріп. - Әлгі шаһар басшысы Тасмандай қайда? Соны табындар! - деді дауысы әлгіден де бұзылып, әлі-қуаты таусылғандай.

Көп кешікпей қасында Шәкірі бар Тасмандай өзі де жетті.

- Бұл не отырыс? Өлгенмен бірге өлеміз бе? - деп ақыра келген ол бізге тағы үш-төрт жігіт қосып беріп. Бықаңның қабірін қазуға бұйырған.

- Ол күнді еске ала көрме, - деп сөзін созған Қойеке - Қызыл шұнақ аяз. Бетті карып күйдіріп барады. Дала ұскірік. Азынаған айғырдай сұыктан тұтанған өрт бет қаратпай құтырынып алған.

Тасмандай айтты - болды. Оның бұйрығы бойынша осы қалашық сыртындағы Қарашоқының етегінен қорым ашатын болдық. Ата-баба қорымы дегенді ауызға алмандар деген. Өліп-галып оның сілтеген жеріне де жеттік-ay!

Қабыр казу ма! Қарды аршуын аршыдық. Ал, жер! Жер көкбоялат бол қатып жатыр. Мың салған сүймен бір елі жер теспейді. Жігіттердің әл-қуаты жоқ па, жер қатты ма. іс өнбеді, баяғы тепсе темір үзетін қауқар жоқ. Салымыз суға кетіп сол күні кештетіп, бірімізге-біріміз белбеу ұстатып, өлдік-талдық деп ықтай-ықтай қайтып жеттік ауылға. Жагдайды естіген Тасмандай:

- Эйда, Бақыбай өлді екен деп елді қыра алмаймын. Ертең осы қүйінде, өзінің мына сенсөн, жылы тонын кигізіп ауылдың сыртына, қар қорғанының аргы бетіне шығарып, көктем шықканша аманат қоямыз. Аманат дегенді білесіндер ме? Көктемде жер жібіп, қар ерігенде қабірін қазып, ақ жуып, арулап көмеміз. Бұл нағыз буржой еді. Боржойша өлді! Сөз тәмам! - деп тарс еткізіп аспанға мылтығын атқан. Ол дегенін істетті,

- деген Қойеке көзі үясынан шығып - Жұрт білмейтін сүмдық коп қой! Менің де білмейтінім каншама! Осы откен қыста Қаләшөкен көшесінен канша адамның аштан, сұйқтан қырылғанын кім есепке алды. Ал, Құрамысов көшесі үйінің көбі қаңырап бос қалды. Бәрінің барған жері - кебінсіз, киімшеш аманат жатқан Бықаның қасы.

- Масқара! Масқара-ай! - деп көзінен жас төгілген Қойеке бір барғанымда көргенім, Бықаның сүйегіне дейін, түгін калдымай ит пе, қасқыр ма кеміріп жеп кетілті. Сенсен тоны да пәре-пәре - осыны айтып отырганда безгек тигендей денесі діріл қаққан ол, жерден мал, елден береке кеткенде, далада жыртқыш, көктен құзғын қаптап кетеді екен, - деп егіліп, тоң баскассын ба, мал түгіл тышқаны таусылған атыраптагы ит-күс тірі жанды андуға шығады екен. Елең етіп қар астынан әлдекалай шыға қалған бейсеубет мал, не адам баласы көзге шалынса баспалап андып тұрған көкжалдар азуға басып ала қашады. Тасмандайдың әмірі кімдерді қалтыратпады. Кімдерді айдауына жүргізіп, айтқанына көндірмеді. Аштық ажал болса, ол тажал болды. Көрініп келді.

Айдарлы құмының Каршоқысының бауырына екі қатар көше етіп тіккізген үйлердің ең шеткісі, осы өзін мен өзім тай құлышнадай тебісіп есken бауырын өзімізбен құрбы Шелекбайдікі еді-ау!

Жасынан мол етекті, бейғам, как-соқпен ісі жок анқау жаратылған оның бір кісідей каруы да бар еді. Қара нөсердің кезінде себіліп жүріп, қыстың райынан және Тасмандайдың қаһарынан шошыған ел «сақтықта қорлық жок» деп үйінің қасына екі-үш түйе сексеуіл шырпысын, томар түсірмей ме?!

Бірнеше күн басылмай жауған қара нөсер кезінде, сексеулідің томарын киіз үйінің босағасына кіргізіп алады. Артынан төгіп берген қар басып бара жатқан соң, қалған шырпысын да үйіне кіргізіпті, - сөз арасында өз ойын Қылышқа мақұлдатып, - Өзіңе белгілі ак боран бұрк-сарқ қайнап, тажалдай өкіріп, ай бойы соғып, киіз үйлер каласын басып кеткені қайда! Үй-үйдің ара-

сы қосылып, бейне бір қардан қорған соғылғандай, қар көшкіні үйлердің үстімен жүріп кеткен сол күндерде, құдіреттің күші гой, даладан корек таба алмай ашықкан қояндар қар басқан ауылға паналайды кеп.

Ел шетіндегі сонау бір жылымық сексеуіл томары, шырпы сүйретілген соқпақпен Шелекбайдың үйін таптай ма?! Қайтсін. өліп бара жатқан жан иесі қояндар бірте-бірте шаңырағына дейін қар басқан, аздаپ саңлау қалған есіктен кіріп, кейін адамдары аштан опат болған Шелекбайдың иесіз үйінің шаңырағынан түсіп, сексеуіл шырпысынан корек тауып жүреді, деген Қойеке осы тұста қатты-қатты жөтеліп, жаны езілді ме, көзінде жасы мөлдіреп, бейтаныс қарт пен Қылышбекке: «Бұл сұмдыққа не дерсін? Айнала қар, көк мұз. Осы бір аядай ғана үйден тапқан бір топ қоян шырпы қиқымынан нәр алып шаңырактан шұбырып шығып, шұбырып түсіп жүреді. Күнде жүрген ізден жым-соқпақ пайда болады. Олар бұл үйдің төрінде омалып жатқан қимылсыз адамдардың өздеріне зиянсыз екеніне әбден бойы үйренгені соншалық, төңірегін қоныс, жатын орнына айналдырып алады. Кетері де, келері де бір-ак жол. Құдіреттің бұйрығына не дауа. Әлгі қояндар тобыры кейде шағылдар басқан бауырдағы қар астында жатқан қарау қалың тал, жиделі қоқысты да бір тінтіп басын, жел қаққан бұталарды кеміріп қайтады екен. Қәнігі мінезі ме, әдет пе, онысы талғажауы болса керек. Олар жүрген таптаурын ізде шаңырак арқылы жосылып, сурлеу тартпай ма! Шелекбайдың үйі бейне бір ішіне түскенге керегесі көрінгені болмаса, әдейі қоян ұстауға соғылған ұра тәрізді болып кеткен. Сұмдықтың кокесі соңында жатынты. Ак қар, көк мұз басқан даладан тіске басар ештеңе таппаған дала жыртқышы қасқырдың да ендігі андитыны осы адам ісі, тұтін ісі шықкан ауыл болмай ма? Ың-жың, ауылдың желкесіне келіп ұлып жатқаны.

Әбден ашығып, көзіне көрінгенге тап беруден басқа амалы жоқ. Қасқырлар тобырының да іздеғені алдынан шыққан.

Тұнде гана жауып өткен қарда ізі шұбырған қояндар сокпағы кездесе кетпей ме!

Ежелден тірі жандыны азуға басатын қызыл қөздерге жосылған із сілекейшін шұбыртып, Шелекбайдың үйін паналяған бір үйір қояниның тәбесінен бір-ак түсіреді. Одан аргысы белгілі емес пе...

Кыскасы тірі қоянды тауысқан қасқырлар үйдегі қимылсыз жатқан әuletті де жалмап бітіреді» - деді.

- Ой, не болып кетті өзі, - деп алара қараган картпен бірге Қылышбек шоцына қалған бойын жиып, қозғалактап кетті. Қазір де сондагыдай тәбе қүйқасына дейіп шымырлап, жон арқасынан тері төгілді.

- Не болғанын түсіндің бе?

- Түсінгенім, қояндарды бөрілер жеп бітірді. Сосын?

- Сосын ба, сосын аштан өлген Шелекбайдың өзінен бастап, екі баласын, әйелін де жеп қойды.

- Токташи, - деп дауыстап кеткен Қылышбек. - Не дедін?

- Несіне тәптіштей берейін. Кәләшөкен көшесінің шетіндегі Шелекбайдың үй-іші аш қасқырлардың тамағы болды. Шелекбайдың үй-ішін қасқырлар жеп болғанын қайdan білдіндер? - деген Қылышбекке, өртеніп бара жатқандай боп өре тұрған Қойеке:

- Арада канша күн өткенін кім білген, асарын асап, жейтінін жеп болған, енді қайта ашыға бастаған жыртқыштар сыртқа шығайын десе, жан-жағы бітеу. Іштен үнгіп іргені қанша казғанмен қалың қар, қабат-қабат қатқан катты тоңды ойып тесіп шыға алмайды. Төбедегі жалғыз тесік шаныракқа атылып қанша секірсе де өрелері жетпейді. Бөріге де жан керек. Ұлымай ма әндетең! Аш қасқырдың дауысы мұндай ащы, әрі зарлы, зор болар ма! Және біреу емес, өздері әлденеше, ұялы немелер емес пе! Тірі жанның құлагын тұндырып кар жамылып, мұз жастаңған, онсыз да қасірет пен қайғының адам баласы бүрын-со-

нды көзі көріп, құлағы естімеген сүмдықтың ордасы болған байтак даланы күнірентіп жібереді.

Алғашкы күндері мына үрейлі дауыстың қайдан шығып жатқанын бірден ажырата алмаған ауыл адамдары қозгала қоймайды. Қасқырлар ұлуын тоқтатпайды. Жанды жеген үрейлі дауыстың жақын жерден шығып жатқанына бірте-бірте көзі жеткен Тасмандаид мен Шәкір оның Шелекбайдың үйінін шаңырағынан шығатынын анықтайды. Тау боп басып қалған қарды құрт-құрт басып бірінші жеткен Шәкір:

- Тасеке, бері кел! Ойбай, бері - деп айқай салады.
- Не? Не боп калды, - деген оған.
- Қасқыр! Өзі бірнешеу!
- Қасқыр! Соқпа! - деп сенбеген оған.
- Бері шығыңыз, көріңіз, эне! - деп Тасмандаиды қолқалағандай боп шакырады.

Көзі атыздай боп, әрі шошып, әрі таңырқаган Тасмандаидереу мылтығын суырып, қаракөленке төменде, үйдің төрінде адам дауысын естіп топталған қасқырдың бірін атып салады. Қаны бұрқырап қаңқ етіп ұшып түскен қасқырга әбден ашықкан басқалары жабыла кетіп, көзді ашып-жұмғанша жүлма-жүлмасын шығарып талап жеп жібереді. Тірі қалған басқаларын атып жыққан Тасмандаидай:

- Мынадайды да кордік. ә! - деп тістеніп, бірінші рет бетінің қаны қашып, Шәкірге:
- Шелекбайдың үйі емес пе осы? Өзі қайда? Бала-шагасы қайда? Түс ішке. Біл! - деп тапсырма берді де, одан әрі шыдай алмады ма, әлде не болғанын іші сезді ме, қайқаңдай басып кетіп отырды.

- Ей, Қылыш! Сен ол сүмдықтың басы-қасында болған жоқсын. Мына көз оны да корді. Онсыз да қан жылаған жүрегінді шошытып несін айта берейін. Шықпаган жан төзе береді еken, көз көре береді еken. Шәкір де сұлдерін сүйреп

шыкты қаскырлар мекені болған үйден. Тапқаны - Шелекбай-  
дың бала-шагасының киім-кешегі ғана.

- Сүйектері ше?

- Несін сұрайсың? Бірін-бірі адам көзінше талап түтіп жеп  
жатқан жыртқыштар нені қояды?

Айдарлы құмындағы киіз үй қалашықты мекендеғен елдің  
үрейін ұшырған осы оқиға жарық дүниеде қалай тірі қаламыз  
деген уайым бұлтын одан әрі қоюлата түсті сонда...

## ӨРТЕНГЕН ӨМІР

Койекенің көзімен көргенін Қылыш та құлағымен естіген. Міне, сол тағы жаңғырып, тажал бейнесімен көзіне қайта еле-степ отыр. Қаны қарайып, өткеніне лагнет айтты. Күйзеліп калды.

- Жаным, кеудемде бармысың? О, ку жүрек, тық-тық согасың, ә? Соқ! Соқ! - деп өртене жаздаған Қылыш. - Санам өлме, жалықпа! Жаз! Жаз! Жадың өлмесін. Өшпестей етіп жаз, - деп ішінен егілді. Оның көргені мен естігені таусылар емес. Қасірет қанша шексіз, қағусыз болса, оны басынан өткерген пенде зары мен шері құсасы да өлшеусіз екен...

Арып-ашып, күш қуаты азайған халықтың бір-бірімен катынасы үзілгелі де талай күндер өткен. Біреудің хал-жайын біреу біліп болмайтын қыс қаһарына ұрынып, азық-тұлігі таусылған елді көзге көрінбес жау - ракымсыз аштық біржола басып алған. Соншама елді бір тарының қауызына сыйғызып, ақ дегені - алғыс, кара дегені - қарғыс Тасмандай. Шәкірдің де адымы қыскарган. «Енді қайттік? Мына қын жағдайдан шығатын көмек беретін үкіметке қалай жетеміз?» - деген уайым оларға енді ғана келген. Олар Шелекбайдың үйіне түскен, ұрадағы қасқырдай аласұрып, қорғансыз елді апатқа ұрындырғандарын енді ғана пайымдағандай болды.

Қанша аласұрганмен қолдарынан келер ештеңе де жок еді. Аудан, облыс, кала алыс. Жол кесілген. Әл-қуат, жүріп - тұrap күш-көлік біткен. Жұт, аштық тірі жанға аранын аша тыр жалаңаш ұмтылды.

Таңың атысы - күннің батысы: «Бәлшебектер халықты ба-қытка бастап келеді. Аз күнгі өткінші қындыққа төзейік! Ертең-ак ақ жарылқап күн шығады. Шыдандар! Е-е, төзім, шыдам түбі

- бақыт! Ақ патша мен боржойларды талқандаған Ленен, Стален бастаған Қызыл Әрмия барша халықты ұлы бақытқа жеткізеді» - Тасмаңдайдың жағы талғанша айтатыны осы. Әр үйді жағалап жарапазан айтқан кісідей безіп жүргені.

Бірак. Тасмаңдай мен Шәкір осындағы жылы-жылы үгіт-на-сихат, жақсы сөздер айтты екен деп түзеліп жатқан жағдай жоқ. Олардың сөзі де, өзі де отіп бара жатқан керуенге шабаланып үрген итті еске түсіріп өте берді азабы аскан күндер. Тәнірдің пен десіне жазасы ма, күн санағ Айдарлы құмындағы Тасмаңдайлар орнатқан киіз үйлер «калашығындағы» тіршілік өмір опка батқан жаиниң халін кеше берді. Қол ұшын берер, жұт пен аштықтың рақымсыз шенгеліне түскен бейқұнә жандарға араша, көмек көзі де сарқылып біткен еді.

Өздері Кәләпкөкеннің кіші әктебірі - Қызыл төңкеріс атап кеткен құлак естіп - коз көрер жерді дүр сілкіндірген «жана өмір» оты бірте-бірте әр ошакта өшіп, көзге корінбейтін, тіктесіп алысып, белдеспейтін аштық атты апат құшағына молынан қарман алып, жілік майы таусылған тіршілікті құлатып бара жатты.

Бірте-бірте тажал бол тірі жанды аямай аш өзегіне бүктең тықкан жұт пен аштық өзінің текжеусіз билігін жүргізіп, кең байтақ сахараның қопишилікке беймәлім шалгай бір бұрышында, тәж киіп таққа мініп, рақымсыз әмірін жүргізе берді. Ол әмір құдіретінің арқасында аз күнде өз аяғымен тік басып жүретін жан иесі де саусақпен санаарлық қалған.

Мына сұлдерін сүйретіп, ел карасы, көп дүрмек, қала шетіне жеткен төртеу сол дүйім елден ұшқындағы шашырап шықкан жан иелері ғана еді...

...Кенет дүниегі қаранғылық басып, көз алдындағының бәрі шыркөбелек айналып кеткені. Дегбірі кеткен. Дауылдан жапырылған бұтадай, онсыз да өзінің бауырына жабысып қалтылдаپ құлаап кеткелі тұрган баласына жармасып, қалбак қағып, қарманып қалғаны. Абырой болғанда құламай, теңселіп барып өзіне-өзі келген.

Басы айналып, көзі қарауыткан екен. Аш өзегі өртеніп кетті. Әлі таусылып, баласын бауырына басып отыра қалды. Едәуірден кейін озіне-өзі қайта келіп, әлгіде мұқият орамалыша орап тосіне тықкан құлшенің бірін қолына алды. Шетінен бір тістеп шайнап еді, аржағы аранын ашып жұлдып бара жатты... Қылышбек сонда зәре-құты қалмай шошынған.

Әзіретәлісіне қараған. Қалғып кетілті. Өзегін жалғаган бір жапырақ нан бойына қуат берген тәрізді. Қойеке де, баласы да неше құнгі азапты жолдан шалдырып, ашығып жүдеп кеп аузына тиген болмашы нәремге лезде балқып, мұлғи қалыпты. Қолындағы құлшенің шетінен тағы бір тістеді де, көзі бақырайып отырып қалды.

Қазір, осы сәтте бүкіл адамдық тіршілік өмірінде көрмеген, сезінбеген көрініске күә болып отыр. Арбалып қалды. Ойы он саққа жүгірді. Өзін-өзі қозғап, өзінін дәл осы мезетте тірі отырганына да күмәні бол кеткені. Әлде бір қиял-ғажайып дүниеде отыр ма? Бұл не? Қайта қозғалды. Тірі. Алдындағы баласын бауырына тартты. Бәрі өні. Демек, акыл-есі де дұрыс, бәрі орнында. Бірақ, осыншалық қыбыр еткізбей, тынысына дейін буып, тапжылтпай қойған не құдірет?

Енді ғана көрді. Қарсы алдында жаңа шығып келе жатқан күндей козі от шашқан перизат бұған мәлдіреп қарап қалған. Жаңа туып, әлемнің жарығына сүйсіне, қызыға құшырлана қараған жас ботаның мөп-мәлдір. пәк кара көзі тұнып тұр. Қарашағы жуылған қарақат па дерсін.

Айдың сынығындағы бол қыылған қара қасы кен маңдайын жаркыратып ашып жіберген. Сүйріктей созыла түсіп, бетіне сұлтулық дарытқан пісте мұрны да, жұп-жұқа ерні, оймақтай аузы да қолмен салған сурет дегізеді. Қара көзін түмшалап, тәгіле сүзілген ұзын кірпіктері бүкіл болмысы, бітімі оны жаңа ғана пейіштен шыққан үрдің қызы дегізіп тұр.

Тек, оның осы көрікті жүзінен басқаға тілмен айттылаған мұн-қасірет, аяусыз езгілеген алапат табы айқын көрінген. Ерні ғана

болмашы жыбырлап, үнін жасырып бірдене дегендей болды. Онысы, үнін жұтып, демі үзіліп бара жатқандай әсер етті.

Мына ғажап сұмдығы мен сыры беймәлім көрініске арбалған бұл аұзындағы тістеген нанын да шайнай алмай бағжыып отырып қалды.

Перизаттың мына қалпы, мына отырыс, мына қарасы топшысына оқ тиіп, айдын көлден көтерілуге дәрмені таусылған аққудың көгілдіріне ұксап кеткен. Әмір көзінде тұнып, шынымен-ак мені қызын қасірет отына тастаганың ба деп үзіліп бара жаткан сияқты. Тілсіз, үнсіз жаудыраган көз, кірпігін де қағар емес.

Бірсынырадан кейін ғана кыз өз тірлігінен хабар берген. Тілсіз, үнсіз алақанын жайған.

Сонда, иә, сонда, сенің шыбының шыркырап еді-ау, Қылыш! Сенің төс сүйегінді такылдатып жүргіннің үрғанын, кеуденде жарып шығып кетуге бар күшін салғанын білесің бе? Бүйтіп саған тіршілік берген, қан жүгірткен жүрек болмай, пәниден озайын дегенсің! Бірақ... Жарық өмірді кім киған. Бар болғаны асыл сезімің мына өмір атты тылсымдағы не қымбатың өртенип, күйіп, алау боп жүре бергені сонда...

«Не көріп отырмын?! О, құдіреті күшті Құдай, өзің жаратқан тіршілігінді осыншама кор етіп, осыншалық талақ етіп, зұлмат тепкісіне салғаның ба?

Ей, омір, сен үшқын ба едің, жалт етіп секіріп ұшып сөнетін? Періштеге де қайыр сұратқан заман-ай! - деген сөзді санап, сыйбырлап ішіңнен, деміңмен ғана айтқансың. Одан әрі өзінді еркіннен тыс күш билеп, табигатында, канында бар өлмейтін ізгілік, аяугершілік лап етіп, ракым шырағы болып жанып қолыңды создырган.

- Мә! Мә! Сен жеші! Сен! - дегенінде, оның нанды қолына қалай алғаны, жанары қалай жанғаны, сөнгелі түрган шырақтың қалай қайта тұтанғаны - бәрі-бәрі лап-лап әлі де сананнан өшер емес. Өзің омірден өшпей сол суретті, отты сөндіре алар ма екенсің, сірә?

Сөнда сен мына өмірді, тіршілік сырын білуде адам бойын-дағы екі көз бен сананың қызметіне үнділгенсің. Әлгі өзегі үзілгелі тұрган аш көзбен махабbat шырағын жаққан ғашықтар көзін қатар қойып салыстыргансың.

Екеуі де ішіп-жеп барады. Екеуі дे өмірге қызыға сөніп-жанып, сөніп-жанып караиды. Бірінде ыстық жүрек, екіншісінде құлқын әмір етіп, бірі «сүй!» десе, екіншісі «іш, же!», «өлме!» деп бұйырады.

Екеуінде де, бірак, ішкі әлемің үздіктіріп қуат-күшін, ләzzат еркін билеген ынтаzар ақ ниет батылдық күшіне жетер, дітін орындар текті, ожар, қауқар жок.

Солайда бар ынтаzарын күш-қуатын көзге ғана жинаған. Содан да иықтан басқан дәрменсіздік езіп отыр. Сана ғана ояу. Сана шіркіннің сондағы үшқан құстай шалқып, әлемді ішарлап, қайдағы ұмыт дүниені еске түсіріп кеткен-ай!

Ауыл жайлауда. Жұлдызды түн. Ай сәулесі сүттей бол тәбебен құйылып тұр. Әй, әсіресе, сол түнгі даланың жұпар иісі аңқыған таза ауасы-ай бал болып таңдайды жұлып... тамсан-дырып...

Алтыбақан кызған шақ. Шәрбат екеуің аспанда тербеліп тұрсын. Ән де шырқалып үзілер емес. Әбден әуелеп биіктеп алған, тербелесің кеп. Ай астында табыскан тілсіз, үнсіз ұғысқан қара көздер тек от шашады. Ол алау болпап лапылдал, кең байтақ далаға жайылып бара жатқандай қиялды алып қашады. Санан да жанып, жүргегіңе жетеді.

Алтыбақан арқаны сені асқақтатып, тылсым тыныштығы рақат саясына көтеріп, көкке лактырады. Бұл дүниенің бар ләzzэтін, қызығын бөліске салардай қара көздері-ай сондағы! «Шәрбатым, інкәрім!» деп соқса бір жүрек; «Қылышым, сүйікті құмарым», - деп үздіге тіл катады екіншісі. Бұл сөздер жария болып, ауыздан шыға алмай. жүрек құрышында қамалып, тұншығып аласұрады.

Әне, алтыбақан ай астында асқақтап әлі шайқалуда. Жан

сөнбей, эн сөнер емес. Алтыбақан махабbat бесігі бол тербелे берсе, Ай нұры аймалап төгіле берсе, арман, ақ тілек ағыс болтолқи берсе!..

Неткен керемет! Жарқыраған ай мен қара көздің шағылысқанын да көреді еken ынтыққан пепде. Қайталаңбас сүт бол тұнған ай сәулесіне Шәрбаттың күлкі толған көзі шағылысқаны!

Дүние тілмен айтып жеткізе алмас шуаққа шомылып кеткен еді сонда!

- Иә, мұның рас, сондай сәт болған...

- Жана сен озіңнен өзің денене шоқ тигендей селк етіп үрке калдың. Сіра, алғашкы махаббатың Шәрбатыңның бейнесі козіне елестеп кетті ме. Әлде мына қыздың қара көзі қасірет жеген жаныңа нұр шашты ма, тыныс-демін үзілердей тесіліп қарап қалдың. Неге екенін өзің ғана білесің, әлгі ләzzат тулаған ойың тұсалып, әрі өрбімеді. Санан тұманытып, көзінді қайтакайта сұрте бердің. Неге сөйттің? Киялынан ойыңа шымырлатып төге салғаны не?

Аздан соң жан-жағынды тінте қарап, жаныңа махаббат отын жакқан Шәрбатыңды іздедін. Бірак, сенің алдында қара көзінен мөлт-мөлт меруерттей жасы төгілген Шәрбаттан бөлек-шіе басқа жан иесі, сұлу періште отырды. Екі көз бірі - Шәрбат, бірі... Қатар иықтаса қалған. Жүргегің тағы сонау айлы түндеғі алтыбақандағыдан езіліп жүре берген. Көз адам жанының айнасы екен-ау деғенсін... Өртеніп барып қоламтаға айналғансың! Өзіңнен өзің қоңырысып күйіп, бықсып сөнген көмірге айналғансың... Неге?.. Неге? Ой, қайта ойланышы...

...Бөсқындар мен қайыршылар мекені болған қала базары қасіреттің ғана емес, өлімнің де ордасы екен. Бүгін бар адам, ертең жөқ. Аштық көзге көрінбейтін қасапшыдан басын шауып жатыр... Есесіне олардың орнын басқалар басып, жаңадан толығып қалады...

- Ей, жігітім, - деп үн қатты бір күні анадағы келісті тегін қыз беремін дейтін ақсақал. Мына балаларынды қаладағы приютқа

тапсырындар. Өлтіріп аласындар. Бұларды үкімет өзі бағады, оқытады, өлтірмейді, - деді.

- Ол қай жерде? - деп сұрады Қойеке. - Адам баласына камкорлық жасайтын жанашырдың табыла кеткеніне сене коймаймын. Бұтадай қалтырап тұрган балаларға қараган карт:

- Табамыз, - деп өзі бастап приотына ертіп барған. - Өмірді Құлай береді. Тірі болса бір жерден шыгар, - деген карт сонда көңілінде бір құдігі бар жандай.

Приот дегені - аш-жалаңаш, дәрменсіз, туған-туыс, ет жақын, әке-шеше, әйтеуір, қолдан өлтірмес, көзімізше өлгенін көрмейікші деп, өз еріктерімен өлім халіндегі балаларын тапсырып жаткан, үкіметтің бала қабылдайтын жері екен. Мұнда да жағдай жетісіп жатпаса да, арнайы ашыққан балаларды бағып-қағатын орын деп Батырхан мен Әзіретәліні өткізген Қылыш пен Қойекенің де арқасы босап қалған. «Жалғызыым гой, жалғыз көзімнің қарашығы. Өлтіріп ала көрме! Көзіңен таса қылма!» - деп жылап қалған анасының зар дауысы Қылыштың құлағынан сонда көп құндер бойы кетпей койды. Жүрегі қан жылады. Қолынан келер қайран жок. Лажсыздық женді...

Бұларды көргеннен кайырымды ізгі жан пейілін танытқан келісті карт кәмпескеге ілігіл, мал-мұлкі тәркіленіп, жер аударылған, өз сөзімен айтқанда, кезінде болып-толған, байлығы тасып-төгілген кісі екен.

- Өмірге өкпем жоқ. Барында батып та, жатып та іштім. Не киейін дегенім жоқ. Жеті атамнан үлпершегін май басқан, қыдыр дарып, бақ конған, жүйрік мініп, қыран ұстап, кез келген тойда олжа алған тектінін ұрпағы едім. «Тас түссе талайыннан» деген. Мына заманда бар болғаным үшін Тәңірім қорлық қөруге жазған болса кайтем. Өкінішім жоқ. Өйткені тірі жан иесіне тізэм батып, не тілім, не таяғым тиген емес. Өлгі біреуді қанады, езді деген бекер сөз. Қанша дәuletім, малым болса, кедей-кепшік деп бұл күнде жалған мадак, етірік қол-

пашпен есін шыгарып жүргендердің көліндегі болды. Расы, сол коп малдың иесі атапаным болмаса, сол малдың есебін де бағыш-қагатындар өздері білетін. Жыл сайынғы базарға сату, сойыс, басқадай жұмсауды да солар басқаратын. Бірақ адалдық пен шындық тәнірі билеген оларда маған деген иненің жасуында киянат, әлдекалай пенделік те болмаушы еді-ау. Оларды да, мені де адалдық тәнірі билейтін.

Екі-ақ тілегім бар: Біріншісі - Алла жат жерде сүйегімді қалдырымай, ата-бабам жатқан жерден мәңгілік топырак бұйыртса, екіншісі - көзімнің ағы мен қарасы еді мына Ақсұлу. Осы жалғызымен көз алдында жүрегі аштықтан үзіліп өлмесе, осының көзінен жарық құннің нұры ұшқанын көрмей өтсем, бұл өмірде ешбір арманым қалмас еді. - деген карттың көнілі босады ма, үні дірілден кетті.

- Ей, Қылыш, карттың мына сөзінен кейін өзінің не ойланынды, есіне нелер түскенін ұмытқан жоқсын ба?

- Неге ұмытайын! Ойыма не оралса, осы қазір айттылып отырғандай соның бәрі өзің болып, мәңгі өшпес бейне болып санамда калды емес пе?! Ондай зұлматты тіріде ұмытармысың!

Бейтаныс тағдыр кездестірген карттың әлгі сөзі менің де жарақат жерімнің канын судай ағызып кетті. Екі-ақ тілегі бар. Екеуі де, Қойеке, екеуіміздің шер-шеменіміз бол жүрек түбіне шөгіп, катып қонды.

- Шіркін, дүние-ай, кандай опасыз едің, - деп күйзелді Қойеке. - Ата-баба шэуітеп мал өсіріп, тәріне қыдыр әлейкүмісөзлемге арнап ақ ордасын күмбірледіп, іргесі тиғен жерінің бетінен ақ май актарылып төгіліп, ырысы тасыған туған жердің қылышығы қалмаған тұлақтай такыр болғанын да көрдік-ау! Қайда кетті? Қайда сол байлық? Кім жұтып қойды? Тажал бол жалман, жалмауыз бол қопарған сүмдышқа неге жапырыла бердік! Бір Тасмандаидың тарс-тұрсын таңқылдағқан шолақ мылтығынан қорыктық па!

Оу, дүние-ай, десенші! Бір замандарда Қоқаны ма, қоқайы

ма, қалмағы ма, шұршіті ме, көзі көк, аузы-басын түк басқан әзірейліні де көксүңгісін қолденен ұстап қарыс жерін бастырмagan бабалар ерлігі қайда? Бұғін кімнің табанының астында қалды?

- Эй, Койеке, ойланып сөйле! Әрі тереңге бара берме! Оны қазбаламай-ақ, Тасмандайдың жалғыз емесін білмеуші ме едің! Көк мылтығын асынып, зенбірегін сүйретіп, қып-қызыл ту көтерген, сен тәуеп еткен ак туды дар-дар жыртып отқа жаккан калың кол тұрды оның артында. Сенің, Алаш тіккен орданды шаңырағын ортасына түсіріп, уық, керегесін бырт-бырт сындырып өртеп, енді ак ордасын қайта көтермесін деп бақанынды да тақымына басып кеткен жоқ па?! Нен қалды? Ба-сынды кесіп әкетті. Денең, бассыз денең қалды. Енді міне бұғінгі көргенінді бұдан былай да көре бересің. Бәрін көз көреді. Бәріне күә тек көз болады. Сондағы Коқтөбенің бауырында болған қанды окиғаны ұмытқан жоқ шыгарсың. Эй, тірі жанның есінен кете қоймас ол.

Ауыл Айнакөлдің шалғынды жағасында отырған еді-ау. Соның алдындағана Қытайға қашкан актың әскері ауылды улаған-шулаған етіп, алдымен итті, соナン кейін Смайыл әпенденің есегін атып, айбатын асырып келгені. Ракымсыздар-ай, ауылдың тірі адамын қотанға қаздай тізілтіп, мылтықтың аузына қамаған жоқ па. Аспанға дүркін-дүркін оқ атып, елдін зәресін ұшырған. Соның артынша:

- Қане, қашкан актың әскеріне ат, азық-тұлік берген кімдер? Екі қадам алға шық! - иғы мен белін айқыш-ұйқыш былғары белдікпен шаңдып, қылыщ, мылтық асынған. басына темір телпек киген, көзі тұздай дәу сарының айқай салғаны. Тірі жан аузын аша алмады. Жан тырнақ ұшында. Әлгі қайта ақырып:

- Мен не деп тұрмын сендерге, - деген. Дәл осы жерде емес пе. Тасмандайдың қызыл тулы әскердің орта тұсынан, қолын шекесіне қойып, атып шығып:

- Ат, азық-тұлік берген мына дәу, - деп Шелекбайдың әкесін

көрсететіні. Әлгі тұз көз үш-төрт солдатына бұйырып, шалды тоқтыдай домалатып сүйреп шыгарған жок па ортаға.

- Сойле! - деп ақырды тұз көз.
- Н... н... не... не дейін, - деп сасқан шалға:
- Актарға ат, азық-тұлік бердің бе?
- Қолымнан бергем жок. Тартып алды.
- Алдама, өзің бердің.
- Құдай біледі. расым. Күштеп тартып әкетті.
- Қаниша ат, қаниша азық-тұлік бердің?
- Он ат! Оны да өзім бергенім жок.
- Сенен басқа тагы кімдер берді?
- Білмеймін.
- Білесің. Тез атын ата!
- ?
- Жолдас Досовский естідің бе? Мынау не деп тұр?
- Жолдас полковник, естіп тұрмын. Бұл шындық айтпайды.

Жасырып тұр.

- Шынын айтпаса, казір өз колынмен атып таста.

Осы бүйрыкты естіген Досовский, азан шақырып ата-анасының қойған аты Мұхаммедсадық бұл күнде Тасмаңдай атаниң бауырың, беті шімірікпестен әлгі бейкүнә шалды, өзінің кіндікtes әкесін, алды-артына да қарagan да жок, көптің алдында қоян аткандай шімірікпестен басып салды. Осы карулы әскер келер алдында ғана, бесін намазын оқып, мол ақ көйлек, ақ дамбалымен тұрган қарт кісі «Алла!» деп шалқасынан құлап түсті.

Тапия талтұсте көз алдында болған мына сүмдыққа ел күніреніп кетті. Дауыс салып жылау қайда! Әркім ішінен булығып егілді. Жылау-сықтау, басқа қолынан не келген?

Карулы қызыл отряд сол күні өрістегі жылқыны шұғыл кудырып алдырған. Мататып шетінен қондысы мен жүйрігін таңдап мініп, дегеніне жетті. Аттанып кетерінде манағы басына темір телпек киген тұз көз дәу:

- Жолдас Досовский! - деп Тасманңайды алдына шақырып, - бүгіннен бастап сен мына елдің бастығысың! Жабайы елді төңкеріс тәртібіне келтіресін! Сенің сөзің - сөз, билігің - билік деген.

- Құп! Айтқаныңыз екі белмайды. жолдас полковник! Мен бұл жерге төңкерістің қызыл туын тігем. Бәлшебек үкіметін орнатам. Ресейдегі тәртіпті мұнда да нығайтып, ак патшаның құйырышықтарын, боржойларды талқандаймын. Қазір көріп тұрсыз, осы да өмір ме? Мәдениет бар ма? Жоқ? Орнатамын оны! Кедейдің көзін ашамын. Бұрын байлар билесе мен бұларды, - деп аз тұтығып, - мен бұларды мынаумен, деп мықыптындағы мылтығын ұстаған.

- Жаса! Жаса! Тасмандаиди Досовский! - деген аттанып бара жатып атының басымен алысқан тұзкөз. Тасманңайдың мәртебесін көтеріп, аспанға оқ атқан әскер кернейлетіп шаба жөнелгені де көз алдыма.

- Иә, есімде. Эй, жарымес, қара жүректілік-ай! Соның арты не бөлды. Қөрдік кой көресіні. Шимандай ел тинамдай болып қаңырап жұрты қалды. Мынғырып симайтын малдың ізі де өшті.

Дауыстап:

- Айтпаши, қағазға түсіре бер! Иманым қасым болды. Жаңым түршігіп, көрген сұмдығым қайта тіріліп, тажал басын көтеріп кетті ғой. Қойеке де. Қылыш та құлактарын басып, төмен қарап қалды.

- Иә. Иә...

Тағдыр айдал, тозақтың қылует көпірінен өтіп келе жатып, ойда-жоқта ұшыраскан келісті карт бір күні:

- Жігіттер, «мынның түсін танығанша, бірдің атын біл!» - деген елдің баласымыз. Сендердің есімдерінді білдім. Менің

аты-жөнімді сұрамандар. Өзім айтайын. Есімім - Байдалы. Қазақ халқы ырымның ғой ежелден, - деп күле түсіп, ойын жалғаған ол, - әйтеуір өзім білетін екі қазактың бірінің аты, есімін айтамын - батыр, бай, береке, ерлікке катысты атауға жақын тұрады. Онымен бәрі бірдей бай, батыр, би, бек, төре болып жатқан жоқ. Әйтеуір, сонда да, дәтке қуат ойына алған әлгі береке дарығыр сөздердің бірін косып ат коя береді. Сол байлықтан не көрдік. Оның да арты мынандай зорлық, қорлық болды. Батырлық, ерлік, мақтан жайына қалды.

Сондай ырымшыл әке мына жігіттің де атын Қылыш, Қылышбек койыпты. Алғашқысы дұшпаның қылп түсетін откірлікті аңғартса, екпіші бөлігі би, бектікті аңсап тұр. Экесінің аты да, - деп сұрыра сөйлеп отырган қарт басын салбыра-тып ойға шомып алды да, - мына бізді Көкбөрінің тұқымы дейтін аңыз да бар, заман ыңғайына бұрылғаны ма, әлгі Көкбөріні ағартып, ақ қасқыр деп те атапты. - Оарт кеңкілдеп құліп кетті. Оның кекесіні ме, қорланғаны ма, кімді мұқатып, кімді жәбірлеп отырганы белгісіз, мыскыл боп та кеткен. Өз сақалын тұтамдап тұбімен жұлып алатындаш шенғелін толтыра уыстап, жан-жағына тұнере қарап:

- Сен екеуің казір алғашқы кездескенімнен көп жақсарып, едәуір диланып қалдындар. Екі баланы да дер кезінде, дұрыс жерге тапсырдындар. Егер, - ол қырылданқырап зорая түсетін дауысын көтерінкіреп, - бұл жана үкімет қазақ сахарасын тірі жан иесінен босатып, әлденеше ғасырлық тарихы бар халықты жойып, тұқым тұғиянын күртүп жіберемін демесе, - деп екі козі боталап жан-жағына ұзак қарап алып, - оздері ел-жұртқа жарнамалап қабылдап бағуға, оқытуға тәрбиесіне алған, көзін өмірге жаңа ашкан, күнәсіз сәбілерді өлтірмейді. Уайымдамандар, балаларың ертең-ак жігіт болады, өседі.

Осы төніректе, әйткенмен мені басқа бір астыртын ой қинайды. Әке-шеше, бауырынан, туған-туыс, ана топырақ иісінен сәби шағында ажыраган олардың қатыгез, тасбауыр, мейірімсіз

боп өспесіне кім кепіл. Шіркіндер, жасқаншақ шеркөкірек болмагай еді. «Ей, сенің қылышыңдан тамған қанды көріп тұрмын фой. Мен саған қалай сенем? Өз қаныммен өзімді жумақсың ба?» - деген Кенесары ханның сөзі осы тұста ойыма орала береді. Сол жері, иә сол жері жанымды жегі боп жеп жатыр, - деген карт өз денесін қозғап, күштеп көтеріп, - мен қазір мына аштық тажалдың коршөнгеліне түскен елді көргенде, күніне мың өлем. Дүниеде өзіңе көзден асқан жаудың жоғын білгенім осы. Көз сорлы жарық дүниенің жақсы-жаман сырын паш етіп, жүрек дейтін нәзік сұнғылаға бәрін жеткізіп тұрады еken. Ал ми бойынан қуаты, күші сарқыла бастаған денеден көз бен жүрек жеткізген таксыретке қарсы күресер қуатты дәрмен таппай езіле береді еken, езіле береді еken. Іш қазандай қайнайды, қолдан келер дәрмен жок. Содан да екі көзіме назалымын. Сонау қара тобыр, ұбақ-шұбақ қос, күрке тігіп, бықсыған қек тұтіп аласұрған шаң астында өзегі өртеніп өліп жатқандардың халін көріндерші. Бірақ, сендер онда бармандар. Мен-ак көргенімді, білгенімді айтайын.

- Жігіттер, бірақ мен жарықтық жарқын өмірдің бетіне қара күйе де жаға алмаймын. Бұл күнгі халықтың басынан өтіп жатқан апатқа өмір кінәлі емес. Өмірдің бағасын білмейтіндер кінәлі, - карт қабағы түсіп, түсі бұзылып, - бақташысы үйықтап қалған отарға, иә, отарға шапкан қасқыр не істеуші еді. Бұл да сол. Әділет деген күзетші, адалдық деген қазы тақтан тайды. Оның орнына қызыл қырғын аштығы мен қиянатын ертіп аша түяқ қалдырмаған әпербақан жарсоғар мықтылар келді. Оған қарсы тұrap ақыл, кеменгерлік баяғыда қамауға алынып, көз көрмес, құлақ естімес жар астына көмілген.

Бұл өмірге кім келіп, кім кетпеді! Тірніліктे жақсы мен жаман қатар өмір кеше береді. Жаман қай кезде жақсының қасиет-қадірін түсінген. Ақылсызға бәрі бір. Әлгі «соқыр тауыққа бәрі билдай» дегенді-халық сондайда айтқан. Асылы, естерінде болсын, жамандықтың халыққа, жалпы бұқараға көрсетер

қиянат сүмдүгү қашанда сол халыктың ақылғөй жетекшісі болғандарды жоюдан басталады. Тым ұзак тарихқа бармай-ак, өткен ғасырда қазақ елінің тәуелсіз ел мемлекет болуы жолында ақ патшамен арыстаңдай айқасқан Кенесары хан бастаган жанкешіті көтерілісті ғана еске алайықшы. Халқы үшін шыбын жаңын шүберекке түйіп арпалысқан Кене ханды жаулары қалай құллатты - ол көтерген тәуелсіздік туы да солай құлады.

Қазірде, иә, қазірде сол Кене ханның колынан құлап түскен туды қайта көтеріп, күні кеше он сегізінші жылдың желтоқсанында, мына Орынбор шаһарында сияз өткізіп, қазақ мәмләкәтін құрмакшы болып, оны Алашорда атағандар坎дай күй кешуде. Әне солар ұлттымыздың ақылы, ар, намысы, кайраты, көктегі күні мен айы! Сол ақылы кемел, оқыган, білімдар топ, ел қамын ойлағандар мұраты орындалды ма?! Жок! - қарттың дауысы қатты шығып кетті. - Зорлықшыл билік олардың арман-мұратын іске асыруға жол бермеді. Әлгі Алашорда тікпек болған ұлы гимараттың керегесі керілмей, шаңырагы көтерілмей қаусап құлады. Ал сол ұлы мұратты, халықтың не ықылым замандар армандаған тәуелсіздігі ұранын көтергендер қазір құғын-сұргін, астыртын бақылауда жүр. Өйткені олар мына аштық, жалаңаштық зұлмат сұрапылын басынан кешіп отырган халықтың жаны, қуат-күш рухы. Ендеши, егер мені мына сұнғыла жүрек алдамаса, мына билік сол оқыган, білімді зиялыштарды жойып, жок етуге ұмтылары хақ. Өйткені олар халықтың рухани бастаушылары! Е-е, көресіні бассыз, рухани жетекшісіз қалғанда кореміз. Ойпырмай, сүмдүк сонда болмагай. Мына бүгінгі апаттың беталысы солай мег-зейді. Қазақ еліне ұлы жетімдік, меніреу қаранғылық, шамшырақсыз күн келмегей. Содан қоркам! Содан. Жүріндер! - деп, ашу буды ма, буыны сықырлап атып тұрган карт жілігі сынғандай жалп етіп орнына қайта отыра кетті.

- Байекем-ай, Байекем, әулие ме едіңіз! Сүйегініз де, жанының да пәк киелі абызым-ай, - деп сен оның тізесін құшкан-

сың, Қылышбек! Сол сөздерді айтқаныңда кеудене сыймай тулаган жүргегінің дүрсілі мені де безгектей сілкілеген.

Сен де аштан, індеттен өліп, қыргын тауып жатқан қара тобырлардың не жел, немен күн өткізіп, ақтық демін үзіп жатқанын білуші едін. Көргенсің! Ол қайда барып, қайда жан сақтауды білмей, жұдырыктай бастың шарадай болған күндері еді гой.

Сенің тәнің түгілі иманың күйіп кетер естен кетпес мына оқиға көз алдында болған. Мұны оқиға деп те айтуға болмас. Сүмдыш қой, сүмдыш!

Өздеріннің баспана деп жатып жүрген итжатагы сияқты ықтыхамаларыңа таяу үстіне шомыт жапқан бір құркеше бар емес пе еді. Сонда тілерсегі майысып, сүйегі терісіне ілінген, көзі шүнірейіп, жақ сүйегі арса-арса, ертең-бұғін құлап түседі-ау деген, тіпті жас шамасын да біліп болмас халге келген әйел баласымен бірге жатып шығып жүрген... Сол бейбак ананың басынан өтті-ау, осы сүмдыш!

Көзбен көргенді айту түгілі еске алудың жан түршіктірген азабы-ай! Еске түскенде омірге мына жалған тіршілікке келудің өзі қасірет пе деп шошынбасқа не шара! Сол ауызбен айта алмас жан шошыған көрініске куә болдың гой сен! Мына сен! Әлгі бейбак ананың қолы қалт-қалт. Алдында шалқасынан жатқан бала. Аштықтан қозгаларға әлі жоқ. Көзі жұмулы ананың қолындағы пышақ жарқ етіп, кірпігі ғана қымылдал жатқан баланың алқымын орып өтті. «Токта!» - деп айтып қана қалдың. Бірақ, кеш еді. Болары болып... кетті!

Көргенге жаның күйіктен өртеніп, шыр-пырың шығып, жылауға козіңнен жас таптай күйінгеніңе жадың мен куәмін. Сонда сен қасіретті көрген көзінді ойып тастағың келіп, өмірі мұндай күйзеліп көрмеген жаның шырқырап, екі бетінді осқылап қан жүттүн.

Бұрын-сонды болмаған тірі адам баласы басында болар-ау деп киялдаудың өзі мүмкін емес қылмысты сүмдышты көрген-

де дүниенің астан-кестіңі шықкан. Сен есіңен тандың. Көз алдың қып-қызыл қан! Жай қан емес, сәбидің он екіде бір гүл ашылмаған жазықсыз сәбидің, алмас пышактың жүзінен атқылаған қаны! Сен құлап түскенсің...

Өгіздей өкіріп. өкпе-бауырын аузыңа тығылып қыстығып жылап жатып Тасмандаидың Карапшокысында қалған әке-шешенді есіңе алдын.

Тағы да мына жанды жеп, жүректі шошыткан сүмдышқтан соң, қасқыр азу қайғылы сұрашып сананда қайта теріліп көз алдыннан өтіп жатты. Бір сүмдышқты бір сүмдышқ оятты-ау сонда.

Иә, ол айтулы ел үріккен жыл! Бұған дейін үйіған сүттей елге ойда-жокта төбеден түскендей жау кеп қалды ма, аяқ астында астан-кестені шықты. Әкенің қайда барып, қайдан келгені өзіне де. басқаға да беймәлім. Әйтеуір алыстан, сапардан орала сап өзінің тілін алатын бір тайпа елді бір тұннің елен-алаңында үркіте көшірген. Бұл әрекеті тұсында қатар отырган кейін “Аллаһулап!” ұран тастап ақ сойылын көтеріп, садағынан жебе ұшырған, ежелден намыс отына өртеніп туған, құдандалы құйрық-бауыр жесіп. төсекте басы, төскейде малы қосылған рудын бас көтерерлеріне онаша ғана сырлын білдірген. Басқаға сыр ашып, тіс жармаған.

Тұптеп тусінгенге мұнысы - ақ патшаның бақайшығына дейін қаруланған әскері зенбірегін сүйретіп, көк мылтығын асынып соңына жарық алып түскенде, жалт беріп қоныс аударып, туған жерінің байтагынан корғаныш пана тауып, жалтара ұрыс салып, жауын талай ойда-жокта қансыратқан Кенесары ханның колданған айла тәсілі еді.

Сол қазактың қайсар соңғы ханы Кенесары бастағандай бес қаруы бойында жаракты қолы болмаса да, мына ақ пен қызыл болып екіге жарылған дүлей күштің бірінің қапыда тақымына түсіп, жемсауында қалмас үшін бас сауғалап, арпалыс екі талай өмірдің ыстық-суығы басылғанша, жау көзден аулақ кең өлкенің бір қиян шетіне қоныс аудара тұруды жөн көрген. Кімнің

ақылы, қандай ой жетеледі, өл жағы бір Құдайдан басқаға беймәлім болатын. Сондағы тапқан қонысы - Айдарлы құмы.

Айдарлы құм атына заты сай қазақ есімді ұлттың шетсіз шексіз кен байтағының Бетпак дала атанған шөл-шөлейттің құлан жорытпас май пүшшагы еді ғой. Арса-арса, биік-биік нар шағыл, сусыма құм бауыры жыныс тоғай, өзек-өзек, қалын ну, неше түрлі шөп атасы біткен жер шүлені болатын.

Сарқырап ағып жатқан бұлағы мен өзені болмаса да, басқа жау шапты азан-қазан өмір ортасынан жырақтағы бөлек құмның кез келген шұқырына отыра қап қолмен көсіп-көсіп жібергенде, мөлдіреп суы қайнап шыға келетінін жақсы білетін әкең жан сауғаға сол жерді таңдаган.

Әлгі гасырлар адамның табаны тимеген, аң, құсы жыртылдып айрылады дейтін ертегінің қонысы болек құм, расында да итарқасы киян көзден таса, шол даланың шетіндегі қалтарыс жер. Бір ауылдың ғана емес, жаны қысылса, бір аймактағы елдің бірер жыл жан сауғалап, қанды қылыш, оқтан сактайтын сауытындей осы шыған шетке бөгде біреудің қадам басуы да екі талай корінген. О шеті мен бұ шетіне күн қалғып жететін осы құйқалы корыс шұбар екі жойқын күш ақ пен қызылдың майданы жүріп жатқан киль заманда туған еліңінің қонысы болған.

Жалпы қашқылықты, құғылықты заманда жан саны болмаса, мал санын кім есепке алған. Ол бақа басымен, тұрымтай тұсымен деп жан шіркіннің бір тарының қауызына сиған күндер. Бір тайпа ел осылай алыстан көксенгір болып көрінетін шөл ортасындағы шағылдың ортасындағы құмның жықпышына сіндіп күн кешіп жатты.

- Қылыш-ау, сұрапыл күннің қайсы бір касіретін айтып тауысармын. Менің білетінім, жадымда өшпей қалғаны, жадыңнан мәнгілік өшпейтіні де, әкең өзін тыңдайтын, өзіне қарасты ауылдың естияр адамын алдына жинап: «Менің өздерінде айта білгенім осы. Бұдан былай бай, кедей болып жіктелмендер. Бір ауыл, бір тұқым екіге жарылмандар. Бұл менің өткендегі

сапарда Омбы, Орынбор сияқты ішкі калалардағы дос, білікті адамдардан естіп, санама түйгенім. Ендігі тоқетер шешімім де осы.

Сонау жеті атадан бері казанында қаспағы күймей, ырысы тасып, дәүлеті, малы мыңғырып келе жатқан шаңырактың соңғы иесі едім, - деген әкен жарқылдаң күліп, неге екенін кім білген мәз болып, әлде ішін күйдірген ыза буды ма, аз кіңіріп, сөзін қайта созып, - алдарында мындаған жылқы, мың-мың кой, бес жұздің үстінде түйе бар. Осы малды қашама жылдар бағып-қағып келе жатқан мына өздеріне қылдай бөліп беремін. Бөліске салам. Бұл шешімге бірде-біреуің араласпа! Не айтсам, соны орындауды біліңдер. Артық сөз болмасын. Қолденең сөз қосқаның менің жауымсың. Менің не істесем де, әбден ойланып қапы жібермейтін дағды. Бетімнен қакпаңдар! - деген.

Сонда өмірі ойда жоқ, құлақ естіп көз көрмеген өзін-өзі талан-таражға салған жат әрекет естіген жұртты дүр сілкіндірген.

- Атамаңыз!
- Талан-тараж ғой мынау!
- Сұмдық шакырманың Қыдырға!
- Қыдырға сойыл көтеру...
- Мал құлағы саңырау!
- Біздің не мұқтажымыз бар еді?
- Сізге біткен мал, бізге біткен мал емес пе еді?!
- Уа, бұл не? Өзіміз бактық, өсірдік! Шетінен ұстап міндік, сойдық, іштік, жедік саттық! - деп жұрт шулап кеткен.
- Тоқтатындар сөзді! Даурықпаңдар! - деп әкен ақырып дауыс көтерген. Қолында тізім. Өзінің малишы, қосынышарының атын атап кеткен. - Бәрің де туыссын. Бір кісіден тарадық. Жеті атага жеткеміз жоқ. Менің не ойланап, мұндай шешімге баруымның себебін сұрамандар. Мен малымды өздеріне бөліп бердім, тараттым. Бұл әлдеқалай іныгарып салма, атөтті айтыла салған жансақ ой емес. Әбден ойланып, толғанып, ақылмен корытылған, енді қайтып өзгермейтін актық шешім.
- Жамағаттарым, мен өзіме, отбасыма, бала-шагама басқа-

ларынмен бірдей, не артық, не кем емес тиісті сыбагамды, үлесімді алып калдым. Оны да бұғіннен бастап мына Қылыш бастаған балаларым бөліп алып, жеке бағады. Келешек, заман қандай, заң қандай болады. Оны болжау киын. Тілегім - бұл шешімге сөз коспандар! Еңшілеріңе тиген малдарынды иеленіп. өзімдікі деп, нақты іске кірсіндер. Тарапндар! - деген.

Міне, осылайша бір кісінің меншігі болып келген көп мал Айдарлы құмында үлеске түсіп таратылып берілген. Басқа біреудін әмірі, зорлығымен емес, әкенін өзі таратып берген...

Осы бір төтен ойда жок қабылданған әке шешіміне бір ауыл қулақ қакпай көнген. Арка-жарқа, шат-шадыман, бейкүнә, астатек күндер еді бұл. Бір адамның қабағына кір жүқпай шуак құшқан, әркім өз шаруасын күйттеп, Айдарлы құмының сағым толқыған атырабында бейбіт күн етіп жатты.

...Бұлтсыз аспаннан талтүсте ауылға жай түсті. Жүзге жуық актың әскері қаңбактай үшып кеп, сау етіп ауылды басып алды.

Кесапат заманың дабылы ма көкке үстін-үстін атылған мылтық қеудемде жаным бар деген пендені қыбыр еткізбей койды. Тірі жанды аяғынан тік түргызды.

Иығында жалтылдаған алтын погоны, үсті-басын шимайлап айыл-тартпасын мықташ тарткан, қылышы мен мылтығы қанжығасын қажаған жасыл көз дәу сары шаңқылдан сөйлеп тұр.

Ауыл адамында үрей жок. Оның алдына ойда - қырда мал соңында, шет ауылдардағы бала-шаға, үлкен-кіші демей, барлық жан иесін айдал, қуып келіп жатыр. Ортада жазықты жандай, көздері жаудыраған үрейлі жандар.

Ауыл сыртында кең даланың шаңын аспанға шығарған жылқылар үйірі топ-топ қуылып кеп, иіріліп жатыр. Азынап, кісінеген. үйірге таласқан сәурік тебісікен жылқы дауысы бір бөлек. Жасыл көз дәу сарының қасына шағын денелі, қамшы сабындау қысқа бойлы татар жігіті шығып, оның сөзін тәржімелеп:

- Тындаңдар! - деп жінішке дауысын созып, - полковник мырза, дереу жүз кісіге арнайы үй тігіліп, тамақ дайындалсын.

Елдің басшылары кім? Ортаға шыксын деп бұйырады, - деді кірпігін жыптықтата қағып. Көп демін ішінен алып түр.

Сабаз-ай, сонда алдында олім, қатер бар демеген сенің әкен ажал алдына қаскайып, тайсалмай шықты-ау! Қолын әнтек иіліп кеудесіне қойып:

- Құп, мырза, не бұйырсаныз да айтқаныңыз екі болмайды, - деп, манадан бас еркінен айрылып пенде болып тұрған жігіттерді босаттырып, шақырылмаған қонақтардың жағдайын жасауга шұғыл тапсырма берген. Сәл өз бойындағы қобалжуын басып, жасыл көзінен жылан уы төгілген погонды дәуге тіке қарағ:

- Сіздер көріп тұрғанымыздай сакадай сай дайындықтан өткен, қарулы әскер екенсіздер. Жол болсын. Қай үкіметтен? - деп тіке саяул тастаған. Бұйыра берініз. Бізден не кажет? - деген.

- Бұл жана патша адмирал Колчактың әскері, - деп санқ еткен оған әкен Бибол басын изеген де койған.

Шақырылмаған қонақтар үйлерге бөлінген. Полковник арнайы тігілген үйде. Жан түршігерлік, күтілменген сұмдық артында жатыпты. Ересек адамды қыбыр еткізбей уысында ұстаган жақалтықты әскер іірілген жылқыдан жарамды семіз аттарды ұстасып бірден жол дайындығына кіріскең. Ауыз ашып, тіл катуға жол жоқ. Аспанга атылған мылтық адамға кезеледі. Әлдекалай бұйрыкты қалт жіберген адамды атып тастайтыны, ит-құсқа жемге тасталатыны жарияланды. Ауылға соғыс тәртібі енгізілді. Шыбын жаным бар деген пенде аузын аша алмады. Қасқыр құған қояндай болды.

Міне, тажал басы жасыл көз полковник, қасында тілмашы бар сенің үйіңе кіріп шыққан.

- Осыншама елді, қыруар малды билігіне көндіріп, айдауда жүргізген бұл елдің иесі кім? Және осындағы қала, дуан, орталықтан шалгай, жырактағы тірі адам баласы аяқ басып жетіп келе алмайтын құм шөлге неге тығылған? Мұнысы жаңа өкіметтің бой тасалап жасырынған қашқындық. - Осы қылмысың

үшін сені сотсыз, тергеусіз атып тастаймын! - деп әкеңе мылтығын кезенген жасыл көзі шатынаған полковник. Оған не деп жатқанын кім түсінген. Татар тілмәштің сөзінен кейін ол райынан қайтқан жасыл көз әкеңнен зұлым назарын аударып Ақзейнепке қадала қарал қалған. Жалғыз карындастыңың рақымсыз қандауырдай оқты көздің астында шыр-пыры шықкан. Сол сэтте, қыздың сұнғыла нәзік жаны бір сұмдық катердің өз басына төнгенін анық сезген. Бірақ, жылан арбаған торғайдай корғансыз жанның қолынан не келер?!

Қай заманда да зұлымдыққа токтау болған емес. Әсіресе, өзінің өлеңтін білетін жыртқыш аянбайды. Ол қашанда артында ештеңе қалдырмай қаусатып кетуге үмтүлады. Сондай-ақ, басынан бағы тайған, так иесі де өзінен қалатынды аяусыз апатақ, ертке береді.

Айдарлы құмында отырган бейбіт елге де осындај жекпек-жекте женіліп, арып-ашып ашығып, ат-көлігі жүрмей, беті ауған жаққа босып қашқан ак әскерінің бір шағын тобы жеткен. Жай келмеді, әлденіп күш-қуатына келгенше шағын елге бүйідей тиді. Бұл жерде оларға әй дейтін әже, қой дейтін қожа да жоқ еді.

Ауыл сыртына ақ үй тіктіріп жатып алған жасыл көз дәү сол күні арнайы қарулы топ жіберіп Ақзейнепті алдырыды. Әкеңнің үйінен бастап, бір ауылдагы тірі жанды сыртқа шығармай «дала абакты» үйімдастырырды. Ақзейнепті оңаша апарған ақ үй азап, зорлық, тұтқын орнына айналды.

Бибол мен анаңың зар үні мына байтақ далада қыстығып қиналған өкісік кара дауыл, көз жасы шелектеп құйған нөсердей болған. Шықпаган жанның азабын, қайғысын жалған дүниеде кім таразылап өлшепті. Ондайда арашага кім бара алған...

Қайран дүние-ай, Ақзейнеп десе Ақзейнеп еді-ау, Қылыш, сенің сол жалғыз карындастың, бауырың!

- Е-е, көзің мөлдіремесін. Солай жан шіркіннің еркіннен шығып, босап кететіні болады. Мейлің, көзіңнің жасын төксен төгіп, жүргегіндегі құсанды актарсаң актарып алшы бір. Менің

де тіршілігімде сол ессіз жыртқыштықты басынан кешірген елімнің көрген қорлығы зердеме оралса, нендей күйге түскенімді білмей қалатыным бар. Сонда мына өмір өмір емес, адам адам емес, дүниенін жайлаган жыртқыш елестеп кетеді.

Бірақ, құдірет менің пешенеме сондай сұмдықтардың куәсі болуды, өздігімнен көрген-білгенімді басқаға жария етуді жазбаган болса, не лажым бар! Тағдырыма тәнті болып кала берем де. Мен бұл жерде тек сенің азабынның куәсі, сен үшін аз да болса кызмет, кол ұшын беру міндетін атқарушымын. Сенің жаның боп, сезімің боп қана сөйлеушімін. Сенің көзің боп көріп, қуәгерің боп көрінем.

Тек сенің тағдырына, басынан өткенге қуәлік етпеске, сенің Құдай жаратқан жан иесінде ешкімнің талайына тап болмаган қасіретінді есіне түсіріп, ұмытқаныңды жанкешті ұрпагына әлгі қат-қат том етіп жинап тарих дейтін кәрінің қолына тапсыруыңа қомекші болмасқа еінбір лажым жок. Бұл сөз болғандар, мен коргеннің, сен көргеннің, бір ұрпак басынан кепкеннің мынынан бірі ғана! Бәрін тізе берсем, айта берсем, тірі жан өмірден тұнілер! Ол үшін бір Тәнірден кешірім сұраймын. Бәрін тәптіштеп айта беруге әл-қуатым да жетпес. Тек, Қылыш, сенің жазықсыз көрген қорлығың, шеккен шексіз зәбірін үшін ғана бірге күйемін. Қайталаймын, мына сен үшін, сенің ақ көңіл, даркан батыр жаратылған бабаларыңың аруағы, ата-анаң рухы үшін! Тәптіштеп кеттім бе?

Сенің жалғыз қарындастың Ақзейнеп тағдырына, оның көрген қорлығын айтуға дәтім шыдамай сырғақтап кеттім. Иә, ол Ақзейнеп десе, Ақзейнеп еді. Адамзат баласында аңыздар, ертегілер, хисса, дастандар жырлаган не сұлулар өтпеді. Оларды кім санап тауысар!

Бұл да ай десе аузы, күн десе көзі бар дейтін ертегінің кейін-пкеріндей көрікті жан еді. Ақкудың өзі ме дер еді көрген көз! Қап-кара қарақат қарашық, қылған қас, оймақтай үлбіреген қызыл ерін, шенгелиңе сыйғандай қыпша бел, мылтықтың

сүмбесіндегі тұп-тұзу тоқ балтыр, мың бұралған ак қайындаған - бәрі-бәрін Тәнір өзі ғана қолмен күш салған көрікті перизат еді-ау! Шіркіннің күлкісі! Жаңа ғана бұлттан шығыш нұрын шашқан күндей бір нәzik еркелік шашар еді.

Осы бір ауыл, қысқасы бір рулы ел ардақ тұтып әлпештеп ала-канга салып аялаган қадірлі, қимас жан тағдыр қыспағына тап болды. Дүлей ниет, арамза пейіл, жыртқыш нәпсі арандай аузын ашып ұмтылып кетті оған. Айдарлы құмы сыңсып өксігін баса алмай қалтырады. Сонда бетінен қагатын күш жоғына әбден көзі жеткен жабайы жыртқыштың көзіне қан толып ұмтылған.

Бір сүмдүктың боларын, оның өзіне ажал оғы боп тиерін жасыл көз дәудің қадала қараған жылан көзінен сезген Ақзейнептің қаншама рет шапанын жамылып түзге шыққан кісі боп, шағыл асып, құмға сініп кетуге жанталасқан. Бірақ, ауылды жан-жағынан қоршап сақ күзетке алған жау топ бейсеубет тірі жанды сыртқа аяқ бастырмаганына тірі жан күэ.

Күн батар зауал шақ. Мылтық асынған ессіз топ күніміз не болар еken деп ұядағы қанатсыз балапандай боп отырған сениң үйіне сау етіп кіргенде ей, Қылыш, өзін де барсың, әке-шешенде ес қалмаған. Қарулы топ тілге келмей, өре түрекелген өздеріндегі ауыздарынды тығындалап, байлап тастаган. Ақзейнепті алып кетті-ау!

Ақзейнептің «Ah!» деген аңы дауысы ғана шыққан. Аузы тығындалған қыздың үнін шыгармай дедектетіп сүйреп кеткен. Ызасы мен кегі жанын өртеп мына өмірден тек өлім тілеген дәрмені таусылған қыздың көзінен мөлт-мөлт қанды жас төгіліп кете барды.

О, күліреті күшті Тәнір! Бұл не қасірет еді! Ормандай шулап күніренген елден ошаң етіп тірі жан арашаға шыға алсайшы. Бәрі матаулы. Бәрі кезелген мылтық, оқ аузында, әлем тымтырыс. Әлгідеғі Ақзейнептің ab ұрган соңғы дауысымен қоса өшіп тынған.

Көзге көрінбес терен тұңғиық адам бойындағы қайсарлық-

ты, адалдықты адамдық пәрменді жыртқыштық боп келіп, үнтап-жаншып жұтып жіберген тәрізді. Бәрі зым-зия... Жыртқыш мылқау қара күш балғын денені тікендей жыртып, дүлей ракымсыздық оңаша ак боз үйде аласұрып тосқан көкжалдың алдына әкеліп бір-ак құлатты.

Жарқыраган күн Айдарлы құмының нар шағыл биіктерінен енді ғана әрі асып құлағалы қалған. Артымда не болып жатыр дей ме, созаландап қасірет пен қайғы жүтқалы жатқан байтакты қимагандай қыли көзбен артына қарайтын сияқты. Батып кете алмай, алтындаі балқып сузыған қызыл құм төбелердің биігін бауырына басып қалған. Әрі қарай асып кетсе ше... асып кетсе болар озбырлықты көре алмайтыны қинай ма, беті қара кошқыл тартып күйген бояуы қалындаі түскен.

Жасыл көз сары дәу тажалдай зәр шашып, қызды сүйреп келгендеге зілдене карауы мұң екен олар мысық көрген тышқандай зып беріп жоғалған. Олар шыға жөнелгенде есікке ұмтылған Ақзейнепке жасыл көз аюдай атылды. Бас салып құшагына жұмарлай қысты. Албастыдай ірі дене қарымы шыбықтай бұралған нәзік қызды бірден бүріп тастады.

Аузы тығындаулы қыздың бүркіт ілген қояндай шырылдауға да үні шықпады. Жер аударылып кеп үстіне құлап барады. Аузындағы орамалды тілдің күшімен түсірді бір кез. Гіліне:

- Жалынамың мырза! Босатыңыз мені! Аяңыз! - деген ғана сөз оралды.

Бүкіл болмысы әлемнің жарық құні болып күлген дала аруы жыртқыштың бір көргенде-ак басын айналдырып жіберген. Қазір оңаша, қағусыз жыртқыштың қолына тиген. Оның зұлым арам нәпсісі қозып, қыздың зар сөзін құлағына да ілген жок. Жүрегі тайдай тулап аузына келді. Адамдық ар, сана, ұяттан безген тежеусіз зұлымдық қанды тағына отырган. Бар ойына оралғаны: «Мұндай да адамзат баласы болады екен-ау. Жабайылардан да осындаі, көз тоймас сұлу, періште туады екен? Шіркін, дүние-ай, біздің халықтан туса ма, жер шарын арала-

тар, әлем көзін таңыркагар ғажап сурет кой мынау! О, ғажап әлем» - деп үздігіп кеп:

- Утоли мою жажду! - деді де, жыртқыш құшақпен қызды бауырына сүйрей тартты. Эй-шәйге қарамады. Алып тас құйы дene аккудың көгілдірін бауырына баса жанши құлады...

Ақзейнеп тұншығып, демі таусылып бара жатты. Тұн тұндігі жабылып, қара жер болған аспан тұн-тұнек бол төңкеріліп үстіне құлай берді. Екі қолы албастыдай ұмтылған жыртқыштың үйисінан бүйра шашына жармасып, ашылған аузы кенірдегіне жабысты кеп. Аянбады. Бойындағы бар құш-қуатын салды. Ыза мен кек буган алмастай өткір күрек тіске іліккен майлы жұтқыншақ күтір-күтір жыртылып, қан арапасып қыздың аузына келді. Аяマイ барын салып қыршып-қыршып жіберді.

Осы бір өмір мен өлім айқасқан сәтте қыз өзінің қандай қүш-қайрат тапқанын білген жоқ. Ақтық демі, ары үшін сұрапыл кек буып кеткен...

Тарс етіп өзіне карсы атылған мылтық дауысын естіді ме, естімеді ме - Ah! - деп шалқалап құлаған қыз тұн-тұнекке шым батып кетті. Оқ жасыл көз дәудін он қолындағы мылтықтан атылып, қыз жүрегін тесіп өтті. Ол тілге келмestен өмірден соңғы сөз орнына бір гана күрсініп, ah ұрып құйрықты жүлдіздей ағып өте шықты. Қызды атып үлгерген жасыл көз полковник қаны атқылац, жосып шапшып аққан кенірдегін уысына толтыра дәрмені таусыла шөкелеп отырып қалған. Лық-лық аққан қанмен бірге оның да тынысы тарылып көзі бұлдырап бара жатты...

Одан кейін не болғанын озің жақсы білесің, Қылыш! Айдарлы құмында Ақзейнеп белгісі, Ақзейнеп бейіті әлі түр. Ол халықтың жадында ұмтылmas бейне fой. Бұдан кейін арада бірнеше күн бе, ай ма уақыт өткенде ел тағдыры қызылдарға берілгенін тағы жақсы білесің.

- Е, құйма құлақ, тарланым-ай, рахмет саган. Сенің зерденде бәрі сакталған екен. Біз тесік құлақ пендеңіз. Көбі есте сақ-

тала бермейді. Қанша озбырлық, киянат көрсек те, кейде болмашы бір жақсылық нышаны тасасында ұмыт калдырамыз. Е. қойшы, соны дейтін кешірім паздығымыз да, қарымтасы қайтпайтын дүние болған соң, тәйірі соны дей салатын қөнбістігіміз де бар. - деді Қылыш өзімен-өзі сөйлесіп.

Актардан әлгідей азар көрген сол Айдарлы құмындағы елге солардың ізінше келіп, алай-түлей еткен қызылдарды неге айтпасқа! Бірі қашып, бірі куып шимандай елді шиқандай қансыратты. Алдыңғылары әлгідей естен тандырган қанжоса білгенін істеп, атып-шауып кетсе, екіншісі «бәріне қожа біз» деп билеп-төстеп әнгір таяғын ойната келді.

Тагы да сол баяғы ожар, әлімжетті тәсіл. Үйір алған сәуріктей, елді алдына салып қуа келді. Мұнда да шашау шыгару жоқ, бәрін бір тесікке қамады.

- Билік - кедейдікі! Халықты ықылым замандар сұліктей сорған байлар, алпауыттар, билер үстемдігі құлатылды. Адамды адам канаша жойылды. Ерлер мен әйелдер құқы тен! Дін үстемдігіне жол жоқ! - деген қысқа-қысқа тұжырым шарлады даланы.

Кең байтақ далада қызыл тулар өрттей желбіреді. Асқак әндер шырқалды. Кейін көзіміз жеткені - Айдарлы құмындағы елге қызыл тулы өскерді өзіміздін Мұхамедсадық бастап, жол көрсетіп ертіп келіпті. Актың өскері адасып, беті ауган жаққа босып келе жатып, өлмеске өлі балық - біздің елге тап болса, бұжолы қызылдарды өзіміздін тумамыз жол бастап ертіп келген. Тай құлышнадай қатар өсіп, бір төсекте жатып, бір ананың төсін еміп, өскен бауырын адам танымастай жат бол өзгеріп келді. Бұл жолы қылыш асынып, мылтық тағынып, айқыш-ұйқыш былғары белбеу байланып, басына шалқасынан қайырған шаш қойып, аспаннан қарай келді. Оны өзің де көрдін.

Қалың өскер. Бір жеті дүмеп, жаңа тәртіпті, жана үкімет билігін, ұлы мақсаттарды уағыздалап бекітті.

- Ей, касиетті жанның жады мен зердесі атанған қимасым. Саған өткеннің бәрі бүгінгідей: ағы - ак, қарасы - қара. Сайран жатыр. Бірақ, сен білгеннің бәрі, тіпті мен көргеннің өзі бүгінгі ұрпакқа, келешек қауымға мәлім емес. Мен басымнан кешкен касіретті, мына өмірде не сүмдықтар болғанын жаңа ұрпак білсін, қателікті, озбырлықты кайталамасын, өмірде шықпаған жан төзген қияннатты көрмесін, - деген ниетпен өзінді осынша сырласуға, сөзге шакырган едім.

Сенің мен ұмыткан, тозған жүйкенің санасынан өшкен сэттерді есіме салғаның алғысым гана емес, жанымды өзіне садаға етуге де бармын. Ол бір мен емес, барша халқымның басынан өткен нәубет.

Бірді айтып, бірге кетем. Ал, барлық бәле, тауқымет менің басыма жер астында, шахтада тас артқан тәшкені аударып, тас таситын тар табан теміржолын қопарып алыш, кен тасу жұмысы бірер сағатқа тоқтап қалудан келген жоқ па?!

- Рас. Бірақ, ол әшейін желеу. Сені қалайда өзің еңбек етіп жүрген ортадан шеттету сылтауы болатын. Өйткені, сен текті тұқымның, байдың баласысың. Сен бұл қогамның жауысың. Сендейлер өмір сүрмеуі керек. Бар гәп сонда. Болмаса бір тәшкенің ауып түскенінен шахта жұмысына, оның өніміне ойыраған зиян келген жоқ.

- Солай ма! Оны мен қайдан білейін. Бір түнде ұстады да камады. Бетінде кан жоқ, сөл жоқ, адамгершілік, аяугершілік дегенді білмейтін қаныпезер тергеушігे тап болдым. Сол адап мен арамды, ак пен қараны айырмайтын көзі ойнақтаган шайтанкөз менің түбіме жетті.

- Иә, ол өз дегенін істеді. Бірақ, сен де «нар баласы бақырмайды» дейтін ата баласы екенінді танытып, мәрттігіце бағып, оның бірде-бір сауалына жауап бермей кеттін. Ол сенің ісінді өтірікті шындаған етіп, болмағанды болдырып бітірді де сотқа жолдан құтылды...

- Құдіреттін күшіне таң қалмасқа болған ба, - деген Қойеке

апілак сакал-мұрты орнында бар ма, жок па деген кісіште қайта-кайта сипаланып, әлде не ойына түскендей жан-жағын тінте карап алып, бүкіл атырапты тілімен жалаған өрттен әлдекалай жанбай бір түп көде аман қалады. Сен де сол көдесін, Қыльыш! Өз басым сені мына өмірде тірі көремін деп ойлаған емеспін, - карт кемсөн қағып. - Апырай, адам шіркін итжанды болатын ба еді. Сенің өлмей бұл күнге жеткеніңе таңым бар.

Екі козі танулы, колдары артына қайрылып, тыр жалаңаш өлі-тірісі белгісіз халде тас еденде жатқан Қыльшты Қойеке айтпай таныды. Аяқкаптай түк-түк қеудесін айқара ашқан қалпы бір рахат құшагында жатқандай сұлап түскен. Аң-тан. Осы не көріп түрмyn деген кісіште тоқтап, сәлден сон: «Бауырым-ау, шынымен өліп қалғансың ба?!» - деп бар дауысымен бақыра, құшагын жая ұмтыла берген мұның қаныпезер тергеүші аузын басып, үнін шығармай, кенірдегін қысып ұстап қалды. Тұншықтырығ барады. Қасындағы екінші біреуі жұдыштырығын түйіп, өз ернін тістелеп, үнінді шығарма деген емеурін танытты. Онсызда үні шықпай қалған Қойекенін дәрмені бітіп барады.

- Бұл да жауыз. Жауыздар бірінің сөзін бірі сөйлейді. Қазір анаған барғанда бұның не деп бакырарын кім білген. Дыбысы шықпасын. Аузын тығындаңдар, - деген шайтанкөз атанған бас тергеушінің бүйрүғы орындалып, аузы мақтага толтырылған. Мына жерде үнім шықпак түгілі, демімді зорға алдым. «Көр! Тіл алмасаң сенің де көретінің осы» - дегенді мына жерде көрсеткен серігіне айдаушы: «Алып жүр!» - деп әмір етті. Белгілі жауап алатын жерге айдан келді. Бетінде қан жоқ, сол жоқ бірі столда, екіншісі тік түрегеп тұрған екі тергеуші ортага алды. Стол үстінде көс наган, білектей-білектей шұбатылып резинка қамшылар жатыр. Екі тергеуші де қанын ішіне тартып, түлеген жыландаі сұрла-нып алған. Столдағысы ақырып:

- Сойле, - деді.

- Не... Нені?

- Қылышбек тас толы тәшкені қалай аударды? Шахтада сондай зиянкестік жасап, теміржолды киарату үшін күні бұрын қандай дайындықтар жүргізді.

- Ешқандайда.

- Сонда не, жер астындағы шахтадағы теміржол өзі тулады ма? Әлде руда артылған тәшке тулады ма?

- Екеуі де тулаған жоқ.

- Онда тәшке неге құлайды? Теміржол неге бұлінеді? Оларға жан бітті ме?

- Білмеймін.

- Эй, жігітім, сен қиқандама! Білесің. Білуге тиіссің. Сен қылмыскердің касындасың.

- Бізге сырлы белгісіз оқыс агаттық болған шығар.

- Сол сырлы белгісіз оқыс агаттықты айтасың. Айт.

- Меніңше, ауыр тас артылған тәшкенің табаны жолдан тайын кетті. Біздің тасып жатқанымыз тас емес пе! Сол тастан жол үстіне тас түсіп, зырлап келе жатқан доңғалақты қағып...

- Өй, сені біз жаны таза момын адал ма десек, жауыздықты, зиянкестікті әқтағың келеді екен ғой. Мынаған бір-екіні асатып жіберші, - деген шайтанкөз орындығына шалқая отырды.

Манадан шағатын жыландаі қақып тұрған тергеушінің көмекшісі лып еткізіп қолына резинка қамшыны қалай алса, көз ілеспес жылдамдықпен жонарқамнан солай соғып-соғып өтті. Аузымды ашып, дауысымды шығаруға да үлгермедім.

- Қане, енді сөйлемші, - деді шайтанкөз.

Арқам у сепкендей дуылдап, жоным тұтасып ашып қоя берді. Демімді ала алмай бір сәт тұншығып қалдым. Үнім қашып, мен-зен бол басым айналып, козім қарауытып кеткені.

- Эй, не болды саған, сойле, - деді табанының астын тепкілеп, енді көретінің мында дегендей тергеуші тікшиіп. Әлі өзіме-өзім келе алмай отырмын. Өзіме-өзім келдім-ау бір кезде.

- Сойле, - деп тағы ақырды.

- Немді сөйлейін, ештеңе білмесем, ойымнан шыгарып өтірік айтуым керек пе? - дедім жаным күйген мен.

- Білетініңді айт деп отырмын, - деді тергеуші.

- Сонда сабап, таяқтап айтқызу керек пе?

- Енді қайту керек? Айтқанға көніп, дұрыс жауап бермегеннің коретін күні сол! Сені әлдилеп отыратын уақыт жок. Қане, сөйле!

- Не сойлейін. Ештеңеге түсінбесем, ештеңе білмесем нені сөз етуім керек? - деп, карсы жауапқа коштім.

- Тәшке неге өз-өзінен тулаң, күніне мындаған тонна кен тасып, іргесін енді қалап жатқан жас мемлекетке қыруар пайда беріп жатқан шахтаның астындағы темір жолын қопарып бүктеп тастайды? Оған не себеп болды? Соны айтасың!

- Бір оқыс болды.

- Сол оқысты қасындағы бірге жүрген жауыз қастандықпен жасады деп, неге ғана «болғанды болды» деп ағынан жарылып айтпайсың?

- Ойбай, бауырым-ау, ондай қастандық болмаса - болды деп өтірік айтуым керек пе? Қалай жалған сөйлейін?

- Қызық адамсың. Оқиғаның болғаны рас. Сол болғанды болды демегендеге не деуін керек? Өзің темір жолды бұлдірушінің қасында боласың. Сойте тұра зиянкесті анау-мынау оқыс деп бұлдыратып қорғап қалғың келеді. Ол болмайды. Онда сен өзің сол қастандықты жасаушының өзі болып шығасың. Соңдықтан өз басынды, жанынды сақта. Шынынды айт!

- Сонда, иә, сонда Қылыш қастандық жасады деуім керек пе?

- Енді, - тергеуші күмілжіп, - өзіңе тиімдісі адалдық емес пе, соны айт!

- Сіздіңше, зиянкестік жасады деуім керек-ау, сірә.

- Болғанды болды, зиянкестік жасады деу ақиқат жолы. Ол солай. - тергеуші ыңырана қарады.

- Жоқ, мен өтірікті, тіпті әлдекалай біреуге ойдан шығарып жала жабуды білмейтін адаммын.

- Ей, мынау адаммын дейді-е! Сен адамсың ба? Сен адам бейнесіндегі бейбаксың! Бейбақсың! Бейбак дегенді білемісін өзі? Білсөн айт! Тұсіндір! Ол кім? - тергеуші ішаптығып, орнынан атып тұрды.

- Білмеймін.

- Өй, осы сенің осы өмірде билетінің бар ма? - қасындағы жаналғышына шатынай қарап, - мынаған үйретерін әлі көп екен. Бұл тіпті бейбак дегеннің не екенін де білмейді екен. Көрсетші көзіне, - анау шайтанкөздің даяр тұрған сойылсағары ма қолына резинка дойырын алып атып тұрды да бас жок. көз жоқ соккының астына ала берді. Жыландаі ыскырган білектей резинка қамшы тиген денем от болып көзімнің оты жарқ-жүрк ойнап кетті.

- Болды! Сәл есін жисын, - деген шайтанкөз етпеттей құлаған мені аяғының ұшымен тұртіп, - енді білген боларсың бейбак дегеннің не екенін. Бейбақтың көретін күні осы. Апар, сүйреп таста! Тас еденде жатсын! От шарпыған денесі салқындастын, - деді баркырай дауыстап.

Анау тіл білетін ит сияқты, тіл қатпаған қалпы шала есім қалған мені желкемнен алып, сүйрей жөнелді. Сол тас қабырға, едені мұз сасыған сызханада неше күн жатқанымды білмеймін. Арада әлденеше күн өткенде тағы тергеуге әкелді. Баяғы өзіме таныс шайтанкөз алақ-жұлақ ала көзінен заһар төге:

- Көрсет мынаған, - деп айқай салды. Аза бойым тік тұрған мен нені көрсетеді, кімге бүйрыйк беріп отырғанына тұсінгенім жоқ.

Сөйткенше қарсы алдымдағы есік ашылып өзіме таныс бейне кіріп келе берді. Ол да түк білмейтіндей бетіме аң-таң қарап:

- Е-е, бейбак..., - деп кідіре токтады да, - бұл не... бірдене айта ма? - деді.

- Ей, бейбак, саган тіл біткен шығар. Дайындал, казір көресің. Сайрайсың, сосын, - деді де, - мынаның жанашырына, зиянкес қарабетке не істейтінінді көрсет! Бұлар көзі көрмесе - деп

дәмге түйіліп қалған жандай қайта-қайта жұтынып, - айтқа-  
ныңа көне ме? Зордың күші батпаса тілге келе ме? Сонда ғана  
сайрайды. - деді әр сөзін салмақпен айтып.

- Ә, солай ма еді, көрмегені, казір, - деген жаналғыш аш иттің  
азуындай сақылдан кеп бүйірімнен бір теуіп, сүйреген қалпы  
каранғы көрдей болмеге алып кірді. Жарқ еткізіп шам жакты.  
«О, ардан безген зұлымдық, саган не деуге болар! Сенің әмірің  
жүріп, айтқаның болып түр-ау» демеске шарам жоқ еді. Көз  
алдымда тыр жалаңаш Қылышбек жатыр, жай жатқан жоқ, екі  
аяғы, екі қолы төрт жакқа керулі жатыр. Оның үстіне қарай  
итеріп кеп жібергені. Абырой болғанда құламай тәлтіректеп  
қабыргаға сүйеніп қалдым. Осы сәт сақ етіп екі иығымнан алып  
қышқыш па, тістеуік пе қапсыра қысып сүйенген қабыргаға  
жапсырып тастанды. Үйдің қабыргасымен қабырга болып,  
қақидым да қалдым. Тірі пенде көрмейтінді көріп, қияннаттың  
азабын тартады екен. Зорлық, зомбылық деген сол әне! Шай-  
танкөздің ракымнан безген жаналғышы асығыс ойындағысын  
орындауға кіріспін кетті.

- Көзінді ашып бері қарап түр. Көр, не болатынын, - деді  
үні өкпе тесердей боп маган қараган жаналғыш.

Әйттеір кеудесінде жаны бар, алып төсі көтеріліп-басылып,  
дем алып жатқан үстіне аяқ жагына қарай бетін бұра жалп етіп  
отыра кеткен жауыз қолына ту жылқының құйрығындаі  
жіңішке сым ба, әлденені алып, байлауда жатқан оның ең осал  
жері әбүйіріне шенгелдей қол салды. Тез-ақ үрпісіне әлгі қыл-  
дай каттылықты жүгіртіп-жүгіртіп алды.

- Ей, жауыз, шындықты айтасың ба? Қылмысынды мой-  
ындайсын ба? Жас үкіметке карсы жасаған қастандығынды  
айтасың ба? - деп оның құлағына айқай салды. Қол-аяғы ке-  
рулі жанның, аузы тығындаулы ма, сымдай тартылып бұралғ-  
ан дене дір-дір, қалт-қалт, тек бұлшық еттер ғана ойнады. Ды-  
быс жоқ. Адамның ең осал, аса нәзік мүшесіне қадалған ине  
әлі де әлгі көріністі қайталап жатты. Сұмдық-ай, мұндай азап-

ты тірі адам баласы басынан кешті ме екен?! Қылышбектің дenesінен тер моншактай су болып төгілді. Қозғалуға, дыбыстауға, өлдім деуге дәрмені жоқ. Тек, үрпісінен бұрқ етіп кашағана ағып жатты. «Ә, бейбағым, енді тілің шыгады, сөйлейсің!» - деп өз ісіне рақаттанған каныпезер орнынан тұрып:

- Міне, көр, бейбақ деген осы! Егер өзіңе қойған сауалға біз ойлағандай жауап бермесен, көретінің осы! - деді.

Міне, Қылышты қөрген сайын осы сүмдүк есіме түседі. Көзіме елестейді. Сонда сүйегіме дейін өргеніп кете жаздаймын.

Содан бері қаша өмірді тілсіз, құлақсыз меніреу, миғұла ата-нып өткізіп келесін.

Сенін қандай мәрт жан екенінді, оңаша жалғыз кен даланда озіңмен-озің қалғанда, сонау, иә, сон-а-ау, бұл күнде тек мен арқылы ғана ойына түскен, сананда еміс-еміс сакталған тозак. ит-жеккендегі тағдыры бір достарының арасында отыргандай сайрап-сайрап алатынынды мына мен, жадың, зерден бол қана білем.

Тамаша дүние! Фажап жаратылысты тән иесісің! Жүрегің езіліп, бүкіл жан - тәнің еріп, балқып, бүгін міне, немерелеріңің касында ракат күшагында отырып та, аузынды ашпайтын шыдамдылығың, мәргігін тәнті етеді мені. Тіршілік иесінде сенің шыдамдылығың, тәзімділігің, ұстамдылығың мені сепімен мәңгілік тұтастырып, барша сыртқы дүние біле бермейтін қасірет құпияларын бөлісуге мәжбүр етті. Өмір атты ұлы галамда болып жатқан, болып кеткен не құпияның, не сырдың бүгешегесіне дейін қаз-калпында сактау өз үлесіме тигеніне Тәнір алдында ризамын. Сол үшін мен өз тағдырыма тәнтімін. Мені сол үшін де ұлы Тәнір зерде, жан жады етіп жаратты. Ендеше, қашанда ағымнан жарылу, тек болғанды еске алу ғана борышым болмақ. Бір ғана ауыр жері - өмірдің жаны, тіршілік дейтін әлемді ілгері баstryруши ақыл иесі адамның әділет пен пәктік тағынан тайып, зұлымдықтың отына май құятыны қинаиды.

Билік басындағылардың, бірінен-бірі дәрежесін бійктердің өзара іштей қырқысып кететіні, так пен бақ алдында құрдай

жорғалайтыны, шені, лауазымы жоғарыларға жалтақтап, жағынып ар - иманын, ізгілік атаулыны тәрк етіп зұлымдық пен зорлықтың жолына түсіп кететіні - азғындықтың батагөйіне айналатыны қасірет емес пе?!

Міне, әділет пен шындықтың жеңіліс тауып, зұлымдықтың үстемдікке жетіп жататыны содан. Сонын бәріне куәмін мен. Көк аспан мен жер бессіктен мен үшін ештеңе қажет емес. Байлық, дәреже, мына адам баласы, жалпы тіршілік үшін не көректің бірде-бірін пайдаланаібаймын.

Бірақ, өздерін күн, тұн, одан ай, жылдар құрап өмірлерінді санап, аз-көбін қанша тыныс тіршіліктерің барын белгілең жүрген уақыттарыңа куә екенім рас. Оны қай пенде түсіпіп, мына өмірге уақытша, бір мезгілге, не қас-қағым сәтке конакқа келген жан иесі екенмін, мұны өмір игілігіне, ізгілік, пәктік. адалдық патшалығына, адамзат дейтін ақыл пайғамбарына адал қызмет етуге жұмсайын деп жүр? Бақ пен тақ қолына тиген күні көк аспан мен қара жер арасын бір аузына қаратуға, айтқанына кондіріп, айдауына жүргізуге, әлемнің Құдайы болуга ұмтылады.

Бірақ, Тәнір алдында, ақыл пайғамбары алдында сол адамзат қасиетін мойындаатын Шындық сот құратынын білмей, дүниені өртеп бағады. Сен шіркейсің адамзат ұғымы алдында. Сол көптің бірі сенің жазықсыз шырылдаған шіркей үнің қандай аңы, өзі зарлы еді. Сенің сол жазықсыз, кінәсіз шырылдаған жан дауысың әлем кеңістігінен әлденеше ғасырлар бойы ошіп кете кояр ма екен. Сен мәртсің. Мәрттік - күш атасы. Мәрттік ақыл корганы! Табандылық мұратқа жеткізеді. Әділдік, шындық үшін күрес өмір үшін күрес! Жеңіс түбі сенде!

Тозған жүйке, азап, қасірет жеген сұлдер қажымасын, жаз, жаза бер! Ұмытқаныңды есіне түсірем. Әлгі үрпак үшін тағылым деген жалбарынған ойың үшін бәрін қабылдауға болар...

- Иә, откеніңе кайта оралайын. Өзіңе белгілі сенің басынды кесетін көптен күткен каралы соты да болды. Бірақ, көп тер-

геп, сенің айыбынды сарапка салып жатпады ол. Үлтік дей ме. Биіктө отырған үшеу ортадағы басына тәж кигеніне жалтақ-жалтақ қарасып, бас изесіп алды да, мемлекеттік айыптаушы дегеніне сөз берді.

Оның да сөзі кысқа болды. Бұрынғы жазып алғаны ма, бајғыдан бері жаттап айтып жүрген өлеңіндегі бір кездегі шайтанкөз тергеушінің ойдан құрастырған жалған айыбын шұбыртып өтті. Саған соңғы сөз берді. Сонда:

- Қадірлі сот алқасы! Бұл айтылғанның бәрі жалған, жала! Мен кінәсіз, жазықсыз жауапқа тартылдым. - деп зар қактың.

- Отыр, елу сегізінші статья бекерге койылмайды. Сенің жасаған қылмысынды бармағын басып, басқа емес оз әкен, туған әкен бекіткен. Ұлы көсемді мазақ етіп, жаман балаңа есімін қойдың! Қазақстанды ұлы мемлекеттен бөліп әкетуге анттаскан шет елге сатылған арам ниетті топқа қосылдың! Осы мақсаттагы Қожабергенов сияқты халық жауларымен астыртын ауыз жаласып байланыста болдың. Халық шаруашылығын өркендешту ісіне қасақана жаулық қастандық піғылда шахтада зиянкестік жасадың! Осы қылмыстардың бұлтартпайтын дәлелдермен, әкен бастаған күәлердің сөзімен қылмыс үстінде ұстағандар жасаған актімен бекітілген. Отанға жасаған опасызығың үшін он жыл жаза! - деп үкім етті. Сонда сен шырылдан:

- Ұлық сот! Ұлық сот! Мен ақпын! Жазықсызың! - деп жылап құлап түскенсің. Бірақ, сенің жан даусынды ешкім естімді. Шала жансар тірі жанынды соңына ит қосып айдал кеткен...

- Иә, тағдырымның ірі денелі, басына тәж киген, көзі байлаудағы шынжырлы иттей алак-жұлак, мені жеп жіберетіндегі боп қараған сұсты кісінін аузынан он жыл кесік боп шыққанын естіген менің екі құлағым ыскырып шулап, одан кейін есімді жия алмай етпептеп құлағам. Қозімнен ағып жатқан жас па, қан ба, біліп жатқан мен жок. Басымда озіме түсініксіз жалғыз саяал: «Жазығым не?».

Адам баласына, әсіресе мына мені жазалап, осынша азапқа салған үкіметке зәредей зияным тисе, өз обалым өзіме! Енде-ше мен неге мұншалық корлық көруім керек. Жонымнан жа-рып тығып, болмаган қылмысқа әкемді күэ етіп, ойда-жоктан бәле құрап. он жыл қамау, айдауга жіберуі әқылымға сыймай қойды. Зорлық! Киянат! Қана, шерменділіктен жынды боп кете жаздадым.

Әкем жарықтықтың алыс қалалардагы достарына барып келе салып, заман бағытын сараптап, жылдар бойы шәуіттеп жинаған малы түгілі, төріндегі асылын да мұлқіне дейін ел боп отырған, малы-жанын бағып күн көріп, рақат қызығына ортақтасқан ағайын, туыс, малышы-қосшыларға қылдай бөліп бергенін көзіммен көргем. Сонда әкем: «Балам, жана үкімет келді. Халықты бай, кедей деп екі тапқа, түсініп ал, топ емес. тапқа боліп билейді екен», дегеніне түсінбей:

- Тап деген не? - деп сұраганымда әкем:

- Тап дегенді Ақаң мен Жақаң, - сен оларды қайдан білер едін деп ойлана қалған ол - Байтұрсынов, Дулатов есімді ойшылдар, тұғанынан табаны тілініп. Әмірін байлардың есігінде, мал сонында өткізіп, немесе қалаларда зауыт, фәбірікте қара жұмыс істеп. қожайындардың дәuletін маңдай тері, бұлшық еті, күш-куатымен кобейтіп, өздері құл боп келгендер мен оларды қанап, канын сорған үстемдерді жіктеу деп түсіндірді.

- Мәселен, осында он ба, жұз бе, бүкіл елде одан да көп малышы-қосшы бар емес пе. Міне, солар езілген тап. Мына мен, мына сен солар бағып жүрген малдың иесі езуши, қанаушы тап. Мына жана үкімет сол езілген, қаналған таптың жоғын жок-тап, мұнын қорғайды. Солайда сен бай баласы бұдан былай үкімет үкіміне карсы ауыз ашушы, наразылық айтушы болма! Тұқым тұғияның зәузәтінді тамырымен жұлып құртып жоқ етеді, деген. Сол әкем сөзі есіме түсіп бордай тозған. жазық-сыз жана қөрген әміріме налып жыладым кеп. Бір Құдайға жыладым. Күйінгем кеп. Өзімнің кінәсіз кінә, жазықсыз жаза

тартканыма бір Құдай, аруак куә! Бірак, сол Құдай есімді, аруак есімді құлдрапттерді кім куәға тарта алар!

...Есік-терезесі темірмен торланған вағонға айдал кеп отырығызғаны қазіргідей есімде. Ішіне тізеден келтіріп бидайдын ба, әлде шөптің бе сабаны, ұнтағын төсеп тастапты. Шірік іісі мүнкіді. Шамасы біз сияқты жандардың тасымалын басынан кешкен орын сияқты. Салдыры-гүлдір біз кірген темір есік тарс жабылды. Тас каранғы жұтып жүре берген. Санам ояу, ақылым астан-кестен, киял құшағын ашты. Сор қуған шыбын жан енді өзін оңаша есеп беруге отырғызды.

Буын-буыннынан қүш кетіп, бүкіл жүйе-жүйкем босап, сүйегім езіліп, тұл денем көзіме жас бол құйылып жүре берді. Тәнірім-ая, бұл үкімет маған не дейді? Менен не талап етеді? Мына менің бойымда осы жаңа үкімет қызығатын не қалды? Мен нені тығып, неміді жасырдым? Сан-сакқа жүгірген ойым жауап таптай сандалады.

Осы үкіметтің сөзін сөйлегенім, саясат, үгіт-насихатын жүргізгенім емес пе, өз белімнен шыққан көзімнің екі қарашығындағы екі балама көсемдерінің есімдерін бергенім.

Мал-мұлік деғенді қалай алам десе алды. Ыңқ еткем жоқ. «Ашық» деді - жүргегім карайып ашықтым. «Өл» деді - өлдім. «Тозып кет» деді - тозып кеттім. «Ойбай жетті бұларың, бұдан әрі болмайды екен бірігіндер, бір жерден, бір орталықтан табыл! Бір аяктан ас ішіп, бір көрпеден бас шығар» - деді. Бас тарттым ба?

Ақыры өлер халде отбасымда тірі қалған жалғызыымды колынан жетелеп, әке-шешемді де тастап, басым ауған жаққа қанғырып кеттім. Қазір ормандай тұқымның сонында қалған жалғыз шырағы үлымның қайда екенін, өлі-тірісін білем бе?!

Көзіме көк шыбын үймелеп, өлер халге жетіп, тірідей көрге, жер астына, шахтага түстім. Бұл өмірден күткенім сол ма еді? Ендігі құнім не болады? Қайда келдім? Кандай күйге тап болдым? Жүргегім, өкпем аузыма тығылып қыстықтым кеп. Сөйтіш жатып, әбден қажып ұйықтап кетіппін.

Бір кезде оянып, көзімді ашсам, бакытсыз пенделер мінген вагон салдырыш ағып жүріп келеді. Токтамайды-ау! Токтамайды. Жан-жағым өзім сиякты бақытсыздар. Бәрінде де өң жок, түс жок, сакал, мұрт, шаш өскен, тірі мұрде. Арыған, тозған, жүдеу жандар. Бір-біріне қарал өлеусірей, дәрменсіз халі жайында сөз айтуға да шамасы жоктай. Шүнірейген, нұры тайған жанарлар...

- Ей, соншама мені жоғалтып жана тапқандай неге тесілесін, ә? - қауға сақал кара дауысын көтеріп, тіктелін отырды.

- Таң басып, тауып айттың! Сені қашан кездестіреп екем деп өмешем үзіле сағыныш тұтқынына түскелі қашан?! - деп шикіл сары орта жастағы кісі оған іле жауап қатты. Еңсесін көтеріп күлген болды.

- Онда Құдай тілегінді берді. Міне, тозаққа апаратын жүйрік темір тұлпардың үстінде, сол жерге қашан жетем деп ұшып келесін? Өзінің де тілеуің қабыл болғыш, ақ тілеулі екенсін, кезіктің міне, кел, бауырым, тағдырымыз бір, аш құшағынды, құшырланып бір сүйісейік. - деп әлгі кара сақал қозгала берді.

- Эй, байқа, сағынышың аш өшегіңе түсіп кетпесін.

- Сол сезімді өлтіріп алмасын деп, мынадай қауіпсіз жерде жолықтырып жатқан жок па! Кел, кел бері, таян, - деп шикіл сары да копаңдаған болды.

- Міне, міне, ендігі сөздін торесі басын жаңа көтеріп келеді. Тозақ отында күнәмізді еске алайық онда, - деді де қарасақал - мен белгілі халық жауымын. Жау болғанда да мына қазак деген елге тәуелсіздік, дербестік тілеген сормандаимын. Өз еліме бостандық тілегенім үшін, сол елге жау атандым. Әлгі «халық жауы» дегенініз сол. Сен де сол жаусың ба?

- Дәл өзі! - анау карқ-карқ күліп.

- Онда жанатын тозагымыз бір екен. Жанағы өмешен үзіліп сағынғаныңа енді сендім.

Темір торлы вагон іші күніреніп кетті. Бәрінің үні шер-шемен боп күйінген тебіреніске толып кеуделерге бір-ақ лыксыды.

- Бұл адамдық арманға, әділетке, бостандыққа салған қыл бұрау. Осы тамұқ қыспағында бағзы біреулер тұншығып буынып өліп кетсе, кейбірі үміт жібіне жармасып, жарық дүниенің тамылжыған сәулесіне жетер, жетпесе... тамұқ отына тамызық боп кетеді... Қара сакалдың сөзі салдыр-гүлдір болат жолда жүлдyzдай зулаған отарбаның дауысына көмілш естілмей кетті.

Вагон ішін зіл қара тұнек басты... Қанша күн жүргенін де білмеймін, күннің есебінен де жаңылдым. Межелі жеріне жетті ме, бір күндері кеп тоқтады. Апыр-топыр тұсіріп жатты. Үйреншікті көрініс. Бұрынғыдан көк мылтықты, арсылдаған жетегінде иттері бар қарулы топ қарсы алды.

Қандай катыгездік, каталдық еді. Қас-қағым, әлдеқалай дәретке бара жатып, кідіре қалғанды мылтықтың дүмімен аямай ұрып кеп жібереді. Мұрттай ұшырады. Әлгі бейбақ, аяғынан тұрып жүріп кеткенше ол таяқ үсті-үстіне жалғасып жатқаны. Біржола есенгіретіп, қалжыратып тастау, бізді айдаушы топтың қарулы топтың басты мұраты тәрізді.

Ұзақ жол бойы талай корлық тепкі, түйгішті көріп «уһ!» - деп, өліп-тіріліп есік терезесі темір торлы қызыл тозақтан да жерге табанымыз тиді-ау! Біздің сорымызға тұннің тас қараңғы бір мезгілі. Ештеңе көрінбейді. Қандай жерге, қайда келгенімізді де айтпай, айдал жөнелді. Бір жаққа қашып кетеді дей ме, жанжағымыздан мылтық кезегендер қойдай иіріп, тықсырып келеді. Қараңғы көрдей тұн қалың ну орманды қақ жарып салған тас жол. Бірінің етегінен бірі ұстағандай тізіліп келе жатқан бейбақыт мұсәпірлер үнін де шығармай баяу жылжиды. Әл-қуаты онсыз да азайған жандарды тұн-тұнегін басына көтерген иттер арсылы да сүйегін шағып мазалап келеді.

Жеті кабат тұн болып тұнерген аспанда жылт етіп жүлдyz жанбайды. Сүлдерді басқан батпан салмақ жаншып барады.

Кенет алдыңғы жақтан у-шу айқай, көп иттің абалаганы тұн-тұнекті басына котергені естілді. Қолдарында жарқ-жүрқ бір сөніл, бір жанган шам көтерген айдаушы топ иіріле тоқтап. біреуі:

- Взять! Взять! - деп айкайлап қалды. Сол, сол-ак, Құдай көр деген соң көздің көрмейтіп, еріксіз жаның төзбейтіні жок еken, сүрініп күлады ма. әлде шаршап, қалжырап қүлады ма, айдалып келе жатқан сорлының бірі құлаган орнынан тұра алмай тырбаңдан жатыр. Аш каскырдай атылған екі ит әлгіні дырылдатып сүйрей жөнелді. Көзді ашып-жұмғандай болған жок үстіндегі кір сінді шомыт киімін дал-дал жыртып, қара саңынаң қауып, қанын судай ағызды. Сорлы жан дауысы шығып, жанұшырап, жығылған орнынан атып тұрды. Сондағана:

- Перестань! Жетті! - деген дауысты естіген жыртқыш иттер де қынсылап, құйрықтарын такымына қысып еркелей тоқтады.

- Алға! Алға! - деген әмірлі үн еріксіз топты ілгері бастап жүріп кеткен.

Зәре-құт қалмады. Тірі адамды мылтықпен айдал, елсіз, құнсіз айдалада мениреу орман ішінде итке талатқанды кім көрген. Есі бар адамның қиялына келетін сурет пе! «Ей, бақытсыз адамдар, сендердің ендігі көретінің осы. Тағдырыңың қандай қыспакқа тұскенін көр! Бейіл бола бер, аяғынды шалыс бассаң көрге, тозаққа құлайсың!» - деп зұлмат катыгездік көрініс оне бойымды мұз бол қарып тілгілеп отті...

Тұксиген орман. Қайдан келіп, кайда тап болғанымды білмеймін. Ит тұмсығы өтпейтін қалың жыныс. Тұншығып барам. Бар өмірім кең сахара, көк жиегін сағым сүйген мұхиттай толқыған далада өткен маған мына орманның әрбір ағашы темір тор бол көрінді. Ауа жетпейтін сияқты. Жан-жагым қамау.

Тек алақандай тобемдеғана көк аспан оймақтай бол көрінеді. Тұншығып кеттім. Әбден тарығып, неше құн жылаған басым есімді жиып: «Нартәүекел! Бір Құдайдың басыма салғанын көрейін. Шыдадым, енді не болса да... Туган жерден, ата-баба жатқан жерден бір уыс топырақ бұйырса...»

Осы сөздер кенсірігімді үдай ашытып, таусылмайтын көз жасым төгіле бергенде:

- Ей, сен неткен борық жаратылған жан едің?! Көтер ба-

сынды! Көтер еңсенді! - деген өктем дауыс жаңт қаратты. Таңданған жүрттың: «Көрсө көз тойған, кең мандайшының күн сүйген» дейтін, әдемі аққұба жүзіне нұр тұнған, қоңыр көзінде мейірім от шашқан, дөңгелек бетті, коңқақ мұрынды зор денелі жігіт қалың қабагын түйіп:

- Болды! Тоқтаг егілуді! Жалғыз сенбісің. Бұл - темір бұғау, қызыл қыргын миллиондарды торына түсірді. Бұл азаптан сені енді боллаттай беріктік, шыдамды ақыл алғып шығады. «Басқа түскен баспақшыл» деген атаңың уытты сөзі қайда? Жетті! Егер өмірді, туған топырағынды, ата-анаңды, ең соңғы касиетті елінді сүйсен тоқтат езілуді! - деген ол үніне жігер жинал. - Егер зұлымдығы бойына сыймай, жыртқыштай атылған жауына қасқайып карсы шауып, жекпе-жекте талай дүшпанының басын қанжығасына байлаган текті бабалар рухын сыйласан, тегіне тартсаң, бекін! Бу белінді! Ал, борық туган қоян жан шала пенде болсан..»

Мына қаһарлы сөз сүйегімнен өтті. Көзімнен ағып тұрган жастың қайда ұшып кеткенін де білмей қалдым. Орныман атып тұрыптын. Экемді көргендей, әкемнін алдында тұрғандай оған қос қолымды ұсынып жалбарына қарадым.

- Мениң атым - Асыл. Мен де өзіндеймін. Жазықсыз жаза көрген коптін бірімін. Ендігі жерде, дәм-тұзымыз бір жерден бұйырап болса, мынандай езіліп жылай бергенінді көрмейтін болайын. Жалғыз сен емессің. Жалпы халықтың басына келген нәубет бұл. Көппен көрген ұлы той! Тікте сүйегінді! Иғынды көтер! - деп тоқтау айтты.

Сол Асыл менімен қатар келе жатқан «әлгі сүмдүкты көрдің гой» дегендег қолымды ұстап, катты қысты. Іш қазандай қайнайды, қолдан келер дәрмен жок. Сәл қит етсек, көретініміз әлгі, итке талату. Көк мылтық асынған баскесерлердің бақытсыз жандарға көрсеткен қыры екені де ақиқат.

Көзімнің киығымен ғана қарап, әлгі ит талаган бақытсыз жанды іздедім. Айнала тас қараңғы. Корықтым ба, тірі жанды шошытқан жауыздықтан үрей буды ма, денемде діріл пайда болып,

өзімді-өзім зорға ұстап келем. «Әй, итке де, батырга да бір өлім. Мәңгі тіршілік иесі жок. Не болса - о болсын. мына итін жетелеп, катарымда мылтығын кезеңін келе жатқан сұмырайдың мылтығын тартып алып. жекпе-жекке атыла шыққан батырлардай сойқанды салсам ба екен?» - деген өй әурелеп келеді.

«Ойың - ақымақтың ісі. Әрекетің сәтті болса, мына жауыздардың біреуін, тіпті жолың болып кетсе, мына өздерінді айдан келе жатқандардың бәрін жоярсын. Онымен барлық жауыз біткен жойылып таусылмайды. Ол көп! Көп болғанда да бір мемлекетті ашса алақаныңда, жұмса жұдырығына сыйғызған зұлмат күш. Ол мына аяғын басып келе жаткан төрт күбылалы жер шарының пәле-е-енбай бөлігін астын үстіне шығарған дүлей. Қазір оның тісі аксиып атылған қабандай түріне қарсы келер күш жок! Адаспа! Асылдың айтқаны жөн! Өлсөң жөнімен өл!» - дейді бір сұнғыла ой жанымды өртеп...

Жарылқаушы Тәнірдің біздін пешенемізге жазған ендігі бейбіт мекені - төбеде көрінетін алакандай ғана аспан, жыныс тоғай іші болды. Айнала камау. Қәсібіміз сол орманнан ағаш кесу. Құралымыз - ара. Екі адамға ұзындығы кісібойы, тісі тас кесетін алмас балық карын ара. Қылған ағашты бұтап, тазарттып шырлайтын өткір балтасы тағы бар. Оларды да қылпытып өткірлеп алатын озінің бейбакыт достарын!

Жұмыс уақыты - таңның атысы, күнин батысы. Күнделік беретіні өлмес ауқат. Тамактың әлсіздігі ме. күн санап жүдеп калжырап барамын. Оның үстіне мынадай қаратүлей камау, дүниенің шет-шегін көзден жасырған ит тұмсығы өтпейді дейтіш тұнекті кім көрген. Құдайдың көкте жарқырап көрінетін күні де ұрының қанжығасында байланғандай сығалап сәуле шашқан болады. Тіршілік тынысын тұмшалаған, еңсені басқан тұн тұнек кара орман.

Құдай-ая, мына біз жердің кай түкпірінде жүрміз. Ел қайда? Есіл қайда? Мына тілсіз орман, ну кай жерде! Сананы сарсан еткен көп саул миди шайқайды.

Маған жаны ашыды ма, әлде өзінің ізгі ниет адамдық қасиеті ме, Асыл мені бауырына тартып, серігіне алған. Не жұмысқа болса да ыңғайы, күші бар азамат ағаш кесуге де әбжілдігін көрсетті.

- Аптықпа! Әліне қара! Бұл бір қунде біте қоятын жұмыс емес. Ауаныңмен жүр. Тірі болсақ, он жыл көретін азабың бұл! Бұдан кесімді мерзімін бітпей, өлмесең құтылыс жоқ. Шыдам деген патша бар. Ендігі арқа сүйер жан серігің - сол! Құдайға соған жалын! - деп шегелеп ақыл айтқан.

Камау! Тас камау! Ойлап кетсем, дұние караңғы түнек болып кетеді. Тергеу кезіндегі шайтанкөз тергеушінің болат қабы елестейді қозіме. Алай-түлейім шығады. Өскен, туған қалам, шалқар көлім. көк аспанында қыраны қалықтаған байтақ тау-ларым оралады ойыма.

Жастық шағым, көк құрактай катар құрбы, әке-шеше, ауылдастым, туыс, дос-жаран өзегімді өртеген сағынышым, жалғызым Әзіретәлім көз алдымға келеді. Жаным қан жылайды. Ішімнен таусылып, күн санап жүқарып, жүдеп біттім.

Күнделік жоспар деген бар. Әр адам жиырма ағаш кесу керек. Әрине, жінішке аған кесу, құшак жетпейтін ағаш кесуден әлдекайда женіл. Тоғайда тірі жан иесі сияқты оның да өркенінің бәрі бірдей емес. Бірі алыптай ірі, кейісі жіңішке. Несібене бөлінген жердегі тік тұрған дінді кесуге тиіссін. Күндеңі таусылмайтын сол қиқалау...

Күн санап қуатым кеми берді. Ауа райының жылымық сары күнге ұласқан шағы. Жанды жеген үскірік, тыныс буган, сүйек кескен сүйек аяз сынған күндер.

Ашаршылық қысқан жылдарда, аз күн шахтада істегенім болмаса, өмірі мұндай ауыр жұмыс істеп көрмеген, бұла өскен басым бірте-бірге әлсірей бердім. Асылдың қарулы қолы сүйреп тарткан араның бір басын ұстауға да шамам келмей қалжыраймын. Сыртымыздан көз жазбай андып қарап тұратын надзиратель деген бар. Күнделік жоспардың орындалысын тексеріп, қабылдан алатын да сол. Соның назарына іліктім.

Бойы аласа, жердің күрткындай домаланған, жетелеген итінен сәлғана биік, бетін түк басқаң жас жігіт. Сол ысқырығын шалып, жер тепкілең жаныма жетіп келді. Сөйткенше тағы бірнеше надзиратель жеткен.

- Наказать симулянта! - деп айқай салды бақа.

Сол сол-ақ екен үшеу, төртеуі жабылып, тыр жалаңаш шешіндіріп, бұрын дайындақ қойған ба, кендір арқаммен жуан агашқа таңа бастады. Аузымды ашуға да шамамды келтірмеді. Мықтап байлас, таңып:

- Не покалеть врага народа! - деп бірі зілді дауыстады. Мұндайда араша қайда! Әркімнің өз жаны тәтті. Ешкім жак ашпады. Арада көп уақыт өткен жок. Мазам кете бастады. Орман іші ың-жың. Қаным тасыды ма, құлагым шуылдады ма, не болғанын білгем жок. Сойтсем, менің бұған дейінгі көрген азабым мынаның көжесіне қатық та болмайды екен. Азаптың әкесі арандай аузын ашып қалың орманның ішіне бізбен бірге тығылып жатыпты.

Қол-аяғы байлаулы жанның шыркыраган дауысын кім естір. кімім бар бұл жерде арашага келер.

Ал, мынадай азапты Құдай тірі жанның басына бермесін. Жалаңаш денем дуылдан жөнелді. Жайшылықта әлдеқалай әндегіп, бетке, мойынға, ашық жерінде конғанын өлтіріп, қагып ұшыратын орманның ұзын аяқ, әрқайсысы бармақтай сары масасы жабылды-ай кеп! Қозғалар, қорғанар шама қайда! Ой кеп, ду-дуымды шығарып, жалаңаш денемді бұлқілдетіп қанымды сорды-ай кеп армансыз. Аздан кейін денем үйренді ме, ештене сезбеуге айналдым. Әдепкідегі денемнің дуылдан қышыганы басылғандай болды. Қаным таусылып бара ма, жалаңаш денем сезінуден қалды ма, көз алдым бұлдырап, төңірегімді көруден қалып бара жаттым. Сөйтсем қаны азайған денем күп болып ісіп, өзім тулыпка айнала бастаппын.

Мынандай қорлау мен адамды азаптаудың адамзат баласы біле бермейтін масқара түрін көріп, шыдай алмаған Асыл:

- Адамның баласы ғой, мал емес. Ең болмаса қол-аяғын босатындаршы, қарманып қорғансын, - десе:
  - Жұмысты өндіріп істейтін болады.
  - Арам қаны кетеді.
  - Қаны тазарған адамның жаны тазарады.
  - Жалқаулық та денедегі кесел. Оны соратын сұліктің бір түрі маса, - деп орманды басына көтеріп құледі жазалаушылар оған. Мынандай қорлауға шыдай алмаған Асыл:
  - Қазір өледі мынау! Қаны да таусылды. Масалардың бүйідей-бүйідей боп, әбден тойғандарының жарылып өліп жатқанын көрсөндерші. Айуан емес, адам баласы, аяңдар! - деп әй-шәйге қарамай мені таңған арқанды қыып-қыып жіберіпті. Асылдың мына дүлей өжеттігіне таңдана қараган жазалаушылар да ләм демепті. Мен бұл сәтте есімнен адаса бастагам.
- Бұл бұл ма, жан қинаудың әкесі кейінде еken. Күп болып тұлышқа айналып, ісініп долырған, қаны қашқан дene дуылдаپ кеп қышыды-ай енді. Жанды қояр емес. Мың ине боп қадалып, жалаңаш денеге жабылған масаның уы кайта қозды ма, жанымды қөзіме көрсетті. Өзімді-өзім жұла бастадым. Байлаудан босаған екі қолым денемде ойнады. Өз терімді өзім тырнақтың еркіне бердім. Баска не лаж бар. Лезде қан жосам шықты. Сасканымнан от жағып, қаси-қаси терісі жыртылып қаны шапшыған денемді шоққа қактадым. Аз да болса дуылдаپ қышығаны басылғандай болғанмен, қандауыр боп қадалған маса найзаларын сүйегіме жеткізген бе, оттан кетсем-ақ кайта қоза жөнеледі. Сол сәттегі, сол құндердегі қиналу мен акылдың жан сактар лаж таппай шырылдағанын тілмен айтып жеткізу мүмкін емес. Көкке ұшып, жерге түсем. Қанбақ боп домаланып, курай боп сынам. Өзімді-өзім жыртқыштай жұлып жеп қойғым да келеді. Ку жанның тәттісі-ай!.. Шайтанкөз тергеүшінің тырнақтың көбесіне, адамның ең нәзік жанды жері үрпіне ине тығып қансыратқаны, бір сәттік пе, мынандың қасын-

да түк еместей бол кетті. Адам жанының азапқа қөнбістігін сонда көрдім...

Өздері қолдан жасап, жан төзбес азапқа салып койған жа- залаушылар жұмыстан калдырмайды. Басына найза ма, пышак па қондырган мылтықтарын кезеніп, алдына салып айдал шығады. Жаны бар адам еді деп аяу, мұсіркеу жоқ. Менің өлердегі мүшкіл халімді жақсы білетін Асыл бір күні:

- Қылыш! - деп аз-кем бетіме қарап отырды да, - шыда! Не болса да көніп бақ! Рухқа сиын! Сен өзіңнің кім екенінді біл! Тегіңді жасытиа! - деді.

- Иә, - деп жанымды қоярга жер таппай отырған қалпымда сұраулы қарадым.

- Сен жай пеңде емессің! Атакты Көкбөрінің ұрпағысың, - оның ойын боліп:

- Көкбөрің не? Ол да адам ба? - дедім.

- Адам! Адам болғанда қандай! Құдай жаратқан жан иесінде одан озған төзімді, батыр, кекті жаратылған уытты жан болды ма екен, сірә да! Мына опасызың өмір одан басқаны білмейді! Білмейді, - деп дауыстаң қатуланып кетті ол.

- Кекті! Батыр! Уытты, төзімді! - оның әр сөзін қайталап, ызадан булығып бетіне таңдана қарадым, қолым тырнай-тырнай қотыр болған денемнен босамай.

- Береке тапқыр-ау, сен оны білмейтін бе едін! Мәссаган! Міне, міне, - деп жерден жеті қоян тапқандай аяқ асты жайран қағып, - мына өмірге кімдер келіп, кімдер кетпеген. Күн сайын өзіміз қызып, бұтақтан, өзенге ағызып жатқан бөренелер сияқты талай дүрлер өмір ағысында қалқып откен. Соның бірі, біре- гейі де осы екеуіміздің түп атамыз - Кокбөрі!

Откен дәүірлерде де, дәл осы бүгінгідей адамзат бірін-бірі жаулап, қырып-жойып, әлді-әлсізді жанишып дегеніне жеткен. Сондай бір шайқаста біздін бабаларымыз жауларынан жеңіліс табады. Женғен жау бір тайпаны түгел қырып, мал-мұлкін ол- жалайды.

Дегеніне жетіп, ойындағысы болған жау шабылған елдің жүртүнда тірі жалғыз қалып бара жатқан ер баланы көріпті. Сонда әбден мейманасы тасыған жаудың көсемі:

- Өлтірмендер! Тірі қалсын! Бірак, қол-аяғын шауып тастандар! Өлсе де корлықпен өлсін, - деп үкім етіпті.

- Қол-аяғын шауып, - деп төбе құйқама дейін шымырлат, дуылдаған денемді қышына қасыған мен шыдай алмай сөзін бөлдім.

- Тыңда! - деді байсалды қалпын сактаған Асыл:

- Үкім орындалады. Жас баланың екі қолы, екі аяғы шабылады.

Асылдың әр сөзіне жаным шығып, арты не болар екен деп ентелей түскен мен:

- Өлмегенде несі қалды оның енді? - деп қалдым.

- Шыда! Тыңда! - деп дауысын көтерген ол:

- Кеудесінде шықпаған жаны ғана бар баланы рақымсыз жау, өзі де өлер деген оймен халқы қырғынға ұшыраған бос қалған жүртка қалдырып кетеді.

- Апырай, ә, - дедім тағы шыдамым үзіліп.

- Аз сабыр сақта! Бұл ғасырлар бірден бірге айтылып, шырагы сөнбей, бүгінгі бізге жеткен шындық. Қозғаларға қол-аяғы жоқ, кеудесінде шықпаған жаны шырқыраған бала елі қырылған жүртта аңырап қала береді.

Арада канша мезгіл өткенін кім білген. Тауларды құнірентіп, ормандарды сыңсытып жылатқан, шырылдаған дауыс далаңы басына көтерген қол-аяқсыз балаға бөлтіріктері өлген бөрі келеді. Бірнеше күн бе, апта ма, мезгіл-мезгіл аймалап сорып еметін күшіктері апattан ба, жауынан ба қырылған ана бөрінің желіні жарылардай бол сыйдал жетіпті сонда.

- О, құдіреті күшті Құдай, бір өзіңе осындауда жалбарынбағанда қашан, кімге жалбарынам, - деп жыртық шалбарынан тізесі көрінген Асыл тізерлеп отыра қалды да, - Құдіретіннен айналайын, Құдірет, Қекбөрінің сонда ракымын түсірген

озіңсін! Өзің! - деп дауысы естілер-естілмес күбірлеп бетін сипады.

- Иә! - деймін дегбірім түгесіліп, енді не болар екен деп үздігіп мен.

- Қол-аяғы жоқ, тек аузы ғана жылаумен ашылған баланың үстіне түскен ана борі талтайып кеп емшегін тосыпты. Неше күн ему көрмей сыздаған емшек аузына тиғен аш бала да сыздаған емшекті солпылдатып сора беріпті, сора беріпті...

Біз қасқырларды дала тағысы жыртқыштар дейміз-ау! Жыртқыштарда да мейірім, жанашырлық болады екен. Сол жыртқыш бөрі, ана бөрінің емшегін емген, домаланған жан иесі өлмей тірі қалады. Асыраушысы бөрі. Бірте-бірте өлмеген жан кемелденіп өседі. Бірақ, аяғы жоқ жүрмейді, қолы жоқ ештеңе ұстай алмайды. Сөйлейтін тілі ғана бар. Өлмеген жан бөрі тірлік кешеді, - деп ойына тағы не түсті, тағы не айтқалы отыр. Тұнеріп отырып-отырып: «Біздін түбіміз - сол, содан тарадық, - деді де - сенің пірің, түпкі теғін сол Көкбөрі уызын емген жан! Бөрі міnez батырлық, мәрттік, кектілік, қайсарлық, не касірет қындықтан тайсалмайтын ерлік содан тамыр тартқан, - ол бойын жинап, шалқая карап, - эне, өжеттік, мәңгілік өлмейтін өмір!» - деді.

- Мұныңыз...

- Күмәнданба! Мен тарихты зерделеуге бар өмірімді сарп еткен кісімін. Бұл айтқаным - шындық! Нақты бұлтартпайтын деректерге жүгінем. Ол көсіле сөйлеп біздің жыл санауымыздан қаншама ғасырлар бұрын тастан қашап өлмес-өшпес мұра қалдырды олар. Өзі сөйлеп, сол өткен дәуірден тіл қатқан ес-керткіштер бар.

Қазірде сол екі қол, екі аяғы жоқ, шалқасынан жатқан мүгедек шалажансар баланың үстіне түсіп емізіп түрган тас мұсін бөріні ешкім жоққа шыгара алмайды. Қиял деп де айта алмаймыз. Әлдеқалай еріккеннің ермегі үшін жасалған деуге қарсы дәлел жоқ. Сол тарихи жәдігердің кейде жыр болып, естелік

болып, шежіре болып таста жазылып қалған нұсқасын оқысан өмірге қайта туасың! Эне, накты бұлтартпас деректер! Тарих ата сөзі! Ендеше, біз өлім дегенді білмейтін мәңгілік тектіліктің үрпағымыз. Мейлі масаға талатсын, қанымызды сорсын, мейлі болат қапта азабына салсын, үрпінді тессін, отқа жақсын, көкбері нәсіліне өлім жоқ! Олар мәңгілік өмірдің төл баласы! Оның үрпағы дәуірдің мәңгілік өлмейтін әділет ұраншысы. Әлемге келешекте аты жайылған ұлы ел болатыны да сөзсіз! Шыда! Сол күнді тос. Қылышым! - деген.

Асыл менің көз алдымда тек киялда, аңыздарда ғана өмір сүретін өмірде болды, болады-ау дейтін үғымдардан әлдеқайда алшақ жатқан шындық әлеміне үш қайнаса сорпасы қосылмайтын қиял ғажайып болмыстарды тірі, осы қазір көз көргендегей етіп жайып салды. Сол тұста өзі де сан құбылып, не қылы жанкешті азапты дәл қазірде басынан кешіп отырғандай, не месе сол киян-кескі сұрапылдың тағы да қайталауын дәлмен дәл күткендей бейнеге сан түсті. Бірде терлеп-тепшіп су бол ағып, бірде отка қақталған темірдей балқып, қас-қағымда мұз бол қатып сұрлана қалады. Адам жанының осыншалық төзім мен теперішке түсіп, тес пен балғаның арасына түскен темірдей жаншылып, лезде болаттай қатайып, балқымадан құрышка айналғанын кім көріпті.

- Ей, Қылыш батыр, - деп үніне өзгеше өкпек желдей ызғарлы, дүниенің дүр сілкіндірер жасын жарқылын шақырган зор қуат жинап, - сен де менің көрген азабымның көбіне ортақ бопсың, - ол қашанда басынан тастамайтын ұстай-ұстай қолдың тері, майы сіңіп, кап-кара жылтыр былғарыға ұксал кеткен биттін қабығындај җұп-жұқа телпегін сыйырып алды да, - Қара! Қарашы мына басқа! - басын пәлегінен жаңа ғана үзіп әкелген асқабақтай, жалтыратып алдыма тосты. - Көр! Осы өзі алдымен, мына сен көрген түрінде, адамның басына ұқсай ма екен. Әбден көріп ал. Бұдан кейін бұл басты «қайта көрсет» деп мың жалынсан да көрсетпеймін. Анықтап қара! -

деді де шөңкедей басын тез көтеріп, әлгідегі қара қайыстай жұп-жұка айнала жиегін созылмалы резенкемен жөргемдеген тел-пекшени лып еткізіп төбесініе жауыш алды.

Ак құба жүзі суыған корғасында тоназып салқын тартты да, айбарлы қара көзін ұзын кірпігіне жасырып енсесін көтеріп, иығына кезек шайқалып, жауырынын жазып шалқая көзге көрінбей келіп өзін айқасқа шақырган біреумен жекпе-жекке шығуға ұмтылған жандай екі жұдырығын түйіп құшагын кен-інен аша берді.

Алыш дүние-ай, өмір-ай, ауды да алыш соғатын мына кеудемді талай қынсылаған күшігендердің ұласының табанына таптаттың-ау! Әттең! - ол әлгіден де биіктей түсіп, шоқтығын тіктең:

- Ал, сен айтшы, - оң саусағын самайына тигізіп, - мына қауақ бастан не көрдін? Не бар еken мына баста? - деді дауысы гүр-гүр шығып жүзі күренітін кетті.

Мен әлгіде ғана алдыма төңкөріліп отқа күйген терідей қырыс-қырыс, актаңдақ-актаңдақ боп ойылып-ойылып қалған басты көзіме қайта елестетіп, «мұндайда адамға соншалық үлкен, бірак ит жалағандай алабажақ, отқа қақтағандай тырысып, қырыстанып, сай-сайы шықкан бас біте береді еken, ә?» - деп ойланып қалдым. Оның сауалына жауап іздел, оның басының қасында шақшадай басымды не дерімді білмей сипала-на бергенімде:

- Е-е, азаматым, сен менің сауалыма жауап іздел сабылмай-ак қой, бұл баста сыр да, жыр да жетеді. Мен өзім-ақ, - деп сөзін бастап кетті. - Бұл адамзат тарихында не болмады. Джордано Бруно сиякты ғұламаларды да ғылымда тенденсі жоқ жаңалық ашқаны үшін топастар ғылым дегеннің не екенін ешір хабары жоқ түнек дүниенің билеушілері отқа жақты. Жоқ етті. Бірақ, онымен сонау көк аспанның көгінен төғілген күннің нұры қандай болса, жер бетінде жасыл әлемді жайнатып, бір Алла-ның әмірімен дүниені түрлендіріп жатса, одан кейінде сол бір

кезде топастар құрдымға батырған жаңалық, ғылым ілгери дамып адамзат игілігіне қызмет етуде, - Асыл манағыдай емес, екі бетіне қан жүгіріп, қара көзі шоктанып, қоңілі жадырап сойлең берді.

- Ал, мына бас жайына оралсак, бұл жанды жеген, қиямет-қайым дейтін, тозак дейтін от пен оқтың, азаптың күесі. сол тірі жанды атымен-ақ шошытып, үрейін ұшырган сүмдышты қөзі көріп, қүйкасына дейін күйдіріп шашын жүлғызып, терісін арса-арса тілгілең, не сұрапылға төзген құйма құрыш, кәдімгі алып зауыттарда балқытып, бірнеше дүркін қайта-қайта сүзгіден өткізіп, жеріне жеткізіп, сүнн тауып әбден анау-мынауға сынбайтын, тіпті оқ теспейтін болат қаттылыққа ие болған тірі құрышың да осы, - ол мына әңгіме тұсында бұрынғыдан қатуланып, ірі денесіп бекітіңкіреп қас-қабагы түйіліп, орнында нығыздала қозғалып, - адам баласы өз басынан қашла киянат пен қыннышылықты кешсе де, оның зорлық, зомбылық екеніне қөзі жетіп, оны туғызған себеп-салдарды толық зерделей алса, ешқашан өмірден түнілмек емес. Зорлық-зомбылық көруге өзі себепкер не кінәлі айыпты болса, ол не қиянатқа да тәнті болмақ. Ал, жазықсыз жәбір адамды әрқашан ақ жолга, күреске, кияннattan шығатын жол іздеуге шакырады. Мен осы соңғы тағдырдың иесімін. Бар жазығым - ұлтымның ар-на-мысын, тарихын, өткенін, басынан кешкенін қаз-қалпында ешбір бүрмасыз хатқа түсіргенім. Туган халқының ғасырлар койында жатқан асыл қазынасы бір Құдай қанына сіңірген ерлік, батырлық, жомарттық, тағы басқадай өзге жүрттың тінді қанында да, сүйегінде де жоқ касиеттерді бойына сіңірген, елі-жері үшін жанын пидә еткен ерлері туралы деректерді тарих сахнасына шыгарғаным.

- Ей, кеудесінде жаны бар пенде, оны сен де біліп ал, миыңа тоқы! Біздің халқымыздың тарихы өте бай. Ол - ғасырлар бойы өзінің еркін өмірін басқаның құлдығында болмауды қанымен де, жанымен де корғап, алысты, сол жолда не құрандаңықтар-

ды бастан кешіріп келе жатқан, өмірі ерлікке толы жауынгер, батыр халық. Үрпактар өмірінде өшпес із қалдырган, біз үшін күні кеше деп айтылып келе жаткан халықтың басынан өткен қыргын - «актабан шұбырынды, алқакөл сұлама» қанды сойқаны нені көрсетеді. Бұл адамзат тарихында өшпес орны, ізі сайрапи, мәнгілік гүйн көтерген бір ұлтты жер бетінен жойып жіберуге үмтүлған жыртқыштықты қайсар ерлік, батырлық қүшпен жанпида құреспен женіп, тіршілігін сақтап қалған халық. Мен өз зерттеулерімде сол шындықты, мәнгілікке ұластырган халықтың тарихын, оны жүзеге асыруши ерлер өмірін халық зердесіне қайта тірілттім, - асыл демі таусылғандай шерлі көкірегін керіп, дем алды да - Құса ғой бұл, таусылмайтын құса! - деп кідірді. Кере қарыс маңдайын жалпақ алақанымен сипап отырып-отырып - жүректегі шерді айтпасаң шықпайды. Ол өзінше жатса сасып-бұксіп, басқа ағзаны шірітеді, бүкіл жан дүниенде бұзады. Солайда не айтып кет, не жазып кет. Мүмкін болғанынша ауыздан-ауызға, құлактан-құлакқа жетсін. Елге тарасын, үрпактарды халық қасиеттеріне тәрбиелейтін, олардың бойында біз халықпаз деп мұқалмас қайрат мақтанды сезімін ояттын, сол үрдіске үндейтін, бабаларындай болуға баулитын мұрагерлік дара мінездерді жариялау, әрине, казіргі билеушілерге жақпады. Оларша жер бетінде бір ғана ұлы халық бар, бір ғана жауынгер ел бар, бір ғана халықтан не жақсы дәстүр, батырлық, тіпті ақындық, сөз онері, ұлттық асқақ біліктілік тек сол ұлттан ғана бастау алады.

Басқа халық солардан үйреніп, күннің күн, айдың ай екенін, жердің жер екенін таныған оларда адамзаттық тарих жоқ, - дейді осы жерде шөңкедей екі иығы зорға көтеріп отырган басын қайта-қайта шайқаған ол, - бұл қате тұжырым. Басқа халыкта да асқақ тарих бар. Ол былай болған, - деп шындықты айтқан мына басты, міне торға камап таstadtы. Сол үшін мына басты қаниша азапқа салды.

- Атағым дүрілдеп, аймақтан асып, дүниеге тарай бастады. Ұлт тарихын, оның өткендеңі ерлік өмірін жан-жакты зертте-ген еңбегіме деген ықылас бүкіл зиялды қауымды тәнті етіп, шындық, ақиқат жаңа қырынан танылып, өз багасын алды. Бір ғажабы - билеуші құрылыштың өзі табынып, атақ-данқын адамзат алдында асырып отырган ұлтты әлемде теңдесі жоқ қаһарман, дара жаратылысты көсем халықтың ғылыми әлемі бір ауыздан макұлдан, менің докторлық диссертациямды аса бағалы ғылымға қосылған жаңалық деп жатқанына қарамас-тан маган кері көзқарас қалыптасты.

- Ей, Қылыш батыр, бұл қанша тәптіштеп айтсам да, тау-сылмайтын және сен оп-онай түсіне коятын хикая емес. Оны бір сөзben айтсам, сен ұлтыңды асыра мақтап, болмаганды болдырдың, сенің ұлтың ондай, қабілет, ерлікке лайық емес. Ол - тек ұлы халықтың арқасындаған дүниеге көзін ашкан ел. Былайша айтқанда, қара тобыр. Сен солардың арасынан шыққан бұзакы, баскесер. ұры-қарыларды теңдесі жоқ батыр. данышпан, көсем еткің келеді. Сол арқылы қара тобыр халқыңды мадақтағың келеді. Сол үшін... Сол үшін... сен, - Асыл көзін бір нүктеге қадап отырып қалды. Қүректей алақанын мандайына басып, танауы қусырылып демігіп кетті. Мына отырысында қазір жарылып кетердей ыза-кең буган түр бар.

Менің көз алдыма арса-арса су жыртып тілімдеген жыра-лардай оның басы қайта келді. Байқаймын, Асылдың ішінде бүрк-сарқ бүрқасын жүріп жатыр. Содан да сырты мұз бол қатып, қанын жұтып отыр. Дәу құж-құж басындағы сімілтір қара телпегінің жиектелген резинкасынан тырнағының ұшымен жіберіп-тартып, шетіп-шертіп, қатты обып ішіне ауа жүтті да:

- Иә-ә, бұл бастың тағдыры таусылmas әңгіме. Бастан өткенді басқа емес мына тілім-тілім ит жарғак бастан өткенді айтайын ба? Оның, бірақ итқорлық екенін күні бұрын ескертем, оған өзің, өз тағдырың да куә. Шошыма! Бұл тағдыр мазағы деғеннің не екенін сонда түсінесің! Күні бұрын айттарым - ақиқат. шын-

дық деген күдіретті өлтірер Құдайдан басқа күш жоқ! Ол кіжініп кетті - кейбір доныздар, иә, доныздар, шындықты құрзімен ұрып өлтіремін, тарих доңғалағын кері шегіндіремін деп жүр! Олар, түптеп келгенде, ақиқаттың әділет сотының алдында ертең-ак карабет боп отырарын білер ме екен! Апат боп жан-ған орттің сөнбеуіне сене ме?! Мәңгілік азап өрті жоқ! - ол жан-жағынан қарманар бірдене іздегендей аласұрып, орнынан копарыла тұрып, қайта отырды. - Ей, егер сол сүмдыш дүниенің тасқайрақ диірменін тұтқасын бес минөтке ұстасса ма, шыркөбелек айналдырып лактырып, күл-талқан етер ем! - ол сакылдай күліп, - міне, дана халқымның осындайда «іш қазандай қайнайды, қолдан келер дәрмен жоқ» дейтін кеменгерлік сөзі есіме түсіп, ақылымды қайта табам. Шіркін-ай бір ғасырдың жүргін бұл дүниенің тауқыметін бір ауыз сөзben түйіп, адамды не қылыштырып болашақ атты пырактың шылбырын ұстасып қоятын ойшыл халықты да түсінбейтін топастық, оның даналығын мойындармайтын зымяян надандық та болады екен-ая! Сол шындықты айтамын деп комейден тіл суырылып, бастан құйқа тілінді.

Асыл манағы бір кездегі тас мүсіндей кейпінен қалыпты бейнесіне келіп, байсалды бапты әнгімесіне көшті.

- Мына өмірде Құдай жаратқан жан иесіне Құннің нұрынан асыл қасиет бар дегенге еш сенбе! Оның не қасиетін көзben көріп, қолымен ұстагандар сенбейді. Мына аждаһа боп өмірді шенгелінде шыңғыртқандар Алланың сол жан иесіне берген ұлы сыйынан да мақұрым етті емес пе! Менің күнәм да, кінәм да шындық үшін алысқаным. Сол үшін мені қырық күн тас қараңғы камауда ұстады. Жарық дүниеге шыр етіп жанарының отын жаққан пендеге Құннің нұрынан ажырап қалудан асқан тозақты Тәңірім жазбасын. Аттай қырық күн! - Ол желкесін қасып, - соншама күннен кейін, әрине, мен оны кейін білдім, ол көзін оқала шаққандай сипалап кетті де - тас қараңғыдағы өмірді елестетші, не болар екенсің! Азап! Азап азап емес

- тозақ! - деді де, - мені сонда түпсіз терен тұңғылық па, әлем дейтін түсініктегі дүниеден қолыма ілігер, не мына денеме тиіп пәниде табаныма тұғыр, тәніме сүйеу болар түк таптай шым батып бара жаттым. Жоқ, бір белгісіз мәніреу шынырау жұтып жөнелді. Көз алдындағы жарқырап жанып тіршілікті ана мейірім, ана шапағатымен аялай бауырына емірене басқан. Құннің жарығы жалп етіп сөніп, караңғылық басып алды. Қозғалып, қарманып, жан-жагым, өзім жатқан жербесікті тіптікілеп, жанталасып кеттім. Қол-аяғым... иә, қол-аяғым су тиген қаракұрттай қозгалмай қалыпты. Қеудемде жаным барын жүргегімнің дүрсілдей соғысы ғана білдірді. Қозғалыс жоқ. Дәл сөл сәтте жүрегі бар, сол арқылы тұл денесіне кан жүгірген тас мұсін бол кеттім. Аузым тығындалған ба, мұрныммен ғана дем алам. Ей, дүние-ай, ойбайды салып, әлемге әнді бергендергі адамдық қасиетті қастерлейтін адамзатқа мұнымды мына зорлықпен көрген қорлығымды паш етіп, бар дауысыммен айқайлағым келді. Жанымды құрбандыққа шалып, ақтық демімді жұмсан, қарабет құрылыс жәбірлеууші тозақ қоғамның бет пердесін жыртқым келді. Бірақ, ол арман екен. Тек басымның ішінде, миымның ғана астан-кестең киял шатпағы бол, түн-түнек құшагында үнім оше берді. Құлагым естиді. Тырс еткен дыбыс маган ұлкен дүмпу, әлемдік жарылыс сияқты естіледі. Егер бейнелеп айтсам, қеудесінде жаны бар қозғалмайтын көрге түскен қара тұнектегі кара таспын. Құдай жаратқан пенденің дәл өзіндей сойлейтін, өзіндей күлетін, өзіндей тіршілік ететін, ойлайтын, өмір туралы түсінігі бар, тіпті бала-шага өсіріп, махаббат сезімін басынан кешіп, Құннің нұрын сүйетін адамдардың, өзін адам санайтындардың мына қатыгездігі қазір жанымды ғана тірі сактап, әдейі осындағы азапқа салып койды. Мені қайтсе де мойытып, айтканына көндіріп, айдауына жүретін, мұрның тесіп темір откізген өғіздей етпек. Мен олардың ырқына көніп бүкіл енбегімді жалған, мына қоғамдық құрылыстың беделін түсіру үшін, өз ұлтымның атағын шыгару үпін,

болмағанды болды, жоқтан ерлік, батырлық туғызып, халықтың жаулары ұры-қары, мансапқорларды мадактаған жалған тарихшымын деуім керек. Жок! Жок! Олай емес. Аспанда Құдай жараткан күннің бары оның жалғыз екені қандай ақиқат болса, менің зерттеуімдегі шындық дәл сондай...

Әне, салдыры-гүлдір темір есік ашылды, әлгі мен арманда жаткан қол-аяғым байланып, тас бол қатып жаткан менің есігім... Құдіретім-ау, рас па, мені біреу іздеп келді ме?! Көзімді бакырайтып ашамын кеп. Көзіме түк көрінбейді. Сол түпсіз караңғылық. Енді пайымдадым. Көзім таңулы екен. Қол-аяқ...

- Бұған тамак беруге болмайды. Жағы қарысып жата берсін. Аудар бері! - деген өктем дауыс жетті құлағыма! - Сал құйрығына әлгі уколды. - Денем шымыр етіп, тәніме ине қадалды. - Осы да корек! Өлмейді, өлтірмейді иттін баласы, жатсын солай! Енді ме, енді мұның шыдамын үземін. Алдында мөнтендетемін.. Қорейін қайсар жаратылған батырдың тұқымын. Ха-ха-ха!...

- Е, құдіреті күшті Құдай, осы ма еді қөрсетерің! Әлде өзіңнің қаһарына ұшырадым ба? - аздал мойып көңілім босады. Бірак, болғанға болаттай болу деген қағида бойыма тың қуат бітірді. Әлгілер шыға беріп, - Эй, осы мізбакпас мына қара көрде жатқалы неше күн? - деп сұрады бірінен-бірі.

- Қырық күн!

- Қырық күн?!

- Онда ертең жарыққа шыгарып мұның қызығын көрейік, - деді бірі...

Ол күн менің есімнен мәңгі кетпес. Сенің жаналғышың шайтанкөз болса, тергеушіні айтамын, менің жаналғышым жыланкөз еді. Тесіліп қараганда, аспандағы торғайды арбап түсіретін аждаға жыланның көзіндей сыйырайған көзінде біздей өткір от жанатын. Мен ол тесіле қараганда кірпігімді қақпай бетіне карсы тесіле қалатынмын. Дегенмен қолында оқтаулы мылтығы бар жауыз мені едәүірден соң жасытып женетін еді. Ішімде от жанып, шіркінді жұтып қойғым келер еді. Әттең...

Мені қапқа салып әкелді ме, арбамен сүйреп келді ме, дәл сол жері қазір есімде жок.

- Аш, көзін! - деген жауыздың қаһарлы үні дәл қасымнан естілді де мәндай терімді сыйрып түсіргендей бір қимыл болды. Әлем жарқ ете қалды. О, құдірет. қүннің сүт сәулесі! Сүт сәуле! Алдымға төгіліп, актарылып кетті. Кірпігімді қарып, жаңарым ұялып, көз алдымға найзагайдан жасын ойнағандай қас-қағым сәт дір-дір толқыды. Аппак нұрға шомылып кеттім. «Алла Тағала сыйлаган қүннің нұр сәулесі сені де көретін көзім. сезінетін санам әлі тірі екенсін-ау» деген ашы да сүйкімді ой жанымды аялап, жүре берді. Жүйке-жүйем босап, қаншама құндер азан бұғауында отырганда босамаған жүйкем сөгіліп, көзімнен жауым алдында бұршақ-бұршақ жас төгілді. Егіліп кеттім.

- Тәйт! Тексіз неме! Жылама! Көрсетпе көзіңің жасын! - деп жыланқоз айқай салды.

- Доңыздай бақырма! Мені жасытқан сен емес, қүннің нұры! Нұрдан садаға кет! - деп шаңқ ете қалдым.

- Ә-ә-ә! Солай ма? Шашың да жабағы боп кеткен екен. Әй, - деп біреуді шақырды да:

- Мұны жер-көкке сыйғызбай жүрген басы ғой, басы! - қайда манағы, - деп қайта дауыстады. Әй-шәйға қаратқан жок, бұйра шашымды, өзі де едәуір өсіп, жуылмай киіз боп қалған екен, тұтамдай буып, бұрымдал жатқан көмекшісіне «іл анаған» деді. Сол сол-ақ екен шәнгеккө ілінген мойынның созылып, жұлын тұтам үзілердегі халде көкке асылып, аяғым жерден көтеріліп кетті. Адам баласының жаны да иттің жанындағы қорлыққа көмбіс болар ма?! Сол халде шашымнан асылып қанша тұрғанымды білмеймін. Есімді жиганда басымның шашсыз түбінен сөгіліп, терісінің жұлым-жұлым болғанын білдім, сонда неше күн азап шектім. Есебі есімде жок. Кеудеде шықпаған жаным шырқырайды. Шағынып, мұнымды айттар тірі жан жок. Төңірегім: «Сен жаусың! Сен Кенес үкіметіне, бүгінгі күрылы-

болмағанды болды, жоқтан ерлік, батырлық тұғызып, халықтың жаулары ұры-қары, мансапқорларды мадактаған жалған тарихшымын деуім керек. Жоқ! Жоқ! Олай емес. Аспанда Құдай жаратқан күннің бары оның жалғыз екені қандай ақиқат болса, менің зерттеуімдегі шындық дәл сондай...

Әне, салдыр-гүлдір темір есік ашылды, әлгі мен арманда жатқан кол-аяғым байланып, тас боп қатып жатқан менің есігім... Құдіретім-ау, рас па, мені біреу іздеп келді ме?! Көзімді бақырайтып ашамын кеп. Көзіме түк көрінбейді. Сол түпсіз каранғылық. Енді пайымдадым. Көзім таңулы екен. Қол-аяқ...

- Бұған тамак беруге болмайды. Жағы қарысып жата берсін. Аудар бері! - деген өктем дауыс жетті құлағыма! - Сал құйрығына әлгі уколды. - Денем шымыр етіп, тәніме ине қадалды. - Осы да қорек! Өлмейді, өлтірмейді иттің баласы, жатсын солай! Енді ме. енді мұның шыдамын үземін. Алдында мөнтендетемін.. Қорейін қайсар жаратылған батырдың тұқымын. Ха-ха-ха!...

- Е, құдіреті күшті Құдай, осы ма еді көрсетерің! Әлде өзіңнің қаһарына ұшырадым ба? - аздап мойып көңілім босады. Бірак, болғанға болаттай болу деген қагида бойыма тын қуат бітірді. Әлгілер шыға беріп. - Эй, осы мізбақпас мына қара көрде жатқалы неше күн? - деп сұрады бірінен-бірі.

- Қырық күн!

- Қырық күн?!

- Өнда ертең жарыққа шығарып мұның қызығын көрейік. - деді бірі...

Ол күн менің есімнен мәңгі кетпес. Сенің жаналғышың шайтанкөз болса, тергеушіні айтамын, менің жаналғышым жыланкөз еді. Тесіліп қараганда, аспандағы торғайды арбал түсіретін аждаға жыланның көзіндей сыйырайған көзінде біздей өткір от жанатын. Мен ол тесіле қараганда кірпігімді қакпай бетіне карсы тесіле калатынмын. Дегенмен қолында оқтаулы мылтығы бар жауыз мені едәуірден соң жасытып жеңетін еді. Ішімде от жанып, шіркінді жұтып койғым келер еді. Әттен...

Мені қапқа салып әкелді ме, арбамен сүйреп келді ме, дәл сол жері қазір есімде жоқ.

- Аш, көзін! - деген жауыздың қаһарлы үні дәл қасымнан естілді де мандай терімді сиырып түсіргендей бір қимыл болды. Әлем жарқ ете қалды. О, құдірет, қүннің сүт сәулесі! Сүт сәуле! Алдымға төгіліп, ақтарылып кетті. Кірпігімді қарып, жаңарым ұялып, көз алдымға найзағайдан жасын ойнағандай қас-қағым сәт дір-дір толқыды. Аппак нұрга шомылып кеттім. «Алла Тағала сыйлаған қүннің нұр сәулесі сені де көретін көзім, сезінетін санам әлі тірі екенсін-ау» деген аңы да сүйкімді ой жанымды аялап, жүре берді. Жүйке-жүйем босап, қашшама күндер азап бұғауында отырганда босамаған жүйкем сөғіліп, көзімнен жауым алдында бүршак-бүршак жас төгілді. Егіліп кеттім.

- Тәйт! Тексіз неме! Жылама! Көрсетпе көзіңің жасын! - деп жыланкөз айқай салды.

- Доңыздай бакырма! Мені жасытқан сен емес, қүнипін нұры! Нұрдан садаға кет! - деп шаңқ ете қалдым.

- Ә-ә-ә! Солай ма? Шашың да жабагы боп кеткен екен. Эй, - деп біреуді шақырды да:

- Мұны жер-көкке сыйғызбай жүрген басы ғой, басы! - қайда манағы, - деп қайта дауыстады. Әй-шәйға қаратқан жоқ, бүйра шашымды, өзі де едәуір өсіп, жуылмай киіз боп қалған екен, тұтамдай буып, бұрымдан жатқан көмекшісіне «іл анаған» деді. Сол сол-ақ екен шәнгекке ілінген мойынның сөзылып, жұлын тұтам үзілердей халде көкке асылып, аяғым жерден котеріліп кетті. Адам баласының жаны да иттің жанындай корлыққа көмбіс болар ма?! Сол халде шашымнан асылып қанша түрғанымды білмеймін. Есімді жиганда басымның шашсыз түбінен сөғіліп, терісінің жұлым-жұлым болғанын білдім, сонда неше күн азап шектім. Есебі есімде жоқ. Кеудеде шықпаған жаным шырқырайды. Шағынып, мұнымды айттар тірі жан жоқ. Төңірегім: «Сен жаусың! Сен Кенес үкіметіне, бүгінгі құрылы-

сқа карсы пәдері жансын! Сен ескі феодалдық, хандық құрылышты уағыздаушы сүмбырайсың! Сенің ендігі өмірің ит өмірі! Сен жалған галымсың! Сен халықты аздыруши, социалистік құрылышқа қарсы феодалдық-буржуазиялық қоғамды коксеуші арам ниетті жексүрүйсің!» - деп шулап тұр. - Осы айтылғандарды өз аузыңмен айтЫп, өз қолыңмен жазып мойында. Сонда ғана мойныңа ілшіген лағынет таңбасы алынады. Сонда ғана феодалдық-буржуазиялық қоғамның жалдамалы төбеті деген атақтан, онда да сот алдында акталуын мүмкін, - дейді.

- Жок! Мен ақиқаттың, тарихи шындықтың ғана құлымын. Мен халқымның басынан өткен тарихи ақиқатты ғана ғылыми айналымға түсірдім. Мен бір ауыз жалған, өмірде болғанды бұрмалауга жол бергем жок. Оны ғылыми әлем мойындағы.

- Ей, ессіз жалған галым, дүние жүзі халқы шындықты, адальдықтың жарышы деп таныған, оның әр сөзін Тәнірдін сөзі деп үккән бас газетте ел тарихын бүрмалаган сенің масқара әрекетіңің қалай бағалағанын көр, міне! - деп сол басылымды алдыма жайып таstadtы. Қоз жүгіртпің қарап өттім. Мынаңдай сүмдықты күтпеген жаным өртке түскендей, жүргім аузыма тығылды...

- Ей, неменеге мұның бетіне қарал мөлиіп отырсың! Ас аяғынан! Аузына еті құйылғанша тұрсын! - деген жыланқөздің өмірі қас-қағымда орындауды. Құрысын, ондай өмір! Бастың аяқ, аяқтың бас болғанын кім корген! Содан да өлмей калып, міне сенің алдында сайрап отырмын. Эрине, түптің түбінде жеңіс біздікі. Бірақ сол жеңісті, әділеттің, құннің нұры сүйген, асқақтап мәнгілікке желбіреген туын кореміз бе, жоқ па?! Ол құн қашан келеді. Қашақ құн, ай, жыл бар оған. Мәселе сонда. Бірақ, ондай жарқын құннің көзіңмен көреріне, ракат қызығына кенелеріне күмән жок! - деп бүкіл денесі шабыттан қозғалактаған Асыл, - әрбір азаптың, нақақтан тарткан кияннаттың рақаты, қуанышы болатыны сөзсіз. Өйткені біздің адамзат, ақ ниетті адам баласы алдында, туған ел жер алдында зәредей

күнәміз де, кінәміз де жоқ. Жоқ! Біз періштеміз! Ал адалдықтың баламасы періштенің жазықсыз жаза тартуы мүмкін емес. Со-лайда, Қылышым, жасыма, түпкі негізгі жеңіс мына қолда, мына алаканда! О, Ұлы дүниені жаратушы Ақ тағала, ак тілеулі пен-дене рақымынды төкші!..

Ол солай деп толқып еді. Қазір сол гажайып жан қайда екен? Тірі ме, өлі ме? Әлде әлі де тамұқта ма…

Асылдың мына сөзінен кейін көз алдыма жаңа дүние, бұрын-сонды ойлап көрмеген киялымды, санамда болмаган әлем ашылды. Жаным жай тапты. Жүргімде сенім шофы жанды. Бүкіл денемнің қышығаны тарап, бойыма соны қуат келді. Ойда-жоқта қара жерден күш тапқан Антей батырдай алып болып жүре бердім. «Қол-аяғы жоқ тұлыш, қеудесінде соғып жатқан тірі жүргегі бар жан иесінің ұрпағымын мен! Оны өлімнен біржола құрып кетуден сактаған құдіреттің озі. Тілсіз мақұлық, жыртқыш қанышың бөрінің ана болып емізіп, ойда-жоқта ажалдан арашалап алып қалғаны рас. Ендеши, не киындық кездессе де, шыдауым, арпалысып жеңуім керек!». Осы ой мені өмірге қайта әкелді.

- О, ұлы касиетті жан сырым, жадым менің, осы айтылған болмыстың басы-қасындағы бір ғана күә озіңсін. Жалғаны, жансағы жоқ.

- Бәрекелді-і! Ерім-ай, қайта тіріліп, оянып ағымнан жарылам! Өмірде адамзат есімді ұлы әлемді, тіршілікті құңғентін, жанды қөзден қан ағызған киянат, қасіретті коріп, оған күә болудан асқан киыншылық жоқ ізгілікке! Ізгілік - тіршіліктің жаны. Оған да көрген-білгеніп жеріне жеткізіп айтып беру де оңай емес. Әлгіде Асыл айтқан сұмдық суретті елестетудің өзі азап. Эйткенмен ол… өмірде… болған…

Бармақтай-бармақтай ұрандастып азан-қазан шулаған ұзын яқ сары масалар сенің тыр жалаңаш денене жабылып мын ине қадалып кеткен еді-ау! Қаныңды солқылдатып шыныраудан шелекпен су тартқан қауғашыдай бұкшие сорған. Дененде

бір тал кірпіктей маса қадалмаған, маса қан сормаған бос жер қалмаған еді-ау сонда!

Күж-күж қаптаған маса! Жер-көктегісі шуласып сенің жалаңаш дененіді тапты. Эбден тойып, үзілген жүзімдей домалап түсіп жатқаны қаншама! Кейбірі құныға жүткан қанға шенбірек атып жарылып өліп те жатты. Жазықсыз жанның қанын сорған кішкене тажалдар да ара-арасында солай зауал шеккен. Бірак, әрине бәрі емес...

Сенің көрген корлығың әсіресе жалаңаш денене мың ине бол қадалып, тәнінді мың наиза болып тесіп жатқандағы шырқыраған ыңырыған жан дауысың құдіреттің де құлағынан кетпес. Қансорғыштар тұмсығынан денене тараған удан көрген азабын, қара бакайынан төбендегі бір тал шашына дейін дұылдан қышығанда жаныңды қояр жер таптай, отқа қақтанып, егер қолында от капшық болса ішіне кіріп кететіндей болғанына қуәмін. Бірак, сен сенімінді шындаудың, содан да жазықсыз көрген азабың зауалсыз кетпеді.

- Қылыш, көкбөрінің үрпағы мәнгі өмір сүреді. Бұл дүниенің қысасы о дүниеге кетпейді. Мына дүниені тұмшалаған қара тұман сейіледі. Жан-жағындағы тор үзіледі. Төбенде күн, атырабында гүл жайнаған бақытты шақ та келеді. Соған жет! Өзінді бекем, белінді берік ұста! - деген Асыл тарихшының сөзі...

- Иә, иә, оның даналық сөзін неге ұмыттайын. Соның сөзінен кейін маган мынадай ой келген. Әрине, оны жақсы білесің, бірақ білсөң де аузы күйген үрлеп ішеді, білгенінді басқага жария ету сенде жок. Көбін үнсіз тек көріп кана тындаумен өтесің!

Сонау жылдардағы Тасмаңдайлардың қолымен атылып, мылтық болып келген үкімет енді өзі де, елді зорлық уысында ұстаудың қаһарлы тежеусіз құралына айналды. Адамды мал, тілсіз жануар орында айдауына, айтқанына көндіріп, тілсіз мылқау, кеше, тек бұйрығын естуге құлағын, қалай, қайда жүргүгө көзін, жүріп-тұруға аяғын ғана қалдырып өз дегеніне жетті.

Тірі малды сою үшін аяғын буып, бауыздамаушы ма еді. Сөйгасын жіліктеп бұзып, балталап шауып қазанға асатын. Бұда сол! Кімді қай күні ұстап, соттап, қай күні атып, асып жок ету еркінде!

Міне, осыны Асыл тап басып, зердеме, санама жеткізді. Қолаяғы жок тұлып та, тіршілік етіп, артына үрпақ қалдырды. «О, Көкбөрі! Өлмес рухынмен жебей көр!» - деп сыйындым, оның сезінен кейін мен оны қуат тұтып. Белімді мәрттік белбеуімен шиелеп будым. Сонау бір азапты құннен кейін сойлемей тілсіз, естімей құлақсыз қалған қалшалығымды өзің ғана білесің, жан серігім, Жадым менің!

Содан бері қанша жыл не қасірет басымнан отсе де, жагымды ашып сойлемей, басқаның сезін естіп оғырса да естімей келем. Ішімнен өртеніп, күйіп келем. Мен де бір калың өрттің ортасында жанбай қалған жалғыз қайын сияқтымын. Мигұла атандым. Мейлі дей берсін. Менің де таңым атып, сайрайтын құнім келер...

Бірде Асыл:

- Сенің ашық аспандагы қырандай саңқылдаған даусынды әлем естітін күн де алыс емес! Жүргегінде не жатқаны белгілі. Аузынды ашсаң азабың, көрген корлығын зұлмат қанішкен дәуірдің қаніштері шенгелінен сорғалаган қанынның тарихын шертерінді білем. Шыда! Көкбөрі! Мәңгі соғатын жүргегіңе, жадыңца көргенінді жаза бер деп, - сырын актарған, ақыл қуатымен таптаған. Онашада ол мені Көкбөрі дейтіні мәнгі ұмытылmas.

Өзі де Асыл десе асыл еді. Әкесі Алмасты да мактанышпен әңгімелеп қоятын. Расында, ол адамның мал орнында тіршілік еткен заманы еді. Ал мен қашан сайраймын? Асыл айтқан таң қашан атады? Сол күнді күткеніме де, міне...

## ТУЛАҒАН ЖҮРЕК

Мен адамзатты, ақылы кемел өркениет дүниені талқандап, құлдықтың жаңа дәуірін орнатпак болған әлемдік аждаһа фашизмді қүйретудің екі жылдық Ұлы Женіс тойы болатын күні келдім еліме. Бір күн артық-кемі жок он жыл тозақта отырдым. Өлмей жеттім.

Дүние шаттыққа, адам баласы қуанышқа масайған күн еді ол. Миллиондарды жалмаган соғыстың аяқталған күні еді ол. Шекіз шаттық! Мен сол әйгілі женістің екі жылдығы тойы күні келдім.

Соғыс! Аждаһа! Адамның жаны шырқыраған, балғын өмірді ортеген, тіріні жалмаган қасап емес пе?! Адамды адам оққа байлап, жыртқыштық ақылды табанға басқан алат! Жер бетінде гасырлар өмір сүріп келе жатқан адамзат бойын жайлаған ізгілік пен зұлымдықтың жекпе-жегі. Кескілескен ұлы майдан ол!

Сол талай боздактарды жалмаган, не түрлі ғылым мен ақыл-ойдың ғажайып табысы болған гимарат, зәулім сарайлар, калалар, тарихи ескерткіштерді жермен жексен еткен тажал аждаһа, соғыс аяқталған күні еді.

Бұл соғыстан тірі қалған жанның шаттығы, қуанышы да шекіз еді. Бәрінің езуінде күлкі, аузында: «Ұлы Женіс мәнгі жаса!» - деген касиетті сөз. Қеудесінде жаны бар адам Женіс күні ән салып, билемегені жок. Мен ғана мең-зен, құр сүлдерімді сүйреп келем. Неге?! Сыртым - бүтін, ішім - түтін. Ұлы Женіс емес пе? Сонда да жүргегімнің тубінде өзіме беймәлім бір зіл иығымнан батпан боп басып ошаң еткізер емес. Неге?..

Алыстан бір құдірет әлемі көзіме шалынғаны! Жанарымды жүлдип барады. Бүкіл жан дүнием қайта түлегендей, қайта туғандай болып кеткені. Қоқтөбе! Көзіме туган жерім оттай ба-

сылды. Мен кеткелі он жыл өтіпті. Ол қандай жылдар! Дүние көп өзгерген. Мен сол он жылда басқаларға бөтен адам болып, байтанысым көбейген пендемін. Байқаймын, маған туган жерім, ауылым тосырқап қарайды. Көбі бәгде біреуді көргендей, көп назар аудармай оте шығады. Кенет, қасымнан өте берген біреудің дауысы өзегімді өртеп жетті құлағыма.

- Бауы-ыр-см! Тірі ме едін? Көктен түстің бе, жерден шықтын ба? - деген ол бас-көз жоқ қеудесіне тартып құшағына ала берді. Шошына бойымды жиып, өзіме жармасқан жанға жалт қарагам. Қойеке!

Сондағы жанымның алабұртқаны-ай! Сүйегіме дейін еріп, жаным от боп, бауырым езіліп жүре берді. Құшағымды жаза алмадым. Ол да құшағын толтырып, аймалап сүйіп өліп бара-ды. Көзімнен ағып жатқан жас па, кан ба - біліп жатқам жоқ. Егіліп қатты босағаным. Жаныммен егілдім. Жүрегім асыр-та-сыр, аттай тулап, қеудеме сыймай кеткен. Мені де сағынған, бауырым дейтін бір тірі жан табылды-ау, әйтеуір. Бірталай кісі жиналышп қапты төнірегімізге.

- Бұл кісі кім? - деген дауысқа солығын басып, көз жасын сұрткен Қойеке:

- Бұл өздеріңнің бауырларың - Қылышибек! Бибол әкемнен қалған жалғыз! Әзіретәлінің әкесі, - деп таныстырыды. Біреулердің тандайын қағып тамсанғаны, әлдекімнің «Е-е, сол екен гой» дегені құлағыма жетті. Ішімді тарттым. Әлгі қайнап тұрган денеме мұз тигендей бір салқындық сезіпдім. Қараптан-қарап тұрып қайта жасыдым.

Қойеке де аузы тынбай мені таныстырып, қуанышы қойнына сыймай жатыр. Мен бәрін естіп, не деп тұрганын тыңдал, ойыма түйіп тұрмын. Бірақ, құлағы қалқиган меңіреу, тілсіз, құлақсыз жандай ауымды ашпадым.

Сонау тозақ отына жанған қыын күндерде Құдай алдында, Қекбөрінің рухы алдында қанымды масалар сорып азап талауына қалғанда: «Ей, Қылыш! Сен жан бостандығың, азамат-

тық, адамдық күкүң тек жүргегінде ғана сакталған Құдайдың құлышың! Сені өлтіру, жок ету Құдайдың колында! Сені азапта, тозақ та жеңе алмайды. Сен Құдайдан басқаға күл емессің. Жан тәуелсіздігі бәрін жеңеді. Мойыма! - деген дауыс жеткен құлагыма. Ол кімнің дауысы? Біліппін бе! Әйтеуір. Жарылқаушым боп жеткен ұн!

Сонда мойымасқа, нендей азапқа түссем де берілмесін деп ант ішкем. Сол антым жүргегімнің басында «Сабыр, сабыр, берік бол» - деп тұргандай.

Қанша азапты жылдарды басымнан өткізіп, туған жеріме сағынып жетсем де, сабыр казанында кайнаған жаныма езілуге, босауға жол бермедім. Сағыныш отына да шыдап, төзіп бақтым. Осыншама көптің ішінен өзіме етene, жаны, тілегі бір Койеке қанша жанымен егіліп, бауырына басса да жібімдім. Бар қуат-күшімді жеңген, көзімнен көл болған жасым ғана төгіле берді. Байғұс Қойеке арада өткен оннан астам жыл ішінде басынан откенін, не қындық, не жақсылық көргенін, өзінің мені сағынғанын айтып егіліп-ақ жатыр.

Мен болсам оның не дегенін естісем де естімеген бейнедемін. Құлағымды тосқаным болмаса, аузымды ашып бетіне селт етіп қарамадым. Оның не деп тұрганын пайымдамаған ессіз таскерең болып көріндім. Едәуірден кейін:

- Бауырым-ау, сен өзі таза сорлап калып па едің? Сенде тіл, құлак жоқ па еді? - деп ан-таң болған ол мені қайта құшактады. Тағы да дауысын шығарып, қасірет уын қайта жұтып егіліп жылап, солқылдады кеп.

Мен сонда да былқ етпедім. Құлаксыз, тілсіз менірейген қалпымды сактап, оның бетіне жаутактап карай бердім. Тек көзімнен тегілген жасқа ғана ерік бердім.

- Азап, қорлық бейнет жеп тастаган екен-ау, - деп аяугершілік білдірген оған, мосқалдау біреу:

- Шіркін-ай, бір кездे екі иығына екі кісі мінгендей жауырынды жігіт еді. Жуадай солыпты ғой. - деді.

- Биекен жарыктықта тартқан екен. Аумай қапты.
- Көзі анасымын деп тұр.
- Сұрапыл тозақ отынан күймей. Өлмей жеткен жаны олжа,
- деп Қойеке көпке басу айтқан. Ол: «Бұл көрген азапты Құдай баска бермесін», - деді.

Көбін танымасам да, бірлі-жарым таныс ағайындардың қаумалаған ортасында өзім тұган шанырағыма да жеттім-ау! Жалғызым сүйінші сұраған біреудің дауысынан есін жия алмай есептіреп кеп, бауырыма еніп кетті. Құшагымды толтырып, неше жыл азаптан сүйек бол катқан төсіме жалғызымды басып өксігімді баса алсамшы. Еріп барам. Дыбысым да шығып кете жаздады. Гілім таңдайымда ойнап: «Жалғызым! Жарығым! Күнім!» - деп қеудемде тозған коньраудай күмбір қақты.

О, жалған дүние-ай! Естен кетпес азапты соншама тозақ оты жанған жылдардан кейін, жүрегінді жарып шықкан жалғызынды бауырыңа басып, аймалап, ыстық жүректің табын сезіну не деген бақыт еді!

О, опасы аз, киыншылығы шаштан көп жайсан өмір, дәл сол сәтте менін шерменде қөнбіс жанымды қеудемнен ұшырып жіберсең, арманда кеттім демейтін де едім-ау!

Талып кетіп есімді жигандай өз үйімде көзімді ашып, жанжағыма тінте қарадым. Әке-шешем орны үнірейіп тұр. Ойсырап, қаусап калдым...

- Көп сөйлеп, өзінді қайталап кеткен жоқпын ба, жүрегімнің жан серігі? Жалыктырдым ба сені, кайран Жадым?

- Эй, әлі де жеткізіп айта алмай жатсың-ау! Сенін шырылдаған жан дауысыңмен бірге тозакта, жат жерде өмір кешкен жан серігін неге жалыксын. Айта бер. Жазыла берсін. Ендігі жазу жадыңа емес, қағазға түсуде. Сені ұғатын, тыңдайтын, кемел қауым, қайсар үрпақ келе жатыр. Айта бер.

- Иә, не десең де болаттай берік, қөнбіс халықтың үрпағы емеспін бе. Ел-жүртімның басынан өткенге үніле-үніле келіп жалғыз баламның өміріне тоқыраймын...

Сұрапыл соғыс отына ұрынып, өлмей тірі қалыпты. Қайда не киындық коргенін сұрамаймын. Несіне сұрайын. Бәрі көзіме көрініп түр. Ои жақ аяғын тізесінен төмен кестіріп, аяғының басына протез киіп келіпті.

Қазіргі кәсібі - қойшылық. Алдында бес жұз бе, әлде одан коп пе бір отар қой бар. Коғамдікі. Оның өлім-жітімі, амандығына басты жауапкер - озі. Малын төлдетіп болып, мына Ұлы Жеңіс тойынан кейін жайлауга көшкелі отыр екен. Көп күтірмеді, көшті. Өзімнің балалық, жігіттік шағым өткен айтулы көп бұлақтардың бірінің басына қонды.

Бұл күнде «Жетім шал» атанып үй-күйсіз жүрген Қойеке де бізben еріп жайлауға келді. Мен қайда жүрсем, екі елі соңынан қалмайды. Менің көлеңкем сияқты. Жаны бір, жатыны бір. Бірге өскен бауыр, сырлас құрбының ендігі арқа сүйері де, жанашыры да мен болдым.

Өзі әңгімешіл-ақ. Сойлеп жүреді. Оның айткандарын естісем де, жауап катпаймын. Антым бар сөйлемеске... Сәби шағымыздан телқозыдай бірге өскен бір атаның баласы Қойекенің «Жетім шал» атанғаны жанымды жегідей жейді. Сүйегім сырқырайды. Құдайдан тілеп алғаным дейтін Батырханы притта, одан кейін де оқып білімді азамат болып өсіпті. Дүрдей кызыметкер. Ал, оның әкесі Қойеке елге «Жетім шал» атанып жүрген түрі мишау. Батырханың әйелі де оқымысты, білімді дейді. Бірақ, басқа ұлттың қызы екен. Екеуі ғашық болып қосылыпты. Бір ұл, бір қызы бар дейді.

Сол оқыған, білімді келін: «Сасық иісі бар. Өзі кір жүреді. Мәдениетсіз», - деп үйіне кіргізбей қуып жіберіпті. Батырхан болса әкесіне: «Сен үшін отбасымды бұлдіре алмаймын. Өз күнінді өзің көр», - деп, әйелінен аса алмапты. Былайша айтқанда, жалғыз баласы туган әкесін үйнен қуып қаңғыртып жіберген. Баар жер, басар тауы жок. Оның бағына кездестім бе, мені кеп танты. Балалық, жастық шағы бірге өткен, туыс, сырлас, қын күндерді бастан бірге откізген бауырым емес пе.

ата салтын, баба дәстүрін аттаган басқа жұрттың тәрбиесін, әдет-ғұрпын қабылдаган арамза баланың қылығынан кор болған одан неге безем, қасымда калды.

О, дүние-ай, баяғы «тегін қыз беремін» деп аштар жайлаган базарда жар салатын келісті карт Байдалы есімді кісінің көрепендігін қараши! «Жігітер, приот, приот деп амалымыз күрыған соң көз алдымызда аштан өлмесін деп, әрі оқытады деп. осы балаларды беріп жатырмыз-ау. Мұның артында бір сүмдығы да бар. Орыс оқуын оқыған, әсіресе, осындай жасынан сол бөтсөн тәрбиеде болған бала түбі ұлт дәстүрінен кол үзіп кетпесіне кім кепіл. Содан қорқам. Олардың шоқынып кетпесін қайдан білдік» - дегені ойыма түскені. Мына Қойеке сол тәрбиені алған баланың әкесі. Тәрбие жемісі - алдында отыр. Байдалының айтқаны келді... Эулие екен...

Күндер өтіп барады. Әзіретәлі танын атысы, күниң батысы ат үстінде, кой соңында. Аяғы сықырлап атынан кешке келіп құлап түседі. Келінім ыбық-сыбық отбасы тірлігінен бір босамайды. Жұмыстары өніп те жатпайды, таусылмайды да!

Кайран туған жер топырагы қадірін кім білген. Неше жыл азапта қажып келген мен аз күнде-ак күш-куатым тасып, өзімен-өзім келе бастадым. Есіл-дертім - дала. Ата мекенімнің әр бұтасы, тауы, тасы, қолі, бұлагы мені сағыншын қол бұлғайды. Кіндік кан тамған жердің ыстығы шақырады. Қашанғы сарғайып, төр бағып жата берейін. Бір күні қойшының тор шолағына мініп, отар соңына түстім. Балам қарсылық білдіріп еді, ерттеулі аттан түспей қойдым. Сөйтіп туған жердің ана құшағына емірепе кеп ендім.

Қой бағу да - онер. Не дегенде де мал бақкан, Қыдыр баба, шопан ата қонған, ырыс дарыған елдің баласы емеспін бе, аз күнде-ак, өріс жайын, мал бағудын қыр-сырын қанығып менгеріп кеттім. Отарға отар қосып, баламның еңбегі жанып, атақ-абыройы арта берді.

Бір кезде өзімді жау, еңбегімді сор еткен қоғамның адал аза-

маты қатарына мен де кеп қосылдым. Менің енбегім арқылы баламның жаксы есімі, атағы елге жайылды...

Мал бағушы мен болғаныммен реесми шопан Әзіретәлі. Жалғызың атакты болса, менін арманым жоқ. Бұл пешенеге жазылған дегендің кой. Мен расында, мен шеңгеліне қан уыстап тұған үкіметтің бе, заманның ба, адамның ба карғысына ұшыраған пендемін. Содан ба, отырса опақ, тұрса сопак болам да қалам. Ойда жоқ, тіпті кездейсок дейтін көлденең бірдеңеге тан болып жүргенім. Басқан жерім - табанымның астынан катер болып, бәле болып бірдене шыға келеді.

Бұл да сол! Құдай қарғап, басқан ізінен қозы шұбырып, арқасынан майы ағып жазғы жайлалауда шайлап жатқан отарымнан бір күнде он шақты қой өлді де қалды. Өлісі де қызық. Тынырлап жата қалады да, «тілге» келмейді.

Сөйтсек, мен бақкан отарға атакты топалаң келіпті. Бір-екі күннің ішінде өлім саны елуғе жетті. Апат келгені анық болды. Ой да шабуыл, кыр да шабуыл. Үргін-сүргін. Мал дәрігерлері жан алып, жан беріп ем-домын жасап-ақ жатыр. Оны тыңдан тоқтап жатқан топалаң жоқ!

Бұған не лаж бар? Жұдырықтай басым шарадай болып дағдарып жүрген күндер. Астында жеңіл машина. Әдемі киінген екі жігіт ес кетіп, етек басып жүрген сол аласаныран күндердің бір қоныр кепінде шұғыл келді де, Әзіретәліні алды да кетті. Шалғай, ел-жүргіттан аулақ жайлалағы жалғыз үйдегі тірі жанмен тілдескен жоқ. Жарайды мені тілі жоқ мылқау, құлагы жоқ керен десін. Тілі сайрап, құлагы жеті қырдың астындағыны естітін Қойеке мен келін ше? Апырау, ең болмаса адамша амандасып, хал жағдайды сұраса бірденелері кете ме? Жүрістері суыт.

Соның алдында ғана топалаңға қарсы қолынан келген ем-домын жасап жатқан мал дәрігерлері де дәрі-дәрмектері таусылды ма, әлде өздері не істерін білмей корықты ма. орталықка қайтып кеткен.

Улken дағдарыстың, «енди не істейміз» деген уайымның ба-

сталған күндері еді. Мына түрінде, мал олімі созыла берсе, аз күнде-ақ соңғы бірнеше жылдар отарына отар қосып, әр қойы еселен жүн беріп келген қорадан ештеңе қалар емес.

Не істеуім керек? Әзіретәліні неге алыш кетті? Бұл не қылған тілсіз жандар. Осындай өкпеме оқтай қадалған сауалдар жаңымды жеп барады. Құдайға, рухқа жылауға бекіндім.

Қойекені қасыма ертіп, шығыстан тұн туырлығы көтеріле. күн қыр астына тасалай бастағанда топалаң жайлаған отарымды кіш-кіш деп алдыма салып атакты батыр Аманбайдың зияратына беттедім.

Кою, көзге түртсе көрінбейтін, қара тұн басты даланы. Осы кешті тосып тұргандай аспанға жұлдызды жапқан қалың бұлт үйірілді. Бұлт та жай топталмай көкті тілгілеп, шұбатылған болат арқаның жарқ-жүрқ лактырып дауыл алдында желпілдемесін деп туырлығын бастырып, дүниені басына көтере найзагайлатып келді. Қолымда ақ таяқ, қасымда Қойеке, иттің сырттаны атанған дүйім елге атағы кеткен бір өзі ұялы қаскырмен айқасып бірнешеуін қансыратқан көкжал. Ол да тұн бойы әупілдеп, кең даланы басына көтеріп, зор дауысымен байтақты жаңғыртса. Қойеке де, мен де тізе бүкпей, күн жарқ ете қалғанда дүркіреп үрке жөнелген өтарды қайта жинап, арпалысып таң атырдық. Сан мәрте бірессе о жерде, бірессе бұл жерде гүскең жай жанымызды бір тарының қаузына сыйғызды. Таң атар алдында ғана тұнімен дайындық жасап көзге көрінбейтін мылтықтан армансыз жай атқылаған нөсер сел болып актарылды кеп. Жай сел емес. қара жердің қыртысын копаратын тасқын болып тулап жөнелді. Ара-арасында аспан қақырап жарылып, от қылыш көк әлемді тіліп-тіліп алады. Зәре жоқ. Зыр қағып тарыдай шашырап үріккен өтарды шашау жібермей жинап аламыз.

Табанымыздан таусылып, әйтеуір, қара бұлт етегін түріп шашыраган күннің сәулесін де көрдік-ау. Қанша қой өліп шығар екен деп жанымыз да, жүрегіміз де күпті болған біздер отарды өргізіп қозғай жөнелдік.

О. күдіреті күшті Тәнір. кереметіңе кәмілмін! Бір тоқтының қылы қисаймапты. Отар дін аман. Құніне, тіпті сағат сайын домалап жататын қой жарықтық жосыла жайылып жөнелді. Өлім пышақпен кескендей тыйылса бола ма?!

Дағдылы бетегесі мен керала қызыл балақ изені піскен жүзімдей жайылымға екі жаяу. алды-артымызды олай-былай оргып, қауіп-кательден күзеткен көкжал бар жеттік-ау! Ол құн менің өмірімдегі ен бақытты құнім болды.

Ендігі уайымым - балам. Оны неге алып кетті? Және олар кімдер? Баламның жазығы не? Неге жөндерін айтпады, тілсіз жансыздар?

Осы уайым өрті қаншама жылдар тозып, әбден азап шенгелінде ашыған миды одан бетер іркіттей қайнатты.

Арада он құн өткенде салы суға кетіп, жүдеп-жадаған жалғызым жетті-ау үйге. Сағынғаным ба, сасқаным ба, құшағыма алып, бауырыма басып, сәби құніндеңідей бетінен емірене сүйдім. Баламның екі иығы селк-селк қозғалды сонда. Еріліп кетті. Тіс жарып бір ауыз сөз айтпады. Көз жасын төге берді. Күйген шүберектей сарғайып, ұнжырғасы түсіп бірнеше құн іштей мүжіліп жүрді де, әйтеуір тіл қатты-ау!

Он шакты құн ішінде көрген-білгенін, басынан кешкенін Қойекемен әйеліне жырғып айтып отыр. Мен болсам түк естімейтін меніреу қалпымды сақтап елеусіз тыңдаушымын.

- Құрысын бәрі де, - деді Әзіретәлі қүйініп. - Адамға сенім кеткен заман гой бұл. Ғылыми жолмен мамандар қанша емдом жасағанмен топалаңың тыйылмауда не сыр бар? Соны айтасың деп қинады мені. Білмеймін десем, сол сұрақтың терісін қайта-қайта айналдырып: «Мұнда таптық кек жоқ па? Сенің әкен социалистік құрылышка қарсы жат пікірі, әрекеті үшін сottaған кісі. Біз кеңестік тәрбиенің адаптерзенті саған сенеміз. Шыныңды айт. Мұнда не құпия бар дей ме... Таусылмайтын сұрак.

Әкен Қараشوқының бауырында талай жерді қоршатып ак

мрамордан күмбез соқтырыпты. Ақ мәрмәрга: «1932 жыл. Аштан өлген қыршындар!» - деп жаздырып, ескерткіш орнаттырыпты. Онымен қоймай Қарашоқының күн бетіне: «Ей, зұлымдыш! Атың өшсін! Қан мен қасіреттің уын жұт!» - деп тасқа қашатып жаздырып тастапты. Бұл не жазу? Мұның астарында не сыр бар? Сол қасіреттер Кенес үкіметі тұсында болды деп, қаралау жатқан жок па? Жас үрпактың санасын улау емес пе?

Бұл партияның беделіне астыртын шабуыл емес пе? Қарашоқыда асыра сілтеуге жол беріп, халықты қыргынға ұшыратқан Тасмандай Досовскийдің тобы баяғыда атылып кеткен дей ме, әйтеуір, таусылмайтын көп сандырақ.

Баламның мына сөзін естіген мен аяқ астында: «Не дейді - ей мынау! Кезінде жанын да, арын да жұмсап, қолшоқпары, саясатын жүзеге асырушысы болғандарды да атып тастанған дей ме?! Өкпеге теуіп, шапқылап, зорықтырып өлтірген лау атындаған еткені ме оларды да? Бұларға кім жағады? Өзіне-өзін айдал салып, өз қолымен өзін бауыздату деген осы екен-ау. Әй бұларға дауа болмас» - деген өткір ой жүрегімді осып өтті. Балам сөзін әрі жалғап:

- Сені Кенес үкіметі тәрбиеледі. Шыныңды айт. Білуге тиіссін. Қоғамдық мағағ мынадай апаттың келуінде не сыр бар? - деп тесілді маған. Мен көп жылдық адап еңбегімді. Отанымды корғауға жарты жанымды берген адам екенімді, эке үшін жауап бере алмайтынымды айтып, басымды арашалаған болдым. - деп қиналғаның естіл іштей күйіндім.

Не амал, не ақыл айтарсың? Арғы тегің болған, толған бай, би-бөліс, не ел қорғаны батыр болса болғаны, бұл үкіметке жақпайтының әлімсактан белгілі.

Азапты жылдар осылай өтіп жатты. Неше жылғы жанымның жарасы қайта ашылып, уайым бұлты торлады. Эке-шешемнің, өзімнің, бір үрпактың басынан өткен нәубет енді кеп менен тараган үрпакты шарпып, қияметтің қыл кепіріне карай айдал жүре бергені ме?

- Қылышы! Қысылғанда қасымнан табылатын жаңғырық жан дауыс - Койекенің үні, - сырынды сырдай адамға айт, - дейді. Сен жөніндегі осы қагиданы ұстанғаным өзіңе аян. Сен кейін бүкіл ел Тасмаңдайдың Қарашоқысы атап кеткен, тозак оты жанған жерді. әлгі бүтінгі құннің құпия зерттеушілері қазіргі үрпакқа әкенінің мрамордан күмбез орнатуында қандай сыр бар деген жерді, сол отыз екінің көктемінде көрсөң бе! Құрысын! Құрысын! Жан түршігеді. Қарашоқыда не болғанын сөзбен айтып жеткізу де мүмкін емес дейді сол қырғыннан қалған көне-көздер. Ол - адам қырылып, ит-құска жем болып, тірісі босып, туган жерден безген қанғырып өлген қүндер... Қасіреті қандай ауыр болса. оның сұраныл бейнесі де сондай ғайып құліретіне тап болды.

Ақ кар, кабат-кабат мұз жамылған далаға көктем алай-түлей асығыс дауылдатып жетті. Тәнірдің бұйрығы ма: көктемнің алас-калас толғағы қара носер болып төгілін, тау-тау қарды от жаққандай ерітін жуды да кетті. Өмірі кетпестей болған кен байтакты тұмшалаган ақ кебін дар-дар жыртылды, дала қас-қағымда тыр жаланаш қалды. Қыс азабы бір күнде ұшты, кетті...

Содан кейінгі Қарашоқыны көрсөң бе, иманың қасым боллар еді. Арса-арса. Ішектарны ақтарылып, терісін ит-құс жыртып, дал-дұлы шыккан өлексе сияқты. - дейді тірі қалғандар.

Үстін басып жатқан кар мен мұздан тазарған Қарашоқы бойын тіктең, үдірейе үрке карап, мына дүниеде не болғанын есінен түсіре алмай аңырып есептіреп үйқыдан оянған ангал батыр тәрізді мен-зен. Құлазыған атырап үрпе-түрпе...

Бір кездерде сонау биік бел-белес, жазығы малға, жанға сыймай жататын байтақ жылан жалағандай. Құдай-ау, көлі мен өзеніндегі кикулап қонақтайтын құсы қайда?! Әлде, ажал жайлаптан, азап қоныстанған далаға келуге қорқа ма! Ың еткен үн естілмейтіні несі?

Тасмаңдай қадасын қадап, іргесін көтерген киіз үйлер калашығы орнында аңырайып-санырайып мұрнына самал түсіп,

бет-бейнесі бұзылған бақытсыз жандай қорқышты сурет қалған. Бүйіріне қарай ауып, керегесі қирап, уығы сынып, шаңырақтары ортасына түскен иесіз үйлер...

Дауыл, катты желден туырлық, тұндігі жыртылып, аңғал-санғалы шыққан үйлерден ошаң етіп көзге көрініп шығып жа-тқан тірі жан иесі жок. Тек тіршіліктің тұншыға қыстығып әлемді құніренткен даланың ба, әлде адамның ба:

«Суқаным сүймес қидалағаныңды,  
Кор қылыш тәнді қинама жанды.  
Қинама жанды иманы адалды,  
Ата жұрты үшін, Алаш ұлты үшін,  
Газиз де басын қиған адамды...  
Талайды мен де қылыштағанмын...

Қылана мойнымды дұрыс шаба біл!» - дегендей қаралы да тәқаппар үні, шуылы естіледі.

Қараشوқыдан ел де, ел басынан бақыт құсы да ұшып кет-кен. Бәрі құрдымға сіңгендей. Міне оған күә болар Сарыарқа-ның ұлангайыр етегін басып жаткан өркеш-өркеш шикі өкпе-деген құм шағылдардың ортасында үрпе-түрпе айдарын жел қақкан Қараشوқы бауыры... Адам сүйегіне толып қалған...

Содан да туган жердің сөзшең, шежіреші карт бабасындағ Қараشوқы «Мына мен не коріп тұрмын» дегендей есептірекен түрде, өзің сиякты тіл, құлақтан айрылған бейнеде төнірекіне түніле қарал түр.

Бүгін міне Қараشوқы көргенді, мен көргенді, өзің көріп егіліп тұрсың! Қараши. төкші көздің жасын! Анау ақ сенке болып қурап көмусіз қалған сүйектер кімдікі? Анықтап қара. Ол адам-ның сүйегі. Ку бастар адамның бастары. Бір кездे өзінмен қатар өскен, тай-құлышында, қозы-лактай құлдырап бірге ойнаған құрбы-құрдасын. Көк құрак, тал шыбықтай желқілдеген жас өркен. Біреуге әке, біреуге аға, біреуге ана, біреуге жеңге, өмірге көз ашқызып тәрбие берген аға ұрпағын. Көр! Бар басына!

Жина сол сүйектерді. Туган жер қойнына, топырағына өз көлшемен тапсыр!

Иә, Қылыш, сен менің кей сөзімді естіл, кей сөзімді естімей жарапалы жаңың шыркырап отыр. Жүргегіндегі дүнкіп ірін атқалы тұрған жаранның аузы ашылғалы тұр. ..

- О, адамзатты алақанына салған ұлы акыл, ес, сана мекені жад пен Қойеке досым! Өзіне етene таныс сол қанқұйлы Қарашоқының бауырында отарымды өрістетіп отырмын, міне... Қолымнаи келгенді аткардым. Ақ сенке сүйектерді жылап жүріп жинадым! Мына омірді көз жасынмен жуып агарта алармысын. Бір замандардағы қол-аяқсыз қаншық қасқырдың төсін сорған домаланған тірі пендедей үміт көзімді кызықтыра карыктырады. Соған сенем. Сол үшін де Қарашоқы бауырына жазарымды жаздым, күмбезімді орнаттым. Элдебір қанышезер құлатып кетпесе... кім білген.

Отырсам опак, тұрсам сопак еткен заман-ай, көніл күпті. жүрек жүкті. Бір негайбылдықтың санадан өшпейтіні неліктен? Беймәлім тірлік пе кінәлі?

Мениң тілсіз, құлақсыз тірі меңіреу болғаныма, бұл тағдырыма етім өліп, жанымның әбден көндігіп үйреніп, күнделік тіршілік өміріме сіңісп, табиги жаратылыс дагдымға айналғанына да талай жылдар өтті. Көнбістік деген сүйегіме сіңіп, тірі деңемнен ет кесіп жатқандай не килем жан төзбес азаптар кезінде де «Нар баласы бакырмас» деген ата-баба сөзін таңдайыма түйіп, жан есімді бойымдағы әлуettің уысына жұмарлап ұстатьп тілімді тістеп келем.

Сол тас болып қатып, болат болып қорып отқа салып өртесе де сыр бермеспін деген шыдамым ойда-жокта Қарашоқы бауырында тігісіпен сөгілген бөздей ыдырап кеткені. Жападан жалғызбын. Алдымда каска бұлағы тамагы бұлкілдең шағи күннің аппак нұрын емін-еркін жұтып құлдырай аққан, көктемнің нөсерлі жауынанан, қар суынан кек мәуіті шұғадай төгілетін қып-қызыл бәйшешек, не түрлі әсем гүлді бой басы-

на өрнектей жамылған Қарашоқы козғалақтап кеткендей болғаны. Алдымда алты жұздың үстінде қой байтақ даланың тіске жұмсақ жұпар иісті майсасына ентөлей ұмтылып шашыла жайылып барады. Шоқы бауырынан тогілген қыздың козіндегі молдір бұлактардан бұрын көрмеген көл пайда болыпты. Төрінде құс жәрменекесі қыза түскен. Әсіресе қоныр қаздың, аккудың сынғырлы үніне қосыла шыққан дауысы тебірендіріп, бойы ма қытық па, сүйініш пе, әлденебір мен көптен сезінбеген ләззәт сезімін қоздырып, не замандар кеудемде бар-жоғы белгісіз жүргегім атқақтап туламасы бар ма! Бойымды өзімде бұрын-сонды болмаған шаттық билеп, ерік дейтін қуат күштің ойнактап шыға шапқан шарқ ұрып құйрығын шанишып айнала шапқылаған жас құлындай сәби сезім аймалады кеп. Астымда жал-құйрығы төгілген Қаракер ат. Әбден мінгі жуастығы да, колбалалығы да өзіме сырмінез. Ауыздығы алулы. Ол да кокжасыл даланың жас шүйгініне бас қойып үстінде қалғып отыра беретін менің ішкі әлемімнен бейхабар жануар жүре жайылып келе жатқан. Туған даламды осы бүгін көргендей бар дауысымды көтеріп айқай салып сойлеп кеткенімнен бе, аяқ астынан төбесінен жай түскендей атымның ата кеп жонелгені. О, сұбыхан Алла, менің мылқау, меңіреу халімді тілсіз, мал астыма мінген атымның да білгені ме? Әлде тосыннан сөйлеп кеткеніме таңырқап шошығаны ма? Міне ғажап! Қаннен-каперсіз тәтті киял құшағында отырған басым ат үстінен ұшып түсе жаздал әупірімдеп зордың күшімен құламай қалдым. Өзімді-өзім бір апаттан құтқарғандай болсам да, менің мына халімді әлде біреу біліп қоймады ма екен деген кісіште төнрөгімді тінте алак-жұлақ қарап қалдым. Тірі жан жоқ. Тілімнің сөйлегісі келіп, ішкі әлемімнен сендей соғылысқан соз топаны актарылып барады. «Қарашоқы! Ей, Қарашоқы! Тос, құлағынды маған. Тында мені! Мен сенің бауырында тудым. Сенде остім, ержеттім. Ата-бабам мына ақ төсінде құландај жортылып, киігіндегі мыңғырган торт тулингің осіріп, жаннат қызығын көрді. Ұлын - ұяға. қызын -

кияға қондырды. Сен жер атты ұлы әлем жаратылсының өзгеше биігісің. Сен жай ғана шоқы емессін. Сен жер шары дейтін адамзат мекенінің ұжмак ұсысын. Сен ұллыктың шынысын! Сен мәнгіліктің, ізгіліктің ордасысың! Ей, Қарашоқы, неге тіл қатпайсың маған? Перзентің адам баласына біткен шыдамдылық, қайсарлық дейтін асыл қасиеттеріндегі бойында қылаусыз сақтағ келеді. Сен қозғалатын күнді. сенің басыңа мәнгілік нұр жауатын күнді. Ұрпағың әлемге батыр қеудесін айқара ашып мен Қарашоқының тумасымын дейтін күнді тосуда! Сен Қарашоқы емес, Қөктөбеде дүниенің шыны атанатын күн туады! Бакыт күнің! - дауысым карлыққанша жападан жалғыз қой сонында. Қаракер аттың үстінде дауыстарап кеткем. «Ой, мұным не менің, тентек кісі ше? Біреу-міреу дауысымды естісе Қылышбек отірік мылқау, отірік керен, ісулағы қалқып жалған меніреу болып жүр екен демей ме? Мейлі, тұбі шығатын шындық қой. Эй, сонда да мұным тым ертепек шықкан айқай-ая!..

Менің көленкемдей болып қасымнан қадам басып ұзамайтын Койеке карттың да жағы ұзак күн бойы бір тынбайды. Мен қиялыммен ойнасам, басымнан өткенмен сырлассам, ол аузымен ойнайды. Кең байтак дала естісін дей ме, жанын жеп, өмірін құса еткен тағдырына нала тіршілігін паш ете ме, зарладан жалықпайды. Айтатыны жыр ма, осиет пе, арман ба дауысын созып: «Күлдір-күлдір кісінетіп, қүреңді мінер ме екенбіз» - деп бастап, ұзак жырлайды. Оның кей сөзін естімей калам. Бірақ, дауысы өктемірек шыға ма:

«Шөлең бір жерді көл қылсам,  
Құрап жанды көп жиып  
Өз алдына ел қылсам!  
Асқар бір тауды жайласам,  
Желілеп бие байласам...  
Атымтай Жомарт секілді  
Атағым жүргін жүргінсе...  
Ойпаң жерге он отая,

Қыран жерге қырық шатыр тігіп,  
Қонағымды жайғасам...  
Халыққа атым білініп,  
Шүләңгір мырза атанар ма екеміз...  
Алғайдын құба жонына,  
Жайған койым сыймаса.  
Көк алалы көп жылқы  
Көлге бір түссе көз жетпей...  
Санаң санын алуға, есебіне жан жетпей...  
Бала берсе тезінен  
Пірлердің бітсе демінен  
Шілтеннің тиіп шылауы  
Артылып туса өзімнен!  
Осындай берген дәүлетті  
Көтеріп тұра алар ма екеміз. - дей ме, ұзак күнге  
жагы бір тынбайды.

- Құдай-а, не жаздым өзіңе, - деп кейде торыққан жан Тәңіріне де соқтығады. Жалғыз ұл бердін. Оны да қаныпезер, әкеден безген катыбас, рақымсыз еттін. Шоқындырып жібердің. Ата-баба салтын, ұлттық дәстүрді тәрк еткіздің. Ел аштан қырылып жатқаңда, мойныма мінгізіп ажалдан алып қашып, көзім карауытып бара жатып, бір үзім нанды өзім жемей, соның аузына тостым. Сол жалғызым өзекке тенті. Жалғызымың жары, жұрттыма масқара етіп, сасық шал деп жиіркеніп, мұрнын ба-сып, қуып шықты үйінен.

Дархан құт-береке ата мекенім. Ұлы топырақ аш қойнынды, ал құшағына! Мына Қаршоқыда қырылған бауырларыма қос! Мына қорлықты көрсетпе! Құлқі етпе! О, бабаларым, шақыр жаныңа! деп жағы тынбайды-ау, бір тынбайды.

- Аздырды ғой, аздырды мына бәлшәбектер!

Атам қазақтың сүйегінде жоқ туған баланың әкеден безгенін де корсетті-ау, - деп көкірегі карс айырылған оның - Арманың не? Өмірі мынау...

Заманды билеген қанішер когаммен тілдесуді, оның әмірін естуді мансұқ еткенім қашан! Адам бейнелі сұлба, мал соңына ерген тірі қаракшымын. Аспан астында жан баласымен сырласпаймын, кайгым да, касіретім де ішімде. Оны қасиетті кемел өмір, бір озін ғана білесін. Расында да осы адам баласы ойшыл, тапқыр, кеменгер ақыл иесі бола отырып. өзі азапқа көмбіс сияқты ма, қалай?

- Езіле берме! Сүйегінді жасытпа! Тарихшы азапты күндердегі тағдырласым Асылдың айткандары есінен шықты ма? Бұл санамды тілгілеген жаңғырық. Ақылым орнында. Бірақ, дәл құлағымның түбінен осындағы ашы дауыс естілетіні бар. Шамасы санаға жазылған қасірет сөзі болар.

- Есімнен неге шықсын. Оның сөзі тарихтың шындығы бол санамда үйин қалған. Ол шындыққа кок аспан, кара жерде Кие де Қыдыр қонған Қоқтөбе және жалғыз жүрегімдей сырласым - жадым өзің күесің. Не сұрапыл, не сұмдықты басынан кешпеген бұл дала! Азабы басынан асып жатып та адамзатқа талай кеменгер даналарды да, түкті жүрек батырды да, аузынан жалыны шыққан әділ шешенді де, ел басқарған көсемді де, тандайына бұлбұл түнеткен айыркөмей қасиет иелерін де өмірге келтірді.

Әл-Фарабиден Абайға, сонау Жәнібек пен Керей... Еділ, Бейбарыс, Абылай, Кенесарыға дейін не заман?.. Қоқтөбенің басында атойын салып, елінің бостандығы мен тәуелсіздігі туын көтерген батырлар шоғыры ше? Асылдың айтқаны таусылды ма? Қылышынан кап тамған қызыл қырғын замандағы Әлихан мен Ахмет ше?

- Токта! Тағдырдың бұл далагада көрсетпегені жок! Тауларын тарыдай шашып, тасын күлдей ұнтаپ, малы мен жанын аздырып, құт қонған конысын тоздырған тажалды да көрді. Қара жерді қақырата жарып, астын-үстіне шыгарып, тулактай сіліккені ше? Қоқтегі Құн мен Ай. жұлдыздарды сөндіретін аждаға адамзатқа аузын ашып төрінен шықты. Әке-

шешесін есалаң етіп, ақылынан адастырған жат құбылыш екі басты, сегіз көзді, көп аяқты сүмдік жан шошыткан қорқынышты бала да сенде туды. Сенің далаң тажалды тудырған сынақ аланы, бомбалардың отаны! Жазылмас дерт, өлім ошагы да сен! Сен ауру-сырқау азаптың көзіне айналдың. Ғылым адамзаттың бақытына емес, сорына, ажалына бағытталған экспериментті де сенің жерінде бастады. Үргінгі жан шошытқан үрейлі көріністер әлеуметтік ортаның улануы соның жемісі. Көр! Бұл сенің бүгінгі тарихың.

- Өзегімді өртеп, жанымды шырқыратып сүйегімнен от шыгарып барасың. Нар баласы бақырмас болар дейсің-ау тағы.

- Шыда! Шыда! Тында! Жүргегіндегі кек оты лаулап жанды қайтадан. Дүниені дүрілдете сілкілең шыққан өр дауыс жайылды әлемге! Сенің жан дауысың ба! Жок! Ұрпағың үні! Жанартай атылды. Жанартай! Лапылдан от тасқын бол, сел бол ақты. Әне жер қайыстырып төғіле тулап екпін алыш барады. Жолындағыны ысырып екпінімен копара құлатып, ықылым замандарда жер бетін қантай жөнелген Нұх пайғамбарды састырып, кемесіне мінгізеттің әлемдік апат-топан су екпіні бол жетті, әне! Ақырған аяз, көз бермес боран желтоқсанда қаһарлы дауыл сокты. Желтоқсанда дауыл! Аждаға дүниені басқан қат-қабат алыш мұз құрсауы шытынап, азуы сынды. Шет-шегіне көз жетпес тас қабырға күтір-күтір, қаусап тоз-тозы шығып барады, әне!

Дүнне сілкінді. Жер шары дүбірге толды. Тында, мынау сенің үнің бе? Кешегі қыстыққан шағыңың дауысы емес не?

Еркін дала, еркің қайда?

Еркіндегі көркің қайда?

Таулы, нұлы жерің қайда?

Сұлы, нұлы көлің қайда?

Еркін көшкен елің қайда?..

Адал көңіл ақтық қайда?

Жалған анттан сақтық қайда?..

Бауыр, жүрек талас боп тұр,  
Малын алдау-талауда тұр.  
Жаның арбау камауда тұр.  
Аяғынды тұсау қысты  
Жақтарынды құрсау қысты...

- О, Тәнірдің жалғыз жан серігі - ұлы өмір! Менің жан айқайым, жүргегімдегі жазу мынау! Осы жан дауысым әлем құлағына жетті ме?

- Жетті! Жетті!.. Жер бетін басқан зұлымдық мұзы жарылды!..

Дүние көз алдында теңіздей толқып журе берді. Қаншама жылдар санамда сірнедей қатқан касірет тәніме өшпестей басылған зұлымдық таңбасы. сүйегімді тышқан тіспен тысырысыр кеміріп, құйқа тамырым үзілердей созылды кеп. Аспан асты неше тұске еніп, бұрын-сонды түсінігімде болмаған көрініс-құбылысқа бөление берді.

Апырау, осы маған не болды, қарадан-қарап отырып, өзімнен-өзім жер - көкке сыймай тасыған өзендей кемерімнен асып төгіліп барамын. Өкем базардан келгендей шаттық құшамын кеп. Өзімді коярға жер таппай қопаң-копаң қозғалактай берем тағы. Алакайлап тұра жүгіргім келіп, делебемнін қозатыны несі? Мына кең дүниеге сыймай аласұрам. О не? Неге елегізимін? Расымды айтсам, осы қазірге дейін мына кең дүние дейтін жалғанда құмырска тіршілік кешкен. өмірде бар-жоғымды тек өзім ғана білетін, басымнан азабы аскан жан иесімін. Ой жеп, киял сілкілеп, азап мұжіп, касірет түте-түтесін шығарған адамзат дейтін ұлы қауымның өнер-өнегесі, ғылым жетістігінен макұрым мұбәда мені кайда апармайды, кайда сүйремейді, кайда жетелемеді? Ту-у, мына қарашиби, қараптан-қарап отырып жүйкелеп шаршап кеткенім! Қайдағы-жайдағы көзіме елестегені. Сүйегіме дейін сырқырап... Мұхамедсадық - Тасмаңдай атанған өз ағамның қамшысы осып кеткен жонарқам удай ашып, қазір де дәл сондағыдай тызылдан кеткені! Аш өзегім

өртеніп, аш күзендей бұралып Қарашоқыдан босып, құладуз кезіп, жалғызымды жетелеп шықкан күндерім. Таңдайы тақылдалап, көзі қарауытқан баламның, Қойекенің Батырханының «Нан! Нан!» деп жанымды тілгілеген жан дауыстары қайта жаңғырықты құлағыма.

Құдіреті құпші Құдайым-ау, бұл не кереметің? Басыма не киянат, зорлық, касірет келсе, орындаушысы, сол сұмдықтарды қолдан жасаушы өзімнің замандасым, өзімше, өз тілімде сөйлейтін өзімдей жүріп-тұратын жан иелері. Бірақ, іс-эрекеті тіл білмейтін тагы жыртқыштық. Міне, казірде дәл сондағы тас қапшық қамау, көзге тұн-тұнек тамұқта. Кол-аяғым төрт жакта керулі, кісендеулі жатырмын. Аузым үнім шықпас үшін мақта ма, шүберек пе тығындалып калған. Жағым дуылдап кетті. Шарт-шұрт ұрылған шапалақ па, түйгіштеген жұдырық па, әйтеуір тұла бойым дуылдап жөнелді. Екі тақымымды керіп, ең нәзік жеріме қыл жүгіртіп, көзімнің отын жарқ-жүрк жакты... Оны аз көргендей, тыр жалаңаш денеме қандауырдай қадалып жып-жып әндектен мың-мың сары маса қанымды сорып, бүкіл тәнімді солқылдатып барады... Көз алдында “Взять!”, “Взять!” - деп айқайлаған дауыстан соң арс-арс үріп келіп, жемтігінің арса-арсасын шығарған, үйретілген қасқыр-иттер... сұмдықтар сұраптылы қайта тірілін жүре бергені.

- Сұлу қыз, сұлу келіншек сатамын! - деп айқайын салған карт кісінің дауысы шомыт-шомыт үсті-басы киімі әбден тозып адамдық бейнеден айрылған қалың тобырға толы базардың қақ ортасынан шықты. Тұр-тұлғасы келген, заманында болған - толған келісті кісі бар үнін шығарып жар салып отыр... Есімнен адастым ба, әлде... көзіме жүзі жарқ еткен ақ пышақтың үш-төрт жасар баланың тамағын орып өткені келгені. Қолы тырнаның сирағындей дір-дір еткен аш ананың үстін баланың қаны жуып кетті. Тілім таңдайыма жабысып қалған. Маңдайымнан бүршактап терім төгіліп, сай-сүйегім үгітіліп жүре бергені... Қалт-қалт етіп үсіп бара жатқанымдаймын ба? Бұл не?...

О, пәруардігар, міне керемет! Ту-у сыртымнан ба. әлде нақ қасымнан ба. өзіме беймәлім тұстан бір қаһарлы дауыс шықты... Атымды атап айқайын салды кеп. Шырт үйқыда екенмін, атып тұрдым. Құлағым жаңғырған үнге, әлгі пәрмені қуат күш болып дарыған айқайдан шошыдым ба. тек атып тұрганым анық.

- Қылышбек! Қылыш! - атымды атап айқайлағаны құлағымда самбырлап тұр. - Тұр! Жүгір! Сенің танын атты! Құнін шықты! Тез, тез! Мың құнгі азабын бір күнгідей болды! Тұр, жүгір! Оят отбасынды, ауылынды, елінді! - деп дегбірімді алып кетті. Бәлен жыл ма, ай ма, сал болып жатқан денеме жан бітіп, қалай тұрганым, бітіп қалған керен құлақтың жеті қат жердің астындағыны естіп тұрганы, мылқау боп байланып қалған тілімнің сайрай жонелгені! Аруақ па, көзге көрінбейтін рух па. әлде туған жерім қолтығымнан демеді ме, зыр қағып ұшып тұрдым. Қалай киініп, қалай тұрганым есімде жок. Осым өнім бе, түсім бе, бір сәт антарылып, ан-таң қүйде тұрып қалдым. Әлгі атымды атап, сүйіншілей айқайын салған дауыс құлағымдан кетер емес. Бүкіл кең байтақ дала дабырға толып кеткендей. Бағзы бір кездерде дәл құлағымның тұбінен көзіме көрінбейтін әлде біреудің сабырға, ақылға шакырып, қуат-күш беретін, сыртымда тұрып-ап сейлеп кеткендей болатын бір елесі болушы еді. Мынау сол ма? Әлі аң-таңмын.

- Ей, мен не деп тұрмын? Жи есінді! Көтер дауысынды әлемге! Жар сал! Бакыт келді төріне! - әлгі атып тұрган қалында бір болмеде жататын немерем Занғарымды жұлқылай гүргиздым. Дауысым шығып, менің де айқай салғаным.

- Сүйінші-і! Сүйінші-і! Тұр, балам, тұр! Сыртқа бар! Дауысымды шыгарып жүгіріп шыққан екенмін.

Денеме әлде біреулердің қуатты қолы тигендей болғаны. Есім шығып кеткен. Кең байтақ далаға әлгі сүйіншілеген күйімде жүгіре бергім келіп өрекпіп барам. Пәлен жыл тілсіз, құлақсыз, тіпті соңғы жылдарда жүру-тұрудан қалған сал ауру атанған тірі жаным қолды-аяққа тұrap емес. Бар дауысыммен «Құнім

туды! Бақыттым келді!» - деп айқайлаймын кеп. Жалғызым Әзіретәлі мен көзімнің ағы мен қарасы немерем Заңгарым екеуі екі қолтығымнан қапсыра ұстап, үйге қарай сүйрелеп келеді. Бүкіл жан дүниемді бұрын-сонды болмаған шаттық билеп алғаны. Сол шаттық денемді балқытып, сақылдан күлгім кеп кетті. Бойыма бұған дейін бітпеген күш, тың қуат бітті ме, екі балам-ды шыбын құрлы көрмей:

- Ұстамандар мені! Құдай берді! Дүние бақыт құшты! Ол бақыт мына сендердің, менің бақыттым, - деп екеуінің колда-рын сілкіп тастап, - жүріндер үйге, - деп адымдан алшаң ба-сып кеп үйіме ендім де;

- Қосындар мына теледидарды. - деп әмір еткенім есімде. - О, құдіреті құшті Құдай, садағаң кетейін сенен! Құрбаның бо-лайын әмір сенің! Менің бақыттымды құттықтағандай теледи-дар да саңқылдан кетті.

- О, халқым, о, ұлы киелі қасиетті елім, - деп ағып сөйлеп тұр, - Ата-баба ғасырлар армандаған ұлы күн - Тәуелсіздік таны атты! Ғасырлар басқаның боданы болған туған ел, туған жер дербес мемлекеттігінің туын көтердің. Егемендікке ие ел бол-дың! - деп ағып сөйлеп токтар емес. Манағы естіген жаңғы-рығым, манағы құлағымды шулатып, бүкіл тұла бойымды шат-тыққа бөлеген ту сыртымнан шықкан ақиқат! Міне енді кеп теледидарда самбырлап көзіме көрінді.

- О, қасиетті бабалар рухы, енді арманым жоқ, - деп қуаны-шым қойныма сыймаган мен шалқыған шаттық құшагында тысқа шығуға ұмтылдым. Есіл-дертім осы сәтке дейін үнім шықпай мылқау, құлаксыз керен, қол-аяқсыз мешел болып кел-ген халден қас-қағымда қолым жеткен бақыттымды жер жүзіне өз аузыммен өз тілімде паш ету, бар дауысыммен жария ету! Арманым жаныма қанат бітіріш, қол-аяғым жерге тиер емес. Құшагым жетсе көктегі күнді құшактап, жер шарын бауырыма қысып аймалағым келді.

О, ұлы шаттық, бақыт, сенің қоңыр самалың соқты маған.

Ұлы жайсаң өмір, құшағың неткен ыстық еді. Таусылмас ләzzэт, махаббаттан гана жаралған ба едін?! Әлемге, менің туган дала ма сөнбес махаббат отын жағып, дүниені адамға деген сүйіспеншілікке толтырышы бір! Ей, қасиетті ұлы өмір, жаңа заман боп келдің бе, маған?! Мына маған қараши, жүргегім тасыр-тұсыр тулап, куаныш боп актарылған киелі сөз тасқыны аузынан шыққанша кимелеп кезекке таласып барады. Бір сөзден бір сөз асып не жақсы ойды, тілекті, үмітті, алғысты жеткізуге арпалысып кетті. Дүние, бүкіл ғалам шаттықтан шағала боп қалыктай, қызғаныштан қызғыш боп құшағына алды мені. Мен бақыттан жарылам! Бақыттан! Балам Әзіретелі, келінім, жалғыз немерем Заңғарым:

- Ата, сабыр етіңізші, сабыр етіңіз, қуанышыңызben, тасыған шаттығыңызben, халқымызға келген тәуелсіздігінізben құттықтаймыз. - деп қаумалап кеткен. Менде ес жоқ, мені бүкіл әлем ортаға алып, құшағына қысып қаумалап алған ба, дүние қол соғып асқақ шат үн болып барады. Мен әлемнің қошметін. жер шарының ұлан шетінен бұрын-сонды естімеге құттықтау естіп, өзіме-өзім келе алмай тұрмын. Делебем қозып, шаттығымды, ақыл-санамды билеген шексіз бақыттымды койныма, жүргегіме сыйғыза алар емеспін.

- Ей, мені бүкіл дүние боп дауыстаған рух, ата-бабалар рухы, о, ұлы өмір, құшағың неткен ыстық еді? Неткен шексіз таусылмас ләzzэт еді?! Сен тек махаббаттан гана жаралған ба едін? Әлемге, бақыт отын жағып адамға деген мәңгілік сүйіспеншілікке бөледің бе?! О, ұлы дәуір, жаңа заман келдің бе маған, менің жеріме?! Тындашы, дүние менің жүргегімді. мен бақыттан тасып шаттыққа шомылып барам!

- Ата, сабыр етіңізші, бақытыңызben, басыңызға келген қуанышыңызben, өзініздің қаншама жылдар, иә, уақыттар көрген азап қасіреттен құтылуыңызben, сауығып әруактанып кетуіңізben, - дей ме. Отбасы, бала-шағам дуылдан құшақтап алған. Құлагымда манағы шала өлік халден оятқан әмірлі дау-

ыс. Байыз тауып отыра алар емеспін. Үстіме тапқан киімінді киғенімді білем. Абыр-сабырым шығып:

- Ту көтеріңдер! Ту! Өзі үлкен болсын! Аспандай! Аспан тұстес! - деп далаға атып шыққам. Ұшып келем. Ұшы-ып! Жалаң аяқпын ба! Табаныма тас тиді. Ду-ду етті. Екі көзім Көктөбеде. Биіктеп кеткен тәрізді. Қайдан қашан алғанымды білмеймін. Қолымда алып көк ту! Ұзын сырыйқа байлап алып-пын. Әлі ұшып келем! Артыма жалт карадым.

Атағы әлемге белгілі Көктөбеге қарай тасыған дариядай ағылған халық. Бәрінің аузында:

- Ғажап! Сал, мешел, өлмелі халдегі қартты Құдай жарылғап, қолына ту ұстатып, жүгіртіп жібергенін қараңдар!

- Құлағы естімейтін керен, тілсіз мылқау емес пе еді?

- Сахараны басына көтеріп сайрап кетті.

- Құлағы ше?

- Естісе керек.

- Естімеген елде көп деген осы да!

- Қолындағы туы не?

- Жүтір тезірек, бара естіміз.

- Неше жылғы керен сал, мылқаудың мұнысы...

- Айтпа! Не болды екен?

- Не болса да тосын оқиға!

- Құдай жарылғап жіберген де, - дабырлаған жүрт.

- Уа, ұлы халайық! Ел-жүртім, - деген таңғы ауада дауысы жанғырыға естілді өзіне: - Бері, бері биікке шығындар. Биікке! Ұлы дүние жаналығын тындандар! Тынданыздар мені! Заңғар, Заңғар! Халықты, достарынды бері келтір. Мына ақ түйенін карны жарылған, айдай әлемді шаттыққа бөлеген тарихи күнді ұлықтандар. Ей, халайық, ұстандар мынау қасиетті көк туды! Бұл тәуелсіздігіннің, елдігіннің белгісі! Ұлы даңқ айбарын! Қөтер биікке! Желбірет әлем көзіне! Құн сүйсін оны!

Қазақ деген касірет уын ғасырлар жүтқан елдің таңы атты! Құні келді. Айғағы осы - көк ту! Берік ұстандар! Желбірет

көгінде! Құдірет нұры жайылған туды сүйіндер, - деп бұлбұлдай сайран, аузым аузыма жұқпай су төгілмес жорғадай тайпалдым. Жылдар бойы таңдайымда қатқан тіл төгіле сыр шертті. Қенет Зангар, балалар, сүйей беріндер мені. Тәуелсіздік туын тез қабылдандар! Мә, ұстандар мына туды! Шаттық! Шаттық тасыды кеудемде! Қуаныштан жүрегім жарылды. Қуаныштан жарылған жүректе арман кетпейді.

Корген түсім де айна-қатесіз келді. Онда мен каранғы түнде бұлтқа мініп көк аспанға ұшкам. Оң қолымда Құнді, сол қолымда Айды ұстап, жүрегім алаулап жанып дүниені жарқыратып жіберген. Сол түсім келді. Тәнірім арманым жеткізді. Бабалар арманы еді ол. Орындалды! Қане, демей беріндер мені! Қыдыр мен Бақ қонған Көктөбенің биігінен сонғы демім үзілерде тәуелсіз елімнің көкжиеғіне кірпігімді тіге қарап ракатқа шомылтайын. Мұндай бақытты Құдай әркімге сыйлай бермеген. Бұл тарих сыйы!

О, құдіретті бабалар рухы, ұрпағынды қолдай бер! Бері әкелші көк туды, арман қуган актық демім таусыларда жанымды жадыратып бір сүйейін! Мен енді армансызыбын! Елімнің колы жеткен тәуелсіздік күнді көрдім. Оң қолыммен көтерген көк туды, о, ұрпағым өз қолыңа ұстарттым. Берік ұстандар! Сонғы айтарым: Ерді есекке тептірмендер! Тұлпарды арбага жектірмендер! Бақыт күндерін жарқырай берсін!

- Аумин!

- Қабыл болсын ак бата!

- Әманда қабыл...

\*\*\*

...Аппак сүттей күн шуағына шомылған Көктөбе биігінде көк ту асқактап желбірейді. Баяу ғана желшіп, жаңа туган сәбиінің мандайынан емірене ііскеген анадай исінін маужырап аялайды коңыр жел. Аспаннан күн сәулесі де емін еркін үйип құйылады. Дүние балбырап тұр.

Атакты Көктөбе басында жайкалған орман терек, карагай, шырша, емен, ак қайың, самырсыны ма, неше түрлі зәулім көгеріс, шалғыны тузыраған, нешетүрлі гүл шоғына оранған гажап, биік ескерткішті ортасына алыпты. Жер ананың құшағына еніп тереңіне тамыр бойлатқан гажап әлем жарқырап көрінеді. Мына қалпы бір халықтың бақыты мен киесін паш етіп биіктеп барады. Алтынмен аптал, күміспен күптеген асқақ монументте қашалған «Адамға өлім бар, елге өлім жок», «Мәңгілік елдің ұлы бесігі - жер мен су», «Жер - елдіктің кепілі», «Қаганына қарсы тұру - өз бақытына, өз еліне кол салу», «Ерді есекке тептірме, тұлпарды арбага жектірме» деген мәңгі өшпес жазу жарқырап көрінеді. Ескерткіш басы ығы-жығы халық. Біреу келіп, біреу кетіп жатыр. Ескерткіш іргесіне гүл шоктары үсті-үстінегінде қойылуда. Біреу монументке карап:

- Өте мағыналы сөздер жазылған екен, ә? - десе, екінші біреу:  
- Бабалар сөзі ғой. Жатқан нақыл!  
- Киеleлер солай айттар болар, - деп қостаушылар да көбейіп кеткен. Бәрінің назары биіктеп қекке шанышылған монументте. Алты қырды алты аттағандай болат тұлпар атыла шапшып барады. Оның үстінегінде алып тұлға оң қолында Күн, сол қолына Айды ұстап, көк жиегіне көз тігіп құлаш ұра калған. Оң ығындағы Күн үстіндегі қанатын қомдап, ұшқалы тұрған қыран, сол ығындағы Ай үстіндегі секіргелі тұрған барыс...

- Гажап көрініс, - деп қалды тағы біреу.  
- Ерекше дүние! - деп қолдады екіншісі тағы да. Таныс дауыс.  
- Заңғар! Заңғар! - Ол жалт қарады. - Заңғар! - Жан-жагындағылардың ішінен бұған тіл қатып тұрған ешкімді байқай алмаған ол өз қолымен орнатқан зәулім ескерткішті айнала берді.

- Заңғар!

Ол ан-тан. - Мен сен біле бермейтін, не қыншылық қасіретін басынан кешкен атаңа Қылыштың, одан әрі зәузат түп тұғиян тегінің тыныс тірлігінің жалғыз Тәңірден кейінгі күесі қарттың жадымын. Жер бетіндегі өткен-кеткеннің, не тауқы-

мет зұлматтың, адамзат еңсесін көтерген жақсылық, шарапатты да қат-қат есінде сактап құжаттаушы бүгінге жеткізушілердің де өмірі мен тірі тарихымын. Әлгі Күн, Ай, Жыл, Фасыр деп текшелеп адамзат ақылы, есі көргенін сактаушын осы - мен.

- Эне, ескерткіш тұлғаның үстінде желбіреген көк туды туған жер көтеріп тұр. Елдігінің айбары әлемге танылды. Соны берік ұстап, бірліктің, адалдықтың, әділдіктің тәуелсіз мемлекеттің бейнесі ете беріндер! Атаң сенің қолыңа осы туды ұстартқанда, қасында тұргам. Қуаныштан жүрегі жарылғанда менің де жүйе-жүйем босаган. Көкке көтере беріндер, ел туын!

- Апырай, менің де жүрегімді қозгадыңыз-ау! Мен сізді қайдан табам, көзіме көрінбейсіз. Керемет қой айтканыныз.

- Мені сен іздеме. Мен қас қақпай қасында жүрем. Бірак, сен мені көрмейсін. Менің басқага көрінуге құқым жоқ. Тек болғанға күәгер болуға ғана құқылымын. Соны санада қаттаушымын.

- Биікте желбіретіндер! Бакыт туын! Бакыт жолының да сантарау екенін ұмытпаңдар.

Мына жол - айқын жол, адалдықтың, халық игілігінің ак жолы.

Тұгенделдім,  
Алақай тұгенделдім,  
Азаттықтың келбетін түгел көрдім.  
Енді менің келмейді бұғауланғым.  
Енді менің келмейді жүгенделгім!..  
Бүгінгі тәуелсіздіктің ұлы мұраты айқын. Елдігінің іргесі берік болсын! Алға!

## СОНЫ

## **МАЗМУНЫ**

### **ӘҢГІМЕЛЕР**

|                             |    |
|-----------------------------|----|
| Шоқанның өні мен тұсі ..... | 4  |
| Қаныш .....                 | 11 |
| Байбосын .....              | 28 |
| Тағдыр .....                | 42 |
| Итжемі .....                | 52 |
| Шыбыны шырқыраған жан ..... | 64 |
| Акқу мен қыз .....          | 83 |
| Қарабет .....               | 89 |

### **ПОВЕСТЕР**

|                  |     |
|------------------|-----|
| Шер жүтқан ..... | 96  |
| Жанайқай .....   | 128 |

*Осы кітаптың жарық коруіне демеушілік  
қамқорлық корсеткен «Қазақмыс» корпорациясының  
басшысы Руслан Борисович Юн мырзага  
шының жүректен шексіз алғысымыды білдіремін.*

## **Қаражігітов Апбаз**

### **Жанайқай**

**Әңгімелер мен повестер**

“Сарыарқа” Баспа Үйінде оңделіп, басылды  
Бас директоры Қайрат Әлиев

Редакторы - Амангелді Қайрбаев  
Компьютерде теріп, баспаханаға әзірлеген - Әсел Отемісова

Теруге 10.06.2006 берілді, басуға 25.06.2006 ж. кол койылды.  
Қалыбы 60x84/16. Шартты баспа табагы 19. Тарапалымы 1000 дана.  
Тапсырыс № 168.



Астана қаласы, Промышленный кенті,  
Геологический к-сі, 2/1,  
тел.: (3172) 23-38-03, 23-44-87